

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

ӘӨЖ 81'1

Қолжазба құқығында

СЕРКЕБАЕВА ГАУХАР ИСКАКБЕКОВНА

**«Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасының қазақ тілімен
сабақтастығы**

8D02310-Филология

Философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші: ф.ғ.д., доцент
Боранбаев Сандыбай Режепұлы
Шет елдік ғылыми кеңесші
Prof. Dr. Ercan Alkaya
Fırat Üniversitesi

Шымкент, 2024

МАЗМҰНЫ	
АНЫҚТАМАЛАР	
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	
КІРІСПЕ.....	9
1«КОДЕКС КУМАНИКУС» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ МЕН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ.....	16
1.1 «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің зерттелу тарихы.....	16
1.2 Жазба ескерткіштің фонетикалық сипаттары.....	27
1.3«Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші тіліндегі жалпы түркілік лексика.....	39
1.4 Ескерткіш тілі мен қазақ тілі лексикасының семантикалық байланысы.....	53
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	97
2«КОДЕКС КУМАНИКУС» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ СӨЗДІК ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.....	99
2.1«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі лексикалық бірліктердің көнеру уәждері.....	99
2.2Ескерткіші тіліндегі кірме сөздердің лексико-семантикалық ерекшеліктері.....	132
2.3«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі кәсіби сөздер және олардың терминденуі.....	115
2.4«Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі фразеологизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы.....	154
2.5«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі ономастикалық кеңістік.....	165
Екінші тарау бойынша.....	175
3.«КОДЕКС КУМАНИКУС» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ФОНО-МОРФО-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСКЕ ТҮСКЕН СӨЗДІК ҚҰРАМНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ.....	177
3.1 Ескерткіш кеңістігіндегі жануарлар атауларының лексико-семантикалық сипаты.....	177
3.2 «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде кездесетін жаратылыс құбылыстарына қатысты атаулар.....	201
3.3 Жазба ескерткіштегі адамға қатысты жалпы есімдер, туыстық қатынасты білдіретін атаулар.....	224
3.4 Жазба ескерткіштегі соматикалық атаулар	233
Үшінші тарау бойынша тұжырым.....	247
ҚОРЫТЫНДЫ.....	249
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	264
ҚОСЫМША. «КОДЕКС КУМАНИКУС» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ БОЙЫНША СӨЗДІК	

АНЫҚТАМАЛАР

Кодекс Куманикус — XIII ғасырда жазылған қыпшақ тілінің сөздігі мен грамматикасын қамтитын көне түркі жазба ескерткіші.

Әдеби жазба ескерткіш — халықтың тілін, мәдениетін және интеллектуалдық мұрасын сақтайтын жазбаша материалдар.

Көне ескерткіш метатілі — жазба ескерткіштерде қолданылатын тілдік жүйе мен құрылымдар, мәтіннің тілдік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік беретін құрал. Лексика (грек. *lexikos* — сөзге қатысты) — тілдің сөздік қоры, тілдегі сөздер жиынтығы, яғни тілдің бүкіл лексикалық құрылымы мен сөздер жүйесі.

Ұлттық код — белгілі бір халықтың генезисін, тілі мен дінін, тарихи жадын, мәдени ерекшеліктерін және дүниетанымын сипаттайтын биосоциогенетикалық ұғым. Ұлттық код халықтың бірегейлігін сақтаудың негізі және оның уақыт аясындағы мәдени үздіксіздігін қамтамасыз ететін фактор болып табылады.

Этномедицина — түрлі халықтардың дәстүрлі медицина тәжірибесін зерттейтін ғылым. Бұл бағыт халықтық емдеу әдістерін мәдени, діни тұрғыдан қарастырып, оларды жазбаша және ауызша дереккөздер арқылы зерттейді.

Ескі қыпшақ тілі — Орта Азия мен оған шектес аймақтарды мекендеген қыпшақ тайпаларының сөйлеген тілі. Бұл тілдің құрамында түркі тілдерінің ерте дәуірлеріндегі көптеген ерекшеліктер сақталған.

Транслитерация – бір жазу түрінің өзге жазу таңбаларымен берілуі онда жазудың бір системасындағы әрбір таңба (немесе таңбалар тізбесі) жазудың өзге системасындағы таңбамен (немесе таңбалар тізбегімен) беріледі.

Факсимиле – (латын тілінен *fac simile* – лат. “осылай істе”) – бұл кез келген графикалық түпнұсқаның – қолжазбаның, сызбаның, гравюраның, қолтаңбаның, монограмманы дәл, барлық бөлшектерімен, түпнұсқаға барынша жақын көшірме жасалынатын түрі

Уәж – түрткі болатын себеп, әлдебір әрекет жасауға желеу, әлдененің пайдасына уәж; психологияда — қажеттілік, түйсік, әуестік.

Транскрипт - (лат. *transcriptio* – қайта көшіріп жазу) – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты белгі. Транскрипцияның негізгі қызметі сөздің дыбыстық немесе фонемалық құрамын дәлме-дәл көрсету, онда сөздің дыбыстық жағына ғана назар аударылады. Бір әріп ыңғайына қарай түрлі фонемаларды белгілесе, транскрипциялық таңба бір ғана мағынаға ие болады.

Қолжазба - автордың қолымен жазылған немесе компьютермен терілген жазбаша шығармасы; баспаға ұсынылған немесе теруге жіберілген материалдың түпнұсқасы

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

СС – Codex Cumanicus

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

ҚТТС – Қазақ тілінің тарихи сөздігі

ДТС – Древнетюркский словарь

КТС – Kırcağ Turkesi Sözlüğü

МҚ – Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» сөздігі

ЭТСМЯ – Этимологический словарь монгольских языков

ҚТҚЭС – Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі

ҚыпТС – Қыпшақ тілінің сөздігі.

ТАС – Исследование по лексике «Тюркско – арабского словаря»

ТҚТТЖ – «Түрік және қыпшақ тілінің туыстығы туралы жинақ»

ҚТКСС – Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі

ҚТЛМС – Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі

КжЛгҚЕЖЛс – Кирил және латын графикаларында Қазақ ескі жазу лексикасының сөздігі.

ФЗ – Фразеологиялық сөздік

ЭС – Этимологиялық сөздік

ДС – Диалектологиялық сөздік

ОС – Омонимдер сөздігі

ҚТАС – Қазақ тілінің антонимдер сөздігі

Син.С – Синонимдер сөздігі

ауыс. – ауыспалы

т.т.-де – түркі тілдерінде

ноғ. – ноғай

қарақп. – қарақалпақ

башқ. – башқұрт

құм. – құмық

гр. – грек тілі

лат. – латын тілі

қырғ. – қырғыз

арм. – армян

тат.-татар

өзб. – өзбек

түрк. – түрік

ұйғ. – ұйғыр

слав. – славьян

монғ. – монғол

парс. – парсы

азерб. – азербайжан

қыт. – қытай

СӨЗДІКТЕР

Древнетюркский словарь. М., 1969

Қазақ әдеби тілінің сөздігі.1–15 Алматы, 2011. – 752 б.

Қазақ тілінің тарихи сөздігі Т1–3. N – Z. – Астана. 2022. – 472б.

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» – Алматы: Ғылым. 1966-240б

Қазақ тілінің тарихи сөздігі .Т1. А – Е. Астана – 2022. — 432 б

Башкирский – русский словарь.М.,1958

Каракалпакско – русский словарь.М.,1958

Кумыкско – русский словарь.М.,1969

Киргизско – русский словарь.М., 1997

Татарско – русский словарь.М., 1966

Ногайско – русский словарь М.,1965

Монгольско – русский словарь. – М., 1957

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмыстың жалпы сипаттамасы. Тарих талқысында тағдыр талайын көп кешіп, *«Түнде ұйқы көрмеген, Күндіз күлкі көрмеген, Қызыл қаны төгілген, Қара тері сөгілген, Күшін сарқа жұмсаған, Жауға да шапқан құрсанып»* деп жырлаған көне түркілердің тарихи жады бүгін қайта жаңғырып отыр. Күрмеуі қиын сан қатпарлы түркі тарихының терең сырын ашқан «Кодекс Куманикус» сынды ғылыми жәдігер ғасырлар қойнауынан арамызға үзілмей жетті. Бұл тек түркі жұрты үшін ғана емес, жалпы өркениетті адамзат қауымы үшін баға жетпес құндылық екенін мойындауы - мыз керек. Бір ататілден тараған түркітілдестердің Дешті қыпшақ даласынан бүгінге дейін жол салып жатқан «құмандар кодексі» маңыздылығы мен өзектілігі жағынан шын мәніндегі ғасыр жетістігі болмақ.

Түркі әлемі кеңістігіне қатысты барлық мәселелер ширегін назардан тыс қалдырмайтын түркітану ғылымы үшін «Кодекс Куманикус» ескерткішін бүгінгі күннің ғылыми жетістіктері аясында зерттеп-зерделеу, насихаттау, сол арқылы түркітанушы, шығыстанушы, деректанушы ғалымдардың зертханалық-интеллектуалдық траекториясын кеңейту - аса құнды мұраның адамзат игілігі үшін алтын әріппен жазылып қалатын құндылығына жасаған құрметі деп қабылдау керек. Аталған көне жәдігерді салыстырмалы-салғастырмалы тарихи зерттеулер арқылы маңызын арттыру, идеялары мен жетістіктерін талқылау, текстологиялық жағынан жүйелей түсу – түркітанушы ғалымдардың мойнындағы міндеттері болмақ. Жахандық түркі әлемінің жаухары болған «Кодекс Куманикус» - әлемдік ғылыми кеңістікте жоғары бағаланған, зерделі зерттеулерге жол ашатын, ұрпақ игілігіне қызмет ететін, үлкен ғылыми мектептің желісін жалғастыратын, ғылыми сабақтастық орнататын құнды мұра.

Диссертациялық жұмыста XIV ғасырға тиесілі қыпшақ тілінде жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің лексикалық құрамы диахронды-синхронды тәсілдер арқылы қарастырылып, оның қазақ тілінің құрылымдық табиғатына қатыстылығы зерттеледі. Осы тұрғыда, бүгінгі түркілік ұлыстардың қалыптасуы көне түркі этногенезінен бастау алады десек, ғасырлар қойнауындағы түркі тілін қазіргі қазақ тілін жалғастырып, тарихи тұрғыдан жақындастырып тұрған тіл – қыпшақ тілі. Осы қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші - түркі мәдениеті мен дүниетанымының жанды куәсі, бұрынғы мен қазіргіні жалғастырушы алтын көпірі.

Ғаламдық тіл біліміне, түркітану саласына қатысты тарихи жазба ескерткіштерді әр түрлі бағытта, заманауи тың әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жаңадан ескіге, ескіден жаңаға қарай қайта қарау, этнос ретіндегі бірегейлік пен ұлттық кодымызды қайта жаңғырту мақсат етіліп, жазба ескерткіштер тілі жан-жақты қарастырылуда.

Осы орайда Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Б.Сағындықұлы, Ә.Ибатов, Ә.Құрышжанов, А.Қыраубаева, Қ.Өмірәлиев, С.Құдасов, М.Сабыр,

С.Боранбаев, С.Дүйсен, Р.Досжан, Е.Есбосынов, М.Жүнісова, С.Иманбердиева, С.Тәшімбай, Г. Мамырбекова, Б.Сүйеркүл т.б. ғалымдарымыздың еңбектерін атауға болады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Жаһандану кезеңінде тарихи жазба ескерткіштердегі құндылықтарды таза ғылыми текстологиялық тұрғыдан қайта зерттеп, түпнұсқадан айнытпай сол қалпында ғылыми ортаға таныту, ұсыну – осы тақырыптың қоғамдағы **өзектілігін** айқындайды. Өйткені тілдің бүгінгі сырын танып білу үшін өткенін бағамдап, оның табиғи дамуы мен өзгеру заңдылықтарын аңғарып, тарихи салысырмалы түрде зерделеу, текстология мен деректанудағы кеткен қателіктерді жою түркітану ғылымы үшін де, халқымыз үшін де аса қажет. Осы орайда орта ғасырлық «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші лексикасын қазақ тілімен сабақтастығын қарастыру уақыт талабына сай туындаған мәселе болып табылмақ. Өз кезегінде бұл жазба ескерткіш әлемдік түркологтар мен лингвисттердің басты назарында болып, ғылыми айналымға бірнеше рет түсіп, өз бағасын алғанмен, бұрын-соңды отандық тіл білімінде жазба ескерткіш лексикасының қазақ тілімен сабақтастығы арнайы зерттелмеген. Оның үстіне белгілі қыпшақтанушы Ә.Құрышжанов жазба ескерткіштің жарық көрген басылымдарында әлі де болса, дұрыс оқуды қажет ететін тұстары көп екенін айтып «жүзге тарта сөз әлі дұрыс танылып, оқылған жоқ» деп түркологтар мен лингвисттерге үлкен жауапкершілікті жүктегені белгілі.

Зерттеу жұмысымызда жазба ескерткіштің лексикасы кешенді түрде белгілі бір жүйемен сараланып, әдіснамалық-теориялық, тәжірибелік-зертханалық тараптан талданады. Зерттеу барысында аталмыш ескерткіштің жазылуы, зерттелу тарихы, әлемдік түркологиядағы орнына ғылыми шолу жасалып, фонетикалық ерекшеліктері мен сөздік қоры, құрылымдық бөлімдері, жалпы түркілік лексикасы, мағыналық-семантикалық сипаты, көнерген архаизм сөздер, кірме сөздер, арнаулы лексика (кәсіби сөздер мен термин сөздер), фразеологизмдер мен ономастикалық кеңістігі ғылыми айналымға түсіп талданады. Сондай-ақ, қолжазбадағы сөздердің тақырыптық – семантикалық топтары ажыратылып, олардың түркі тілдерінде қолданылу ерекшеліктері, әр жылдары шыққан жазба ескерткіш нұсқаларына фоно-морфо-семантикалық талдау жасалынды. Нәтижесінде, қыпшақ - қазақ сөздігі түзілді.

«Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші ортағасырлық қыпшақ тілі мен мәдениетінен, тарихы мен танымынан, даналығы мен дүниетанымынан мол мағлұмат беретін ең көлемді ескерткіш. Ортағасырдан бізге мирас болып жеткен мұралардың ішіндегі бүгінгі қыпшақ тілдерінің тарихи бастауы, өріс алар өзегі бола білген жазба ескерткішті зерттеу арқылы тарихымызға жаңа көзқараспен қарау міндеті алға шығады. Өйткені қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттық төл тарихымызды, жоғалтып алу қаупі тұр. Осы орайда халық руханиятының бастауларын зерттеп, оларды насихаттау арқылы ғана ұлттық қалпымызды сақтап қаламыз. Аталған ескерткіш лексикасындағы көптеген сөздер қазіргі түркі тілдеріне ортақтығы тұрғысынан ғылымда

айтылып жүрген мәселе. Ал сол қазіргі қазақ тілінің ұйытқысы, өзегі бола білген мұраны әр қырынан зерттеу бүгінгі күн талабы.

Зерттеу жұмысының нысаны - орта ғасырлық СС жазба ескерткішіндегі лексикалық негіз, жәдігер мазмұнына ұйтқы болатын таңбалық-ұғымдық категориялардың қазақ тіліндегі көрінісі.

Зерттеу пәні – көне түркілік лексика платформасын танытып тұрған СС жазба ескерткішіндегі аталымдық бірліктердің тарихи – лингвистикалық сараптамасын жасау.

Зерттеудің негізгі мақсаты - XIII ғасырда ежелгі түркі тілінің әдеби нұсқасы болған қыпшақ тілінде жазылған СС жазба ескерткіші лексикасын қазіргі қазақ тілінің призмасы арқылы талдауға талаптану, жіктемелік топтастыру арқылы қыпшақ тіліндегі фоно-лексикалық ерекшеліктерді анықтауды мақсат етеді

Аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- СС жазба ескерткішінің дерекнамалық шығу көздерін анықтау, жазбаның әлем ғалымдары тарапынан зерттелу хронологиясына толық экскурс жасай отырып ескерткіштің зерттелу бағыттарына тоқталып, лингвистикалық ғылыми сараптама жасау;

- СС жазба ескерткіші сөздік қорының фонологиялық қабатының ерекшеліктеріне тоқталып, лингвосараптама картасын ұсыну; жазба ескерткіші тіліндегі жалпы түркілік лексика анықтау;

- СС – те қарастырылатын сөз мағыналарының тарихи дамуын қазақ тілінде мағыналық кеңею немесе тарылу құбылыстары арқылы талдау; ескерткіштегі көп мағыналы сөздер мен омоним, антоним, синонимдердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу аясын қарастыру;

- СС ескерткішіндегі сөздердің көнеру механизмдеріне уәждемелік талдау;

- СС жазба ескерткішіндегі кірме сөздердің экспозициялық алаңын көрсету, олардың лексико-семантикалық ерекшеліктерін ажырату;

- арнаулы лексика, метатіл, кәсіби сөздер мен термин сөздердің аражігін айыру;

- СС жазба ескерткішіндегі фразеологизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуын бағамдау;

- СС жазба ескерткіш тіліндегі ономастикалық кеңістік - антропонимдер, библионимдер, теонимдер, этнонимдер, мифонимдер, геортоним, фитонимдерді зерделеу;

- СС ескерткішіндегі фоно-морфо-семантикалық өзгеріске түскен сөздік құрамның тақырыптық-семантикалық топтарын ажырату.

Зерттеу жұмысының негізгі **дереккөздері** ретінде әр жылдары шыққан **G.Kuun** «Codex Cumanicus» (1880), **В.В.Радлов** «Codex Cumanicus» (1886), **K.Grønbech** «Komanisches wörterbuch turkischer wortindex zu Codex Cumanicus. Kopenhagen» (1942), **А.Қ.Құрышжанов**, **А.Қ.Жұбанов**, **А.Б.Белботаев**. «Құманша қазақша жиілік сөздік» (1978), **V.Drimba** «Codex

Comanicus» (2000), **А.Гаркавец** «Codex Cumanicus» (2015), **М.Аргуншах, G.Güner** «Codex Cumanicus» (2022) және тағы басқа еңбектер қолданылды.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері жалпы әлемдік лингвистика тарихына, түркітану ғылымының рухани қажеттіліктеріне, тарихи лексикология, семасиология, фонохронология, терминология сияқты салалық тармақтарына сүбелі үлес қоса алады. СС тарихи жәдігері алғаш рет кешенді түрде қазақ тілі материалымен салыстырмалы түрде талданып, синхронды-диахронды зерттеу нәтижелерін ұсынады.

Зерттеу барысында мынадай жаңалықтар мен **нәтижелерге** қол жеткізілді:

- СС жазба ескерткішіндегі фонетикалық қабаттың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы салыстырмалы әдіс арқылы талданып, жеке фонемалардың дыбыстық өзгерістерге ұшырау процесі мен дыбыстық алмасулар, дыбыстар сәйкестігі тарихи фонетикалық тұрғыдан сарапталды;

- СС жазба ескерткіш лексикасын былайша топтастырдық:

а) жалпы түркілік лексика; ә) мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ сөздер; б) қазіргі қазақ тілінде сол қалпында қолданылатын лексикалық бірліктер; в) аз кем фонетикалық өзгерісі бар, бірақ мағынасында еш ауытқуы жоқ лексикалық бірліктер; г) мағыналық та тұлғалық та жағынан өзгеріске түскен тілдік бірліктерге статистикалық талдау жасалынды.

- ескерткіш тіліндегі кірме сөздер (парсы, араб, қытай., соғды, славян, украин, латын, еврей, армян, итальян, түрік, қырғыз, монғол т.б) анықталады, статистикалық зерттеу жүргізілді.

- ескерткіштегі арнаулы лексика: кәсіби сөздер мен олардың терминденуі анықталды;

- ескерткіш тіліндегі фразеологизмдер, олардың қазіргі қазақ тілінде қолданылу деңгейі нақтыланды;

- ескерткішіндегі фоно-морфо-семантикалық өзгеріске түскен сөздік құрамның тақырыптық-семантикалық топтары – «жануар атаулары», «жаратылыс құбылыстарына қатысты атаулар», «адамға қатысты жалпы есімдер», «соматикалық атаулар» ажыратылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық және әдіснамалық негіздері. Диссертацияда отандық түрколог, лингвистер мен тарихшылар Ш.Уалиханов [1], А.Байтұрсынов [2], Н.Т.Сауранбаев Н.Т [3], І.Кенесбаев [4], М.Балақаев [5], Т.Қордабаев [6], Қ.Жұбанов [7], Ғ.Мұсабаев [8], М.Томанов [9], Ә.Қайдар [10], К.М.Мұсаев [11], С.Аманжолов [12], Р.Сыздық [13], Ә.Құрышжанов [14], Б.Сағындықұлы [15], Ә.Болғанбаев [16], Ә.Айтбаев [17], К.Аханов [18], Ш.Сарыбаев [19], Ғ.Қалиев [20], Қ.Өмірәлиев [21] С.Құдасов [22], Б.Базылхан [23], С.Боранбаев [24], А.Ибатов [25], Б.Әбілхасымов [26], Қ.Сартқожа [27], Н.Уәли [28], Б.Тілеубердиев [39], Ж.Манкеева [30], Р.Авакова [31], Г.Смағұлова [32], А.Салқынбай [33], М.Сабыр [34], А.Гаркавец [35], Қ.Түймебаев [36], М.Ескеева [37], Б.Сүйеркүл [38],

Б.Жұбатова [39], А.Б.Жиекбаева [40], Р.Досжан [41], Б.Көмеков, Қ.Анарбаев [42], М. Жунисова[43], Ғ.Шойбекова [44], Құлжанова [45], Садыбеков [46]

Шет елдік М.Argunşah., G.Guner [47], I.Qulyev [48], С.Salemann [49], Э.Н.Наджиб [50], С.Е. Малов [51], С.Е.Кляшторный [52], Н.А.Баскаков [53], И.А.Абдуллин [54], В.В.Бартольд [55], А.М.Щербак [56], И.А.Канонов [57], Э.Р.Тенишев [58], В.В.Радлов [59], Ф.Е.Корш [60], М.З.Улаков, А.А.Чеченов [61]. В.Стойнов [62], М.Аджи [63], А.Н.Смайлович [64], А.Н.Бернштам [65]. Н.Дашкевич [66] және т.б. ғалымдардың негізгі теориялық тұжырымдары мен пікірлеріне сүйендік.

М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат түрік» (А.Егеубай, аудармасы) [67], Древнетюркский словарь [68]. М.Ал Кашгари «Диван лугат –ат турк» (З.А.М.Ауезова) [69], «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» [70], «Қазақ тілінің тарихи сөздігі» [71], Г.Д.Санжаев, М.Н.Орловская, Э.В.Шевернина «Этимологический словарь монгольских языков» в 3-х томах [72], А.Н.Гаркавец «Кипчакский словарь» [73], І.Кеңесбаев «Фразеологиялық сөздік» [74], «Диалектологиялық сөздік» [75], М.Белбаева «Қазақ тілінің омонимдер сөздігі» [76], Ж.Мусин «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» [77], С.Бизақов «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» [78], Г.Мамырбекова. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі [79], Ғ.Қалиев. «Тіл білімі терминдерінің сөздігі» [80], А.Салқынбай, Е.Абақан. «Лингвистикалық терминдер сөздігі» [81], Қазақ әдеби тілінің сөздігі 15 томдық және әр түрлі түсіндірме, аударма сөздіктер қолданылды.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер: зерттеу жұмысында қазіргі тіл ғылымында, түркітану ғылымында қалыптасқан негізгі ұстанымдар мен лексикалық-семантикалық, уәждемелік дамудың мәдени-тарихи үрдісін айқындайтын ғылыми әдістер мен тәсілдер ұсынылды: ғылыми сипаттама әдісі; салыстырмалы әдіс; этимологиялық; сараптама әдісі; статистикалық талдау әдісі; лингвистикалық картина жасау әдісі; дерекнамалық ресми қолжазбалармен жұмыс істеу барысындағы классификаторлық жіктеу әдісі; жинақталған тілдік бірліктерге компоненттік талдау әдісі қолданылды, метатілдік бірліктер мен терминдердің лексикалық сипатын ашарда жаппай іріктеу тәсілі арқылы жинақталды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижелері тарихи лексикологияның теориялық мәселелеріне, деректану, текстология, лексикография мәселелерінің бірқатар көкейкесті тұстарын толықтыруға үлес қосады.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Зерттеу жұмысымыздың тұжырымдары мен нәтижелері, диссертацияның материалдары түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, түркі тілдерінің түсіндірме сөздігі, тарихи сөздігі, этимологиялық сөздігін құрастыруда дереккөз; жоғарғы оқу орынының филология, түркология мамандығының студенттеріне «Қазақ тілінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Тарихи лексикалогия», «Текстология», «Тарихи грамматика», «Орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі», «Қыпшақтану», «Тарихи фразеология»,

«Лексикография», «Лингвистикалық дереккөзтану» пәндерін оқытуда және аталған бағыттар бойынша оқулықтар жазуда қосымша материалдар ретінде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдары:

1. СС жазба ескерткішін зерттеу арқылы алғаш рет қыпшақтану ғылымының негізі қаланып, түркі тілдерімен салыстыра зерттеу жұмыстары қолға алынды. СС ескерткішінің мазмұны мен құрылымы, ақиқат-шындығы, идентификациялық бірегейлігі - тек қыпшақтарға тән құндылық дүниесін танытуында.

2. Қыпшақ тілі өзіне дейінгі көне түркілік элементтерді бойына сақтай отырып қазақ тілінің лексикалық қорының түзілуіне ұйытқы болды. Қыпшақ тілінің тікелей мұрагері болып табылатын қазақ тілінің даму тарихын анықтау барысында фонетикалық дыбыстар сәйкестігінің орны ерекше екендігі байқалды. СС тілінде кейбір сөздер тұлғалық та, мағыналық та еш өзгеріске түспей сақталса, кейбірі бірді-екілі дыбыс айырмашылықтарымен ерекшеленеді.

3. СС-гі анықталған сөздердің көп бөлігі фонетикалық, лексика-семантикалық, морфологиялық жақтан еш өзгеріске түспеген, жалпы түркілік сипатын күні бүгінге дейін сақтап келе жатқан сөздер болып табылады. Нәтижесінде ескерткіш тілінің қазіргі қазақ тіліне өте жақын екенін нақты лингводеректермен дәлелдей аламыз. СС жазба ескерткішінде көпмағыналы сөздер бір буынды болып келеді. Ескерткіште көпмағыналы сөздер тура мағынасында да, ауыспалы мағынада да көрініс тапқан. Сондай-ақ, қолжазбадағы омонимдердің әртүрлі жолмен түзілгені анықталды.

4. Орта ғасыр түркі дүниесі үшін, соның ішінде қазақтар үшін, олардың этникалық және тілдік тұрғыдан қалыптасуы үшін ұйытқы болған күрделі кезең болды. Осы тұрғыдан, жазба мұрада жалпытүркілік көнерген лексиканың молынан кездесуі заңдылық. Жазба жәдігерде кездесетін көнерген сөздердің ара-жігін ажырату, уәждерін анықтау нәтижесінде көнерген сөздер мен терминдік ұғымдардың классификациялық топтары анықталды. Көнерген лексикалық ұғымдардағы белгілі бір тарихи кезеңді танытатын нақты деректі материалдар қоры түзіледі.

5. СС-те кездесетін фразеологиялық оралымдар, тұрақты сөз тіркестері мағыналық жағынан тіршіліктің барлық саласын қамтиды. Жекелеген архаизмге айналған фразеологизмдер тобын да жоққа шығаруға болмайды. Қолжазбада кейбір тұрақты тіркес компоненттерінің араб, парсы тілінен кірме сөз ретінде енгені анықталды.

6. СС жазба ескерткішінің ономастикалық кеңістігінде атропонимдер, топонимдер, этнонимдер, фитоним, космонимдер негізгі текстологиялық қаңқаны түзеді. Христиан дінін уағыздауды мақсат еткендіктен, теонимдер діни мәтіндер арасында тірек сөз ретінде, мәтінтүзушілік қызметте қолданылған. Ескерткіштегі антропонимдер арқылы діни мәтіндерде кездесетін кейіпкерлердің ұлтын, шұғылданатын кәсібін, әлеуметтік деңгейін, ал теонимдер арқылы наным-сенімін, мифонимдер мен

космонимдер арқылы алғашқы таным-түсінігін, этнонимдер арқылы орта ғасырдағы этникалық орталар туралы, фитонимдер арқылы өсімдіктер әлемін бағамдаймыз.

7. Тақырыптық семантикалық топқа бөлінген атаулар түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қарайым, құмық, қарақалпақ, татар тілдерімен салыстырылып, «Көне түркі сөздігі», М.Қашқаридің «Диуани луғат ат түрік» сөздіктеріндегі нұсқалары анықталды. СС жазба ескерткішінің әр жылдар шыққан нұсқалары Geza Kuun «Codex Cumanicus», K. Grønbech «Komanisches wörterbuch turkischer wortindex zu Codex Cumanicus. Kopenhagen». Drimba «Codex Cumanicus», А.Қ. Құрышжанов, А.Қ. Жұбанов, А.Б. Белботаев. «Құманша қазақша жиілік сөздік», А. Гаркавец «Codex Cumanicus», M.Arg., G.Guner «Codex Cumanicus» еңбектері бойынша фонетикалық салыстырмалы талдау жүргізілді

Жұмыстың талқылануы мен жариялануы:

Скопус мәліметтер базасында:

1 «Binary Oppositions as a Method of Conceptualization: A Case of Codex Cumanicus», International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL). Volume 11, Issue 3, September 2023, Pages 159-170 <https://doi.org/10.22034/ijsc1.2023.2003011.3038>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдарда:

2. «Кодекс Куманикус қолжазбасындағы үстеулердің лексика-грамматикалық сипаты» - Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, 2022. №4/2022.47-5566 DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.05>

3. «Қазіргі қазақ тіліндегі көнерген лауазым атауларының «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі этнолингвистикалық сипаты» - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы № 1(142) /2023. 67-76 бб. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-67-75>

4. «Орта ғасырлық Кодекс Куманикус жазба ескерткішіндегі наным-сенімдерге қатысты бірліктердің танымдық сипаты». Ясауи университетінің хабаршысы Том 2, №132 (2024)152-166 бб <https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.51>

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда:

5. «Некоторые проблемы сопоставительного исследования тюркских памятников письменности средневековья» Национальная академия наук. Республики Армения институт языка имени Р. Ачаряна. Язык и речь 1(1) 2021. Ереван 107-118 стр.

6. «Тарихи қыпшақ тілі туралы зерттеулер және А.Н. Гаркавецтің қыпшақ тілін зерттеуге қосқан үлесі». Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30-жыл толуына орай Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті ұйымдастырған «Қазақстан Тәуелсіз және рухани-мәдени құндылықтары»

атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясы, 1 том, Алматы, 2021
7.«Codex Cumanicus» сөздігі және қазіргі қазақ тілі» Вестник Кыргызстана
№1 (2), 2021,34-39 бб

8. Category "Transitional nature of the movement" in the Codex Cumanicus
manuscript. Science and innovation international scientific journal volume 2 issue
3 march 2023, uif-2022: 8.2 | issn: 2181-3337 | scientists.uz. 43-48 бб

Диссертациялық жұмыстың қолжазбасы М. О. Әуезов атындағы Қазақ
тілі мен әдебиеті кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде 2024 жылдың 12
шілде (№ 15 хаттама) талқыланып, мақұлданды.

1 «КОДЕКС КУМАНИКУС» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ МЕН ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ

1.1 «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің зерттелу тарихы

«Alph ^ etum pereicum, comanicum et latinum Anonymi scriptum Anno 13.03.Die 11 Julii..» 82 парақтан 164 беттен тұратын көне готикалық жазумен жазылған, алғашқы бетінде үш, соңғысында екі рет Венеция мен Франция ұлттық кітапханаларының мөрлері басылған сырты терімен қапталынып, бірінші бетіне тотықұстың суреті салынған жазба ескерткіш. Атақты Наполеон Венецияны жаулап алғанда кітапханадағы жазба мұралардың барлығын Францияға көшіруді әмір еткен. Сол уақытта Франция шахарын шарлап, Италияға қайта оралған жәдігер «Кодекс Куманикус».

Құрылысына келсек, СС жазба ескерткіші екі бөлімнен тұрады. **Бірінші бөлім** мұны ғалымдар итальяндық бөлім дейді 1) латын-парсы-құман сөздігі, сөздер латын алфавитінің тәртібінде 19 әріп бойынша орналасқан (1-58бб); 2) латын тілінде тиісті аудармалары берілген құман тіліндегі үстеулер (59-67бб); 3) латын тілінде тиісті аудармалары берілген құман тіліндегі зат есім және есімдіктердің жіктелуі (68-70бб); 4) латын-парсы – құман сөздігі, сөздер мағыналарына қарай 40 топқа бөлінген (70-110 беттер); **Екінші бөлімі** бұл германдық бөлім (111-164бб) мұнда 1) құман, герман, латын сөздігі (111-113, 118, 131, 160-160 бб) 2) құман мәтіндері (117, 119, 122, 126, 131, 132, 136-156, 157, 159 бб); 3) латын тіліндегі құман тілінің қысқаша грамматикалық очерк (127б); 4) итальянша поэзия мәтіндері (102, 117, 156 бб); 5) латын тіліндегі кейбір сөздер мен мәтіндер (123, 130, 156, 157 бб); 6) толтырылмаған бос беттер (134, 135, 153, 158 бб).

Жазба ескерткіштегі бөлімдердің бөлінуіне байланысты түркітанушы Г.Кун: «СС бірінші бөлімі бес адамның қолымен жазылған, олардың көбісі итальяндықтарға тиесілі, екінші бөлімі 14 қолтаңбамен жазылған басым көпшілігі германдықтарға тиесілі» - дейді [82, б.8]. Д.Дрюль сөздіктің авторы неміс бағанын 16 қолтаңбамен жазғанын айтса [83, б.100], ал соңғы зерттеуші А.Гаркавец итальяндық бөлім бір қолтаңбамен, ал неміс бөлімін екі адам жазған болуы мүмкін деген мәліметтер келтіреді [35, б.44].

Жазылу мақсаты жөнінде де ғалымдар тарапынан түрлі пікірлер бар. Біріншіден бұл дүние «халықаралық саудадағы тілге деген мұқтаждықтан» жазылды (Р.Рёслер, Д.Расовский); екіншілері «христиан, католик дінін тарату мақсатында өзге елдің миссионерлері» жазды дейтіндер (Пал Хунфали, Д.Дрюль, Э.Тец, Ян Гжегожевский, В.Банг, Г.Гьерффи, А.Фон Габен, Д.Дёрфи); үшінші «Қыпшақ тілі халықаралық тіл дәрежесінде болған соң саяси – экономикалық жағдайларға байланысты» жазылды деген пікірдегілер (Д. Рассовский, Г.Гьерффи, Л.Лигети, А. Құрышжанов, Қ.Мандоки, А.Гаркавец, М.Сабыр), қалта сөздігі дейтіндер де жоқ емес (С.Е.Малова, Л.Лигети, Б.Көмеков) қыпшақтардың саяси үстемдігі орнаған тұста өз тілін ұмытып, қыпшақ тілінде сөйлей бастаған өзге халықтар өз діндерін ұмытпас үшін

христиан дінінің қағидалары мен уағыздарын қыпшақ тіліне аударып пайдалана бастағандығымен байланыстырған пікір (С.Құдасов).

Жазылған мерзіміне қатысты да бірнеше мәлімет бар. Ескерткіш XII ғасырда жазылған, XIII ғасырда жазылған нұсқа оригиналдың көшірмесі (Д.А.Расовский), XII аяғы мен XIV басында (С.Е.Малова), XIII ғасырда (Г.Кун, О.Блоу С.Зеламан, В.Банг, А.Смайлович), ал XIII аяғы мен XIV ғасырлар мұрасы деп жүргендер (Б.Бартольд, Т.Ковальский, Ю.Бенцинг, Н.Т.Сауранбаев, С.Кеңесбаев, Ә.Құрышжанов).

Жазылған орны туралы да түрлі бірнеше болжамдар бар. 1.Қырымдағы Генуяда (Г.Кун, Д.Дрюль); 2.Солхатта жазылды дегендер (Д.Расовский, Г.Гьерффи, А.Н.Канонов, А.А.Чеченов, В.Дримба, Қ.Мандоки) немесе Сарай маңындағы Әулие Джон монастырында (В.Дримба, Д.Дёрфи); Россия төңірегінде Ион, Франциска шіркеуінде (С.Е.Малов, А.Фон Габэн, В.Б.Банг); батыста Кафа немесе Венгрияда (Грунин, А.Гаркавец). Дешті Қыпшақта жазылды дегендер (М. Сабыр т.б.)

М.Сабыр: «Ескерткіште кездесетін терминдер арқылы, біріншіден, «Кодекс Куманикус» Батыс Дешті Қыпшақта дүниеге келген деп тұжырымдауға болады. Екіншіден, еңбек жазылған мерзімде құман қыпшақтар Қыпшақ хандығының батыс бөлігін мекендегенін алғашқы бетінде сөздіктің мазмұнына сай көрсетілген ең алғашқы этноним құман атауымен көрсетілгенін, ескерткіштегі кірме сөздердің Батыс Еуропалық сипаттарының молдығын ескере отырып, жәдігерді кумандардың төл мұрасы деп қарастыруға болады» – деп қорытындылайды [34,б.29]

Жазба ескерткішті түркі халықтарына ортақ мұра деген пікір білдіруші ғалымдар: Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Э.Тенишев, С.Е.Малова, А.Қ. Жұбанов, А.Б. Белботаев, Э.Фазылов, К.Мұсаев. Б.Сағындықов, С.Дүйсен, С.Боранбаев, Ә.Таушанов, М.Ескеева.

М.З.Улаков пен А.А.Чеченов: «Крупнейшим письменным памятником кипчакского (половецкого, куманского) разговорного языка Золотоординского периода является «Кодекс Куманикус» который является замечательным источником в компоротивном изучений становления и развития практических всех современных языков кипчакской подгруппы» [61,б.27] дейді.

Жазылу тілі мен стиліне қатысты да бірнеше пікірлер қалыптасқан Я.Р.Дашкеевич пен Ф.Е. Корш ескерткіштің құман халқының мұрасы екеніне күмәнмен қарайды. Мысалы, Ф.Е.Корш «Половецкие слова, приведенные в настоящей рукописи – не половецские, а татарские, именно судя по сумме признаков, крымские из местностей около Бахчисарая или Симферополя, вообще не из степей и не южного берега [Крыма]» [60,б.28] дейді, А.Ф. Габен көне татар, О.Блоу өзбек диалектісіне жақын (чағатай тілінде), В.В.Радлов, В.Н.Никольский батыс түркі (татар диалектісіне жақындатты, «машар диалектісіне»), Д.Дёрфи ұйғыр, Ж.Дени, А.Н.Смаилович, В.Б.Чобан-Заде, А.Фон Габен, А.Н.Баскаков, П.Голден, Г.Р. Гусейнов кумык, қарайым, Қырым татарлары, (оғыз), қарашай, балқар тілдеріне тән диалектілеріне, Ж.Дефи, Т.Ковальский, Т.И.Грунин СС тілін, фонетикасын зерттей келе армян-

половец тілдерімен жақындығы бар деген пікір айтады [84,б.111-112]. Жазба ескерткішті ауыз екі тілде қыпшақ тілінде жазылды, құрамында оғыз-қыпшақ тіліне тән элементтер кездеседі деген ғалымдар А.Чеченов, Ә.Құрышжанов, Б.М.Репин, М. Сабыр: «Алтын Орда мен Мәмлүк Мысырлық оғыз-қыпшақ аралас тілінен айырмашылығы «Кодекс» тілінде халықтық ауыз екі сөйлеу тілінің басылымдылығы байқалады» [34,б.44].

Байқағанымыздай, ескерткіш Венеция мен Францияға қалай жетті, қанша рет көшірілді, бастапқы нұсқасы қандай болды, қайда, кім жазды, тілі, стилі, туралы сұрақтар ғалымдар ойын сан-саққа сүйреп, ақырында әр түрлі пайымдаулар мен пікірлер қалыптасқан. Әр қайсысы өз пікірлері мен тұжырымдарын ғылыми дәлелді түрде ұсынуға тырысқан. Мұндай мәліметтер өте көп, тізе берсек хронологиялық көрсеткіш түзуге болады.

Зерттеу жұмысымыздың бұл тарауын жазу барысында СС жазба ескерткішін зерттеген тілші ғалымдадың үш кезеңге бөліп қарастыруы бойынша жүйеледік. Олар,

1) XVI –XVII ғ.ғ. жазба ескерткіш туралы алғашқы мәліметтер ғылыми болжамдар, зерттеулер;

2) XVIII–XIX ғ.ғ. СС жазба ескерткішінің түрлі тілдерде баспадан шығуы;

3) XIX-XX ғ.ғ. СС жазба ескерткіші тілінің арнайы қазіргі түркі тілдерінің оның ішінде қыпшақ тілдерінің тарихи арнасы ретінде лексикологиялық, тарихи тұрғыдан зерттелуі.

Алғашқы кезеңге келсек бұл жәдігерді итальяндық ақын Ф.Петрарка 1362 жылы өз кітаптарымен бірге Әулие Марк кітапханасына сыйға тартқан. Ол өзінің бір жазбасында СС жазба ескерткіші туралы мәлімет қалдырып, тіп ті аве Марияға арналған кейбір жолдарын түзеткен, көшірген деген де пікірлер бар. Өзіне дейінгі ғылыми зерттеулерге сүйене отырып Ә.Құрышжанов: «Қолжазбаның 112-117 беттерінде келтірілген итальян поэзиясының үлгісі осы Петрарканың қолымен жазылған» [14,б.17] дейді. Кейіннен Эмилио Теза 1891 жылы жазылған «**Un'altra occhiata al Codex Cumanicus**» еңбегінде Петрарка жазды деп танылған поэтикалық мәтінін оқу өте қиын екенін айта отырып, итальяндық өлеңдердің Петраркаға еш қатысы жоқ, СС-тағы поэзия үлгілері шығыста жазылған деген пікір айтады [85]. Эмилио Тецтің бұл пікірін Венецидағы Сан Марко ғибадатханасының директоры доктор Карло Фрати 1910 жылы итальяндық өлеңдер туралы шағын мақала жариялап, өлеңдердің Петраркаға еш қатысы жоқ екеніндігін дәлелдеп, Э.Тецті қолдайды. Итальяндық поэзия үлгілерін Петрарка жазды ма, жазбады ма, жазба ескерткіш оның қолына қалай түсті ол жағы беймәлім, бұл жөнінде ғалымдар әр түрлі пікірде. Әйтеуір Петрарка шығыс елдерін өте көп аралаған, біраз кітапханаларда болған, бірнеше қалаларда өзінің арнайы кітапханалары да болған деген мәліметтер өте көп. Ал бірақ Петраркаға дейін әулие Григорий ғибадатханасының хатшысы Лигурия тумасы Антолий де Финальдидің қолында болған екен. Өйткені, Кодекстің 156 бетінде арнайы белгі де бар, жазба ескерткіштің алғашқы сипаттамасы мен тіркелуі

библиограф Джейкоб Филипп Томазини Подуанскийге тиесілі. Ф.Томазини «Қайта тірілген Петрарка» деген кітап жазады. Осы кітапта СС жазба ескерткіші туралы қысқаша мәлімет береді. Ол 1595-1655 жылдар аралығында Венеция кітапханасының қолжазбалар каталогының тізімдемесіне итальяндық көрнекті ақын Франческо Петрарка сыйға тартқан 17 кітапты тізімдей отырып, СС жазба ескерткішін «**Alfabetum Persicum, Comanicum, et Latinum Anonymi scriptum Anno MCCCIII. Die XI Julii**» деп тіркеген. Сонда жазба ескерткіштің атауы: «**Alfabetum Persicum, Comanicum, et Latinum Anonymi scriptum Anno MCCCIII. Die XI Julii**». Ары қарай СС жазба ескерткішін Италиядағы Әулие Марк кітапханасындағы жазбаларды зерттеу барысында атақты неміс ғалымы Лейбниц (1646-1716) Петрарка кітаптарының каталогының ішінен куман текстінің сөздігін көріп, бірақ қанша оқуға талпынса да ешнәрсе түсінбегені жөнінде мәлімет береді. Екінші, 1741 жылы қолжазбаны сөздік ретінде танып, жүйелік каталогында мәлімет берген Венециялық библиограф Антон Занетти болып табылады. Ал үшінші 1769 жылы СС-тың алғашқы 22 бетін Даниэль Корнидес көшірген деген мәлімет бар, себебі Даниэль Корнидес XVIII ғасырдың екінші жартысында 1773 жылы «Кумандар тарихын талдау туралы очерк» деген диссертация жазған және «Ол кумандар қыпшақ-татар болса керек, олардың тілі қыпшақ диалектісі» деген мәлімет береді. Д.Корнидестен кейін Венециядағы Әулие Марк кітапханасынан табылған «Парсыша-латынша-куманша» сөздік туралы диссертация жазғандар қатарына Кольтцгор Масальская, ол өзінің «Орыстар мен монғолдар» деген еңбегінде кумандар түркі диалектісінде сөйлеген деген мәлімет келтіреді.

Екінші кезеңге келсек, СС жазба ескерткішін ғылыми тұғыдан таныту даңқы XIX ғасырдың I жартысында шығыстанушы **Юлий фон Клапротқа** бұйырды. Ресей академиясының академигі, қытайтанушы, түркітанушы, социолог, бабыртанушы Генрих-Юлий Клапрот 1824 жылы Томазинидің Петрарка өмірбаяны жайлы жазылған мәліметін парақтау барысында ұлы ақынның кітаптарының тізімінің арасынан 1303 жылы жазылған «**Alph ^ etum pereicum, comanicum et latinum...**» деген алғашқы үш жолы аударылған дүниені көреді. Оның қандай да бір «Alphabet» сөздік екенін байқаған ол қолжазбаның көшірмесіне тапсырыс беріп, 1824 жылы қолына тек бірінші бөлімі ғана тиеді. Джон фон Клапрот бірден жазба ескерткішті зерттеумен айналысады. 1826 жылы «**Journal Asiatique**» журналына СС жазба ескерткіші туралы тұжырымдамалары мен пікірлерін жинақтап шағын мақала ретінде ұсынады. Кейінен араға екі жыл салып бірінші бөлімдегі құман сөздерін түпнұсқа бойынша транслитерация жасап француз тіліне аударып, екі тілді сөздік ретінде алғаш рет ғылыми көпшілік назарына 1828 жылы француз тілінде Парижде ұсынды. Сөздік 2500 беттен тұрды.

Өз жұмысында Ю.Клапрот жазба ескерткіштегі құман сөздерінің тұлғасын анықтап, мағынасын ашуға үлкен еңбек сіңірді. Сөздіктің парсы тілі бағанын қазіргі парсы тілінің формаларымен қамтамасыз етті және кумандық дыбыстарды османлы-түрік сөздерімен және түркі тіліндегі үстеу

сөздермен, Орталық және Солтүстік Азиядағы ұйғыр және татар диалектілерімен салыстырды. Кітапқа сегіз беттік қыпшақ тілі туралы кіріспе жазды. Алғашқы басылым болғандықтан кейін Ю.Ф.Клапрот аударған сөздікте жетістіктермен қатар кемшіліктер де жеткілікті еді. Ю.Ф.Клапрот нұсқасындағы қателерге сын пікірлер айтушылар өте көп болды, Ю.Клапрот нұсқасына түзету жұмыстарын жүргізген ғалымдар О.Блау, Г.Шот, Г.Кун О.Гастлингтер. Олар Ю.Клапроттың қолында түпнұсқаның болмағандығынан және құман тілінің табиғатын түсінбеуінен көптеген қателіктер жіберді деген пікірді қалыптастырады. Ю.Ф. Клапроттың жұмысының жетістігі, жазба ескерткіш туралы алғашқы ғылыми зерттеу болуымен қатар қыпшақтану ғылымының негізін қалауында еді. Бұл жөнінде түркітанушы Ә.Құрышжанов «Ю.Клапрот баспасы өзіне лайықты тарихи міндетін атқарып шықты, дүние жүзі ғалымдарының көңілін аударып куман тілін ғылым дүниесіне паш етті» деп баға береді [86,б.20]. Шындығында Генрих-Юлий Клапроттың жариялы-нымынан кейін ескерткіштің түпнұсқасы бойынша жұмыс жасау қажеттілігі туындап, Европадағы ортағасырлық көшпенділердің тілін, этникалық тобын анықтауға, сөздіктің не үшін, қалай, не мақсатпен жазылғандығына ғалымдардың қызығушылығы оянды. Өйткені, әлемдік түркітанушытар кумандардың түркі тілдеріне қатысты жайлы әр түрлі пікірде еді. Бұл жөнінде түркітанушы С.Боранбаев: «Ілгеріде Батыс Еуропада Кумандардың этногенезі мен тілі туралы қарама-қайшы пікірлер көп болатын, мәселен венгер ғалымдары «Кодекс» тілін венгерлердікі деп санайтын. Клапрот басылымындағы куман глоссариімен танысқан соң шет ел ғалымдары куман тілі түркі тілдерінің бірі деген пікірмен келіседі» - дейді [24,б.115]. Расында, Ю.Клапроттың басылымынан кейін түркі тілдерінің ішінде қыпшақ тілінің орны анықталған еді. Оны түркітанушы Ә.Құрышжанов: «Біздің ойымызша қазіргі дамып отырған түркологияның қыпшақтану саласының ғылыми негізі сол кезде салынса керек, онда Ю.Клапрот еңбегінің үлкен үлесі болған»- дейді [86,б.20].

Көп ұзамай Будапеште 1880 жылы «**Codex Cumanicus**» деген атпен қолжазбаның қыпшақша бөлімін «мұндай сипаттағы еңбектер бүкіл әлемге танымал тілде жазылуы тиіс» деп латын графикасымен, жан-жақты тарихи-филологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып жариялаған венгер ғалымы **Г.Кун** болды. Ол Ю.Клапрот жіберген қателермен жұмыс жасай отырып, сөздікке көпеген өзгертулер енгізді. Алайда қаншалықты қатесі көп болса да Г.Кун Ю.Клапроттың басылымына: «Куман тілінің алғашқы үлгісі» деп жоғары баға берді [82,б.26]. 1880 жылы жарыққа шыққан 2800 сөзден тұратын 397 беттік Гезо Кунның жұмысы үш тараудан, кіріспесі тоғыз тараудан тұрды. Жазба ескерткішке «**Codex Cumanicus**», яғни «Кумандар кодексі» деген атауды алғаш рет ұсынған да Гезо Кун. Г.Кун кітаптың кіріспесінде жазба ескерткіштің зерттелуі жөнінде мәлімет пен ескертулер бере отырып, құмандардың тағдыры, хрестян дінін қабылдауы, тілі мен мәдениеті, түркілер туралы молынан ақпарат береді. Сөздіктегі түркі, парсы, латын, герман сөздеріне грамматикалық аннотация бере отырып, үштілділік

гlossарийдің орфографиялық емлесін түзеп, жұмбақтар мен діни мәтіндерді арнайы қарастырды, «құман» тілінің грамматикасын сипаттап, көптеген сөздерге этимологиялық түсініктеме жасады. Куман тіліне аударылған діни мәтіндердің латынша түпнұсқаларын көрсетті, итальян поэзиясын ретке келтіріп, сөздіктен «Аве» мен басталатын 7-8 буынды үлкен поэтикалық мәтіннің қателерін түзеп, СС бөлігі Венеция, Милан, Генуя осы үш жерге қатысы бар, тіпті авторы да генуиялық болуы әбден мүмкін деген пікір айтады. Осыншама зерттеуден кейін Г.Кун мынандай қорытындыға келеді: «Куман тілін зерттеудегі басты дереккөз венециялық Кодекс Куманикус» [82, б.395].

Г.Кун басылымының ғылыми жаңалығы ол алғаш рет жазба ескерткіштен поэтикалық мәтінді жеке дара бөліп алып, екі бөлімді айырып бір кітап ретінде біріктіріп жарыққа шығарды. Ю.Клапрот негізін қалаған қыпшақтану саласы мен түркі тілін зерттеуге ашқан ғылыми жолдың ауқымын кеңейтіп қыпшақтардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетін, әдебиеті мен әлеуметтік саяси жағдайы туралы әлемдік түркітанушыларға бағыт - бағдар берді. Бұл жөнінде қыпшақтанушы Ә.Құрышжанұлы: «Г.Кун кумандар туралы мәселені бүкіл шығыстану ғылымының әлеміне бір көтеріп тастады» [86, б.22] дейді. Граф. Г.Кунның басылымы ғылыми қауымдастық арасында басты назарда болып, қызушылық оятып, кең талқыға түсті. Ол жөнінде В.Банг [87], Р.НунфаIvy [88], D.Drüll [89], Н.Дашкеевич [90], Von Gabain [91], Л.Лигетти [92], М.Маловтар [93] Г.Кунның СС баспасына ғылыми тұрғыдан сын пікірлер айтты. Мысалы, Пал Хунвалфи мен Ю.Немет: «СС-тың латын бағанындағы аудармалар сәтсіз шыққан» [94] дейді. Ал кеткен қателіктерді ескере отырып Л.Лигетти мен Е.Теза: «Кодекс Куманикустың толық мәтіні берілген бағалы еңбек»-деп бағалады [85, б.36]. Г.Кун басылымын негізге ала отырып СС жазба ескерткішінің фонетикасы жайлы **В.В.Радлов «О языке куманов по поводу издания куманского словаря»** (1883) деген мақаласын жазды. Бұл еңбегінде ол куман тілінің фонетикасы туралы мәлімет бере отырып, СС-тың дыбыстық жүйесін анықтап, куман дыбыстарының көне готикалық шрифтiмен жазылған жолдарын зерттеді, құман сөздерін туыстас тілдермен салыстырды, нәтижесінде әр сөзі әр түрлі формаға өзгерді, өзі түсінбеген сөздердің тізімін жасап, қолжазбаны құман тілін білмейтін монах көшірген деген пікір айтады [95]. 1884 жылы ол қыпшақ жазба ескерткіші мәтіндерінің кейбір бөлігі мен жұмбақтарын жариялады. 1887 жылы СС жазба ескерткішінің екінші бөлімін толықтырып, 3000 сөзден тұратын куманша-немісше сөздік бастырып шығарды. Алайда, В.В.Радлов жасаған сөздіктің фонетикалық та, орфографиялықта, қателері өте көп болды. Оның басты қателгі біріншіден, ол Ю.Клапрот сияқты жазба ескерткіштің түп нұсқасын өз көзімен көрмегендігі екіншіден, куман сөздігінің транскрипциясын орыс алфавиті негізінде жасағандығы болды. Соның салдарынан В.В.Радлов басылымында басы ашылмай қалған күмәнді, дәл аударылмаған мысалдар өте көп болды. Қайта Г.Кун баспасына қарағанда В.В.Радловтың баспасы сәтсіз, қателері өте көп, сөздері шұбырыңқы болып

кетті. Әрине мұндай кемшіліктерінен кейін бұл еңбек әлемдік түркітанушытардың сынына ұшырады анық еді. Осы кезеңде әлемдік лингвистер мен түркітанушылар СС жазба ескерткішінің үш вариантына салыстырмалы түрде зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Олар Э.Теза, В. Банг, Ә.Құрышжанов т.б. Мысалы, Ә.Құрышжанұлы: «В.В. Радлов «Кодекс Куманикустың түпнұсқасын өз көзімен көрмеген, сөздікті Г.Кун баспасының негізінде түзген. Соның өзінде де, біздің ойымызша оны өзі көшірмей, өзгеге жаздыртса керек. Өйткені сөздікте жаңсақ жазылған, дәл аударылмаған сөздер де бар. В.В.Радлов баспасын Г.Кун баспасымен салыстырып карағанымызда, олардың арасында айырмашылықтар /дұрыс жазу мен аудару саласында/ кішігірім кітапша болды» [86,б.23] дейді. Ал М.З.Улаков. А.А.Чеченов «В.В.Радлов издал данный памятник в неполном виде...» [61, б.29] деді. Қаншама кемшіліктері болса да СС жазба ескерткішінің зерттелу тарихындағы В.В.Радловтың нұсқасы әлі күнге дейін құнды еңбектердің бірі болып саналады. В.В.Радловтың еңбегінен кейін мұндай қателіктерге ұшырамас үшін жазба ескерткіштің факсимилесін жасауды Й. Маркварта ал, фото көшірмесін жасауды Ю.Немет ұсынды.

Теза Кунның жариялынымы негізінде жазба ескерткіштің факсимильді басылымын дайындау даниялық түркітанушы **Кааре Гренбектің** еншісіне тиеді. Кааре Гренбек 1936 жылы жазба ескерткіштің алғаш рет фотокошірмесін жасап, факсимильді басылымы арқылы ескерткішке археографиялық анықтама берді. Жазба ескерткіштің негізінде 1942 жылы құман сөздерін неміс тіліне аударып 2700 сөзден тұратын «**Кумандар кодексі бойынша түркі сөздерінің құман сөздігі**» куманша-немісше сөздік құрастырды. Жетістігі, К.Гренбек ескерткіштегі сөздерге қарап құман диалектілері бар деген мәлімет берді. Кааре Гренбектен кейін әлемдік түркітанушыларға жазба ескерткішті зерттеуге үлкен мүмкіндіктер ашылып, құман диалектілерін зерттеуге қызығушылық оянды. Алайда, К.Гренбектің де жұмысы кемшіліктерден кенде емес еді, өйткені, кейбір сөздер дұрыс аударылмаған, кейбірі мүлдем жоқ, кебірі дұрыс транскрипцияланбаған еді. Түркітанушы С.Боранбаев: «...оны куман сөздерін интерпретациялаудағы соңғы жетістік деп атауға толық құқылы» [24,б.68] деді, ал М.Сабыр «Бұрынғы Г.Ю.Клапрот, Г.Кун, В.В.Радлов басылымдарындағы кейбір орын алған кемшіліктерді анықтауда және қыпшақ тілі мен тарихына, мәдениетіне қатысты жаңаша тұжырымдар жасауда бұл басылымның орны айырықша болды» [34,б.26] дейді. Түрік ғалымы Кемаль Айтач, С.Шағатайлар Гренбектің сөздігін түрік тіліне аударды.

К.Гренбектің басылымын негізге ала отырып 1970-80 жылдары жазба ескерткішке синтаксистік талдау жасап, 2700 сөзден тұратын «**Куман тілінің синтаксисі**» (1973) еңбегін латын әріпінің негізінде транскрипциялап, алғаш рет факсимилесімен бірге, француз тіліне аударып шығарған румын ғалымы **В.Дримба** болды. В.Дримба ескерткіштегі МСССІІІ дегенді МСССННХ деп оқу керек, өйткені мұндағы он саны орта ғасырлық лигури үлгісімен жазылған, ХХ n белгісін, ал ХХХ - m белгісін береді [96,б.68]

дейді. В.Дримбаның еңбегінің маңыздылығы өзіне дейінгі кемшіліктердің барлығы түзелген және барлық еңбектерге ғылыми шолу жасалған, ескерткішке қатысты зерттеу еңбектердің библиографиясы толық берген тыңғылықты дүние болды.

СС жазба ескерткішін алтыншы жариялымының авторы ғалым лингвист, түркітанушы **Ә.Құрышжанов**. Түркітанушы В. Стоянов: «Абжан Курышжанов (Курышжанулы) определян в родината си като «пръв кыпчако - вед» [62,б.193] деді. Өмірінің тең жартысын түркологиялық еңбектерді зерттеуге арнаған **Ә.Құрышжанов**, алғашқы қыпшақтанушы болып саналады. М.Қашқари, Ж.Баласағұн, А.Йгунеки, Қ.А.Яссауи еңбектерін аударып, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің тілін мағыналық, тұлғалық жағынан зерделеп, фонетикасы мен грамматикалық ерекшеліктерін өзге түркі тілдерімен салыстырмалы түрде зерттеп «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің қазақ тіліне өте жақын екенін дәлелдеді. Бұл жөнінде Д.Қыдырәлі: «А. Курышжанов в ту эпоху один из первых исследователей произведения в сравнительном плане сближал язык Кодекса с аналогичными фактами казахского языка. Этот удивительнейший памятник славестности представляет ценность для специалистов тюркологов: лингвистов, историков и литературоведов» деп баға береді [97,б.3]. Ғалым «Кодекс Куманикус» жәдігеріне айланысты бірнеше мақала жазды, «XIII-XVғғ. жазу нұсқасы», ««Codex Cumanicus» тіліндегі мекендік ұғымды білдіретін септіктердің мағыналары», «Кодекс Куманикус» - ескі мұрамыз», «О языке памятника «Codex Cumanicus»», «Значение аккумулятива в языке «Codex Cumanicus»», «Парадигмы склонения в языке письменного памятника XI-XIVвв Codex Cumanicus», «Codex Cumanicus - қазақша календарь», «О замечаниях редакторов на полях рукописи «Кодекс Куманикус»», «О темных словах в рукописи «Кодекс Куманикус»», «К изучению лексики Codex Cumanicus», «К изучению куманских загадок», «Көне қыпшақ тілінің ай, күн аттары», «Кодекс Куманикус – қазақ әдеби тілінің лексикографиялық арнасы», «К вопросу об уйгурской письменности куманов», «О графике одного слова в памятнике куманского языка «Кодекс Куманикус»», «К истории изучения куманского языка», «К истории изучения разговорной речи кипчаков XIII-XIV вв». Ғылыми еңбектері: «Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря» (1970), «Ескі қыпшақ тілі» (2008), «Йүсүп ұлық Хас-хажиб Баласағуни “Құтадғу білік” (Құт әкелетін білім) (2004), «Тіл тарихы туралы зерттеулер» (2011), «Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» (1964) «Формы и значения падежей в языке “Кодекс Куманикус» (1956) кандидаттық диссертациясын жазып, 1973 жылы «Язык старокыпчакских письменных памятников XIII-XIVв.в» тақырыбына докторлық диссертациясын қорғады. Жазба ескерткішті ұзақ зерттеуінің нәтижесінде бірінші рет қазақ тіліне аударып А.Жұбанов, А.Белботаевтармен бірге 2940 сөзден тұратын құман тілінің алфавиттік жиілік, кері алфавитті жиілік сөздігін 1978 жылы шығарды. Жиілік сөздікте автор бір сөздің бірнеше рет қайталана беретінін байқаған ол, омоним сөздерді ажырата

отырып, әр сөздің қай сөз табына жататынын анықтап, қазақша аудармасымен берді. Автор өз еңбегі жөнінде: «Бұл еңбек ортағасырдағы халықтық тілдің лексикалық топтарының мөлшерін анықтауға, сондай-ақ қолжазба көлеміндегі сөздердің бөлшектерін морфемаларын қиындықсыз ажырата алуға, кез-келген қосымшаның сол тілдегі қолданысындағы қасиет-ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді десек болады» [86,б,25] дейді. Шын мәнінде, Ә.Құрышжановтың жиілік сөздігі тек тілші мамандар үшін ғана емес, әлемдік түркітанушыларға да қыпшақ тілін зерттеуге арналған құнды еңбек болып танылады. Ойымызды дәлелдейтін болсақ И.Мандоки: «Кодекс Куманикус жазба ескерткіші мен ортағасырлық қыпшақ тілін зерттеуде қазақ тілі мен тарихының көрнекті маманы Ә.Құрышжанұлының үлесі зор!» деп бағалайды [64].

Ә.Құрышжановтан кейін жазба ескерткішті түбегейлі зерттеп, орыс тіліне аударған ғылым «Тірі энциклопедист» атағын алған қыпшақтанушы **А.Гаркавец**. Ол қыпшақтардың жазба мұралары мен фольклорын, тілін жинауға, армян-қыпшақ жазба ескерткішін зерттеуге өмірінің 50 жылын арнаған ғалым. Қыпшақтану саласы бойынша түркітануға қатысты 20-дан астам ғылыми еңбек жазумен қатар, 150-ден астам ғылыми мақалалар жазды. Олар, «Конвергенция армяно-кыпчакского языка к славянским в XVI-XVII вв», «Развитие глагола в тюркских языках на Украине», «Тюркские языки на Украине», «Армяно-кыпчакские рукописи в Украине, Армении, России», «Армяно-кыпчакская Псалтырь», «Кыпчакское письменное наследие» үш томдық. «История Казахстана в произведениях античных авторов», «Великая Степь в произведениях античных и византийских авторов», «Караимский молитвенник», «Кыпчакский словарь» т.б СС жазба ескерткішінің түркі тектес халықтар, оның ішінде қыпшақ тобына жататын халықтардың тарихи мәдени жазба ескерткіштерінің бірі екендігін нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдеп, «Codex Cumanicus: Половецкие молитвы, гимны и загадки XIII-XIV веков» қолжазбасының орысша нұсқасын ұсынды. Өз кезегінде ғалымның қыпшақтануға қосқан үлесі түркітану ғылымында баға жетпес құнды дүниелер болып табылады. Өз еңбектері арқылы А.Гаркавец түркітану ғылымына үлкен бетбұрыс жасады, түркі тілдес халықтардың ғасырлар бойғы жиналған бай жазба тарихының бар екенін әлем түркітанушытарына дәлелдеп, «Бізге өз тарихымызды ойдан құрастырудың керегі жоқ» [98] деді. А.Гаркавецтің «Codex Cumanicus» еңбегінің кемшілігі құман сөздерінің әр сөзінің орысша аудармасына бірнеше синонимдер берген. Автор сөздікпен жұмыс істеу барысында құман сөздерінің орысша нақты баламасын таба алмаған болуы әбден мүмкін. Кейбір құман сөздерінің аудармалары қате жасалынған. Кемшілік деп есептейтін мәселелерді зерттеу жұмысымыздың тарауларында көрсетуге тырысамыз. М.Сабыр «Аталған басылым ескерткіш материалдарын толық қамтымаса да, ескерткіштің түп нұсқасын әліпбилік жазылуы мен дыбысталуы дұрыс оқуда терең талдау жасалған еңбектердің бірі деп қарауға мүмкіндік бар. Бұл басылым орыс тілді оқырмандар үшін «СС»

материалдарын таныстыруда пайдалы жұмыс болды» [34,б.28] деген баға береді

СС жазба ескерткішінің сегізінші нұсқасының авторлары **М. Аргуншах пен Г.Гунер** Аталған авторлар жазба ескерткішті ұзақ уақыт зерттеу барысында **Г.Гунер**, «Codex Cumanicus Bağlamında Kumanların», «Codex Cumanicus'ta Latince ve Grekçe Alıntılar», «Codex Cumanicus'ta Moğolca Alıntı Kelimeler Üzerine Yeni Bir Yaklaşım» «Codex Cumanicus'ta Soğca, Çince, Rusça, Aramice ve İbranice Alıntılar».. «Codex Cumanicus'ta sıfat kılı zapısı», «Codex Cumanicus'un İmyası: Ünsüzler. (2012). «Cuman Bilmeceleri Üzerine Notlar» (2016). «Codex Cumanicus Yayına Nasıl Hayırlandı?». **М.Аргуншах**, «Bir Türk kültür hazinesi olarak Kodeks Kumanikus», «Codex Cumanicus'ta Arapçadan alıntı kelimeler üzerine notlar», «Codex Cumanicus'ta 'bile/birle' Çekim Edatını Yeni İşlevleri.»», «Codex Cumanicus'ta geçen 'ağır sıy' ve 'sıy tabuh' ikilemeleri üzerine», «Codex Cumanicus'ta Hristiyanlığı baba,oğul ve kutsal ruh üçlemesini karşılayan Türkçe söz varlığı» Codex Cumanicus'ta Ünlülerin İmlası, II. Yuvarlak Ümlüler. (2012), «Codex Cumanicus'ta /w/ sesi var mıdır?», «Codex Cumanicus'un Türk Sözlükçü- lüğündeki Yeri», «Ermeni Harfli Kırçak Türkçesi ile Kodeks kumanikus'u Biçim Bilgisi Yönünden Karşılaştırma», «Orthography of Vowels in Codex Cumanicus I.Unrounded Vowels /Codex Cumanicus'ta Ünlülerin İmlas» секілді мақалалары мен еңбектерін жазып, кейіннен А.Гаркевецтің «Codex Cumanicus» еңбегіне сүйене отырып жазба ескерткіштің түрікше аудармасын жасады. Ескерткішті жазу барысында авторлар фонетикалық бөлімде Г.Гунердің 2020 жылы шыққан «Қыпшақ тілінің грамматикасы» еңбегін пайдаланып, өздеріне дейінгі шығарылған СС нұсқаларын негізге ала отырып В.Дримба мен А.Гаркавецтің нұсқасымен салыстырмалы түрде жазба ескерткіштің фонетикасына талдау жасап, түрік тілімен ұқсастығын қарастырды, морфологиясына сипаттама беріп, әр сөз табын ажыратып кірме парсы, араб, монғол қабаттарын анықтап, жұмбақтар және діни мәтіндер мен жұмыс жасап, нәтижесінде 2022 жылы төрт бағанды «Codex Cumanicus» атауымен ғылыми еңбек жариялады. Олар: «Қара теңіздің солтүстігінде жазылған «Codex Cumanicus жазба ескерткіші біздің тарихымыздағы баға жетпес құнды дүние болып табылады» [48,б.15] деді.

Айта кететін бір мәселе, М.Томанов: «Қазақ тілінің негізін құраушы тіл – қыпшақ тілі (немесе қыпшақтар тілдері) екені белгілі. Қыпшақ тілінің сипаты бізге ең алдымен «Кодекс Куманикус» арқылы, Египеттік мамлюктердің тілінің ескерткіші арқылы белгілі» [9,б.38] дейді. Байқағанымыздай СС жазба ескерткішін зерттеу арқылы қыпшақтану ғылымының негізі қаланып, және оны түркі тілдермен салыстыра зерттеу жұмыстары қолға алынды. Түркітанушылар тарапынан қыпшақтану ғылымының түркітану ғылымына қатысы жайлы тың зерттеулер жасалынды. Қазіргі тіл білімінде қыпшақтану ғылымы - түркітанудың белді бір бөлігі болып қалыптасты.

Өз тұсында, саяхатшы, ориенталист, славянист О.Блоу жазба ескерткішті зерттей келе, түркі халықтары үшін оның бағалы дүние екендігін

айта келіп: «Бұл жазба ескерткішті Санкт-Петербургтегі немесе Веналық, иә болмаса Таяу Шығыстағы бір ғылыми ұйым заманауи талаптарға сай етіп шығарса өте ырза болар едім» [99,б.6] деген еді. О.Блоудың арманы орындалып қазіргі кезде жазба ескерткіш баспа бетін сегіз рет көрді. Жоғарыда берілген нұсқаларды қарастыра келе ғылыми айналымға түскен Кодекс Куманикустың, француз, латын, неміс, қазақ орыс, түрік, тілдерінде жарияланғанын анықтадық. Зерттеу барысында Юлий фон Клапрот басылымында–2500, Геза Кун басылымында–2800, В.В.Радлов басылымында –3000, Кааре Гренбек басылымында –2700, Ә.Құрышжанов басылымда – 2940, А.Гаркавец басылымында – 2800, М. Аргуншах Г.Гюнер басылымында – 2800 сөз қамтылғанын анықтадық.

Әлемдік түркітанушы ғалымдар алғашқыда сөздіктің шығу тарихы, жазылуы, авторы секілді мәселелерді қарастырса, кейінен тілдік, лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, ономастикалық, диалектологиялық тұрғыдан қарастырды. Олар, В.В.Радлов, Г.Гюнер, А.Гаркавец, К.Зеламан, О.Юналдар, Ю.Немет, С.Е.Малов, А.Фон Габэн, Д.Монкидзе, А. Бодроллетти, А.Титце, М.Малова, Ә.Құрышжанов, Х. Махмұдов, Д.Дрюль, Қ.И. Мондоки, Т.М.Гарипов, А.Вамбери, А.Н. Смаилович, Т.Кавальский, А. Зайнчковский, Б.С.Джафаров, Ғ.Зейналов, Н.Халилова, С.Абдуллаева, М.Қыпшақ пен Г.Ханмамедов, Л.Әлиева, Х.Гейдарова Р.Конурбаева, **СС жазба ескерткіштегі ай аттарын:** О.Блоу, А.Вамбери, Т.Кавалевский, А.Смайлович, Л.Базен, Т.Ковальский; **СС жұмбақтарын** В.В.Радлов, В.Банг, Ю.Немет, А.Н.Смаилович, Г.Кун, А.Тец, Қ.Мондоки, М.Маллова, А.Оғыз қарастырды. Ю.Немет, В.Бэнг, М.Малова, **ауыз әдебиеті үлгілерін, діни мәтіндермен** Д.Разовский, Д.Дёрфи, **диалектісін,** А.фон Габен, У.Таукул, М. Шералиев, С.М.Хайат, Ч.Пекакар, А.Турандар **кейбір сөздердің, этимологиясын, ономастикасын** В.А.Бушаков, П.В.Голубовский, И.Г.Добродомов, С.Г.Кляшторный, **терминдерді** Плетнева С.А., **діни лексикасын:** М.Аргуншах, Г.Гюнер, Э.Гулиев кірме сөздер мен діни лексика қарастырды.

Жазба ескерткіш бойынша 8 докторлық 16 кандидаттық диссертация қорғалды.

Әлемнің түркітанушылары мен лингвисттерін, тарихшылар мен этнографтарын ынтықтырып мен мұндалап **comanicum...comanicum... comanicum...** деп Еуропалық өркениеттің бесігі саналған – Венецияның төрінен орын алған жазба ескерткіш «Кодекс Куманикус» қаншама уақыттан бері зерттелініп келе жатыр. Түйгеніміз, жазба ескерткіштің ақиқаты, тек қана қыпшақтарға тән дүние екендігінде. Құндылығы Дешті Қыпшақта, қыпшақ тілінде жазылып, түркілердің тұрмыс – тіршілігі, дүниетанымы мен салт – дәстүрінен сыр шертуі, ауыз әдебиеті үлгісінен мәлімет беруінде. Ал, өзгешелігі готика қәріпімен жазылып христиан дінін уағыздауға арналған мәтіндердің болуында. Өз дүниемізді, өзімізге жаттай ғып тұрған да осы христиан дінінің уағыздары мен гимндері, сыртындағы тотықұстың суреті. Тотықұстың суретіне келсек кезінде ортағасырдағы Жошы ұлысындағы саяси қағаздарға тотықұстың бейнесі бейнелеген мөр басылды деген де

деректер бар. Ескерткіштегі тотықұстың суреті Жошы ұлысында салынды ма, әлде, көшіруші немесе тасымалдаушылар салды ма ол жағы беймәлім. Қарастырып отырған жазба ескерткіштің сыртындағы тотықұс сопылық мифологиялық-діни аңыздар бойынша байлық пен берекені, білімділік мен шешендікті білдіретін, алдына қойған мақсаттарға жетпей қоймайтын құс ретінде бейнеленген. Сондай-ақ Египетті басқарған мәмлүктер тотықұсты шыдамдылық пен сағыныштың символы ретінде жалауларында бейнелеп, саяси құжаттарында мөр ретінде қолданған екен деген де мәлімет бар (А.Г.Юрченко.А.Гаркавец). Ал екінші бөлімдегі христиан мәтіндеріне келсек. Бұл мәтіндердің көшірілген не аударылған дүние екендігіне біздің де күмәніміз бар. Өйткені автор христиан мәтіндерін халыққа әсерлі жеткізу үшін көріктеу құралдарын (теңеу, эпитет, метафора) фразеологизмдер мен мақал – мәтелдерді өте тиімді қолданған. Мәтінің тілі жеңіл, әрі шұрайлы, көркем.

Уақыт өткен сайын жазба ескерткішті зерттеуге деген ғалымдардың қызығушылығы арта түспесе бәсеңдемегені белгілі. Бірнеше ғасыр бойы тарихшылар мен лингвистер ескерткішті жан-жақты зерттеп зерттеу қоржынын толтырып келеді. Зерттеу барысында түйгеніміз жазба ескерткіштің берері өте мол, таусылмас мәдени, әдеби, тарихи, лингвистикалық туынды екендігінде.

1.2 Жазба ескерткішінің фонетикалық сипаттары

Түркі халықтарының алғашқы жазба әдеби тілі көне түркі тілі. Түркі халықтарының таңбалары негізінде жасалынған көне түркі әліпбиі әлемдегі жазба мәдениетінің ең озық үлгісілерінің бірі десек болады. Әлемдік лингвистер мен түркологтар тасқа қашап жазылған руникалық таңбалардағы көне түркі тілінің жазу ережелері мен әліпбиі құрамының дәл және нақты жасалғанын әлдеқашан дәлелдеп айтып кеткен (В.Томсен, Х.Н. Оркун, П.М. Мелиоранский, Н.А.Канонов, А.М.Щербак, Ғ.Айдаров, В.В.Радлов, С. Аманжолов, С.Қаржаубайұлы т.б.). Мысалы, көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі фонетикалық сәйкестік жөнінде түркітанушы А.С.Аманжолов: «...фонетикалық жүйесінде сегіз дауысты фонеманың жуан жіңішке болып келуі (а - е, ы - і, о - ө, у - ү), он алты дауыссыз фонеманың да (б, ғ - г, д, з, й, қ -к, л, м, н, ң, п, р, с, т, ш, ч) жуан жіңішке варианттары қолданады. Демек түркі тіліне ортақ буын және сөз үндестігі айқын байқалады. Ал грамматикалық жүйесінде, сөзжасам мен түрлендіру, сөз таптары мен сөйлем мүшелері, сөз тіркесі мен сөйлем түрлерінің сипаты қазіргі түркі тілдеріне өте жақын [100,б.72] дейді. Бұдан байқайтынымыз ықылым заманнан бері қалыптасып, дамып келе жатқан дыбыстар қазіргі қазақ тілі мен түркі тілдерінің лексикалық қорының бастау бұлағы екені даусыз. Түркітанушы С.Боранбаев: «Көне түркі дәуірінен де бұрын келе жатқан дыбыстар, дыбыстық өзгерістер түркі тілдерінің дамуына, кейінгі дәуірлерде ұлт тілдерінің қалыптасуына, әр халықтың лексикалық қорының пайда болуына

тікелей игі ықпал еткен» [24,б.11] дейді. Көне түркі тілінің заңды жалғасы, ортағасырлық түркі тілі орта ғасырда түркі тілдеріне ортақ әдеби тіл болып табылады. Алтын Орда, Мысыр елінде пайда болған ескерткіштер қыпшақ-оғыз, оғыз – қыпшақ тілінде жазылып келгенін айта келіп қыпшақтанушы М. Сабыр: «Орта түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты басқаларға қарағанда XIII-XIV ғасырларда тарих сахнасында мойны озық болды. Өйткені Дешті Қыпшақта Алтын Орда және Мысырда қыпшақтар гегемондық роль атқарды. Сондықтан біртұтас ортақ түркі тілі дегеніміз нақтырақ айтсақ көне қыпшақ тілі еді. Алтын Орданың да ресми тілі қыпшақ тілі еді. Жазба мұрағаттар да көне қыпшақ тілінде жазылған. Осы мұралар бүгінгі қазақ тіліне тікелей қатысты, қазақ әдеби тілінің басты бір арнасы. Сондықтан мұрагерлік мәселесі лингвистикалық деңгейде негізделуі қажет дейді [34,б.15]. Халықаралық тіл деңгейіне көтерілген қыпшақ тілінің әліпбиі негізінде орта ғасырдағы шығармалар жазылды. Сондай жазба ескерткіштің бір және бірегейі – «Кодекс Куманикус».

Зерттеу жұмысымыздың бұл бөлімінде СС жазба ескерткіші фонетикасының қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің арасындағы сабақтастығын анықтап, жеке фонемалардың дыбыстық өзгерістерге ұшырау процесі мен алмасуылары, дыбыстар сәйкестігін қазақ тілімен салыстармалы түрде тарихи фонетика тұрғысынан қарастырамыз. «Дыбыс алмасулары - бір тілдің ішкі деңгейінде ғана болып, белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға (сингорманизм, ассимиляция, диссимиляция) байланысты болатын құбылыс. Ал бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың ешқандай фонетикалық ықпалынсыз тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысы - дыбыстар сәйкестігі» [34,б.43] деп аталады. Жазба ескерткіштің бұл тарауында дыбыстық алмасуларды да сәйкестіктерді де кездестіреміз. Өйткені, біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тілдік тұрғыдан лингвистикалық, ал уақытына қарай тарихи дүние екені мәлім. «Тарихи фонетика – тілдің дыбыстық жүйесін тарихи тұрғыдан қарастыратын сала» [81,б.218]. Тіл тарихы халық тарихымен тікелей байланысты. Бірнеше ғасырлық тарихы бар тіл бірден пайда болып, қазіргі қалпына бірден келе қойған жоқ, тілдің даму жолы тарихи тұрғыдан ұзақ уақыт аралығын қамтитыны белгілі

Көне қыпшақ тілінің фонетикасын қарастыра келе тілші М.Томанов: «Көне қыпшақ тілі сингорманизм заңдылығын (буын үндестігін) қатаң сақтаған тілдің бірі. Ал дауыстылардың еріндік үндестігі ескерткіштер тілінде бір сипатты емес. Айталық, ашық еріндіктер сөз басында айтылса, сөз соңында қысаң еріндіктер қолданылады, ал сөз басында қысаң еріндік айтылса, сөз соңында да қысаң еріндік айтылады. Сонымен қатар, кейде сөз басындағы *a, e, ы, i*, дауыстыларынан кейін езулік қысаң дыбыстарымен қатар ашық, еріндік қысаң дауыстылар айтылуы да мүмкін: *йарғула, йеңұл, сатуқчы*» т.б. Бұл фактілер қыпшақ тілдерінде (немесе ескерткіш тілі) еріндік гармония жағынан бірдей болмағандығын көрсетеді. Қыпшақ тілдерінде сондай-ақ, кейбір сөздердің түпкі созылыңқы дауыстылармен

айтылу фактісі бар (мұндай өзгешелік Махмұд Қашқари «Диванында» да кездеседі) [9,б.38] дейді.

Жазба ескерткішіндегі фонетикалық құбылыстарды В.В.Радлов, Ю.Немет, С.Е.Малов, А.Фон Габэн, А.Титце, М.Малова, Ә.Құрышжанов, Х.Махмұдов, Д.Дрюль, Қ.И.Мондоки, Т.М.Гарипов, А.Вамбери, А.Н.Смаилович, Т.Кавальский, А.Зайнчковский, А.Н.Гаркавец, Г.Гүнер, М. Аргуншах, И.Гулиев, С.Боранбаев еңбектерінде қарастырды.

Біз қарастырып отырған ескерткіштің әліпбиіне келсек, **a** (а), **ä** (ә), **b** (б), **v** (в), **g** (г), **γ** (ғ), **d** (д), **e** (е) **dž** (ж), **z** (з), **y** (и), **k** (к), **q** (қ), **l** (л), **m** (м), **n** (н), **ŋ** (ң), **o** (о), **ö** (ө), **p** (п), **r** (р), **s** (с), **t** (т), **u** (у), **ü** (ү), **f** (ф), **χ** (х), **h** (һ), **č** (ч), **š** (ш), **i** (і), **ï** (ы) барлығы 32 әріптен, 9 дауысты дыбыс, 24 дауыссыз дыбыстан тұрады. Ескерткіштегі дауысты дыбыстар санына келгенде Ә.Құрышжанов пен С.Боранбай 8 дауысты, ал А.Н.Гаркавец 9 дауысты дыбыс дейді. Біз зерттеу барысында 9 дауысты дыбыс бар деген лингвисттерді қолдаймыз, мұндағы дыбыстар арасында бөлектеніп тұрған «ә» дыбысы. Зерттеу барысында ә дыбысына қатысты өз ойымызды дәлелдеуге тырысамыз.

Дауыстылар, **a** (а), **ä** (ә), **e** (е), **i** (і), **ï** (ы), **o** (о), **ö** (ө), **u** (у), **ü** (ү). Аталған дауысты дыбыстар ашық: **a** (а), **ä** (ә), **e** (е), **o** (о), **ö** (ө); жуан: **a** (а), **o** (о), **u** (у), **ï** (ы); жіңішке: **e** (е), **y** (и), **ö** (ө), **ü** (ү), **i** (і); қысаң: **ï** (ы), **i** (і), **y** (и), **u** (у), **ü** (ү), еріндік дауыстылар: **o** (о), **ö** (ө) **ü** (ү), **u** (у); езулік: **a** (а), **ä** (ә), **e** (е), **ï** (ы), **i** (і), **u** (у). Жазба ескерткіш тіліндегі дауысты дыбыстар өз ара үндестік заңы негізінде **a/ä**, **ï/y**, **o/ö**, **u/ü** түрінде жұптасады. Ескерткіште кездесетін дауысты дыбыстарды қазіргі қазақ тілімен салыстырсақ еш өзгеріске түспегенін байқауға болады.

A a (a) фонемасы көне заманнан келе жатқан дыбыс. Ескерткіште тұрақты түрде барлық позицияда еркін қолданылады. Мысалы, **ay** (ай), **aγa** (аға), **ana** (ана), **ata** (ата), **aγin** (ағын), **ayaq** (айақ), **aran** (аран), **aq** (ақ), **arīq** (арық), **ayaz** (айаз) аяз, **ara** (ара), **aqmaq** (ақмақ), **art** (арт), **aš** (аш); **bay** (бау), **bar** (бар), **bay** (бау). Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште **a – o** сәйкестіктеріне қатысты: **alau** (алай) олай, **anča** (анча) онша, **anlar** (анлар) олар, **aniñ** (аның) оның, **aniñki** (аныңкі) онікі, **a – ә** сәкестігінде кездестіреміз, **aškara** (ашкара) әшкере, **a – ы** алмасуы: **bayayana-** **bayayina** (байағана-байағына) баяғыда секілді мысалдар кездеседі.

Ä ä (ә) фонемасы түркі тілдерінің көбісінде бар дыбыс, көне түркі жазба ескерткішінде де кездеседі. Алайда түркітанушылар мен лингвисттер арасында осы дыбысқа байланысты біраз пікірталастар қалыптасқан, әр кім өз позициясы тұрғысынан анықтайды. Мысалы, 1) шығыс тілдерінің әсерінен қалыптасты деушілер (Н.В.Юшманов, Р.Г.Ахметьянов, М.Т.Томанов т.б.). Өзіндік төл топырағымызда қалыптасқан дыбыс деушілер (А.Салқынбай, М.Сабыр, т.б.) М.Қашқари мен А.Байтұрсынұлы, бұл дыбысқа қатысты ешнәрсе айтпаған. А.Салқынбай өз пікірін бірнеше фактілермен дәлелдейді: «1) араб тілінде ә – фонемасы жоқ; 2) қазақ тілінде араб сөздері ауызша қалыпта кіріп, өзіндік арабтық тілдік қалпын сақтамай, кірген тілдің дыбыстық заңдылығына бағынған; 3) қазақ тілінің төл сөздерінде ә дыбысы

кездеседі; 4) кейінгі тіл дамуында оңтүстік говорларда *лә-ләр* сияқты жалғаулар варианты қалыптасуы да тілдік факт; 5) басқа түркі тілдерінде ә фонемасы бар, демек біздіңше ә дыбысы ортағасырда а мен е дыбысының алафоны ретінде қалыптасып, кейін фонема сипатына енген. Тегінде ә дыбысы кірме элемент емес, таза түркілік дыбыс деуге болады» деп ойлаймыз [33,б.175] М.Сабыр: «Ә дыбысы ертеректе а-ның жіңішке варианты бола жүріп, кейін жеке фонема болып қалыптасқан» [34,б.96] деген пікір бідіреді. Алайда бұл көрсеткіш тек ә дыбысынан басталатын сөздер мен сөйлем, сөз тіркестері, бұл дыбыс жазба ескерткіште сөз ортасында, аяғында өте көп кездеседі. Ескерткіштегі мысалдарды және кейінгі түрколог мамандар пікірін қостай отырып «ә» дыбысын тоғызыншы дауысты дыбыс қатарына қосамыз. Өйткені ә фонемасы тек орта ғасыр емес, көне ғасыр әліпбиінде де кездесетін дыбыс (А.Н.Канонов). Мағыналық та тұлғалық та өзгеріске түспеген күйі ескерткіште сөз басында: **älbet** (әлбет) әлбетте, сөз ортасында **häm** (һәм), **tätli** (тәтлі) тәтті сөз аяғында **beyginä** (бейгінә) бейкүнә, кездеседі, **ä** жеке тұрып одағай түрінде кездеседі. Ә.Қайдаров бір дауыстыдан тұратын буын көне ғасырларда одағай қызметінде қолданылғанын айтады [10,б.44]. Ескерткіш тілінде **ä džomart xanyinam** (ә, джомарт ханғынам) ә, жомарт хандығым, **ä tätli beyginäm** (ә, тәтлі бейгінәм) ә, тәтті бейкүнәм секілді мысалдар кездеседі. Бұл үрдіс қазіргі қазақ тілінде де сақталынған. Сондай-ақ **ä** (ә) дыбысы **e**, **a** дыбыстарымен алмасатын жерлері де бар. Мысалы, **ä/a** алмасуылары: **äsir** (әсыр) асыр, **ägäč** (әгәч) ағаш, **beltirdägi** (белтірдәгі) балтырдағы, **fänär** (фәнәр) фанар, **badäm** (бадәм) бадам, сөз аяғында **zämanä** (зэманә) замана, **ä/e** алмасуылары: **elbeti – elbette** (елбеті - елбетте) әлбетте, **kebäk** (кебәк) кебек, **käsärtkä** (кәсәрткә) кесертке, **ärtä-ertä** (әртә-ертә) ерте, **nämä** (нәмә) немене, **özgäčä** (өзгәчә) өзгеше, **bädbaqt** (бәдбақт) бетпақ, **bäräkät** (бәрәкәт) берекет, **egär** (егәр) егер, **egäv** (егәв) егеу, **bilgä** (білгә) білге, **emlä** (емлә) емде, **eñsälä** (еңсәлә) еңселе, **keškä** (кешкә) кешке, **erincäk** (ерінчәк) еріншек, **birärdä-birerdä** (бірәрдә-біердә) бірерде, **birgä-birge** (біргә-бірге) бірге, **bizdä** (біздә) бізде, **eliklä** (еліклә) елікте **bizgä** (бізгә) бізге, **eläk** (еләк) елек, сөз ортасында: **bäräkät** (бәрәкәт) берекет, **čičäk** (чічәк) шешек, **erkäk** (еркәк) еркек, **erkelän** (еркелән) еркелен, **čäkmän** (чәкмән) шекпен, **bädbaqt** (бәдбақт) бетпақ, **eläk** (еләк) елек, **erincäk** (ерінчәк) еріншек, **ešäk** (ешәк) ешек, **birärdä > birerdä** (бірәрдә > біердә) бірерде, **birgä** (біргә) бірге, сөз аяғында: **bilä** (білә) біле, **bizdä** (біздә) бізде, **bizgä** (бізгә) бізге, **nečä- neče** (нечә-нече) неше, **nögär** (нөгәр) нөкер, **ölčä** (өлчә) өлше кездеседі.

E e (e) фонемасы көне қыпшақ тілі мен қазіргі қыпшақ тіліне тән тілдердің көпшілігінде еш өзгеріссіз кездеседі. Ескерткіште үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы: **eki** (екі), **eger** (егер), **ečki** (ечкі) ешкі, **egiz** (егіз), **elči** (елчі) елші, екінші буында: **nečä** (нечә) неше, **čerli** (черлі) шерлі, **keč** (кеч) кеш, **kek** (кек), **kekir** (кекір), **keli** (келі), **kelin** (келін), **keltir** (келтір), **keme** (кеме). Сонымен қатар **e/и** алмасуы; **egilik** (егілік) игілік, **e/i** алмасуы: **belgirt** (белгірт) білгірт, **kerpiš** (керпіш) кірпіш, **e/a** алмасуы: **beltirdägi** (белтірдәгі)

балтырдағы **e\ə** алмасуы: **elbeti** – **elbette** (елбеті - елбетте) әлбетте; **e** дыбысының түсіп қалуы: **eygi** (ейгі) игі, **eygilik** (ейгілік) игілік, **e/ə** алмасуы: **tebä** (тебә) төбе байқалады.

O o (o) фонемасы. Зерттеп отырған жазба ескерткіш тілінде де көне қыпшақ тілінде үш позицияда да еш өзгеріссіз кездеседі. Көбіне бірінші буында мысалы: **oba** (оба), **ol** (ол), **oŋ** (оң), **orna** (орна), **orta** (орта), **ot** (от) от, **boγaz** (боғаз) тамақ, **boγday** (боғдай) бидай, үшінші буында: **alaboγa** (алабоға) алабоға, **alabota** (алабота) алабота кездеседі, **o/ы** алмасуы **qaton** - **qatun** (қатон-қатун) қатын, **o/у** алмасуы: **boγum vel buvun** (боғум-бувун) буын, **o/ұ** алмасуы **bolaq** (болақ) бұлақ кездеседі.

Ö ö (ө) фонемасы сөздің басқы позициясында көбірек қолданылады. Мысалы: **öbügä** (өбүгә) өбүгә, **öč** (өч) өш, **öčkäk** (өчкәк) ескек, **ön** (өн) өн, **öp** (өп) өп, **öpikä** (өпкә) өпке, **örken** (өркен) өпкен, **örümčik** (өрүмчік) өрмекші, **öt** (өт) өт, **öte** (өте) өте, **ötrükči** (өтрүкчі) өтірікші, **öz** (өз), **özgäčä** (өзгәчә) өзгеше, екінші позицияда да қалыпты нормада кездеседі: **töbe** (төбе) төбе, **tögül** (төгүл) төгіл, **tök** (төк), **tölä** (төлә) төле **tön** (төн) төн, **törä** (төрә) төре, **törälä** (төрәлә) төреле, **tört** (төрт) төрт, **törtkül** (төрткүл), **töv** (төв) төв, **tövä** (төвә) түйе, **tövbä** (төвбә) тәубе, **yötkür** (йөткүр) жөтел, **ө/ұ**, **х/қ** алмасуы **χörmät** (хөрмәт) құрмет **ө/i** алмасуы: **bölök** – **bölük** (бөлөк - бөлүк) бөлік, **ө/e** алмасуы **üčöv** (үчөв) үшеу.

I i (i) фонемасы ескерткіш тілінде сөздің барлық буындарында еркін қолданылады: **ič** (іч) іс, **ičäk** (ічәк) ішек, **ičik** (ічік) ішік, **il** (іл) іл, **ilik** (ілік) ілік, **ič** (іч) іш, **ičkäri** (ічкәрі) ішкері, **izde-izdä** (ізде-іздә) ізде. Сонымен қатар **i/и** алмасуы: **iginä-ine** (ігінә) ине, **ini** (іні), **it** (іт) ит, **iygilik** (ійгілік) игілік, **iyir** (ійір) иір, **ile** алмасуы: **eškik** (ешкік) ескек, **ekindü** (екіндү) екінді, **i/ұ** алмасуы: **džift** (джіфт) жұп, кей жағдайларда бұл дыбыстың түсіп қалуы да байқалады: **izyan-ziyan** (ізиян-зиян) зиян. I дыбысын М.Томанов: «i – көне түркі тіліндегі ерін дауыстының көрінісі» [9.б,52] десе орта ғасыр тілін зерттеуші М. Сабыр да оны қостайды «Қазақ тіліндегі i көбіне көне түркілік және орта түркілік осындай дыбыстың жалғасы.Соның орныққан түрі деп қарауға болады» [101.б,54].

İ i (ы) фонемасы **idiš** (ыдыш) ыдыс, **iŋran** (ыңран) ыңран, **iraq** (ырақ) ырақ, **iryal** (ырғал) ырғал. М.Сабыр: «**I** көне түркі кезеңінен келе жатқан үш дауысты (а, ы, у) фонеманың бірі. Қазіргі қазақ тіліндегі **ы** тарихи жағынан бірде а дыбысының тарихи баламасы болса(мысалы: тырт-тарт, ындығ-андағ) бірде делабиализация (еріндіктің езулікке айналуы) процесінің нәтижесі болып шығады» [101,б.54] дейді. Ы дыбысының түсіп қалуы **iüis** (ыйыс) йіс, **ы/у** алмасуы; **bazlux-bazliq** (базлұх-базлық) базлы, **birčaq- burčaq** (бырчақ-буршақ), **ы** дыбысының алдына ж келуі де байқалады: **ir-yir** (ыр) жыр, **irila** (ырла) жырла, **irči** (ырчы) жыршы байқалады. Қыпшақ тіліндегі **y/i**, **у/ы** дыбыстарының сәкестігі жөнінде М.Томанов: былай дейді: «Дауысты дыбыстардың мынандай сәйкестігі бар **y//ы**, **ү//i**, **темүр-темір**, **e//i**, **еди-иді**. Бұл тілдің тағы бір көңіл аударарлық ерекшелігі-басқа тілдерден (араб,

парсы) енген сөздер эпитезалық дыбыспен айтылады: *сабыр-сабор*» [9,б.38]. Ескерткіш тілін қарастыру барысында осындай алмасуылар жиі кездеседі.

Ü ü (y) фонемасы сөз басында еркін қолданылады Ескерткіште көбіне ү/і алмасуы **üçün** (үчүн) үшін, **köñül** (көңүл) көңіл, **bügün-bükün** (бүгүн-бүкүн) бүгін, **kömül** (көмүл) көмір, **ekindü** (екіндү) екінді, **ölüm** (өлүм) өлім, **tütün** (түтүн) түтін, **köñül** (көңүл) көңіл, **körgüz** (көргүз) көргіз, ү/ө алмасуы: **kügürçin** (күгүрчін) көгершін; **bür** (бүр) бүр, ү/ұ алмасуы **bülbül** (булбул).

U u (y) фонемасы бұл дыбысқа да қатысты әртүрлі пікірлер бар (М. Томанов, С.Мырзабеков, Ж.Аралбаев). М.Сабыр «Түркітануда у дыбысы бірде дауысты, бірде дауыссыз болып саналғанымен, оның даму жолына, этимологиясына көңіл бөлінбеді. Түркі тілдерден жүйесі бөлек тілдерде таза у дыбысы бар екені белгілі. Ал қазақ тілінде таза айтылатын у дауыстысы жоқ» [101,б.55] дейді. Ескерткіште бұл дыбыстың әр түрлі позицияда еркін қолданылады. Сондай-ақ у/ы алмасуы **ulu ata** (улу ата) ұлы ата, **barlu** (барлу) барлы, **boluşmaq** (болушмақ) болыспақ, у/ұ алмасуы: **burul** (бурул) бұрыл, **burun** (бурун) бұрын, **burunı** (бурунғы) бұрынғы, **bu** (бу) бұ, **džurum** (джурум) жұрым, **burun** (бурун) бұрын, **but** (бут) бұт, **butaq** (бутақ) бұтақ, **buzav** (бузав) бұзау, **but** (бут) бұт, **qurt** (курт) құрт, **quryaq** (курғақ) құрғақ сияқты мысалдарда кездеседі, Қазіргі ұсынылып отырған түркі халықтарына ортақ латын графикасындағы U (y) фонемасын Ұұ дыбысымен беретін болсақ, онда ескерткіш тіліндегі тіл бірліктерінің барлығы қазақ тіліне өте жақын болатыны анық. Оны біз болашақта атқарылатын зерттеу жұмыстарымызда ескереміз.

Біз қарастырып отырған ескерткіші тілінде буын үндестігі қатаң сақталады. Әрбір сөз бірінғай жуан немесе бірінғай жіңішке айтылады. Түбірде жуан дауысты дыбыс айтылса оған жалғанған қосымшалар да жуан, түбірі жіңішке дауысты дыбыс болса оған жалғанған қосымшада жіңішке болады. Мысалы: **kişi-ler** (кішілер) кісілер, **tiş-ler** (тішлер) тістер, **tatarlar** (татарлар), **çekmen-çi** (чекменчі) шекпенші, **söz-ler-men** (сөзлермен) сөздермен, **tiler-men** (тілермен) тілермін, **bil-ir-men** (білермен) білермін, **bergil** (бергіл) бер, **eşt-ür-men** (ештүрмен) естірмін, **övrän-gil** (өврәнгіл) үйрен, **qon-aq-lar** (қонақтар), **kör-ün-ür-men** (көрінермін), **kel-tür-ür-men** (келтіремін), **qaynat-ur-men** (қайнатып жатырмын), **sökkil** (сөк-кіл). Ерін үндестігі де буын үндестігі секілді тұрақты сақталынғанымен оның бұзылуы да жиі кездеседі. Түбірдің алғашқы буынындағы еріндік дауысты екінші кейде үшіші буынға да әсер етеді, мысалы: **yuyurt** (уғурт) йогурт, **yuzüñüz** (үзүңүз) жүгініңіз, **köñülün** (көңүлүн) көңілін;

Дауыссыз дыбыстарға келсек қатаң дауыссыздар: **p** (п), **f** (ф), **k** (к), **q** (қ) **t** (т), **s** (с), **ş** (ш), **ç** (ч), **h** (h), Ұяң дауыссыздар: **b** (б), **v** (в), **g** (г), **γ** (ғ), **d** (д), **dž** (ж), **z** (з); Үнді дауыссыздар: **r** (р), **l** (л), **m** (м), **u** (у), **y** (и), **n** (н), **ŋ** (ң), дауыссыз дыбыстар саны - 24

B b (б) дыбысы барлық позицияда еркін қолданылады. Мысалы: **balta** (балта) балта, **barmaq** (бармақ) бармақ, **bayliq** (байлық) байлық, **bazar** (базар) базар, **böri** (бөрі) бөрі, **bütün** (бүтүн) бүтін сөз ортасында **çibuç**

(чыбух) шыбық. Кейбір лигвист ғалымдар п/б өте ерте дәуірлерде, ал б/м кейінгі түркі негіз тілінің соңғы дәуірлерінде пайда болған заңдылықтар деген де пікір айтады. Ескерткіш мәтінінен б/м сәйкестігі: **burin** (мұрын), **boyin** (мойын), **buz** (мұз) **bayram** (мейрам), **beçel** (мешел) **töben** (төбен) төмен, **töbengi** (төбенгі) төменгі, б/п-сәйкестігі: **biçaqçı** (пышақшы), **biçaq** (пышақ) сөз ортасында: **balaban** (балапан), **bišen** (пішен), **bişir** (пісір) **layab** (лағаб) лақап. М.Қашқарида б/м, м/б алмасуы «оғыз,қыпшақ, суварлар сөз басындағы «м» әріпін «б» әріпіне өзгертеді» дейді [67,б.57].

V v (в) дыбысы: бұл дыбыстан басталатын сөздер өте сирек. «**V** дыбысы көне қыпшақ тіліне кейінірек пайда болған («вторичный согласный») дыбыс» [101,б.57] Мысалы, в/у алмасуымен кездеседі. Мысалы, **va'dä** (вадә) уәде, **vaqt-vaxt** (вақт-вахт) уақыт, **vay** (вай) уай, **в/ұ** алмасуы **vurçiq** (вурчық) ұршық, сөз ортасында еркін қолданылды және қазіргі қазақ тілінде в/у алмасуымен **aval** ~ **äväl** (авал-эвэл) басы, **evdägi** (евдәгі) үйдегі, **džanavar** (джанавар) жануар, **av** (ав) ау, **avlaq-avlaç** (авлақ-авлах) аула, сөз аяғында және ортасында түсіп қалу да байқалады, **avruv** (аврув) ауру, **avuz** (авуз) ауыз, **balavuz** (балавуз) балауыз, **duvät** (дувәт) дәуіт, **avaz** (аваз) дыбыс, дауыс, **divar** (дивар) кереге, **avil** (авыл) ақыл, **egäv** (егәв) егеу, **džovar** (джовар) жауап, **avlaq** ~ **avlaç** (авлақ-авлах) аула, **avurla** (авурла) ауырла, сөз аяғында: **asov** (асов) провизия, провиант польза, прок., **av** (ав) ау, **oyov** (ойов) ояу, **buvun** (бувун) буын, **buzav** (бузав) бұзау, в/й сәйкестігі: **bavla** (бавла) байла, **ev** (ев) үй, **kövläk** (көвләк) көйлек.

N n (н) дыбысы үш позицияда да еркін қолданылады мысалы, **nazik** (назік) нәзік **naqş** (нақш) нақш, **nur** (нур) нұр, **nişan** (нышан) нышан, **näfäs** (нәфәс) **naps** (напс) пульс, **naq** (нақ) нақ, **nal** (нал) нал, **naqarä** (нақарә) нақара, **naqışladum** (нақшладум) нақшладым, **narangi** (нарангі), **nardan** (нардан). Ескерткіш тілінде н/д сәйкестігі: **bayayana- bayayına** (баяғана-баяғына) баяғыда, **bizni** (бізні) бізді.

D d (д) дыбысы сөз басында: **darçini** (дарчыны) корица, **darı** (дары) дәрі, **dünyä** (дуниә) дүние, **duley** (дүлей) дүлей, **deyin** (дейін) дейін дүлей сөз ортасында: **kundä** (күндә) күнде, **maydan** (майдан) майдан, **medet** (медет) медет, **orda** (орда) орда еркін қолданылады Жазба ескерткіште д/т алмасуына қатысты мысалдарда кездеседі М. Қашқари «оғыздар мен оларға жақын жайғасқандар сөздің «т» әріпін «д» әріпіне алмастырады» [67,б.57] дейді. Мысалы, ескерткіште **dört** (дөрт) төрт, **dayı** (дағы) тағы сөз ортасында қалыпты күйде кездесе береді. Мысалы, **batışdayı** (батышдағы) батыстағы, сөз аяғында **murad** (мурад) мұрат.

Көне, орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі дауыссыз дыбыстар жөнінде М.Томанов «Көне түркі тілінің тағы бір ерекше «жаңалығы» сөз басында г, д, ж, дыбыстары тіпті айтылмайды., ал ғ дыбысы сирек айтылады. бұл жағынан да қыпшақ тілі қазақ тілінің алғашқы бастауын байқатады. Көне түркі тілінде сөз соңында айтылған г, з, д, (және б) дыбыстары бұл тілде өзгеріп, жаңарып біткен. Бірақ өзгеру, жаңару процесі, әлі тоқталмаған. Сондықтан ғ, г, қ, к дыбыстарының в, й, у дыбыстарына сәйкес қолданылуы әлі жиі ұшырайды.

Сондай-ақ х-қ, г-,ғ, қ,- х, к-г, х, һ-х, ғ сәйкестіктері (сәйкес қолданылуы) кездеседі. Соңғылардың кейбірін (айталық, х-қ, к-г) жасалу орнына қарай ұқсастыру (аналогия) салдары, кейбірін тілдің жазбаға түскен дәуірінде болатын жазу, жаңсақтығы (һ-х,ғ) деп қарауға болар еді» [9,б.39]. Ескерткіш тілінде х-қ, г-,ғ, қ,- х, к-г, х, һ-х, ғ сәйкестіктері жиі кездеседі.

Ү ү (ғ) дыбысы көбіне араб - парсы сөздерінде ғана айтылады. Түркі сөздерінің сөз ортасы мен аяғында көбірек қолданылды. Б. Сағындықұлы: «VI-XIV ғасыр ескерткіштерінде ғ, қ, к, к, г, дыбыстары бірде түсіріліп, бірде сақталынғанын байқасақ, кейінгі кезде бұл процесс тездеген, гуттурал дыбыстар көп жағдай да мүлдем айтылмайтын болған» - дейді [15,б.75]. Жазба ескерткіште ортаңғы позицияда жиі қолданылады. Сөз басында **yarip** (ғаріп) ғаріп, сөз ортасында; **alyış** (алғыш), **yalyız** (йалғыз) жалғыз, **čilyav** (шылғау), **boyday** (боғдай) бидай, **yamyur** (иамғур) жаңбыр, **yuyurt** (иуғурт) иогурт, **čuyur ~ čuxur** (чуғур- чухур) шұңқыр, ғ/қ алмасуымен беріледі **gam** (ғам) қам **yariy** (йарығ) жарық, **čiy** (шығ) шық, **layab** (лағаб) лақап түсіп қалып тұр: **yıy** (иығ) жи, ғ/у сәйкестігі: **ayız** (ағыз) ауыз, **ayır** (ағыр) ауыр, **ayirliх** (ағырлық) ауырлық, **ayiriq- ayiriх** (ағырлық-ағырлық) ауру, **ayuzluх** (ағузлух) ауыздық, **belbay** (белбағ) белбау.

G g (г) дыбысы жазба ескерткішінде көбіне жіңішке дауыстылармен айтылады. Сөз басында кірме сөздерде, діни мәтіндердегі антропонимдерде қолданылды: **Gabriel** (Габриел) Габриель, **Gregor** (Грегор) Грегор, **göl** (гүл), сөз ортасында еркін қолданылады **igit** (ігіт) жігіт, **iginä** (ігінә) ине, **ilgäri** (ілгәрі) ілгері, **kögen** (көген) көген, **köger** (көгер) көгер, **lenger** (ленгер) сондай-ақ бұл дыбыстың сөз ортасында және аяғында қатанданып к дыбысына айналады, г/к алмасуы байқалады: **beyginä** (бейгінә) бейкүнә, **esirgä** (есіргә) есірке сөз аяғында: **büg** (бүг) бүк; **tege** (теге) теке, г\х алмасуы: **bazargân** (базарган) базархан. Сөз соңында кездеспейді. М.Томанов: «қыпшақ тілінің вокализм жөніндегі үлкен ерекшелігі; ғ, ғ, дыбыстарының түсіп қалуы, немесе у, и дыбыстарына – дифтонгілерге айналуы. Бұл ерекшелік қыпшақ тілін қазақ тіліне тығыз байланыстыратын белгі» [9,б.38].

Dž dž (ж) дыбысы Бұл дыбысқа да қатысты түркологтар мен лингвисттер арасында бірнеше пікірлер қалыптасқан (С.Я.Малов, А.Н.Бернштам, Ғ.Мұсабаев, Б.Сағындықов). Ескерткіште бұл африкат сөз басында және ортасында парсы - араб тілдерінен енген - сөздерде кездеседі. Мысалы: **džilik** (джілік) жілік, **džigärbänd** (джігәрбәнд) өкпе, **džulahat** (джулуһат) тоқымашы, **džift** (джіфт) жұп, **džanavar** (джанавар) жануар, **džovap** (джовап), **džahan** (джаһан), ал кейбір сөздердің ортасында және қосымшалар арасында сирек кездеседі: **bey-qodža** (бей-ходжа), **zindžil** (зінджіл), шынжыр, **tärädžä** (тәрәджә) терезе, **mardžand-mardžan** (марджанд-марджан) маржан, **iңdža** (інджа) інжу, **märdžümäk** (мәрджүмәк) мәрджүмек, **хardž** (хардж) қаржы, **odžaқ** (оджак) ошақ. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тіліндегі басты фонеткалық белгі **dž (ж)** дыбысы болып табылды. А.Н.Бернштам түркі халықтары арасында осы дыбыстың барын байқап «джекающий диалект» деп атап, осы диалектіде сөйлеген

түркілер Қазақстан территориясын мекендеген және қазақ халқының қалыптасуына негіз болған [65,б,114] дейді. Көне Орхон жазбаларын зерттеген ғалым С.Қаржаубайұлы **дж (ж)** дыбысының көне түркі кезеңіне дейінгі және көне түркілік кезеңдерде де, қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің де қолданылатын 14 уәжбен дәлелдей келе: «Көк Түрік дәуірінің жазба мұралары Орхон мәтіндерінде **ž (ж)** фонемі болған деген тұжырым жасауға мүмкіндік туып отыр. Бұл мәселе байырғы түрік тілінің фонетикасында алғаш рет көтеріліп отыр. Бір ғана байырғы түрік **ž (ж)** фонеміне іргелі зерттеу жүргізіп монографиялық еңбекке жүк етуге әбден болады» [102,б.211] дейді. Орта ғасырдағы қыпшақ тілі қазіргі қазақ тілінің тікелей мұрагері екендігін («лингвистикалық мұрагерлікті» М.Сабыр) айғақтайтын бірден- бір дәлел осы **dž (ж)** дыбысы екені анық. М.Сабыр: «Демек, қыпшақ тілдерінің тарихын қатаң **ч** африкатынан ұяң **дж** африкатының пайда болған кезеңінен бастау керек» дейді [34,б.50]. **Дж** диалектісімен сөйлейтін қыпшақтардың жалғасы қазақ тілі болса, қазіргі қазақ тілінде **ж** дыбысынан басталатын сөздердің барлығы дерлік **й** дыбысымен берілген Бұл дыбыстан басталатын сөздер ескерткіш тілінде ең көп көрсеткіш көрсетіп тұрғаны анық. Зерттеу барысында ұққанымыз қыпшақ тілі өзіне дейінгі көне түркілік элементтерді бойына сақтай отырып қазақ тілінің лексикалық қорының түзілуіне ұйытқы болған деген пікір білдіргіміз келеді. Қыпшақ тілінің тікелей мұрагері болып табылатын қазақ тілінің даму тарихын анықтау барысында дыбыстар сәйкестігінің орны ерекше екендігі байқалды. СС тілінде кейбір сөздердің тұлғалықта, мағыналық та еш өзгеріске түспей сақталынса, кейбірі бірді-екілі дыбыс айырмашылықтары- мен ерекшеленеді, ал кейбір сөздер қазіргі тілімізде дыбысталуы бірдей болса, ескерткіш тілінде басқаша сипат алады. Оны **Ү у (й)** дыбысы арқылы дәлелдей аламыз.

Ү у (й) дыбысы жалпы орта ғасырлық жазба ескерткіштердің балығында актив қолданылады. СС жазба ескерткішінде көбіне и/ж сәйкестігі қыпшақ тілдерінде **и** сонорымен басталған сөздер **ж** дыбысы арқылы айтылады. Осы заңдылық СС жазба ескерткішінде сақталған. Сөз басында: **yün** (йүн) жүн, **yaš** (йаш) жас, **yelni** (йелні) желін, **yezna** (иезнә) жезде, **yarli** (йарлы) жарлы, **yaluz** (йалғуз) жалғыз, **yügänci** (йгуэнчі) жүгенші, **yalci** (йалчы) жалшы, **yauci** (йайчы) жайшы, **yaruči** (йарғучы) жарғышы, **yüzgän kiši** (йүзгән кіші) жүзген кісі, **yülqi** (йылқы) жылқы, **йilan** (иылан) жылан, **yabalaq** (йабалақ) жапалақ, **yazuq** (йазуқ) жазық, **yaratqan** (йаратқан) жаратқан **yük** (йук) жүк, **yarıy** (йарық) жарық, **yeyitlik** (йейітлік) жігіттік, **yamanliq** (йаманлық) жамандық, **yurt** (йурт) жұрт; Сондай-ақ **й** дыбысының өзіндік қалпын сақтап қолданылатын жерлері де бар. Олар көбіне кірме сөздерде қолданылады. Мысалы, **Yeronimus** (Йеронимус) Йероним, **Yerosolim** (Йеросолім) Йерусалим, **Yerosolimgä** (Йерсолімгә) Йеросалимге, **Yerosolimdän**, (Йерсолімдән) Йеросалимнен, **Yesse** (Йессе) Иессей, **Yesseniq čibuyi** (Йессенің чыбуғы) Йессейдің шыбығы, **Yesu** (Йесу) Йисус, **Yesus** (Йесус) Йисус, **й**г алмасуы: **eyär** (ейәр) егәр, **eyärči** (ейәрчі) егәрші;

Ескерткіш тілінен тек й қалпын сақтап қолданылған **yoyurt** (йоғурт) йогурт сөзін ғана кездестіреміз.

Š š (ш) дыбысы үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы, **šaar – kent** (шаар-кент) қала, **šabat kün** (шабат күн) сенбі, **šadirlar** (шадылар) маймылдар, **šäftälü** (шафтәлү) шабдалы, **šišärmen** (шішәрмен) ісініп жатырмын, **šešärmen** (шешәрмен) шешіп жатырмын, **šeškil** (шешкіл) шеш, **šeštüm** (шештүм) шештім, **šäkär** (шәкәр) қант, **širači** (шырачы) шарап жасаушы, **šeriyat** (шерийат) сотшы, ш/с сәйкестігі сөз ортасында: **töšäk** (төшәк) төсек, **tašlar** (ташлар) тастар, **qoryašin** (қорғашын) қорғасын, **eškik** (ешкік) ескек, **idiš** (ыдыш) ыдыс, **kešenä** (кешенә) кесене, **töš** (төш) төс, **tešik** (тешік) тесік, **eškik** (ешкік) ескек, **ešik** (ешік) есік, **ašir** (ашыр) асыр, **tešmäk** (тешмәк) тесік, **qoyışqan-quyşqan** (қойышқан-құйшқан) қайысқан, **bašla** (башла) баста, **bašli** (башлы) басты, **bašqa** (башқа) басқа, **bašsiz** (башсыз) бассыз, **bošan** (бошан) босан, сөз аяғында: **baš** (баш) бас, **tiš** (тіш) тіс, **töš** (төш) төс, **yaš** (йаш) жас, **qarandaš-qarındaš** (қарандаш-қарындаш) қарындас, **qiz qarandaš** (қыз қарандаш) қыз қарындас, **oynaš** (ойнаш) ойнас, **taš** (таш) тас, **qiš** (қыш) қыс, **eniš** (еніш) еніс, **yemiš** (иеміш) жеміс, **qaraquš** (қарақуш) қарақұс, **kümiš** (күміш) күміс, **iš** (іш) іс, **tüš** (түш) түс, **yaš** (йаш) жас, **batiš** (батыш) батыс.

Č č (ч) дыбысы көне түркі тілінде өте жиі айтылған дыбыс. СС жазба ескерткішінде сөздердің барлық позициясында қолданылады. Мысалы, **čaaršanbe** (чааршәнбе) сәрсенбі, **čayir¹** (чағыр) шарап, **čališ** (чалыш) шалыс, **čalma** (чалма) шалма, **čarči** (чарчі) шаршы, **čaxar** (чахар) шақыр, **čaxara-dir** (чахара-дыр) чақырады, **čaxlap** (чахлап) шақтып, **čaxla** (чахла) шаққып, **čayna** (чайна) шайна, **čayxal** (чайхал) шайқал сөз ортасында: **burčaq** (бурчак) бұршақ, **bičaq** (бычак) пышақ, **ičik** (ічік) ішік, **enčim** (енчим) еншім, **ačquč** (ачқуч) ашқыш, **balčyq** (балчук) балшық, **birčaq-burčaq** (бырчак-бурчак) буршақ, **ölčä** (өлче) өлше, **baqča** (бақча) бақша, **ači** (ачы) ащы, **yulduzči** (иулдузчы) жұлдызшы, **qančiq** (қанчық) қаншық, **qočqar** (қочқар) қошқар, **balačuq** (балачук) балашық, **qarčiya** (қаршыға) қаршыға, **örümčik** (өрүмчік) өрмекші, **emčak** (емчәк) емшек, **čüčkür** (чүчкүр) түшкір; сөз аяғында: **bürč** (бүрч) бұрыш, **sač** (сач) шаш, **ač** (ач)аш, **ayač** (ағач) ағаш, **borč** (борч) борыш, **ayač** (ағаш), **küč** (күч) күш сияқты сөздерде байқалады. Ескі қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фонетикалық сипатына назар аударғанда ортағасырдағы ескі қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерде ч дыбысының жиі қолдануы, оның қазақ тіліндегі ш фонемасына сәйкес келетіні қыпшақ тілінің қазақ тіліне жақын тілдердің бірі екенін айқындайды. Мұны түрколог М.Сабырда қостайды: «Көне түркілік, орта ғасырлық ч дыбысының жалғасы қазақ тіліндегі ш дыбысы» [101,б.65] дейді, көптеген жазба ескерткіштер тілінде ч дыбысы жарыса қолданылады және көптеген лингвисттер мұны диалектілік айырмашылық деген де тұжырым айтады. Жазба ескерткіште ч/ш сәйкестігі барлық позицияда байқалады, **čiraq** (чырақ) шырақ, **čatir** (чатыр) шатыр, **čalma** (чалма) шалма, **čilγav** (чылғав) шылғау, **čiray** (чырай) шырай, **čiy-čix** (чығ-чых) шық зат есім, **čayir** (чағыр) шақыр, **čal-čalyil-čaldum-čalrmen** (чал,

чалдым, чалармын) шал, шалдым, шалармын, **čaliğ** (чалых) шалыс, **čanaq** (чанақ) шанақ, **čandir** (чандыр) шандыр, **čaplatmaq** (чапламақ) шапалақ, **čaq-čax-čayli** (чақ-чах-чағлы) шақ, **čaq-čaqqil-čaqtim** (чақ-чаққыл-чақтым) шағыстыр, **čaqli** (чақлы) шақты, **čaxar** (чахыр) шақыр, **čaxla** (чақта) шақта, **čayna** (чайна) шайна, **čirpi** (чырпы) шырпы, **čoxmarli** (чохмарлы) шоқпарлы, **čoyun** (чойун) шойын, **čök** (чөк) шөк, **čömič** (чөміч) шөміш, **čuyur - čuxur** (чуғур-чухур) шүңкүр, **čulyav** (чылғау) шұлғау, **čuxur** (чухур) шүңқыр, ч/с сәйкестігі: **čaaršanbe** (сәрсенбі), **čiz** (сыз), сөз ортасында: **sančis** (сансыз), сөз аяғында: **qač** (қас), **ovuč** (уыс).

Z z (з) дыбысы жазба ескерткіште сөздердің барлық шенінде актив қолданылады. **Z (z)** әрпінен басталатын сөздер араб-парсы тілінен енген мысалдардан кездестіреміз.. Мысалы: сөз басында: **zeytin** (зейтін) зәйтүн, **zindan** (зындан) зындан, **ziyan** (зиян) зиян, **zmurut** (змурут) изумруд, **yuz** (иуз) жүз, сөз ортасында: **yüzük** (йүзук) жүзік, **yüzüm** (йүзүм) жүзім, **qazan** (қазан) қазан, **qazanayaq** (қазанаяқ), **qazma** (қазма), **yaziq** (йазук) жазық, сөз аяғында: **siz** (сіз), **saz** (саз), **roz** (роз) тағдыр, **qaz** (қаз), **yaz** (йаз) жаз кей жерлерде з/с сәйкестігі де бар.

K k (к) фонемасы. ескерткіште үш позицияда да еркін қолданылады, мысалы: **kek** (кек), **kel** (кел), **kekir** (кекір), **keli** (келі), **kelin** (келін), **keltir** (келтір), **kemir** (кемір), **kendir** (кендір), **keñ** (кең), **keč** (кеч) кеш, **keme** (кеме), **keñeš** (кеңеш) кеңес, **kerek** (керек) керек, **körlädim** (көрләдім) қорылдадым, ал сөз соңында кейде кү, гү дыбыс тіркесінің көрінісімен берілген мысалы: **küyegü** (күйегу) күйеу

Q q (қ) дыбысы: бұл дыбыс орнықты көне түркі кезеңінен келе жатқан дыбыс үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы, **qan** (қан), **qar** (қар), **qalqan** (қалқан), **qala** (қала), **qaltaq** (қалтақ), **qarya** (қарға) **qaydan** (қайдан), **qalam** (қалам), **qayyir** (қайғыр), **qaban** (қабан) қабан, **qabaq** (қабак) асхабақ, **qabul eter** (қабул етер) қабыл етер, **qam qatun kiši - dir** (қам қатун кіші-дір) сықыршы қатын, кісі, **qamši** (қамчы) қамшы, **qamliq etermen** (қамлық етермен) шамандық етемін, **qan qatonı -qatunı** (қан қатоны –қатуны) хан қатыны, **qan** (қан) қан, **qayda** (қайда) қайда, **qayyü** (қайғы) қайғы, **qayın ata** (қайын ата)

L l (л) фонемасы. Бұл дыбыс көбіне сөз ортасы мен сөз соңында актив қолданылады, тарихи тұрақсыз деп аталытын дыбыс құрамына жатады.Сөз басында пасивті түрде, тек араб-парсы кірмелерінде жиі қолданылады: **lal** (лал), **layab** (лахаб) лақап, **last** (ласт) лас, **lağan** (лахан) лахан, **layığ** (лайығ) лайық, **lenger** (ленгер), **limon** (лимон), л/т сәйкестігі **atli** (атлы) атты, **ašliq** (ашлық) аштық, **atla** (атла) атта, **atlan** (атлан) аттан, **butluq** (бутлуқ) бұттық, **eliklä** (еліклә) елікте: л/г алмасуы: **birlä** (бірлә) бірге л/р алмасуы: **elt** (елт), л/д сәйкестігі: **emlä** (емлә) емде, **keñlik** (кеңлік) кеңдік, **köñülli** (көңүллі) көңілді, **mañlay** (маңлай) маңдай.

M m (м) фонемасы: Бұл дыбыстардан басталатын сөздер барлық позицияда кездеседі, араб - парсы кірме сөздерінде де кездеседі: **mači** (мачы) мысық, **mahak** (маһак) сына тас, **mahalä** (маһалә) көше, **manaysiz** (манайсыз)

маңайсыз, **mardžān** (марджан) маржан, **maydan** (майдан) майдан, **masqara** (масқара) масқара, **matel** (мател) мәтел, **maḡsīt** (махсыт) мақсат, **mayan** (майан) орталық, **medet** (медет) сөз ортасында: **kömür** (көмүр) көмір, **kömül** (көмүл) көміл сөз аяғында: **salam** (салам) сәлем, **qum** (қум) құм, **qom** (қом) толқын, **köm** (көм); м/н сәйкестігі: **tirmaq** (тырмақ) тырнақ, **boɣum – buvun** (боғум-бувун) буын, м/п сәйкестігі **artmaq** (артмақ) артпақ, **tökmä** (төкмә) төкпе, **duşman** (душман) дұшпан, **boluşmaq** (болушмақ) болыспақ.

Ŋ ŋ (ң) фонемасы. Сөз басында айтылмайтын дыбыстардың бірі көбіне сөз ортасында және аяғында активті түрде қолданылады. Лингвисттер арасында да бұл дыбысқа қатысты біраз пікірлер бар Мысалы, М.Қашқари **н** мен **ғ** аралығындағы және **н** мен **қ** аралығында пайда болатын **ң** әріпі. Бұл әріпті дауыстап айтуға түріктерден басқалар қиналады [67,б.35]. Кейіннен бұл пікірді А.М.Щербак [103,б.82]. М.Томанов [9,б.65] т.б. лингвисттер қолдайды. Ескерткіште бұл дыбысы «ŋ» таңбаланған сөз басында келмейді, екінші буында ғана немесе сөз соңында беріледі; **aŋla** (аңла), **eŋse** (еңсе), **iŋran** (ыңран), **keŋeş** (кеңеш) кеңес, **köŋül** (көңүл) көңіл, **aŋdī** (аңды), **čīŋla** (чыңла) шыңда, **oŋü** (оңү) өңі, **qaraŋyī** (қараңғы) қараңғы, сонғы буында **biziŋ** (бізің) біздің, **botaq** (ботаң) ботаң, **eŋ** (ең), **meŋ** (мең) **miŋ** (мің) мың. Ә.Құрышжанұлы сөз басталмайтындығын айтады.

Ḥ ḥ (х) фонемасы: көбіне араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер құрамында айтылатын кірме дыбыстар қатарына жатады. Ескерткіште үш позицияда еркін қолданылды. Мысалы, сөз басында: **ḡabar** (хабар) хабар, **ḡoş** (хош) хош, х/қ сәйкестігі: сөз басында: **ḡamir** (хамыр) қамыр, **ḡala** (хала) қала, **ḡiyar** (хыйар) қияр, **ḡardž** (хардж) қаражат, **ḡoçqar** (хочқар) қошқар, **ḡanat** (ханат) қанат, **ḡam** (хам) қам, **ḡoroz** (хороз) қораз, ортасында: **aḡsaḡ** (ахсақ) ақсақ; сөз аяғында: **boḡ** (бох) боқ, **qulaḡ** (қулах) құлақ, **quyruḡ** (қуйрух) құйрық, **yumruḡ** (иумрух) жұдырық, **ayaḡ** (аяах) аяқ, **suḡ** (сух) суық, **aḡirliḡ** (ағырлыах) ауырлық, **aḡiriḡ-aḡriḡ** (ағрық-ағрых) ауру, **aḡuzluḡ** (ауызлуах) ауыздық, **maḡuḡ** (мамуах) мамық, **yaḡriḡ** (йарых) жарық, **ovulduḡ** (овулдуах) уылдырық, **yaḡaḡ** (йанаах) жақ, (чыбыах) шыбық, **buyruḡ** (буйруах) бұйрық, х/ғ сәйкестігі: **aḡim** (ахым) ағым. Ескерткіш тілінде х дыбысын қатаңданып **қ**- дыбысына, өзгергенін байқаймыз.

T t (т) фонемасы үш позицияда да еркін қолданылады. Мысалы **taban** (табан) табан, **tabaq** (табақ) табақ, **tabuşirmen** (табушырмен) табысармын, **tadž** (тадж) тәж, **täfarīq – täfriq** (тәфәрық-тәфрық) тәбәрік, **taḡay** (тағай) таға, нағашы, **taḡi** (тағы) тағы, **taylar** (тағлар) таулар, **tamar** (тамар) тамыр, **tamaşa** (тамаша) тамаша, **tar** (тар) тар. Сонымен қатар сөз аяғында т – дыбысының түсіп қалуы байқалады, **bädbaqt** (бәдбәқт) бетпақ, **dost** (дост) дос, **durust** (дуруст) дұрыс, **džift** (джіфт) жұп, т/д - сәйкестігі: **teḡirmänči** (тегірмәнчы) диірменші, **torpa** (торпа) дорба, **teḡirmän** (тегірмән) диірмен, **täftär** (тәфтәр) дәптер.

R r (р) фонемасы бірінші позицияда көбіне араб – парсы сөздерінде кездеседі. Ал біз қарастырып отырған ескерткіште сөз ортасында және соңында активті түрде көрініс берген. Мысалы, сөз басында **rahim** (раһым)

рахым, **ravand** (раванд) ревенд, **rayyan** (райған) райхан, **rämilik** (рәмілік) болжам, **rang** (рәнг) рең, сөз ортасында: **sari** (сары), **saray** (сарай), **terle** (терле) терле **sarmaq** (сармақ) сөз аяғында **teyir** (ти), **ter** (тер) тер, **tur** (тур) түр.

Жазба ескерткіштің тілін зерттей келе Ә.Құрышжанұлы дауыссыз дыбыстарды «қолтума дыбыстар және ауысып келген дыбыстар» деп екіге бөледі бөледі. Ауысып келген дыбыстарға **f** (ф), **h** (h) жатқызады [104,б.182].

H h (h) фонемасы көбіне кірме сөздерде көп қолданылады, сөз басында: **hakim** (һакім) һәкім, **haq** (һақ) һақ, **halal-halâl** (һалал-һаләл) һалал, **hammal** (һаммал), кей жағдайда түсіп қалуы: **hava** (һава) аһа, **haybat** (һайбат) айбат, **hafta** (һафта) аһта, **haqil** (һақыл) ақыл, **heç** (һеç) еһш, **hergiz - herkiz** (һергіз, һеркіз) әркез кездеседі.

F f (ф) фонемасы көбіне кірме сөздерде қолданылады. Мысалы: **fänär** (фәнәр) фонарь, **fänärlär** (фәнәрләр) фанарлар, **fil** (фил) піл, **fristä – firistä** (фрістә-фірістә) періште, ф/п алмасуы кездеседі сөз басында: **frištä-frište** (фріштә-фріште) періште, сөз аяғында **džift** (джіфт) жұп.

Түбі бір түркі тілінен бастау алған қыпшақ тілінің тікелей мұрагері қазақ тілі екенін жалпы түркілік лексика санының көптігінен байқадық. М.Сабыр: «...Алтын Орда тұсындағы көне қыпшақ жәдігерлері лексикасындағы сөздердің 60-70 пайызы қазіргі түркі тілдерінде де, қазақ тілінде де сол күйі кездеседі», - дейді [34,б.44]. Ал бұл қабаттарды анықтау үшін СС жазба ескерткіші лексикасын тарихи – салыстырмалы, диахрондық және синхрондық тұрғыдан зерттеу маңызды. Соңғы кездегі түркологиядағы басты мәселе тарихи-салыстырмалы лексикология тұрғысынан жеке тілдер мен жазба ескерткіштер лексикасын зерттеу болып табылады.

1.4 Ескерткіш тілі мен қазақ тілі лексикасының семантикалық байланысы

Сөз дегеніміз – «...тілдің құрылымдық семантикалық негізгі бірлігі. Ол заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін болымыстағы қатынастарын атап білдіреді [80,б.292]. Ол жеке тұрып та, басқа сөздермен байланысып та қоғамдағы қалыптасқан ұғымдарды білдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Тілдегі сөздердің жиынтығы, сөздік құрамы – лексика деп аталады.

Сөз мағынасын лексикологияда семасиология қарастырады. «Семасиология (грек. *semasia* – мағына, *logos* – ілім) еуропа тіл білімі дәстүрінде лексикалық семантиканы, яғни сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын зерттейтін тіл білімінің тарауы» [81,б.185]. Қаншама жылдық тарихы бар қазақ тілінің сөздік қоры орхон жазуларынан бастау алып, көне түркі, орта ғасырлық тайпаларының сөздік қорын бойына сіңіріп, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік сабақтастығын сақтап қазіргі деңгейге жеткен. Сөз мағынасы өзгеруі (жаңа мағынаға ие болуы немесе бір мағынасын жоғалтып басқа мағына алуы) екі түрлі себепке байланысты болады деп тілші ғалымдар айтып кеткен. Бірінші сөз

мағынасының өзгеруінің тілден тыс немесе сыртқы себептері, екінші тілдік немесе лингвистикалық себептерге байланысты дейді. Жазба ескерткіш тіліндегі әр сөздің беретін мағынасын, мағыналық түрлерін қазақ тілімен сабақтастыра анықтау уақыт талабына сай туындаған мәселе. Себебі қоғам өзгерген сайын, адамның сана сезімі, ой өрісі, таным-түсінгі, дүниеге деген көзқарасы өзгереді. Жазба ескерткіші тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің семантикалық ерекшеліктерін анықтау арқылы тіл қалтарысындағы көнеден келе жатқан көп мағыналы бірліктердің қазіргі сөздік қолданысымыздағы мағынасымен байланысын анықтау, даму жолын көрсету, лексика–семантикалық тұрғыдан зерттеу уақыт талабына сай туындаған мәселе. Мысалы,

Sinduc (сындук) сандық жазба ескерткіштегі бұл сөзге А.Гаркавец «**sinduc** - *перс* сундук, *лат.* capsia [cap ʃia] – capsa, футляр, ящик, *перс* şandüq [sanduc] сундук» [35,б.1218] деп береді. ДТС: «**sanduc** сундук» [69,б.484]. Р.Сыздық Қ.Қосымұлының «Жамиғ-ат-тауарих» еңбегінде сандық сөзі кездесетінін айтып: «Мұндағы сандук сөзі – әрине бұл күнде біз білетін сандық (ішіне, зат, бұйым, киім-кешек салатын) емес. Орта Азияның отырықшы халықтарының (өзбек, тәжік т.б.) өлікті жер қойнына беру салт-дәстүрінде орын алған сағана дегендерге өлікті салып қоятын жәшікті (саркофагты) сандық деп атаған» [106,б.14] дейді. ҚӘТС: **Сандық** зат. этн.1. *Киім – кешек, үй тұрмысына қажет заттар салуға арналған, сырты әр түрлі бояумен сырланып, айшықты қаңылтырмен өрнектеліп, өрнекті сүйекпен қапталған, ағаштан иә темірден жасалған екі бүйірінде тұтқасы, құлыпты қақпағы бар, топсалы текше түріндегі үй жиһазы; 2. ауыс. Жыр қазынасы, өнер қазынасы; 3. Дүние мүлік, жиган терген; 4. ауыс. Ақыл ой қазынасы; Сандық сын. Санға қатысты, санмен байланысты* [107,б.647-648] деген анықтама аламыз. Біз қарастырып отырған ескерткіште сандық сөзімен қоса **qapsa** (қапса) табыт сөзі де беріледі. Демек табыт сөзінің берілуіне қарағанда *сандық* қыпшақтардың тұрмысында үй жиһазының ролін атқарған мүлік болуы мүмкін. Әркезде әр түрлі қызмет атқарған сандық қазіргі кезде тілдік қолданыста болғанымен алдыңғы мағыналары көмескіленіп, жаңа мағынаға ие болған десек те болады. Мысалы, қазіргі кезде өлікті емес, тіпті киім кешек сақтайтын мүлік те емес, қыз жасауын апаратын бұйым ретінде қолданылады.

Ataliq (аталық) аталық жазба ескерткішті орыс тіліне аударған А.Гаркавец **ataliq** (аталық) аталық сөзін «приемный отец, отчим» деп аударды [35,б.1018] одан көрі «наставник» деген аударма дәл келетін секілді. ДТС: «**Ataliq** имеющий отца, **ataliq** отцовство» деп беріледі [69,б.66]. Кезінде аталықтардың кім болғанын лингвист Р.Сыздық: «*Атабек/аталық* сөздері де ортағасырлық түркі әдебиетінде хан ұлдарының тәрбиешісі, регент» [108,б.227] деп анықтама береді. Тарихшы Ж. Артықбаев: «Аталық мемлекеттік биліктің аса мықты тетіктерінің бірі хандардың ішкі және сыртқы саясатта сүйенетін мықты тірегі, қазақтың қашанғы жаугершілік тіршілігінде ханның қорғаушысы және хан баласының

тәрбиешісі» болған [109] дейді. М.Ж.Көпейұлы: «аталықтар-хандардың көші қонын билеген ерлер [110] десе Құрбанғали Халид: «Аталық» (уәзір ағзам) бас уәзір мәніне келеді. Нәсілі қазақ, жасы ханнан үлкен болып, қызметпен уәзір дәрежесіне жетсе, оған аталық деген атақ беретін ғұрып болған. Ал жарлыққа оның мөрі, ханның мөрімен бірдей жүреді. Аталық атағын алмаған уәзірде ондай дәреже болмайды» [111] дейді. Демек, *аталық* түркілердің далалық заңы бойынша өзіндік орны, мәні бар, тарихи маңызы бар тұлғалар болып тұр. Тарихи мәліметтерден белгілі Орта Азияны жаулап алған Шыңғыс хан ұлы Жошының аталығы етіп Кетбұға жырауды сайлағаны. Кезінде Арыстан, Барқы, Нияз, Тайқоңыр, Жалаңтөс секілді аталықтардың көне дәуірден келе жатқан аталық дәстүрлі мектебінің жалғастырушылар болғанын көреміз. Түйгеніміз, ортағасырлық жазба ескерткіштегі аталық ұғымының қыпшақ хандығының басқару жүйесінде және қазақ хандығы тұсында қоғамның саяси құрылымына әсерінен еткен тұлғалар екенін аңғаруға болады. Қазіргі кезде бұл бірлік қолданыстан шығып тарихи сөздердің қатарына орналасқан.

Köşägä–kösigä (көсәгә-көсігә) шымылдық. Түркі тілдерінде ұйғыр тілінде *көшүгә*, хакас тілінде *көзеге*, тува *көжеге*, монғол *хөшиг* А.Н.Гракавец: «**köşägä** полог, занавес кровати (*с тар.* көшөгә «занавес», *кырг.* көшөгө «занавес; занавес отделяющий постель новобрачных/молодых супругов, *уйг.* көшүкә «полог»), *лат.* cortina [cortina] полог, завеса, занавес, штора, *перс.* pašahōna [pasachōna] = pašahāna полог, москитная сетка [35,б.1137] деп аударлады. ДТС: «**köšik** 1.покрывало, занавес» [69,б.319]. ҚӘТС: **Көсеге** зат көне 1.*Шымылдық «көсегең көгерсін» деген тіркесте шымылдық жастардың төсек орны, өздеріне меншікті бөлме отау» деген мағынадан ауыса келе, жалпы үй үшін, бала-шаға, бау шарбақты тіпті адам баласының жалпы өмірін сипаттап отыр, 2. ауысп., Құтты орын, киелі мекен, өркен* [112,б.364]. Көсеге сөзі көнерген тұлға болғанымен ауыз екі тілде «көсегең көгерсін!» тіркесінің мағынасы (көбей, үлкей, өс), «көсегесі көгерді» (жаман болған жоқ, өсті, өнді, дегеніне жетті, арманы орындалды) «көсегесі көгермеді» (өсіп-өнбеді, көбеймеді), «көсегесі көк» (өскен, өнген), «көсегесі қиылды» (мерт болды), «көсегесін көгертті» (тұқымын көбейтті, байытты, бағын ашты), «көсегелі отбасы» (көбейген, құт дарыған) деген мағынада фразеологиялық тіркестер жиі қолданылады. ҚТҚЭС: «Көсеге сөзінің морфологиялық құрамына келсек, ол туралы әр түрлі жорамал айтуға болды. Егер көсегенің о бастағы қызметін ерлі-зайыпты адамдарды ел көзінен жасыру, тасалау, олардың төсек орнын оңашалау үшін шымылдық ұстау, перде тарту деп түсінсек онда оның түбірі көз сөзімен байланысты. Сонда көз сөзіне – *еге* жұрнағы жалғану арқылы (салыстыр *кер-еге, кеб-еже, боса-ға, бет-еге*) түркі тілдері негізінде жасалынған деп жорамалдауға болады. Мұндағы **з** дыбысының **с, ш, ж** дыбыстарымен алмасуын немесе *еге* формасының *үгә//әгә//өңө//үк//үг//иғ//әк//ак* формаларына ауысуын фонетикалық құбылыстар ретінде дәлелдеуге әбден болады» [70.б,108] дейді. Халық мақалдарында

«көргенсіздің көсегесі көгермес» көрініс тапқан. Бұл ұғым түркі, монғол елдеріне ортақ ұғым болып табылады.

Maydan (майдан) майдан ескерткіште алаң мағынасында беріледі, араб-парсы тілдерінде алаң деген мағына беретін сөз. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде де алғашқы мағынада қолданылған. Академик Р.Сыздық «Ал бұрынырақ қазақ тілінде майдан сөзі әрі осы күнгідей «ұрыс, шайқас орны» әрі «көгал» және «алаң» деген мағыналарда жұмсалған» [106,б.133] дейді. ҚТҚЭС – де майдан сөзінің «соғыс алаңы» деген мағынасынан да басқа «әдебиет майданы», «театр майданы» секілді келтірінді мағыналары майдан сөзінің «сала» мағынасының да бар екені айтылады [70,б.141]. Сондай – ақ жергілікті диалектіге байланысты бұл сөз, әр жерде әр түрлі мағыналарда қолданылады екен. Мысалы: «**Майдан** (Қарақ., Өзб., Таш.) алаң, егістік жер; **Майдан** (Түркм., Ашх., Таш., Тедж., Қарақалп.) аз уақыт, сәт, мезгіл; **Майдан** (Қарақп.) сырт, көше, дала **Майданы берік** (ҚХР) табанды, айтқан уәдесінде тұратын» [75,б.497]. Қазіргі кезде майдан сөзінің мағынасы кеңейген: парасат майданы, сөз майданы, білім майданы, ақыл майданы, сана майданы, қан майдан, қызыл майдан.

Şatir-şatir (чатыр-шатыр) парсы тілінен кірген кірме сөз ескерткіште әскери шатыр мағынасында беріледі. «**Шатыр** (пар. чадыр) - *матадан, берзенттен жасалған төрт бұрыштан керіп қоятын баспана*. **Шатыр** (пар. чатыр) - *жаңбырдан қорғанатын құрал*» [113,б.629] деген анықтама аламыз. ҚТҚЭС де: «...Кейбір зерттеушілердің айтуынша, *шатыр* сөзі көне түркі тіліндегі *чат//шат* – «байлау, буу» деген етістіктен шыққан да, сол түркі тілдерінен парсы және монғол тілдеріне ауысқан (Menges. Glossar, 707) (Ш.Қ)» [70,б.215] дегенде мәлімет бар. Ал М.Манкеева: «Көшпелі қазақ халқының тұрмыс ерекшелігін көрсететін, күйме тәрізді мұраның бірі – **шатыр**» – деген анықтама береді [114,б.195]. қазіргі қазақ тілінде бұл сөз жергілікті диалектіге байланысты: «**Шатыр** (Шығ.Қаз.:Тарб.Зайсан) қайықтың кеменің желкені» [75,б.708]. **Чатыр** (МХР) шахмат [75,б.680] секілді мағыналарда қолданылады екен. Ал қазіргі кезде шатыр сөзінің мағынасы кеңейгенін байқауға болады. Мысалы: ҚӘТС-де **Шатыр** зат. *Үйдің төбесінен жауын өтпеу үшін жасалған қосымша төбесі*; **Шатыр** зат.1. *Мықты матадан, берзенттен жасалған, төртбұрышты керіп тігілетін жеңіл баспана; палатка*; 2. *Сая қылатын күрке баспана*; 3. *Далалық жағдайларда жеке құрамды, әскери техниканы, медициналық мекемелерді, шеберханаларды жәгне қоймаларды орналастыруға арналған жиналмалы құрылыс*; 4. ауыс. *Отау*; **Шатыр** 1. *Жауын-шашынан, қардан, күннің көзінен қорғану үшін жасалынып, қолға ұстап жүретін бұйым; қолшатыр*; 2. ауыс. *Пана, қорған*. **Шатыр** елік. *Кенеттен, ойламаған жерден шатырлап шыққан қатты дыбысты бейнелейтін сөз* [115,б.289] Ал ауыз екі тілде: *шатырың тайды ма?* ауыспалы мағынада «бас» ұғымын білдіріп қолданылады.

Kövläk (көвләк) көйлек, жейде мағынасында берілген. Түркі тілдерінде әзерб. *көйнәк*, башқ. *күлдәк*, тат. *күлмәк*, түріктерде *гөмлек* өзбек *көйләк*, қырғ. *көйнек*. ДТС: «**könläk** рубашка» [69,315]. ҚТТС: «**könläk**

«көйлек» DLT, СІІ, 350- 18, KB 4966, TIEM 73 202r/3, RKT 30/10a3, NF 132/15,KE,106r/7, ME 83/5, HKT 265b/2, HŞ 3660, ŞSL, BV, NH, HBD, LD, ÇFK, TEN, YED, SÍ, FK, LM, **könläk kädim** «көйлек немесе сауыт костюмі» TIEM,73 202r/3, **könläk kädimlär qıl** «көйлектер жасау» TIEM 73,202r/3, **könläkini arqadın cirt** «Жүсіптің көйлегін арқасынан жырту» TIEM 73 175r/5...» [116,б.244] секілді орта ғасырлық жазба ескерткіштерде мысалдар қолданылғанын көруге болады. ҚӘТС: **Көйлек.** зат.том, *Денеге шақталып тигілген жеңіл, жұқа киім* [112, б.220] деген анықтама берілген. Қазіргі кезде көйлек сөзі әйел баласының басты киімі. Ал жергілікті диалектіге келсек (Оңт.Қаз.) көйлек - ер адамның жейдесі мағынасында да қолданылады.

Könčäk-könček (көнчэк-көнчек) шалбар, **könčeküñni kiygil** (көнчекүңни кигіл) шалбарыңды ки. А.Гаркавец «**könčäk-könček** поножи, штаны, порты *лат.* braga [braga] bracaе брюки, шавровары; подштанники *перс.* **zārpā** [хагра] = izārpā шаровары; подштанники; **šalwar** [saluar] шаровары [35,1130] деп аударады. ТАС: **көнчек** = **йім** = **ічтон** шаровары, штаны, кальсоны, нижнее белье, сшитое из тонкой материи. СС.,Тз. *көнчек*; Ибн. М. *күнчук*. Ср. тат., күнчек кусок выделанной кожи; каз., *көйлек-көншек* нижнее белье [117,б.148]. Э.В.Севоротьян: «**көйлек-көнчек** қос сөзінің екінші сыңары қырғыз тілінде «көйлек және жейде», қазақша «әр түрлі киімдер» деген мағына береді. Ал кейбір түркі диалектілерінде шалбар, қарақалпақтарда ер адамның іш киімі мағынасында жұмсалынады [118,б.103] дейді. Ә.Қайдар: «көйлек – көншек < адамның үстіне киетін жеңіл-желпі (жейде, көйлек, іш-киім, орамал-жаулық т.б) киімдері»[119,б.185] деген анықтама береді. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште ер адамның бұтына киетін арнаулы киімі мағынасында қолданылса, бертін келе қазіргі қазақ тілінде бұл сөз дербестігінен айырылып **көйлек-көншек** қосарлама қос сөздің екінші сыңары ретінде қолданылады.

Qaznaçī (қазначы) қазынашы қазына байлықты сақтайтын адам, қазына ұстаушы, кілтті ұстаушы, ал діни мәтіндер арасында **Ave Teңriñiñ qaznasī** (Аве, Теңрінің қазынасы) Аве, Тәңірдің қазынасы деген мақтау сипатындағы мысалды табамыз. Ескерткіште: «**qazna** сөзі «соқровище», «клад», «казна»» деп беріледі [35,б.1191]. Бұл сөздің мағынасында да XV-XIX ғасырларда өзгерістер болғанын академик Р.Сыздық дәлелдейді: «Қазына сөзі қазақ эпостарының бәрінде кездеседі. Кейбір басылымдарда *қазине* вариантында ұшырасады. Осы күнгі тілімізде қазына сөзі «мүлік, байлық» және «мемлекет, қоғам» деген мағыналарда жұмсалынады. Жырларды бастырушылар бұл сөзді «мүлік, жиһаз» деп түсіндіреді. Бұл арабтың *хазине* деген сөзі, мағынасы – асыл мүлік, жиһаздың өзі емес, соны сақтайтын жер. Ал түркі тілдеріне енгенде, бұл сөз көбіне асыл-мүлік, қымбат бұйымдардың жиынтық атауын білдіргенге ұқсайды. Орта ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде (лексикалық қазынасында) *хазине* сөзін, мүлік жиһаз сақтайтын жер» деп көрсетеді де келтірген мысалдар осыған сай түседі (Фазылов, II,479)» [108. бб,117-118] дейді. ҚӘТС: **Қазына** 1. *Дүние, мүлік жиһаз; бағалы заттар (алтын –күміс*

т.б) материалдық байлық; 2. Жер қойнауындағы қазба байлық; кен, руда. 3. Мәдениет, әдебиет ескерткіштері, асыл мұра, рухани байлық; 4. ауыс. Ешқандай нәрсеге айырбасталмайтын, қимас зат, сезім, 5. ауыс. Іштегі сезім, талант өнер. **Қазына** зат сөйлем. *Өкімет, мемлекет, қоғам. Қазына* зат. діни *Құдірет* [120, б.24-25]. СС жазба ескерткішінде кездесетін **qazna** сөзі қазіргі қазақ тілінде алғашқы мағынасын сақтап қолданылады, ал **qaznaċi** қазіргі кезде мұндай тұлғаның болмауына байланысты тарихи сөз қатарына қосамыз.

Qarandaş (қарандаш) қарындас, ескерткіште бауыр, жасы кіші іні деген мағынада беріледі. ҚӘТС: «**Қарындас** зат. көне *Туысқан, ағайын, бауыр*: 2. **Қарындас** зат. *Бірге туған жасы кіші қыздың ағасына туыстық қатынасы жағынан аталуы; 2. Жасы үлкен ер адамның айтатын қаратпа сөзі*» [119,б.406]. Демек бұл сөздің алғашқы мағынасы туысқан, бауыр, жасы кіші іні. Академик Р.Сыздық «Жамиғ-ат тауарихта»: «Қарындаш 1) **туыс, рулас**. «Бағзи қарындашлары бәлін бір еділәр. Нурин ақтачы шуның қарындашлары туруп. Чингиз ханның улуғ хатуны Бөртә Фужин аларның қарындашы ерді» [108,б.324] деген мысал келтіреді. Дәл осы мағынада бұл сөз XV-XVIII ғасырларға дейін тілдік қолданыста болған. Мысалы:

М. Өтемсіұлы: «Жағасы алтын күреуке
Киейін десем о да жоқ
Тар қолтықтан оқ тисе,
Тарыққанда қайырылар,
Қарындасым менде жоқ [121, 56] десе, Шалкиіз:
«Жайыңды білген қарындас,
Ол қарындас-һәм жолдас!
Жайыңды білмес қарындас,

Өзі дұспан, өзі қас! [120,б.46] дейді. Тіпті XIX ғасырларда осы мағынада қолданыста болған. Мысалы, КЖЛГҚЕЖЛ: **Қарындас** - туыс-туысқан... Сөз қылып барды, жоқты жаза бердім, Ықыласты *қарындастың* көңілін жықпай («Қолыма қағаз, қалам алайын да» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы <http://bilim - all.kz>) [122]. Қазіргі қазақ тілінде қарындас сөзі алғашқы мағынасында тек жергілікті диалектілерде ДС: «**Қарындас** (Тау., Қош., Шығ., Больш.,) іні. *Олар ініні қарындас дейді* (Тау., Қош.,)» [75,б.429] ғана қолданылады. Көп жағдайда «іні» мағынасы көмескіленген мағына болып есептелінеді.

Köñül (көңүл) көңіл бұл сөз жазба ескерткіште жүрек, жан-дүние деген мағынада беріледі. А.Гаркавец «**köñül** сердце, вместилище души, душа настроение» [35,б.1131] деп береді. Жазба ескерткіштегі **köñül aċ** (көңүл ач) көңіл аш, **köñüldä ayt** (көңүлдә айт) көңілде ай, **köñülüm bulyanir** (көңүлүм булғаныр) көңілім былғанды, **džomart köñül** (джомарт көңүл) жомарт көңүл, **kiċi köñül bilä** (кіші көңүл біле) кіші көңілін біл мысалдарынан көңіл және жүрек мағынасында қолданылып тұрғанын аңғаруға болады. Ортағасырдық шығармаларда осы мағынада қолданылған. Мысалы, Мысалы С.Тәшімбаев «Мұхаббат –наме» дастанында көңіл сөзінің «жүрек, жан-дүние»

мағынасында қолданылғанын айтады [123]. ДТС: **Köñül** 1.1. сердце 2. желание 3. чувство, 4. мысль [69,б.315] жалпы бұл сөз, бір емес бірнеше мағыналарда қолданылғанын. Қазірде сол қалпын сақтап тұр. Тек *жүрек* деген мағынасы тарылған. ҚӘТС: **Көңіл**. зат. 1. *Адамның мінез – құлқына байланысты жалпы эмоциялық сезім. (сана, ой, зерде, назар т.б.)* 2. *Ынта, ықылас, ниет.* 3. ауыс. *Қиял, арман.* 4. ауыс. *Пейіл, ниет, ілтипат* [112,б.302].

«Сөз мағынасының кеңеюінің, өзгеруінің басты бір себебі сол сөз білдіретін ұғымның өзгеруінде деп тану қажет» [124, б.33] дейді, ғалым Р. Барлыбаев. Егер сөз тұлғасын өзгертпей бұрынан бар мағынаның үстіне жаңа мағына қоса - сөз мағынасының кеңейуі болып саналады. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште мағынасы кеңейген сөздер өте көп. Тізе берсек белгілі бір тізбек құрары мәлім. Мысалы,

Orda (орда) орда ескерткіште мемлекет басшыларының тұрағы мағынасында қолданылған. Тарихтан белгілі Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы секілді атаулар болды. ДТС: «**Ordu** 1. ставка, резиденция, хана, дворец; **Ordu** 2. норы грызынов и других животных; **Ordu** 3. геогр.название города, близ Баласагуна; **Ordu** 4. ordu tal смесь, используемая для уничтожения волосянного покрова на теле» [69,б.370] делінген. ҚӘТС: «**Орда** зат. 1. тар. *Орта ғасырдағы көшпелі елдердің әкімшілік саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы, сарай;* 2. *Қазақ киіз үйінің шоқтығынан саналатын, құрастырылып-ажыратылатын киіз жабынды тұрғын жайдың аса сыйымды түрі, ел билеген хан мен сұлтандар үшін көпшіліктің қатысуымен салтанатты, рәсімді жиындар өткізіп тұруға, елшілер мен құрметті қонақтар қабылдауға, қарсы жақтың зиялыларымен келіссөздер жүргізуге, шартқа қол қоюға, ыңғайластырылған сыйымды орынның болуын қарастырған ізденістің нәтижесінде пайда болған 12, тіпті одан да көпқанатты киіз үйдің үлгісі;* 3. ауыс. *Өнер, білім, мәдениет т.б. топталған орны жинақталған жері, қайнаған ортасы;* 4. жерг. *Орталық жүйке;* 5. ауыс. *Еңселі, салтанатты үй;* 6. *Бір жерге топталып өмір кешетін аң, жылан т.б. ұясы;* 7. *Орталық қала;* **Орда** зат. *ойын. этн. Хан сайланған қызыл асықпен, қалған асықты шертіп ататын асық ойынының бір түрі;* **Орда** зат. *ойын. этн. Ақсүйек ойынындағы сүйекті тауып алған баланың»* [125,б.735]. Байқасаңыз бұл сөздің алғашқы мағынадан қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы әлде қайда кеңейген.

Ауыз (ағыз) ауыз жазба ескерткіштегі сөздік бағанында адамның дене мүшесі соматикалық атау ретінде берілген. Мысалы, **аңа уақşıрақ –тур уілан ала кенсі ауызна** (аңа йақшырақ-тур йылан алса кенсі ағызна) егер жыланды аузына алса жақсырақ болар еді, дейді. ДТС: «**Ауыз** 1. рот; 2. отверстие кувшина, сосуда, колодца. 3. устье, реки, 4. *перен.* питание, прием пищи. 5. *перен* уста» [69,б.21]. Ал қазіргі қазақ тілінде ауыз сөзінің мағынасы кеңейгенін көреміз. Мысалы, ҚӘТС: **Ауыз** зат. *анат. Адамның жан-жануарлардың тамақтанатын мүшесі;* 2. *Сөйлеу мүшесі дыбыстау аппараты;* 3. ауыс. *Адам, кісі мағынасында.* 4. *Бір нәрсенің ашық жағы* 5. *Бір*

нәрсенің кіріп шығатын жері 6.бір нәрсенің басталар жері 7. Жараның, ісіктің ашылған жері [126, б.183].

Yol (йол) жол ескерткіште тура мағынада берілген мысалы, **bir kez bir alyışli kişi yolya bardı** (бір кез бір алғышлы кіші йолға барды) бір кезде бір алғысты кісі жолға шықты, **eki yolıñ ayırılıñlar** (екі йолың айырылыңлар) екі жолға айырылыңдар. ДТС те: «**Jol** I 1. дорога; 2.допусть будет удачной дорога; 3.*рел.* путь, способ существования; **Jol** II **jol täñri** бог судьбы, **Jol** III **jul, jül**; **Jol** I отпускать, освобождать; **Jol** II ощипывать, снимать перо; **Jol** III копировать, воспроизводить; **Jol** IV исполнять, выполнять; **Jol** Vсм. **Jub**» [69,б.270]деп бірнеше мағынасы берілген. ҚӘТС: **Жол** зат.1.Адам не мал, күш көліктің қайта – қайта жүруінен тапталып тақырланған із сүрлеу; 2. Сапар, ұзақ жол. 3. Бағыт, беталыс; 4. Сөздің жазба не баспа түріндегі қағазға түскен ізі; 5.Салт-әдет - гұрып, 6. этн. Кәде, сый, сыйлық, ырым; 7. этн. Жақсы. Дәрежесі үлкен,, сыйлы, қадірлі адамдардың белгілі бір жағдайда бірінші болып жүруі туралы этикалық норма. 8. ауыс. Үлгі, өнеге; 9. ауыс. Құрмет, сый; 10.ауыс. Амал, айла, тәсіл; 11.ауыс. Шама-шарқ жөн. 12.ауыс. Жөні, жайы, орны. 13.ауыс. Жөн, жоба, әділдік; 14. инф. Файлмен байланысу жолы, немесе оның дискідегі бумалар (каталогтар) тізімінен тұратын адресі [127, б.460].

Señseñ (сеңсең) – марқа қозының жүні қырқылмаған терісі. Қазіргі кезде бұл сөз тек көне, орта ғасыр, XVIII-XIX ғасырларда жазылған шығармалар арасында арақидік қылаң беріп отырады. Мысалы, **сеңсең бөрік, сеңсең тұлып, сеңсең ішін, сеңсең тон, сеңсең шалбар** дегендей. Мысалы, КЖЛГҚЕЖЛ сөздігінде: «**Сеңсең** – марқа қозының қырқылмаған терісі. Құр тай семіз тайлаққа, елтірі мен сеңсеңді. Өрік мейіз – жаңғаққа алмастырып береді (Жанқожа батыр мен Бабажан сарт. Бабалар сөзі, 62 том, 135 бет, 2010.100 томдық). Қой жүнді жыртық күпі, сеңсең тымақ. Көзіне шашы түсіп кеткен тым-ақ («Абылай хан әңгімесі». Бабалар сөзі. 57том - 276б, 2010. 100 томдық)» [122.б,270] деген мысалдардан бұл тіл бірлігінің қолданылғанын көреміз. Қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөз. Жазба ескерткіште жұмбақта былай беріледі:

Señseñ ayrı başında

Segiz qoyan ini bar

Sen anı tapmasaң.

Siniq iyin yılayıl

Avluñ bile tapmasaң

Avruv iyin yılayıl (ol, quymič-dır) беріледі

[35.б,59]. Айырдың басына ілінген сеңсең айырдың басына ілінген теріні білдіріп тұр. Бұл сөздің шығу төркінін Ә.Нұрмағанбетов: «Марқайған қозының жүні қырқылмаған терісі осылай аталады. «Сеңсең жағалы қара ішіктің етегі далыйып жатыр» (І.Жансүгіров). Сөз төркіні түркі монғол тілдерінен деуге біршама деректер бар. Алтай тілінің солтүстік диалектісінің бірінде саак-жүн (Н.Бас.,ДЧТ,1966,145) якуттарда сохсоқ - жүндес (Э.Пек.,СЯЯ;II,1959, 2296) монғолша сахлаг – жүндес (Мон.-қаз.сөз.1955). Келтірілген деректердің ішінен әсіресе «саак» тұлғасы «сеңсең» сөзінің

алғашқы түбірі, ал мағынасы жүн дегенді білдіретіндігін көріп отырмыз. Осы сөздің қосарланып айтылуы, жүннің молдығын, көптігін білдіріп тұр. Демек әдеби тіліміздегі *жүнжүн, түктүк* қос сөзінің беретін мағынасымен тең. «Саак-саак» сөзінің әдеби тілімізде қалайша «сеңсең» тұлғасына дейін қалайша өзгергендігін, қырғыз тілі арқылы – ақ дәлелдеуге болады. Оларда біздегі «сеңсең» сөзі «саксак» немесе «саңсаң» болып та айтыла береді. (К.Юд.,КРС.1965,623, 634)» [128. б, 249-250].

Söz (сөз) ескерткіште тура мағынада қолданылады. Мысалы, **qaşan firistä ol sözni aytti** (қашан фіріштә ол сөзні айтты) қашан періште ол сөзді айтты, **tili, meñu, sözdän bilik aldï** (тілі, меңу, сөздән білік алды) тілі меңі, сөзден білік алды. ҚӘТС: **Сөз** зат.1.Адамның ой, пікірі көз қарасы; 2. линг. Белгілі бір мағынасы бар заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін Тілдің негізгі бірлігі; 3. Бірнәрсе жайында айтылған әңгіме 4. Жиналыста көпшілікке қаратыла айтылатын пікір, мәлімдеме, деректі ақпар; 5. Әнге арналған өлең мәтіні [129,б.293].

Байқағанымыздай жазба ескерткіштегі сөздердің мағыналары қазақ тіліндегі мағыналары сай келеді. Және біз қарастырған әр сөздің мағынасы әлде қайда кең өріс алып, нақтылықтан дерексіздікке, жалқылықтан жылпылыққа ауысқанын көруге болады. Ал жазба ескерткішіндегі кейбір сөздердің мағынасы тарихи әлеуметтік, қоғамдық, жағдайларға байланысты өзгеріп, қолданыстан шығып, мағынасы тарылған қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда жалпылықтан жалқылыққа қарай ұмтылғанын аңғарамыз. Олар,

Тон (тон) тон сөзін ДТС: «**Тон** платье, одежда» [69,б.574] көне түркі сөздігінде де жалпы киім атауын білдіріп тұр. А.Гаркавец «**ton** одежда, (верхняя), **ton vel opraq** одежда или белье [35,б.1257] деп бұл тұлғаның жалпылық ұғымда беріліп тұғанын айтады. Неге десеңіз орта ғасырлық жазба жәдігерлердің көбісінде **тон** сөзі жалпылық атауға ие болып киім атаулысын білдірген. Алайда, жазба ескерткіште **sirma ton** (сырма тон) сырма тон, **sirma tonum бүгүп болмас** (сырма тонум бүгүп болмас) сырма тоным бүгіліп болмас, **teri ton** (тері тон) тері тон деген мысалдарға қарап теріден істелінетін киім атауын немесе бір ғана сыртқы киімді білдіріп тұрғанын байқауға болады. Ал қазір ҚӘТС: **Тон** зат.1.Иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы, қыстық сырт киім; 2.көне *Киім*; 3.этно. Қадірлеу, құрметтеу нышаны ретіндегі сыйлық немесе айып пұл, таралғысы ретінде берілетін құн өтемі. **Тон** зат. *Жануар атаулының қазанағы, іштегі төлдің қабы*; **Тон** зат.муз. 1.Дыбыстың белгілі бір жоғарылығы, дауыс көтеріңкілігі, 2. Екі дыбыстың ара қатынасы.3. Дыбыс, дауыс ырғағы [129, б.262-263] деп берілген. Орта ғасыр жазба ескерткіштері мен түркі тілдерінде қолданылатын тон сөзінің мағынасыны қазіргі қазақ тілінде тарылған.

Tarı (тары) тары А.Гакавец: «**tarı** лат. просо, перс.пшено» [35,б.1235]. ДТС: «**tarı** – сеять, засеять; **tarı** I 1.зерно, злаки, хлеб; 2.просо» [69,б.537]. Бұл сөздің мағынасы да алғашқыда «дәнді дақылдардың бір түрін емес, егін астық атаулыны білдірген» екен. Ескерткіш тілінде бұл ұғымның мағынасы

тарылып, тек бір дәнді дақыл «тарыны» білдіріп тұр. Және қазіргі қазақ тілінде де осы мағынаны ұстап тұрғанын аңғарамыз. ҚӘТС: **Тары** зат.1. *Дәнді дақылдардың бір түрі; 2.Осы дақылдың бір түрі* [129,б.16]

Käläš (кәләш) қалаш. А.Гаркавец: «**käläš** молодая жена» [35,б.1114] «**tüvü yer käläšim – benim qarnim ač** (түвү уер калашым-менім қарным ач) әйелім, тары бар ма, менің қарным аш» дейді. Орта ғасырда бұл тұлғаның әйел баласына тиесілі ұғым екенін көреміз. ҚӘТС:1.**Қалаш** зат. *Дөңгелектей пісірлген шағын нан. 2. Қалаш Қатын-қалаш қос сөзінің екінші сыңары* [120,б.129]. Ал қазір бұл сөздің алғашқы мағынасы тарылып, қолданыстан шығып тек қос сөздің екінші сыңары ретіне қолданылатынын аңғарамыз.

Beg (бек) бек аталған жәдігерде ханзада, хан мұрагеріне берілетін лауазым иесі, сондай-ақ ханның көмекші қызметін атқарған тұлға ретінде беріледі. Мысалы, Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінде қағанның мемлекет ісінде көмектесетін көмекшілері «бектер» болған. Оған дәлел МҚ: «бэк (мұстахам, махам) мықты берік дегенді білдіреді. XI ғасырда Қарахан мемлекетінің үлкен қызметкерлері осы лауазымды иеленді. Сол кезеңде кездесетін «бекеш» атағынан «бег» сөзі алынған [67,І,б.23] деп көрсетеді. ДТС: «**Beg** I 1.правитель, вождь, бек князь, гоподин; 2.муж, супруг» [69,б.91]. Кезінде феодалдық үстем тап өкілі, ел билеген хан, әкім, хан тұқымы мағынасыда қолданған сөздің мағынасы қазір тарылған.

Сіңек (чәчек) шешек ескерткіште гүл мағынасында қолданылса, қазіргі қазақ тілінде тек бәйшешек сөзінің құрамында ғана сақталған. ҚӘТС: **Шешек** зат. *Түрлі түсті жұпар иісті гүл; Шешек* зат мед. 1. *Адам денесіне бөртпін күлдіреп ұйыса шығатын жұқпалы ауру* [115, б. 355].

El (ел) ескерткіште ел сөзінің екі мағынасы берілген **el** (халық, жұрт) мағынасында, **el** (соматикалық атау, қол). Орта ғасырлық жазба ескерткіштердің көбісінде **el** (ел) қол мағынасында кездеседі. ДТС: «**El** 1.племенной союз, племенная организация; 2.народ. **El** II.1.место, около двери, противоположен-ное почетному месту; 2. дверь; 3.низкий, подлый; **El** III рука, кисть, руки; **El** IV **el bol** –подходить к согласию; **El** V **el quš** птица, похожая на орла; **El** VI **el almiš** ит *собст.и титул*» [69,б.169] Көне түрікі сөздігінде ел сөзінің бірнеше мағыналарының болуына қарап, көне ғасырдан бері қолданыста болған сөздің мағынасының өте кең болғанын байқадық. ҚӘТС: **El** зат.1. *Халық, жұрт, қауым. 2. Басқа адамдар, көпшілік. 3.Өскен орта, туған жер, ауыл-аймақ, ел-жұрт; 4. Шыққан тегі, негізі; 5. Отан, мемлекет* [130.б,205]. Қазіргі қазақ тілінде соматикалық атау мағынасы тарылып, қолданыстан шығып ал, халық ел, жұрт мағынасы қалған.

Зерттеу нысанамызға алынған жазба ескерткіштегі сөздердің мағыналары қазіргі қазақ тіліміздегі мағыналарымен салыстырсақ қоғамның өзгеруі - не байланысты, заманның талабына сай өзгеріп, ауысып, кеңейіп, тарылып, жаңа мағынаға ие болып өрісін кеңейтіп жатса, ал кейбір сөздер мүлдем қолданыстан шығып қап отырған.

Baş (бас) тілдік бірлігінің негізгі мағынасы бірінші заттық тұлғада келіп адамның дене мүшесін білдіруі. Мысалы, **baş qarışirmen** (баш қарышырмен) бас қатырамын, **başım tüzüindî** (башым тызғынды) басым айналды, екінші, адамның бүкіл денесін жалпылық мағынада: **üstü başi** (үстү башы) үсті басы, үшінші, табыну, мойынұсыну мағынасында: **baş urdilar** (бас урдылар) бас ұрды, төртінші әскери: **çeri başi** (чері басы) әскери басшы, бесінші, аяқ киімнің ұшы: **etik başi** (етік башы) етік басы, алтыншы өсімдіктің ұшы: **хаміш başi** (хамыш башы) қамыс басы, **ағач başi** (ағач башы)ағаш басы, жетінші мерзім, уақыт: **ay başi** (ай башы)ай басы, сегізінші, **señseñ ayri başi** (сеңсең айры башы) сеңсең айыр басы, тоғызыншы, **täräzü başi** (таразу башы) таразы басы жазба ескерткіштегі бас сөзінің мағыналық аясының сегіз түрлі сипатта кеңейгенін көрсек. Ал қазіргі қазақ тілінде ҚӘТС: **Бас**.зат.1.анат.Адам не жануарлар денесінің кеудедені жоғарғы не алдыңғы қозғалмалы бөлігі. 2.Адамның жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, мұрын, ми тағы басқа орналасқан дене мүшесі.3.Кісінің жеке дара өзі, адам.4.Малдың саны, тұяқ.5.Әр алуан өсімдіктің жоғарғы жағы, ұшы. 6.Таудың, қырдың дөң-дөңестің ең биік жері, жоғарғы шыңы, төбесі.7.Өзеннің, бұлақтың басталған жері, қайнар көзі 8.Таяқтың, сойылдың т.б. заттың бір жақ шеті, ұшы. 9. Балта-пышақ шот тағы басқа құрал сайманның төменгі жүзі бар жағы.10. Аяқ киімнің ұшы, алдыңғы жақ бөлігі тұмсығы 11.ауыс. Заттың бұйымның бөліктері, кесегі орамасы.12. ауыс. Мекен-жайды білдіретін сөздермен тіркескенде маңы, жаны, қасы деген мағынаны білдіреді, 13.Әуелі, алғашқы. 14. Мезгілдің алғашқы кезі. 15. Белгілі бір іс – амалдың ұйытқысы себепкері. 16.ауыс., Басшы, жетекші. 17.ауыс. Ақыл, ой, ес. 18. ауыс. Тағдыр, өткен өмір мағынасында 19). ауыс. Мемлекет, ел билігінің ең жоғарғы органы. 20. Негізгі ұйытқы басты. 21. Бірінші тұрған, алғашқы. 22.Белгілі бір процесстің басталуы. 23. діни Рәкәт, бір отырыс (намаз) [131, б.10-11] бас сөзінің мағыналық ауқымы екі есеге артқан.

Til (тіл) тіл сөзі ескерткіште бірінші адамның дене мүшесін білдіріп тұр **til** (тіл), екінші, қарым-қатынас құралы ретінде **til bilmän** (тіл білмән) тіл білмен, **ekinçi, tiliñ bile aytmağa** (екінші, тілің біле айтмаға) екінші, тілді біле тұра айтпа, **tatar tilgä köneldi** (татар тілгә көнелді) татар тіліне көнелді үшінші, **bitik tili** (бітік тілі) кітап тілі, төртінші сындық **yaqşı til** (йақшы тіл) жақсы тіл, бесінші заттық **toğa tili** (тоға тілі) тоға тілі секілді мағыналарда кездестіреміз. Жазба ескерткіште тіл сөзінің мағынасы төрт түрлі мағынада берілсе, ал қазіргі қазақ тілінде ҚӘТС: **Тіл** зат.анат I 1. *Жан-жануарлардың адамның дәм сезетін адамдардың сөйлеу дыбыстарын шығаратын ауыз қуысындағы негізгі мүше.* 2. *Сағаттың уақыт мөлшерін білдіріп тұратын көрсеткіші.*3. *Темір айылбастың жырым бекітілген тиек бөлігі.* **Тіл** зат., II 1. *Адамдардың қоғамдық өмірде бірін-бірі түсінісіп пікір алысар қатынас құралы болып табылатын, дыбыстық және сөз құрамдары мен грамматикалық тәсілдер жүйесі.* 2. *Адамдардың ойлау қабілетін іске асырып оны дамытатын, ерік жігерін сезімін білдіретін мәдени тарихи дәстүрлер ді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал.* 3. *Айтпақ ойды білдіретін сөз, мәнерлі*

тіркес 4. линг. Ана тілінің заңдылықтарын ереже қағидаларын оқытатын арнайы пән. 5. ауыс. Соғыс даласында арнайы мәлімет алу мақсатында қолға түсірілген тірі тұтқын. 6. Есептеуіш машинаға командалар беру тәсілін анықтайтын ережелер жинағы. **Тіл** ет., III 1. Жіңішке етіп кесу. 2. Осып түсу. 3. Жарып жіберу [129, б. 601-611].

Bay (бай) ескерткіште бай, жағдайы жақсы адам: **barlu kiši vel bay** (барлу кіші вел бай) бары кісі немесе бай, сондай-ақ **Teñirisi topraq bay eter** (Теңірісі топыраққа бай етер) Теңірісі топыраққа бай етер, мысалдарынан сын есімдік мәнін де кездестіреміз. ДТС: «**Вај** I.1 богатый; 2 перен., богатый, щедрый; **Вај** II balıq геогр., уйгурский город, **Вај** III ара и собств» [69, б.79]. ҚӘТС: **Бай** зат.этнол. 1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік жік өкілі 2. Қазіргі қазақ қоғамындағы ортақол дәулетті немесе ауыр дәулетті әлеуметтік топ; **Бай** сын. 1. Көп мол, жеткілікті. 2. Толыққан жетілген, дамыған; 3. Дәулеті тасыған, әл-ауқатты, табысты; 4. Кең ауқымды, үлкен; **Бай** зат.сөйл. 1. Әйелдің некеленіп қосылған күйеуі; **Бай** зат. спорт Тогызқұмалақ ойынындағы тастың атауы; **Бай** зат. Қытай Халық Республикасының Юньнан провинциясында тұратын халықтың атауы [126, б.575]. Э.В. Севортян бұл сөздің архетипі «**ба:й**, екендігін айта отырып, түркі диалектілерінде **па:й** - рај, бірнеше сындық мағынада (обеспеченный - тув., состоятельный - кбал., баш., тув. щедрый, изобильный, богатый - кум., бал, тат, башк, узб., алт., хак., тув, зажиточный, богатый, достаточный) қолданылады дей отырып, заттық мағынада (**богач**-туркм., кум., бал., тат., башк., узб., уйг., алт., хак, тува, **купец**-уйг., бай, **кулак**-хак., **хозяин**-кар., **господин**-тур) деп нақты мысалдармен дәлелдейді. Ал өзбектерде ер кісінің есіміне қосылып құрмет реңкін білдірсе, гагауыздарда жалқы есімдерге жалғанып адамның жасының үлкендігін көрсетеді, татар диалектілерінде байлық-атадан қалған мұра, мүлік, байлық, қазына мағынасында қолданылады. Сондай – ақ белгілі бір шен иелеріне айтылады (знатный господин, дворянин, высокопоставленный, знатный, благородный, князь) секілді де мағыналары бар - дейді. Ал әйелдің күйеуі мағынасында түрік., қаз., қыр, тат., өзбек халықтарында, гагауыздарда аға мағынасында қолданы – лады, Дж.Клоусон «барлы кісі», А.Н.Смайлович, Маловтар ба:й сөзінің этимологиясын **ба:р~бар~вар** «наличие, есть, имеется», сөзімен байланыстырады. Мұндағы бай-бар сөздерінің мазмұнына ортақ өзек «баршылық», «молдылық», «байлық» семалары [118.б,251]. СС жазба ескерткішінде **barlu kiši vel bay** синонимдік қатары арқылы дүниенің немесе заттың бір адамда көп болуын білдіреді. **Bay** сөзі субъектілік **barlu kiši** мағынасына жіктелгенін байқаймыз, демек адекватация процесі арқылы сын есімге ауысқан, осы мағынада жүріп даму нәтижесінде бай адам, (барлы адам) тіркесіндегі бай сөзі конверсияланып, арнайы мағынаға ие болғанын байқауға болады.

Ay (ай) ескерткіште астр., атау **ay altundan elči keliyir** (ай алтундан елчі келійір) ай алтынан елші келді, **ol, quyaş, ay, yulduz** (ол, қуяш, ай, йулдуз) ол күн, ай, жұлдыз, календ., **ay baši** (ай башы) ай басы, **toғuz ay kim sendä**

qondī (тоғуз ай кім сендә қонды) тоғыз ай кім сенде қонды, одағай **ay sen** (ай сен), **ay siz** (ай сіз). ДТС: «**Aj I** 1.месяц, луна; 2. астр. луна (планета). **Aj II** месяц (мера времени). **Aj III** и собств. **aj qayan**.**Aj IV** (ej?) шелковая ткань оранжевого цвета. **Aj V**1.препозитивная усилительная частица: **meni osyančuladi bu moyočlar teta j ked övkäsi kelti**. 2.постпозитивная усилительно –вокативная частица **muñ-aj, muñ-aj**. **Aj VI** межд.,эй; о; ах; ай; **Aj VII** см. **Ij**. **Aj I** луна, месяц; **Aj II** месяц (мера времени) **Aj III** (ajim) слуга **Aj** 1.говорить, рассказывать, разъяснять, толковать; 2.называть» [69,бб.24-25] ҚӘТС: **Ай** зат., 1. *Түнде жарық сәуле шашып тұратын аспан денесі*; 2. астр., *Жердің табиғи серігі, түнде жарық сәуле түсіріп тұратын, жерге жарыштағы ең жақын галамшар*, **Ай** зат., *Жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын мезгіл, отыз-отыз бір күндік мерзім*, **Ай**. зат *Діни ислам дінінің ай орағына ұқсас символы (мұсылмандардың Мекеден Мадинаға жасырын қоныс аударған түніндегі ескі айдың көрінісі)*, **Ай** одағ. экспер., 1.*Реніш, кейісті білдіру үшін айтылатын одағай*; **Ай** шыл. эксперт., 1.*Күшейту мәнін білдіру үшін айтылатын демеулікті шылау*, 2. *Таңырқау, таңдану қуаныш сияқты әр түрлі сезім күйін білдіретін демеулікті шылау* [132, б.131-133]. Қазіргі кезде тағы бірнеше мағыналар қосылған: ай сырға т.б.

Qol (қол) СС - те екі түрлі мағынада беріледі 1. **Qol** - зат., соматикалық атау **kim qollarıñ, avuzıñ dayın sayınčıñ** (кім қолларың, аузың дағын сағынчың) кімнің қолы, аузын да сағынсын, **xaç alyışli qollarıña kör qıymätsiz ulu baha** (хач алғышлы қолларыңа көр қыймәтсіз улу баһа) кресттегі алғысты қолдарын, қыймәтсіз ұлы бағаға көр мағынасында және 2. **Qol** – ет. просить, упрашивать, умолять мысалы: **qolyil** (қолғыл) қол, **qoldum** (қолдум) **qolarmen** (қолармен). ДТС: «**Qol I**. 1. рука, 2. ответвление, рукав, **Qol II**. долина, вади, **Qol III** насечка, **Qol IV** просить, добиваться, вымалывать» [69,б.453]. ҚӘТС: **Қол** зат. I.1. *Адамның бір-нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін бес саусақ алақаннан тұратын қолдың басы*, 2. *Адамның иықтан қор, білек, қолдың басын қамтыған дене мүшесі*, 3.анат. *Адамның иықтан басталып, саусақтарының ұшына дейінгі бөлігін қамтитын жоғарғы дене мүшесі* 4 ауыс. *Жұмыс күші, адам* 5.ауыс. *Билік, иелік*, 6. *Қолтаңба, жазу*. **Қол** зат көне.1.*Көшпелілер арасында жасақ, қосын, әскер, ұғымдарында қолданылған дәстүрлі әскери атау*, **Қол** зат.көне 1. *Жөн, ыңғай* [120, б.697-718]

Kök (көк) ескерткіште сындық көк түс-реңкті: **Kök yibekim čirmadim** (көк йібекім чырмалдым) көк жібекке шырмалдым, екінші сын., сұр түсті білдіреді **kökcä ulaxım kögende semirir** (көкчә улахым көгенде семірір) сұр лағым көгенде семірді, үшінші зат., аспан әлемі, жаратушы мағынасында **kökkä seni uzatlar** (көкке сені узатлар) көкке сені ұзатты, **kim ačiqtiñ, azix tiley kökgä kirdiñ** (кім ачықтың, азых тілей көкке кірдің) көкке азық тілеп кірдің, **kök ötmäkin häm tatırdıñ** (көк өтмәкін һәм татырдың) көктің нанын татырдың, **kökniñ nurı etiz keydi** (көктің нуры етіз кейді) көктің нұры бойыңа кірді, төртінші заттық ауыспалы мағынада «Тәңірі» **köktägi xan** (көктәгі хан) көктегі хан, **kökni-yerdi sen yarattıñ** (көкні-йерді сен йараттың) көкті

жерді сен жараттың, **kökniñ nüri** (көкнің нуры)көктің нұры, бесінші «тамыр, туысқан» **köküm-tür** (көкүм-түр) менің туысқаным, менің туысым мағынасында көрініс тапқан. ҚӘТС: **Көк 1.**сын. *Ашық аспан тәрізді (түс); 2. Жасыл түс; Көк зат.1 Әуе аспан. 2.ауыс. Шың биіктік; Көк зат. этн. Киіз үйдің керегесін т.б. көктейтін, кереге ағаиштарын бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын, иі қанбаған, қайыстан тігілген таспа. Көк зат. Найзағай, жай оты, жасын; Көк сын. жерг. Қиқар, қыңыр [112,бб.221-231]*

Av (av) ау ескерткіште бірінші етістік тұлғасында аң аулау мағынасында, екінші заттық аң аулайтын тор (тент) мағынасында берілген. ДТС: «**Av** охота; **Av** сети, невод; **Av. av-** а? **Av** собираться» [69, б.74]. **ҚӘТС:** **Ау** зат.кәс.1.*Балық ұстайтын үлкен тор сүзгі. 2.Құс ұстауға дайықтап ұсталынған тор. 3.Өрмекшінің торы. 4. көне Аң. Ау зат. Шалбардың, сымның, іш киімнің екі балағының түйіскен жері. Ау од. Дауыстау, шақыру, дыбыс беру кезінде айтылатын ишарат сөз. 2. Шақыруға жауап ретінде айтылатын ишарат сөз.3.Көпшілікті, біреуді өзіне қарату үшін айтылатын дыбыстық ишарат. 4.Ыза болғандықты, кіжінегендікті білдіретін ишарат сөз. Ау шылау 1.Таңдану, таңырқау мағынасында. 2. Күдіктену, қауіптену сезімін білдіреді. 3.Жорамалдау, топшылау мағынасында. 4. Өкініш, күйініш, реніш сезімдерін білдіреді. 5.Армандау, сағыныш мағынасын береді. Ау ет.1. Қисаю, ауытқу, көліктің қапталысына, я бауырына түсу. 2. Аударылып қалу, құлау. 3. Көшу, мекенін қонысын жаңарту. 4. Белгілі бір шектен, межеден, мөлшерден мезгілден өту. 5. ауыс. Біреуге икемделу, бір нәрсеге қарай ыңғайлану, өзгеру, айну [126. бб,137-139].*

СС жазба ескерткішінде көп мағыналы сөздер бір буынды болып келеді. Өйткені көп мағыналы сөздер басқа буындыларға қарағанда мағыналық жағынан көп өзгереді. Бір байқағанымыз жазба ескерткішіндегі көп мағыналы сөздерді тура мағынасында да, ауыспалы мағынада тіпті екі немесе одан да көп мағыналарда көрініс тапқан. Көп мағыналы сөздердің мағыналық өрісі ескерткіш пен қазіргі қазақ тіліндегі мағыналарымен сәйкес келеді. Ал бұл дегеніңіз қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тілінің тарихи даму жолындағы дәстүрлі сабақтастықты аңғартады.

Лексикологияның ең өзекті саласының бірі **омонимдер**. Омонимдердің өзіне тән қасиеті сөздік құрамының дамып өсуіне әсер етеді де лексикалық қорды байытады. Тіл білімінде дыбысталуы бірдей бірақ мағыналары әр түрлі және мағыналарының өзара байланысы жоқ тілдік бірліктер – омонимдер деп аталады. Омонимдер дыбысталуы бірдей болғанымен мағынасы жағынан мүлдем алыс сөздердің тобын құрайды. Демек, мағыналық байланысы үзілген сөздер – омонимдер. Ал оларды ажырату үшін мағыналық ерекшеліктеріне басты назар аударуымыз керек.

Қазақ тіл білімінде омонимдердің тілдік сипатын түрлері мен жасалу жолдарын алғаш рет ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалым К. Аханов «Қазақ тіліндегі омонимдер» (1958) болатын. М.Белбаеваның «Қазақ тілінің омонимдер сөздігі» (1988) жарық көрді. Аталған еңбегінде К.Аханов омонимдердің құрамының сан алуан болатындығын айта отырып, оларды түбір және

туынды омонимдерге бөледі, ал жасалу жолын, пайда болуын айқындауда ерте замандағы жазба нұсқалар мен туыстас тілдердегі көне формалар бағалы материал бола алады деген тұжырым жасайды. Тіл байлығы сөздік құрамдағы сөздердің саны көп болуымен ғана өлшенбейді, сонымен қатар сөздердің семантикалық байлығымен де өлшенеді. Қазақ тіліндегі сөздік құрамның мол болуының бір көрінісін омонимдік қатарлардан байқауымызға болады. Қазақ тіліндегі сөздік қор мен сөздік құрамды анықтау көне түркі ескерткіштерінен бастау алады. Сөздердің мағыналарының қалыптасу тарихын, олардың ішкі семантикалық құрылымы мен этимологиясын анықтауда көне түркі мұралары мен ортағасырлық жазба ескерткіштердің алар орны ерекше. Сол жазба ескерткіштердегі тілдік деректерге сүйене отырып Ғ.Айдаров «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі», Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томанов «Көне жазба ескерткіштерінің тілі», Қ.Өмірәлиев «Оғыз қаған эпосының тілі», С.Құдасов «Қыпшақ жазба ескерткіші Дана Хикар сөзінің тілі», А.Ибатов «Қутбтың хусрау уа Шірін поэмасының сөздігі», С.Боранбаев «Ескі қыпшақ және жаңа қазақ тілдерінің тарихи қатыстығы», Қ.А.Садықбеков «Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі» (Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди) еңбегінің негізінде, С.Қ.Тәшімбаев «Мұхаббат – наме ескерткішінің (XIV ғ.) лексикасы», тілдік талдаулар жасап, омоним, синоним, антонимдерді анықтаған. Аталған ғылыми еңбектерге сүйене отырып түйгеніміз СС жазба ескерткіштегі омоним, антоним, синонимдік жүйенің пайда болу, қалыптасуы, даму тарихының ұзақ ғасырлық тарихы бар екен. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштегі омонимдерге алғаш назар аударған ғалым Ә.Құрышжанов. «Құманша-қазақша жиілік сөздікте» омонимді анықтаған. С.Боранбаев та еңбектерінде 35 омонимдік қатарды анықтаған. Біздің зерттеу жұмысымызда 89 омонимдік қатардың анықталғандығын айтқымыз келеді.

Омонимдердің пайда болу жолы мен қалыптасу тарихы ұзақ уақыттарды қамтиды. Ұзақ тарихи кезеңдер сөз мағынасының дыбыстық, семантикалық, грамматикалық өзгеруіне алып келеді. Зерттеу жұмысын жазу барысында ескерткіш құрамындағы омонимдік қатарлардың ішкі құрылымының күрделі екендігін байқадық және омонимдік қатар түзетін сөздер біркелкі бола бермейтініне көзіміз жетті. Ескерткішіндегі омонимдердің әр түрлі жолдармен жасалған: 1) түбір және туынды омонимдер; 2) сөздердің әртүрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырап дыбысталуы жағынан сәйкестену нәтижесінде пайда болған омонимдер; 3) басқа тілдерден енген омонимдер; 4) полисемиядан ажыраған омонимдер; 5) мағынасы көмескіленіп қазіргі тілдік қолданыстан шыққан омонимдер; 6) бір сыңары көнерген омонимдер.

Сөз мағынасының өзгеруі, сөздің қордың толығуы мен баюы, жаңа сөздердің жасалуы тарихи құбылыс. Омонимдердің де өзіндік жасалу, қалыптасу тарихы бар. Орта ғасырлық СС жазба ескерткіші мәтінінде омонимдік қатар түзетін сөздер өте көп кездеседі. Әсіресе түбір сөзден құралған омонимдер мол. Бұл омонимдерді ғалымдар «басы ашық – айқын»

омонимдер деп атайды. Біз қарастырып отырған ескерткіш тіліндегі омонимдер құрамы жағынан әр түрлі, оны зерттеу барысында ашуға талпынамыз. Жалпы, омнимия салысын зерттеген ғалымдар К.Аханов омонимдік қатарды 7-ге жеткізсе, ал Ә.Әлметова 11 ге дейін жеткізеді. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште омонимдік қатар 3 ке дейін жеткен.

Ескерткіш тіліде омонимдер құрамына қарай **түбір омонимдер және туынды омонимдер** болып екі түрге бөлінеді. **Түбір омонимдер** ешбір қосымшасыз жасалынады. Мысалы,

Toy (той) I зат. **toyga ündä** (тойға үндә) тойға үнде «шақыр»

Toy (той) II ет. **toyurmen ~ toyurmen** (тоғурмен-тойурмен) тоярмын

Usta (уста) ұста I зат. **bitik ostasi-ustasi** (бітік остасы-устасы) кітап ұстасы

Usta (уст ұста II ет. айырылмау, ұстау мағынасында берілген;

Ulu (улу) ұлы I сын. **ulu ata** (улу ата) ұлы ата

Ulu (улу) ұлы II ет. **böri uluy-dir** (бөрі улуй-дыр) бөрі ұлиды

Qoy (қой) I зат. **siyir sirtı, qoy qoñacı** (сыйыр сырты, қой қоначы) сыйыр сырты, қой арты

Qoy (қой) II ет. **qoyul** (қойғыл) қой, **qoydum** (қойдум) қойдым

Qara (қара) I.сын. **qara küzän** (қара күзән) қара күзен

Qara (қара)II. зат **küçmen qara çinlämish** (күчмен қара чыңламыш) сиыр күшпен ыңыранды

Qari (қары) I зат. **qari vel arşun** (қары немесе аршун) қары немесе аршын

Qari (қары) II ет. **qaridim** (қарыдым)

Qat (қат) I зат. **bir qat** (бір қат) **eki qat** (екі қат)

Qat (қат) II.үст.**qatında** (қатында) қасында **ol alyışli kişi ekinçi keldi yolya frište qatında** (ол алғышлы кіші, екінші келді йолға фриште қатында) алғысты кісі періштенің қасына екінші рет келді

Qur (қур) қур I зат. **altun qur** (алтын қур) алтын құр, **qur vel belbay** (қур белбау) құр белбау

Qur (қур) қур II ет. **qurultay qurar** (қурултай қуар) құрылтай құрар, **yay qurar** (йай қуар) жай құрар

Tüz (түз) I зат. **avlaç > avlaq vel tüz** (аулақ > авлақ немесе түз) аулақ немесе түз

Tüz (түз) II сын. **tüz** (түз) түзу, **tüzrek** (түзрек) түзуірек

Sin (сын) I зат. сын сынтас

Sin (сын) II ет. **tavlarniñ tavi sendän kişi kesmeyin sindi** (тавларның тавы сендін кіші кесмейін сынды) адамдар таудан тауды қиып өтпесе де таулар құлап жатты

Siy (сый) I зат. сый **siy tabuñni qılalim** (сый табухны қылалым) сый табағын жасадым

Siy (сый) II ет. сый ет., **siyarmen** (сыйармен) сиярмын

Sarxit (сархыт) сарқыт I зат. сарқыт

Sarxit (сархыт) II ет. **sarxitir** (сархытыр) сарқыт

Taң (таң) I зат. **taң ertä** (тең ертә) таң ерте

Taң (таң) II ет. **taңyil** (таңғыл) таң

Үш сыңарлы

Ot (от) I зат. мысал: **ol, ot-dür** (ол от -дыр) ол от

Ot (от) II зат. **otlar** (отлар) шөптер

Ot (от) III зат **otlar** (отлар) дәрілер

At (ат) I зат. төрт түлік малдың бірі: **at köşürüklärmen** (ат көшүрүкләрмен) ат баптап жатырмын

At (ат) II зат. есім, титул: **atni** (атны) аты, **atlar** (атлар) аттар

At (ат) III ет. бір затты лақтыру мағынасында қолданылатын болған.

Tik (тік) I сын., **tik ayaç** (тік ағач) тік ағаш

Tik (тік) II ет., **tikkil** (тіккіл) тік, **tiktim** (тіктім) тіктім

Tik (тік) III ет. **teräk tik** (терәк тік) терек тік

Ay (ай) I зат. астр. **ol, quyaş, ay, yulduz** (ол күн, ай, йулдуз) ол күн, ай, жұлдыз

Ay (ай) II зат. **toғuz ay kim sendä qondï** (тоғуз ай кім сендә қонды) тоғыз ай кім сенде қонды

Ay (ай) III од. **ay sen** (ай сен)

Туынды омонимдер белгілі бір негізгі түбірге аффикс қосылу арқылы, омонимдес жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалынған омонимдес сөздерді туынды омонимдер деп атайды. Омонимдес жұрнақтардың бірнеше түрі бар. Қазіргі қазақ тіліндегі **ашық** сөзінің омонимдік қатары **аш** омонимдес түбірге – **ық** қосымшасының жалғануы арқылы туынды омонимдік қатардың жасалынғанын төменде келтірілген мысалдан байқаймыз.

Жазба ескерткіште бірқатар туынды омонимдер қатарын кездестірдік. Жазба ескерткішінен **ашуқ** және **erik** сөздерінен құралған омонимдік қатарларды байқаймыз.

Ашуқ (ашуқ) ашық I сын. переселение, переезд **ашуқ ай** (ашуқ ай) ашық ай

Ашуқ (ашуқ) II зат. араб., ғашық мағынада берілген. Осы омоним «Қазақ тілінің омонимдер сөздігінде» **ашық** омонимдік қатарының төрт мағынасын көрсеткен. Қазіргі қазақ тілінде осы «ашық» сөзінің бірнеше қатарға көбейгенін көреміз. Мысалы,

Ашық I сын. Аузы, есігі, төбесі немесе үсті жоқ, жабылмаған. Зейнеп тұратын бөлменің терезесі ашық (Ө.К.)

Ашық II зат. поэт. ғашық. Екі ашықтың міне сыры, Қанбаса да құмары. Көл шетінде қалды бірі. Тағы кетіп сыңары (С.С.)

Ашық III ет. Тамақтан тарыңу, аштық күйге ұшырау, қарны ашу. Ашыққан түлкі ұмтылды. (С.Ж.)

Ашық IV сын. Жайдарлы, көңілді, тұйық емес. Осы бір минуттарда үйге келген Қамбар ашық жарқын емес еді. (Қ.О.) [133,б.39].

Үш сыңарлы омонимдерді де кездестіреміз.

Erik (ерік) I ет. **eriktim** (еріктім) **erigirmen** (ерігірмен) ерігермін

Erik (ерік) II зат. көк өрік

Erik (ерік) III зат. тері

Yeñil (жеңіл) I сын. **yeñil köñül bile** (йеңіл көңүл біле) жеңіл көңілді, **yeñil qılıxlı kişi** (йеңіл қылықты кіші) жеңіл қылықты кісі

Yeñil (жеңіл) II ет. **yeñilmen** (жеңіл)

Байқағанымыздай, тілдегі түбір және туынды омонимдердің жасалу тарихы көне дәуірлерден бастау алады. Қазіргі қазақ тілі түбір омонимдерге өте бай. Туынды омонимдер түбір сөзге омонимдес аффикстердің жалғануы арқылы жасалынатын омонимдерді айтамыз. Туынды омонимдер жасайтын омоаффикстердің қатарына есімдіктердің - с (-ыс,-іс) аффиксі мен етістіктердің (ортақ етіс) - с (- ыс, -іс); есімдіктердің - қ (-қ, -ық, -ік) мен етістіктердің - қ (-қ, -ық, -ік) аффиксі; есімдіктердің - н (-ын, ін) және етістіктердің (өздік етістіктің) - н (-ын, ін); есімдіктердің - лас (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес) аффикстері мен етістіктердің - лас (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес) аффикстерін айта аламыз. Туынды омонимдер сөздік құрамды байытуда айрықша қызмет атқаратыны белгілі. Бір сөзге омонимдес аффикстер жалғану арқылы бірден екі сөз жасалынып, олар тілдің сөздік құрамын байытып отырады.

Тіл білімінде омонимдердің тілдік табиғатын қарастыру қашанда өзекті мәселелердің бірі. Омонимдердің өзіндің қалыптасу тарихы бар. Зерттеу барысында омонимдердің ішкі құрылымының күрделі болып келетінін аңғардық. Омонимдерді ажырату барысында ескерткіш мәтініндегі контекстке қатысты анықтай отырып, омонимдердің семантикалық мағыналарын басты назарда ұстадық десек те болады.

Омонимдер өз ішінде толық (лексикалық), жартылай (лексика-грамматикалық) және аралас омонимдер болып бөлінеді. Лексикалық омонимдер деп бір сөз табынан жасалынатын дыбысталуы бірдей мағынасы әртүрлі сөздердің тобын айтамыз. Демек бұлар **лексикалық тәсіл арқылы жасалынған омонимдер**. Мысалы, **қол** сөзі бірнеше мағынаны білдіреді. **Қол** I зат. адамның дене мүшесі; **Қол** II зат. көне. Әскер, жасақ, жауынгер; **Қол** III зат. көне. Жөн, ыңғай, лайық [133,бб.139-140]. Лексикалық тәсілмен жасалған омонимдерге:

Qan (қан) I зат. **qan** хан мағынасында: **qan qatonı** (қан қатоны) хан қатыны

Qan (қан) II зат. **qan** (қан) қан адам денесіндегі сұйықтық

Qabaq (қабак) I зат. **qabaq** (қабак) асқабак

Qabaq (қабак) II зат. қабак (есік, дарбаза) мағынасында берілген: **tamuḡ qabaqini buzup, tutyunlarni sen qutqardiñ** (тамух қабақыны бузуп, тутғунларны сен қутқардың) тамұқ қабағын бұзып, тұтқындарды сен қутқардың

Öpkä (өкпә) өпке I зат. **öpkä** (өпкә) соматикалық атау

Öpkä (өкпә) өпке II зат. **öpkä** (өпкә) өкпе, реніш

Saz (саз) I зат. **sazün vel saz** (сазүн немесе саз) сазын немесе саз

Saz (саз) II зат. **kir yuqturmay sazğa tüsti** (кір йуктурмай сазға түсті) кір жұқтырмай сазға түсті

Qula (қула) құла I сын. **qula...qara qula uvşar – dīr** (қула...қара қула уксап тур) қара құлағ ұксап тұр

Qula (қула) құла II сын, **qula** жапан түз, мекен-медиен, айдала мағынасында: **qula tüz** (құла түз)

Жартылай (лексика-грамматикалық) омонимдер деп әртүрлі сөз табына қатысты болып келетін омонимдік қатар. Лексика-грамматикалық омонимдер қатарын көбінесе зат есім мен етістіктер, сын есімдер мен етістіктер түзеді. Мысалы, **қара** сөзінің бір мағынасы заттың түсін біліріп сын есім тұлғасында келсе, екінші мағынасы іс-қимылды білдіріп етістік тұлғасында келеді. Б.Сағындықұлының тұжырымдауынша есімдік пен етістіктен, зат есім мен сын есімнен, үстеу мен зат есімнен құралған жартылай омонимдер өте аз кездеседі [134, б.57].

Лексико-грамматикалық омонимдер

Art (арт) I сын. **art Ol, it-dir, avzun artına soxup uyur** (ол, іт-дір, авзун артына сохуп уйур) ол ит аузын артына сұғып ұйықтап жатыр, **artında** (артында)

Art (арт) II ет. **artqil** (артқыл) арт, **artim** (арттым) арттым, **artarmen** (артармын) артармын

Aya (айа) ая I зат. алақан

Aya (айа) ая II сын. аяу **ayadi** (аяды)

Kir (кір) I сын. кір, лас: **kir yuqturmay** (кір йуктурмай) кір жұқтырмай

Kir (кір) II ет. кір, кіру: **ämgäk ölümgä azam yolunča tilep kirdi** (әмгәк өлүмгә азам йолунча тілеп кірді) қиын өлімді адам өз еркімен тілеп кірді.

Kez (кез) I зат. кез, уақыт **bir kez bir alyişli kişi yolğa bardı** (бір кез бір алғышлы кіші йолға барды) бір кез бір алғысты кісі жолға барды

Kez (кез) II ет. **kezermen** (кезермен) кезермін

Аралас омонимдерде үш сөздің дыбысталуы бірдей болып келіп, олар өзара толық (лексикалық) және жартылай (лексика-грамматикалық) омонимдер қатарынан, аралас омонимдер үш сыңардан, төрт сыңардан, кейде одан да көп сыңарлардан тұрып, омонимдік қатар түзеді. Яғни оларды көп сыңарлы омонимдер деп те атауға болады. Мысалы, кеш сөзінің бес мағынасы бар.

Кеш I зат. ымырт жабылып, қараңғы түсіп, қас қарайған мезгіл. Қас қарайды, күн кеш болды (Т.Ж.)

Кеш II зат. көбінесе кешке қарай болатын ойын-сауық, жиын-той, жиналыс. Атақты адамдармен кездесу кешін өткізді («Халық мұғ.»)

Кеш III үст. кейін, соң. Ағай сол күні жұмыстан кеш оралды (Ә.Бүр.)

Кеш IV ет. кешірім ету, ғафу ету. Кәнілама, кеш мені (М.Ә.)

Кеш V ет. суды, қарды, құмды және т.б. жаяу яки көлікпен кешіп өту, қиын-қыстау жағдайды бастан өткізу. Жолаушы күрең суды кешіп өтті (Т.Ә.) [133, б.112].

Аралас омонимдер:

Kör (көр) I зат.көр (адам қайтыс болғанда жататын жәй)

Kör (көр) II сын көр

Kör (көр) III ет көр **körgil** (көргіл) көр

Et (ет) I зат. **böksemen et** (бөксемен ет), **tiş eti** (тиш еті)

Et (ет) II шыл. **et** және деген мағынада **altunçi et temirçi** (алтунчы және темірчи) алтыншы және темірші

Et (ет) III ет. **et** (ет) **etkil** (еткіл) ет, **ettim** (еттім), **etärmen** (етәрмен) етермін

Tuñ (түс) I үст. **tuñ** (түш) түс, түскі уақыт

Tuñ (түс) II зат., **tüñ körgil** (түш көргіл) түс көр, **tüñ körärmen** (түш көрәрмен) түс көремін

Tuñ (түс) III ет. **tüñ vel yïyil** (түш немесе йығыл) түс немесе жығыл, **örtlik tamuqqa tüşerler** (өртілік тамуққа түшерлер) өртті тамуққа түсті.

Yüz (йүз) жүз I зат. **yüz** (йүз) жүз, **yüzün körä olturup turdiñ** (йүзүн көрә өлтуруп турдың) жүзін көргенде өлтіріп тұрдың **er yüzüni heç körmägän** (ер йүзүн heч көрмэгән) ердің жүзін еш көрмеген. Бұл мысалдардан жүз сөзінің, заттық ұғымда қолданылып, адамның бет-әлпетін сипаттап тұрғанын аңғарамыз.

Yüz (йүз) жүз II сан. **...yüz miñ qurla yarıq bolsa edi...** (...йүз миң қурла уарық болса еді...) жүз мың құрлы жарық болса еді...

Yüz (йүз) жүз III ет. **yüz** (йүз) жүз, суда жүзу **yüzgil** (йүзгіл) жүз, **yüzärdäm>yüzdım** (йүзәрдәм>йүздім) жүздім

Жазба ескерткіштегі омонимдерді жинақтап жүйелей келе, олардың жасалуының тарихына, құрамы мен құрылымының әр түрлі болатынына көз жеткіздік. Және олар қазіргі қазақ тілінде де кездеседі. Бір байқағанымыз ескерткіш тіліндегі омонимдердің кейбір қатарлары кірме сөздерден тұрса, ал кейбірінің мағынасы көмескіленіп, сөздік қордан шығып қалған. Сондай-ақ, кейбір сөздер тілдің даму барысында белгілі бір **фонетикалық өзгеріске** ұшырап, соның нәтижесінде тілдік қолданыста бұрыннан бар екінші бір сөзбен бірдей дыбысталып омонимдік қатар түзеді. Осындай дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде пайда болған омонимдерді дыбыстық өзгеріс, дыбыстық алмасулар нәтижесінде пайда болған омонимдер дейді. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде **біз** сөзі омонимдік қатар түзеді. **Біз** сөзінің бірінші мағынасы есімдік болса, келесі бір мағынасы ине түрінің атауы ретінде заттық мағынаны білдіреді. **Біз** сөзі тілдік даму барысында етік тігетін **бігіз** сөзінің құрамындағы дауыссыз дыбыстың түсіп, сөздердің ортасындағы і,і дыбыстарының бірігіп кетуінен пайда болған. Қазақ халқында «Ділмардың сөзі - ұстаның бізінен өткір» деген мақал бар. Бұл сөз өзге түркі халықтарында да кездеседі. Мысалы, **біз** ұйғыр тілінде **бегиз**, өзбек тілінде **бигиз** болып айтылады.

С.Аманжолов өзінің «Вопросы диалектологии» атты еңбегінде **біз** сөзін мүйіз сөзінен шыққан дей келе, м – б, ү – і дыбыстары алмасқан (біз-бігіз-мігіз-мүгіз-мүйіз) деп тұжырымдайды [12,б.32]. Бігіз сөзі қазіргі қазақ тілінде оңтүстік аймақтарда әлі күнге дейін қолданыста бар сөз. Орта ғасырлық СС жазба ескерткішіндегі сөздікте **біз** сөзінің екі мағынасы берілген. Омонимдер сөздігінде де бұл сөздің екі қатары беріледі.

Biz (біз) I зат., біз тігіншілер, етікшілер, ағаш ұсталары қолданатын қатты заттарды тесуге арналған құрал. Жоғарыда атап өткендей, **біз** сөзі бігіз сөзінің фонетикалық өзгеріске түсуінен қалыптасқан.

Biz (біз) II жіктеу есім. **bizdän >biziñ** (біздән – бізің) бізден-бізің, **bizni** (бізні) бізді.

Жазба ескерткішіндегі діни мәтіндерде **біз** омонимдік қатардың есімдік тұлғасына мысалдар кездеседі. Мысалы: **biz barčalarnı ündetti toyğa** (біз барчаларны үндетті тойға) біз барша жұртты тойға шақырдық, **kim biz ol yol bile barsaq** (кім біз ол йол біле барсақ) біз кімбіз ол жолды біле барсақ, **mindiñ haçqa kim bizdä minäli** (міндің хачқа кім біздә мінәлі) крестке міндің, бізде мінейік

Сөздердің әртүрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде пайда болған омонимдер қатарын ескерткіштен жиі кездестіреміз. Сөздердің әртүрлі фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбысталу жағынан сәйкес келуі тіл дамуының тарихында омонимдік қатарларды тілдік қолданысқа алып келді. Мысалы, сөз соңындағы **ш/с** дыбыстарының алмасуы арқылы жасалынған омонимдік қатар кездеседі.

Aş (аш) ас I зат. адам баласының қоректік заты, тамағы. Мысалы, **aş berümen** (аш беремін) ас беремін, **aş vaqtı** (аш уақыты) ас уақыты

Aş (аш) ас II ет. **aş** (аш) таудан ас, белесті ас. Ескерткіште, **qaçan ol kişi aştı, ol frişite ekinçi keldi ol kişi qatında** (қачан ол кіші ашты, ол фриште екінші келді ол кіші қатында) әлгі адам өтіп кеткенде, періште оған тағы да жақындады

Келесі омонимдік қатарлар сөз басында **у/ұ**, сөз ортасында **ш/с**, сөз аяғында **х/қ** ауысулары нәтижесінде жасалынған. Мысалы, ескерткіште ұсақ сөзінің екі мағынасы берілген:

Aq-aq (ақ-ақ) I сын. **aq küymeniñ avzu yoq** (ақ күйменің авзу йоқ) ақ күйменің аузы жоқ

Aq-aq (ақ-ақ) II ет. **aq käsärtkiçe sarı altun aqmış** (ақ кәсірткіче сары алтун ақмыш) кесерткеше сары алтын ақты

Uşax (ұшах) ұсақ I сын. майда, ұсақ дегенді білдіреді. **ötmäknıñ uşaxı** (өтмәкнің ушахы) нанның ұсағы

Uşax (ұшах) ұсақ II зат. өсек мағынасында: **uşaxçı bolmayıl** (ушахчы болмағыл) өсекші болма, **ol sözniñ uşayın** (ол сөзнің ушағын) сөздің майдасы.

Ұсақ сөзі діни мәтіндерде **ötmäknıñ uşaxı** (өтмәкнің ушахы) нанның ұсағы деген **uşaxçı bolmayıl** (ушахчы болмағыл) өсекші болма, **ol sözniñ uşayın** (ол сөздің ушағын «майда сөз», «ұсақ сөз») деген мысалдармен көрініс тапқан.

Сөз басында **й/ж** алмасуы нәтижесінде де омонимдік қатарлар түзілгенін жазба ескерткішінен көре аламыз.

Yay (йай) жай I зат. жаз мезгілін білдіреті мысалы; **bir uçu qış qışlar, bir uçu yau yaylar** (бір учу қыш қышлар, бір учу йай йайлар) бір ұшы қыс қыстар, бір ұшы жаз жайлар,

Үау (йай) жай II ет. жаю (малды жай) **уаууїл** (йайғыл) жай, **уаудум** (йайем) жайдым, **уауармен** (йайармен) жаярмын

Үау (йай) жай III зат. **уау** (йай) жай, садақ, **уау қуармен** (йай қуарармын) жай құрармын

Үалін (йалын) жалын I зат. оттың лапылы мағынасында

Үалін (йалын) жалын II ет. жалынып-жалбарыну **уалінурмен** (йалынур мен) жалынармын деп берілген.

Үағ (йағ) жас I сын. **tirilmäk vel yaғ** (тірілмәк вел йағ) тірілмек немесе жас,

Үағ (йағ) жас II зат. **tıyalman yaғımdı** (тыйалман йағымды) жасымды тыйалмадым

Үав (йағ) жақ I зат. жақпа май **qoz yaғı** (қоз йағы) қоз жақпасы

Үав (йағ) жақ II ет. **qar yaғdı** (қар жауды).

Үең (йең) жең I зат. жең, киімнің жеңі,

Үең (йең) жең II ет. жең **yeңgil** (йеңгіл) жеңгіл, **tuşmanımızni yeңdi** (тушманымызны йеңді) дұшпанымызды жеңдік,

Сөз аяғында **ч/ш** алмасуы:

Уч (уч) ұш I үст. соңы **ханліхїнің учу болмағуау** (ханлыхының учу болмағай) хандығының ұшы болмағай

Уч (уч) ұш II ет. учу **uçqıl** (учқыл) ұшқыл, **sen uçmişley yürüp barçalarnı ozdıñ** (сен учмышлей йүрүп барчаларны оздың) сен ұшып жүріп баршалардан оздың

Ач (ач) аш I сын. **aç – turmen** (ач-турмен) ашпын, **aç bol** (ач бол) аш бол

Ач (ач) аш II ет. **açtıñ > açqıl** (ачтың>ачқыл) аштың > ашқыл, **ol, eşik açsa, ot körüngän-dir** (ол, ешік ачса от көрүнгән -дір) ол, есік ашса, от көрінді.

Сөз аяғында **ғ/қ** алмасуы нәтижесінде:

Бағ (бағ) бақ I зат. жүзімдік **baғ vel borla** (бағ вел борла) бау немесе борла

Бағ(бағ) бақ II ет. қара, бақ мағынасында: **baғqıl** (бағқыл) бақ, **baғtim** (бағтым) бақтым, **baғармен** (бағармен) бағармын.

Сөз ортасында **ғ/у**:

Ауыр (ағыр) ауыр I сын. **ayır qılı** (ағыр қылы) ауыр қылды,

Ауыр (ағыр) ауыр II ет. **ayırdum** (ағырдум) ауырдым, **köñil ayırmaqı > ayırmaq** (көңіл ағырмақы-ағырмақ) көңілі ауырмақ,

Сөз аяғында **в** дыбысының түсіп қалуы:

Був (був) бу I зат.бу **alan-qulan buv>tuv turur...** (алан – қулан був>тув турур) алан – құлан бу тұрды

Був (був) бу II ет. **buvармен** (бувармен)

Тув (тув) ту I зат. **aläm vel tuv** (аләм вел ту) аламан немесе ту

Тув (тув) ту II ет. **toғармен>tuvармен** (тоғармен > тувармен) тувлармын > тувылдым

Сөз басында **і/и** алмасуы

It (it) ит жазба ескерткіште бұл тілдік бірлік омоним ретінде кездеседі,
It (it) ит I зат. үй жануары, **it iñraydır** (it ыңырай-дыр) ит ыңрайдыр, **it ürdi, men tuydım** (it үрді мен туйдым) ит үрді мен туйдым

It (it) ит II ет. **itip itip iñyalmaz, iñindägi çayçalmas** (itip-itip ырғалмас, ішіндегі чайхалмас) итерсеңде ырғалмас, ішіндегі шайқалмас

Тіліміздегі бірқатар омонимдер кірме сөздердің тілдегі бұрыннан бері қолданысты бар сөздермен бірдей дыбысталып омонимдік қатарларды құрайтыны да белгілі. Мысалы, орыстың **волость** сөзі қазақ тілінде **болыс** (ел басқарудағы қызмет түрі) болып өзгеріске түсіп, **болыс** (жәрдемдес, көмектес) деген етістік тұлғалы сөзбен омоним құрайды. Өзге тілден сөздердің қазақтың төл сөздерімен дыбысталуы бірдей болуының нәтижесінде де омонимдік қатар түзілетінін орта ғасырлық СС жазба ескерткішінен байқаймыз. Мысалы:

Sabur (сабур) сабыр I зат. **neçe köp sabur eter teñri üçün** (нече көп сабур етер теңрі учун) Тәңірі үшін көп рет сабыр етер

Sabur (сабур) сабыр II зат. алоэ мағынасында берілген.

Sir (сыр) сыр I зат. **sirin barça bilgen** (сырын барча білген) сырын барша білген.

Sir (сыр) сыр II ет. **sirrimen** (сырымен) сырамын

Жазба ескерткіштен бір мағанасы көнерген сөзден жасалған омонимдерді де кездестіреміз. Мысалы, жазба ескерткіште ел омонимдік қатарының бір сыңары **el** (ел) көне түркі тілінде қол мағынасын да берген. Қазіргі таңда ел сөзінің қол мағынасындағы тұлғасы тілдік қолданыста жоқ.

El (ел) ел I зат. **el vel qol** (ел вел қол) ел немесе қол, **elim silaydır** (елім сыйлайдыр) қолымды сылады.

El(ел) ел II зат. ел-халық **ol sözni ayttı da džanin Teñri eline berdi** (ол сөзні айтты да джанын Теңрі еліне берді) ол сөзін айтты да жанын Тәңірі еліне берді, **bügün toydı barça elni qutqardaçı** (бүгүн тоғды барча елні қутқардачы) бүгін барша елді құтқарушы туылды

Yek (йек) жек I зат. шайтан. ДТС., jek – демон [68, б.270]

Yek (йек) жек II. ет. жек

Tin (тын) тын I зат. **tin vel džan** (тын вел джан) рух немесе жан **ol, tin** (ол рух) ол рух,

Tin (тын) тын II сын. **tin boldi** (тын болды) тыныш болды, **tin yer** (тын йер) тың жер

Tin (тын) тын III ет. **tinarmen, baxtli džaniñ andan tindi** (бақытты жаның тынды).

Uv (ув) I Аңшылық, аулау;

Uv (ув) II сындыру, майдалау, **uvyil da çozyil** (увғыл да чозғыл) сындыр да соз

Iy (ый) йй I сын. **ol – et üstündä kelepan anıñ džanı astrı arı-dur dayı yaqşı iyir Teñri alında** (ол – ет үстүндә келепан аның джаны астры ары-дур дағы йақшы йыйыр Теңрі алында) ал басқа біреуінің денесі алапес, бірақ тәні құдай алдында қасиетті және хош иісті

İy (ый) II ет. **ïdmağa-ïymağa** (ыдмаға-ыймаға) рұқсат ету, жіберу, **ïyüil** (ыйғыл) жібер,

Лахан (лахан) II капуста

Лахан (лахан) II жуынуға арналған ыдыс

Öv (өв) үй I зат. үй: **ave arı Tinniñ övi qayda** (аве ары тынның өви қайда) аве таза рухтың үйі қайда

Öv (өв) өб II ет. өб **övsin seni džanlarımız** (өвсін сені джанларымыз) сені жанымыз өбсін

Қорыта келе, омонимдердің пайда болуы мен қалыптасуы ерте түркілік заманнан бастау алатынын ұқтық. Тілдің қалыптасу тарихында болып жататын көптеген құбылыстар сөздік қордың дамуына алып келеді. Тарихи даму барысында омонимдердің әртүрлі жолдармен жасалынып, бүгінгі таңда тілдік қолданысқа енгені анықталды. Тіл тарихындағы семантикалық даму және сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырап, дыбысталуы жағынан сәйкес келуі нәтижесінде омонимдік қатарлар пайда болған. Зерттеу басында байқағанымыз, кейбір сөздер көнеріп омонимдік қатар түзсе, ал кейбірінің жаңа мағынаға ие болып омонимдік қатар түзген. Басқа тілден енген кірме сөздердің әсері негізінде де омонимдік қатарлар түзілген. Түбір мен негіздерге омонимдес жұрнақтардың жалғануы арқылы да тілдегі омонимдік жүйе дамып, сөздік құрам байып отырған.

Сининомдер формасы мен мағынасы жағынан омонимдерге қарама-қарсы тілдік бірліктер болып табылды. Қазақ тіл білімінде алғаш рет синонимдер қарастырған және «Қазақ тіліндегі синонимдер» атты монографияны жазған ғалым Ә.Болғанбаев болатын. Кейінен бірқатар лингвисттер Б.Сағындықов, М.Серғалиев, С.Бизақов, Қ.Сарекеновалар синонимдердің тіл біліміндегі орнын анықтап бірқатар зерттеу еңбектерін жүргізген. Ә.Болғанбаевтың «Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер» (1957) және «Қазақ тіліндегі синонимдер» (1970), М.Серғалиевтың «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы», С.Бизақовтың «Варианттылық және әдеби норма» (2000), «Синонимдер сөздігі», 2005 жылы қайта өңделіп, толықтырылып қайта басылған С.Бизақов, Ә.Болғанбаев, Ш.Дәулетқұловтың «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» (2005) еңбектері тіл білімі саласындағы әлі күнге дейін маңызын жоймаған құнды еңбектер болып табылады. Өз еңбектерінде синонимдердің пайда болу жолдарын тыңғылықты зерделеген ғалым Ә.Болғанбаев синонимдердің пайда болуының бірнеше тиімді жолдарын атап көрсетеді. Оның тұжырымдауынша, синонимдер көп мағыналы сөздер арқылы, сөз тудыру тәсілі арқылы, кірме сөздер мен диалект сөздердің есебінен, фразалық тіркестер мен жеке сөздердің алмасуы және эвфемизмдер арқылы пайда болып, дамып отырған. Синонимдердің пайда болуы адамзаттың ой-танымының ерекшелігімен, оның көңіл-күйі мен коммуникативті қажеттілігімен байланысты.

Синонимдер-тіл байлығының көрсеткіші, сөздік қордың асыл қазынасы, сондай-ақ лексиканың күрделі саласы болып есептеледі. Орайы келгенде айта кету керек, қарастырып отырған жазба ескерткіштегі

синонимдерді қарастыру барысында синонимдердің тіл тарихымен бірге дамып, сөздік құрамға тән ортақ заңдылықпен өзгеріп, байып отырғанын байқадық.

Жалпы ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштері синонимдерді «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбегінің авторлары қыпшақ тілінің ескерткіштерінде синонимдік қатарлар екі немесе оданда көп сөзден жасала беретінін айтады. «Мысалы: *көк, салам, саман* (шөп шалам), *көп, үгіш, иелім, йол* (көп) т.б. олар қолтума сөзден де кірме сөзден де бола береді. Мысалы, *ашкере, туйана*, сөздерінің бірі (ашкере) парсы тілінен алынған да, екіншісі (туйана) түркі тіліндегі қолданыс. Ол екеуі бірігіп, ашкере деген мағына беретін синонимдік қатар түзеп тұр [135.б,267] дейді. Авторлар синонимдердің мағыналық жағынан да қыпшақ тіліндегі синонимдер әр алуан болып келетінін айтады. Мысалы, «а) эмоционалдық мәні бар синоним сөздер: *үн, саз*, (үн, саз), *татлы, чевук* (тәтті), *тоғру, көнү* (тура, әділ), *ыймыш, сасымыш* т.б., б) әлеуметтік мәні бар синоним сөздер: *йарлы, йоқшыл* (жарлы, жақыбай), *артум, көп* (артық, көп), *тегме, барча* (барша, көпшілік) *тірілмек, йаш* (тірі адамдар), *сатуқ, сатмақ* (сатылатын нәрсе); б) логикалық мәні бар синоним сөздер: *ус, ақыл* (ақыл-парасат), *бойа, рең* (баяу, рең), *йазармен, чызармен* (жазармын, сызармын) деп бөледі [135.б,268]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткішіндегі синонимдерді түркітанушы С.Боранбаев «Эски қыпшақ жана қазақ тилдеринин тарыхый қатыштығы» еңбегінде алғашқы болып, 32 қатырын анықтаған [24.б,142], ал біз зерттеу жұмысымызда 127 синоним сөз бар екендігін анықтадық. Түрік ғалымдары М.Аргуншах пен Г.Гунер ескерткіш тілінде синоним сөздердің өте көп екенін байқаған және бірнеше тізімін бере отырып: «СС жазба ескерткішінің артықшылығы да осы синонимдердің көп болуында» [47,б.40] дейді.

Синонимдер айтылуы әртүрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын сөздердің қатары. Синонимдер кемінде екі сөзден келеді, кейде тіпті одан да көп болуы мүмкін. Тілдің даму тарихына көз жүгірсек синонимдік қатарларды көне түркі жазба ескерткіштерінен бері қарай тартуымызға болады. Академик Ғ.Айдаров «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» еңбегінде бірнеше синонимдерді ажыратып *көңіл-үйрек, еб-барқ, чаб-сөз, күн-йашуқ, жазық-кінә, ием-аш-ас, бүгү-алп, алып, батыр, амрақ-еш (дос), қадғу-буң (қайғы-мұң,) ағыт-бошат(босат)* сөздердің мағыналық жақтарынан дамып, олардың қосымша мағынаға ие болуы, тілде синонимдердің жасалуына ықпал етеді» [136,б.48] дейді. Бұдан түйгеніміз синонимдердің жасалу тарихы тым тереңнен бастау алады екен.

Зерттеу барысында ескерткіш тілін қарастыра келе, синонимдік қатардағы бірліктердің кейбірінің мағыналық та, тұлғалық та еш өзгеріске түспей қазіргі уақытқа дейін жеткенін аңғардық. Және құрамында кірме сөздер бар, тіпті мағынасы да көнерген синонимдік қатарлар да, фонетикалық айырмашылығы да барында кездестірдік. Сондай-ақ әр түрлі сөз табынан да жасалынғанын байқауға болады. Орта ғасырлық СС жазба ескерткіші тіл ерекшелігі жағынан қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің орта

ғасырлық қалпын көрсетеді. Жазба ескерткіш тілін зерттей келе, қазіргі қазақ тілінің лексикалық сөздік қорының қалыптасу, даму тарихы сол заманмен тығыз байланысты екендігіне көз жеткіземіз. Сол себепті де тіл тарихын зерттеуде, жалпы қазақ тілінің қалыптасу тарихын зерделеуде СС ескерткішінің алар орны ерекше. Лингвист Ә Болғанбаев: «Қазақ тілі синонимге өте бай тіл. Синоним кездеспейтін бір де бір сөз табы жоқ. Барлық сөз табынан да синонимдер табылады. Алайда сан мөлшері жағынан келгенде әр сөз табының синонимге молшылығы әрқалай. Әрбір сөз табының синонимдік байлығы олардың санымен ғана өлшеніп қоймайды, бір қатарға топтасқан сөздердің санымен де белгіленеді» дейді [16,б.48]. Мұны қазіргі қазақ тілінің өзегі болған жазба ескерткіш тілін қарастыру барысында көз жеткіземіз.

Синонимдердің өзіне тән бірнеше ерекшеліктері бар. Олардың мағыналары жақын, үнемі бір сөз табынан болуы қажет. Синонимдер көбінесе зат есімнен (кесікін, пішін, бейне, мүсін), сын есімнен (әдемі, сұлу, көрікті) және етістіктен (айту, жеткізу, сөйлеу, хабарлау) жасалынады. Синонимдік қатар кей жағдайда үстеулерден (шапшаң, тез, дереу, жедел, лезде), есімдіктерден де (барлық, барша, түгел, бүкіл, күллі, тегіс) жасалынады. Қ.Сарекенованың айтуынша синонимдік қатарлар шылау сөздер (алайда, бірақ, дегенмен) мен одағайлардан да (қайран, шіркін, есіл, дариға, әттең) түзіледі [137,б.46]. Жалпы синонимдер екі сөздің сырт формасы мүлдем басқа болып келген сөздерден болуы мүмкін. Мысалы, адам-кісі; ел-халық; үлкен-зор т.б. Кей жағдайда синонимдік қатарға енген сөздердің бірлі-екілі сөздері ғана фонетикалық өзгеріске ұшырап түзіліп жатады. Мысалы, мағлұмат-мәлімет т.б. Синонимдік қатарлар кейде сөз түбіріне қосымшалар қосылып, негізгі түбір мен туынды түбір біріне-бірі синоним бола алады. Мысалы, жара-жарақат; ағын-ағыс т.б. Синонимдердің жасалу жолын қарастыра келе Б.Сағындықов: «а) сөз мағынасының даму нәтижесінде (көп мағыналы сөздер мен омонимдерден) пайда болған синонимдер; б) сөзжасам тәсілдері арқылы (жұрнақтар мен сөздердің күрделенуі арқылы) пайда болған синонимдер; в) кірме сөздер арқылы (моңғол, араб, иран, орыс сөздері арқылы) пайда болған синонимдер; г) диалектизмдер мен кәсіби сөздердің есебінен; д) фразеологизмдердің есебінен; е) табу, эвфемизмдер мен дисфемизмдердің есебінен жасалынған синонимдер деп бөліп қарастырады. Сонымен қатар, ғалым синонимдердің түрлерін мағыналық синонимдер, стильдік синонимдер, мағыналық-стильдік синонимдер деп үш топқа бөліп жіктейді [134,бб.66-74]. Біз қарастырып отырған ескерткіш тіліненосы синонимдердің барлығын толық кездестіруге болады. Мысалы,

абауа (абаға) – **ауа** (аға) синонимдік қатарын бар. Бұл синонимдік қатардағы сөздер ананың ағасы, әке жағынан жасы үлкен кісі немесе жасы үлкен адамға айтылатын тілдік бірліктер ретінде қолда нылады. Бұл сөздің орта ғасырларда Р.Сыздық: «Қайткенде де өткен кезеңдерде аға сөзі «жасы үлкен ер адам» деген тура мағынасымен қатар «бас, басшы, ел (ру, тайпа,

халық) басшысы, әскери басшы (қолбасы) деген ауыспалы мағынада да жиі қолданылып, терминдік сипатқа ие болған сөз екенін көреміз» [106.б,15] дейді. Бастапқыда жасы үлкен бауырға айтылған сөз, кейінірек ауыспалы мағынада әскери адамға және ел басқарушы адамға да айтылып, мағынасының кеңейгенін көреміз. ҚӘТС: аға сөзіне төмендегідей анықтама берілген: **Аға** зат.1. *Туыстас ер адамдардың жас жағынан үлкені*; 2. *Жалпы жасы үлкен ер кісіге қарата айтылған сөз*; 3 ауыс. *Ақылышы, басшы, жетекші*; 4. *Қызмет дәрежесі, лауазымы үлкен, жоғары адам*; 5. *Мекеме, ұйым, жиналыс бастығы, басқарушы* [132.б,58]. Ал **abaya** сөзінің түбірі **ab** туралы лингвист Р.Сыздықтың ойы тұщымды: «Ал *аба* – (түрлі фонетикалық вариантта) түркі-монғол тілдеріне «әке, ата, әкенің ағасы» мағынасын беретін сөз. Қырғыз тілінде «қадірмен» мағынасын беретін абығай сөзінің *аб/аба* тұлғасымен тамырластығы даусыз, өйткені жасы үлкен адам, ата, әке-қадірлі, құрметті, адамдар» [106,б.13] дейді. Айтылуы әр басқа, мағынасы бір бұл қатарды синонимдік қатарға жатқыза аламыз. СинС: бұл қатар **ағажан, ағай, ағашым, ағеке** секілді қатарлармен толысып, «өзінің бірге туған ағасынан және жақсы көретін жасы үлкен кісілерден бір нәрсені өтініп сұрағанда айтылатын құрмет білдіру мағынасындағы атау» [78,б.19] деген түсінік аламыз.

Abišqa – abušqa (абышқа-абушқа) – **öbugä** (өбугә) – **qart** (қарт) – **ata** (ата) – **atalih** (аталыһ) – **ulu ata** (улу ата) сөздері жазба ескерткіш тілінде айтылуы басқа болғанымен бір мағынаны жасы ұлғайған, қартайған, жасы үлкен ер адамдарға айтылатын жалпы атаулар. ДТС-те 1.**Abušqa** старик **abušqalīq** – старость [69,б.3], **qart** I.рана, язва, 2. нарыв, **qart** II старик, **qart**, III **qart qurt et** издавать хрусть, хрустеть [69,б.429-430] **ata** 1 отец, [69,б.65-66] **ataliy** имеющий отца [69,б.66] ТАС: «Абышқа - қожа, старец, пожилой человек, СС., абушқа, абышқа; ТЗ., абышқа, МК., абышқа деп көрсетеді [117,б.76]. ҚТТС: **abušha** «кәрі күйеу, ер» MN(1), 20/7, **abušha bol** «қартаю, кәрі болу», ME 102/3,NF 102/3, NF 113/11, **abušqa** «қария қарт адам», **NF19/1, KE 19/1, KE 219v/8, AL, ŞSL, ТЕН, Т714/5, МК 32/8, LM 2982 abušqalīq** «кәрілік» TIEM 73298v/4, **abušya** «кәрі адам» KE 69v/20 [71,бб.25-26] мағынасында келеді. Келтірілген мысалдардан орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінде сөздердің әр түрлі фонетикалық варианттарда кездесетініне көзіміз жетіп отыр. Р.Сыздық: «Абышқа, (абышайық) сөзінің бірнеше фонетикалық вариантта құбылып келіп бірқатар көне түркі тілдерінде немесе олардың диалектілерінде «қарт адам, қария, әйелдің ері, шал» тіпті кейде «кәрі әйел» ұғымын да беретіні мәлім» [106,б.13] дейді. Ә.Құрышжановтың жилік сөздігінде **öbugä** сөзіне «**өбіге**» ата» [86,б.105], М.Аргуншах., G.Guner: «**öbüge** (< **Mo.ebüge**) **dede büyük baba, ata**» - деген түсінік береді [47,б. 651]. ҚТТС: «**öbeke** (мо.) «ата, баба» ŞSL,ТМА, «**öbeke atalarī** «аталары-бабалары» АО II/13 [138,б.67] деп көрсетеді. **Ulu ata** (улу ата) ұлы ата ҚӘТС: **Ұлы ата, үлкен ата, әулеттің негізін қалаған арғы ата** [129, б.720]. Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» (этнолингвистикалық) сөздігінде ата жұрт, ата өрісі, ана өрісі туралы мәлімет береді сонда: «ата

өрісі ретроспективті (кереғар) бағытта 6 буынан, перспективті (ілгері бағытта) 15 буынан тұрады. Олар төмендегідей: <Ата-бабалар> Ұлы баба, баба, ұлы ата, үлкен ата, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, қияжат, туажат, жүрежат, тумайжат, өлежат, құлажат, жұрағат, жат-жұрағат, жегжат, жамағат дейді [139,б.310]. Шын мәнінде бұл сөздің күнделікті қолданыстан шығуына байланысты, мағынасын осындай арнайы еңбектер арқылы ұқпасақ, ұлы атаның ата өрісі құрамында екенін ажырата алмас ек. СС жазба ескерткішінде ұлы ата ұғымының берілуінен ата өрісін қатты ұстанған түркілердің дала заңына бағынғанындығынан хабар береді. Қазіргі қазақ тілінде **qart** пен **ata** тілідік бірліктерінен басқалары көнерген сөздер қатарына жатады. Қазіргі қазақ тілінде бұл қатар **қария, ақсақал,** сөздерімен толыққан.

Ерсі (епчі) – **ayel** (айел) – **qatın** – **хатун** (қатын-хатун) – **käläš** (кәләш)– **alyanım** (алғаным) – **halal хатун** (һалал хатун) – **ayli** (айлы) жазба ескерткіште адам баласының ұрғашы жыныстылары ретінде беріледі. Мысалы, **ерсі** сөзі **ерсі чин айел** (епчі чын айел) некелі әйел және **evdägi ерсі** (евдәгі епчі) үйдегі күң әйел, **käläš** (кәләш) жас әйел, **alyanım халалум** (алғаным халалум) заңды әйелім, **arı tından ayli boldi** (ары тындан айлы болдым) таза рухтан айлы болды, **Maryam qatın** (Мариам қатын) Мария қатын. ДТС: **ebci, qatun** сөздеріне «**ebci** жена, женщина» [69,б.162] «**qatun I** 1.госпожа, вельможная дама, женщина знатного происхождения, жена правителя, знатного человека» [69,б.436]. Жазба ескерткіштегі синонимдік қатарлар қазіргі қазақ тілінде **ұрғашы, ақжаулық, шүйкебас, төмен етек** [78,б.98] немесе **әйелі, жұбайы, зайыбы, жамағаты, қатыны, жары, қосағы, нақсүйері, бәйбішесі, тоқалы** *ерлі зайыпты адамдардың ұрғашы жыныстылары*[78,б.99] секілді қатарлармен толықтырсақ болады.

Жазба ескерткіште жасы ұлғайған, қартайған әйел баласын білдіретін **emegän** (емегән) – **qurtqa** (қуртқа) тілдік бірліктері қазіргі тілдік қолданыста мүлдем кездеспейтін көнерген сөздер. ДТС: **qurtya** старуха [69,б.469] деп берілген. Ә.Құрышжановта: «қуртқа – кемпір,әйел [86,б.95], «емеген-кемпір» [86,б.62] деп, ал ҚТТС: «**qurtqa** «еркек, әйел, кәрі DLT, СІІ 259-18, КВ1547, ТІЕМ 73, 169т/6, РКТ 34/37а3 §SL» деп [116,б.359]. Син.С: бұл сөздердің қатары; «**кемпір, кейуана, ебей, ебене, ебесін, ебейін жасы ұлғайған, қартайған әйел**» [78.б.277] деп береді. Бұл синонимдік қатарына **апа, әже** сөздерін қосып толықтыруымызға болады.

Er (ер) – **erkek-erkäk** (еркек-еркәк) синонимдік қатары ескерткіште де, қазіргі қазақ тілінде де ер жынысты адам мағынасында қолданылады. Мысалы, **er yüzüna heç körmägän ayli boldi yalañ sözdän** (ер йузуна һеч көрмәгән айлы болды йалаң сөздән) ер жүзін еш көрмеген, айлы болды жалаң сөзден, **er yazuñin bilmäyin** (ер жазығы білінбес), **erkäk vel er** (еркек вел ер) еркек немесе ер. ДТС-те: **er** сөзінің бірнеше мағынасы ашылған. Мысалы, «**Er** 1.муж, мужчина; 2.муж, супруг, 3. мужской, 4. в служ.,знач., **qarıyıcı, er-** привратник» [69,б.175]. Келесі «**erkäk** 1. муж, мужчина, 2. в служ., знач., как компонент описательного обозначения пола **erkäk böri** 3.мужской»

[69,б.179] секілді мағыналары көрсетілген. Син.С: **еркек, ер, ражұл. Ер жынысты адам** [78,б.202]

Alpavut (алпавут) – **er** (ер) – **bayatur** (бағатур) синонимдік қатардағы тілдік бірліктер **батыр** мағынасында қолданылады. ДТС-те: «**alpavut** герой, богатырь, неувязвимый храбрец, в одиночку посылаемый на врага» [69,б.37], «**bayatur: bayatur čigši** собственность и титул» [69,б.77], «**er I** 1.муж, мужчина; 2. Муж, супруг; 3. мужской; **er II er böri u sobstv**» секілді жеті мағынасы берілген [69,б.175] **ер** сөзі қазіргі қазақ тілінде де тура осы мағынада қолданылады, **bayatur, alpavut** сөздері қолданыстан шығып, көнерген ұғымдарға жатса, **alpavut** (алпавут) сөзі қазіргі қазақ тілінде сындық мағына алған сөз. СинС: **ер, батыр, қаһарман, қаһарлы, жауынгер, сайыпқыран. Қиындықтан қорықпайтын, қайтпас, қайсар, батыл да өжет адам** [78,б.200] деген түсінік аламыз.

Amraq (амрақ) – **dost** (дост) – **ортақ** (ортақ) – **nögär** (нөгәр) жазба ескерткіштегі бұл сөздерді жеке – жеке қарастыратын болсақ **amraq vel bavursaq** дос немесе туыс, **amraq-dir** - досым, **ортақ** – жолдас, **ортақ qili**-дос қылды (жолдас қылды), **ортақ vel nögär** жолдас, **dost** – дос секілді түсінік аламыз. Айтылуы әр басқа болғанымен мағынасы бір. ДТС-те: «**amraq** 1.любимый, возлюбленный, друг, 2. любимый, любящий, дорогой» [69,б.42], «**dost** друг» [69,б.160] **ортақ** друг, компаньон [69,б.371] «**nökär–nükär**» [69,б.361]. **Amraq-dost-ортақ-nögär** синонимдік қатардағы **amraq және nögär** тілдік бірліктері қолданыстан шыққан көнерген сөздер және бұл монғол сөзінен кірген кірме сөздер. Демек бұл синонимдік қатар, кірме сөздермен толысып тұр. Син.С бұл сөздің анықтамасы: **дос, тамыр жолдас, бір–біріне шын берілген сыйлас, қимас адам** [78,б.187]. Және бұл қатарды **жақын, дос-жора, жора-жолдас, дос-жаран** секілді қатарлармен толықтыруға болады

Ersäk – **ersek** (ерсәк-ерсек) **vel murdar** (мурдар) – **oynaš** (ойнаш) **vel küni** (күні) – **quma** (қума) бұл синонимдік қатар суық жүрісті, жеңіл мінезді әйелдерге қатысты айтылады. Мысалы: **ersäk bolmayil** (ерсәк болма) жеңіл жүрісті болма, **künidän tovğan** (күнідән товған) күндестен туылған, ...**murdar sası**...(мурдар сасы) жиіркеншіті сасыған...**murdar sası kiši**... (мурдар сасы кіші) жиіркенішті сасыған кісі секілді мысалдарда көрініс береді. Жазба ескерткішті орыс тіліне аударған А.Гаркавец: «**ersäk-ersek** похотливая, похотливица, блудница или нечестливая», «**ersäk vel murdar** (ерсәк вел мурдар) блудница или нечестливая», «**ersek bolmayil** (ерсек болмағыл) не будь похотливой» [35,б.1091], «**murdar** (<перс. мертвечина, падаль, труп, нечистый, осквернённый, поганный) мерский, скверный, нечистый, нечестливый» [35,б.1155] «**oynaš** любовник, любовница **oynaš vel küni** любовник, любовница или наложница» [35,б.1172] «**küni** рабыня, наложница» [35,б.1143] «**quma** саноложница» [35,б.1200] деп түсініктеме береді. ДТС: «**Ersäk** распутанная женщина» [69, б.181], бұл сөздің екі түрлі мағынасы берілген «**quma I quma yaui** льняное масло, «**quma II quma qatun u. sobstv.**» [69,б.465], «**küni I** 1.зависть, 2.завистливый, **küni II** положение

одной ноложницы по отношению к другой» [69,б.327] «**ojnaš** – женщина легкого поведения» [69,б.365], **kuni** (күні) М.Қашқарида **kuni** күндес деген мағына береді [67,б.69] Р.Сыздық: **qumalar** басқарушы топтың некесіз көңілдері болған «қума/құма- әміршінің өзге, көбінесе жеңілген елдерден алған әйелі. Құмалар көбінесе ханның, бектің т.б. әміршілердің қатын-қыздары болған, құмалар некелі әйелдерге жатпайды» [106,б.325] деген анықтама береді. Орта ғасырлық шығармаларда көрініс тапқан бұл бірлік ҚТТС: «**quma** «күн, тоқал» NF,192/14, ME 191/6 **quma al** «екінші рет үйлену, тоқал алу» NF,192/12, **quma ur** «екінші әйел алу» DLT,СІІ,382-11» [116,б.356] сипатталған. М.Фасмер: **kuma** – «...II Возведение слав. слов к тюрк. **kuma** «сожительница, молодая жена, наложница, рабыня, служанка» [140,б.414] Қазіргі қолданыста бұл синонимдік қатардың барлығы көнерген сөздер қатарына еніп, тек ойнас сөзі ғана сақталынған. СинС: **Ойнас, ашына, көңілдес, зина, әуейі, тамыр. Еркек пен әйелдің жасырын қарым қатынасы, етек байланысы, жасырын көңіл қосушы деген анықтама аламыз** [78,б.420]. Қазіргі қазақ тілінде бұл синонимдік қатар **тоқал, жезөкше, жәлеп, жүргіш, жүрімпаз, зинақор, сайқал, нәпсіқор, зинашы, салдақы, сайқал, ойнасқор, ойнасшыл, бұзық, қар, нәпсіқұмар** секілді қатармен толықтырылған.

Қазіргі қазақ тілінде қалың қауымды ел-жұртты білдіретін синонимдік қатар жазба ескерткіш тілінде **yurt** (йұрт) – **el** (ел) – **ulus** (улус) – **džins** (джінс) болып беріледі. Жазба ескерткіште «**yurt** стоянка, стойбище, селение, обитель, лат. **mansio** – пребывание, пристанище, перс., **manzel** дом, жилище [35,б.1316] деп берген, «**ulus** страна» [35,б.1275], «**džins** перс., род, племя, народ» [35,б.1082], «**el** страна, народ» [35,б.1086]. ДТС-те: «**jurt** I.1.дом, владение, место жительства, земля, страна; 2.руины, развалины; II 1.дыра, отверстие» [69,б.282], «**el** II.племенной союз, племенная организация, 2.народ, 3.государство, административная единица. **El** III. место, около двери, противополож-ное почетному месту, 2.дверь 3.низкий, подлый, **El** III рука, кисть руки; **El** IV **el almiš saun, и собств.и титул»** [69, б. 169] тағы да бірнеше мағынасы берілген. «**Uluš** 1.селение, 2. рел. местопребывание будд, высшая ступень на пути перевоплощения бодистатв» [69,б.647] деген анықтама берілген. ҚӘТС: **Жұрт** зат. I.1. *Ел-жұрт* 2. көне *Патшалық, мемлекет, ел; Жұрт* зат., II 1. *Көшіп кеткен ауыл, үйдің орны, үй тіккен жер, 2. Мал баққан кісінің өзі ғана отыратын, иемденіп, пайдаланатын қонысы 3. Көктеу, жайлау, күзеу, жайылымдарын дағы мал жаятын жер, мал бағушы ның үйі тігілетін орын* [127,б.579-580]. **Ұлыс** 1.зат.көне *Рулық бірлестік, әулет* 2. тар.көне. *Мекен, аймақ, әкімшілік, мағынасын беретін көне түркі сөзі 3. ауыс. Бүкіл ел, барлық халық.* [129, б.722-723]. **Ел** зат.1. *Халық, жұрт, қауым; 2. Өскен орта, туган жер; Ауыл аймақ, ел-жұрт; 4. Шыққан тегі негізі, заты, руы; 5.Отан, мемлекет; 5.ауыс. Дос – жар, жақтас, ұрандас, жау емес. Ұлыс* ет.*Қасқырдың не иттің жан-жақтан қатты созып,үн шығаруы.* [130,б.205]. Ескерткіште бұл бірліктер **käsärtkiče qan tammış, qara ulusqa uayılmış** (кәсәрткіче қан тамыш,қара улусқа

йайылмыш) кесерткеден қан тамып, қара ұлысқа жайылды, **bügün toydï elini Qutqardaċi** (бүгүн тоғды еліні Қутқардачы) бүгін елді құтқарушы туылды. Бұл синонимдік қатардағы **ulus-džins** қатары көнерген сөздер қатарында. Син.С: **халық, ел, жұрт, қауым, халайық, әлеумет, жамағат, жаран. Біртектес ұлыстардың қауымдасқан тобы, көпшілік** [78,б.577]. Бұл қатардағы **ulus – džins** сөздері көнерген ұғымдар қазіргі тілдік қолданыста бірінің мағынасын кеңейгенін көрсек, бірі тілдік қолданыстан шығып, көнерген сөз қатарына еніп, енді бірі актив сөздер қатарында екенін байқаймыз.

Yarli (йарлы) – **yoḡšil – yoqšil – yoqsul** (йохшыл-йоқшыл-йоқсул) – **yalċi** (йалчы) – **qul** (кул) – **küñ** (күң)– **küni** (күні)– **quma** (кума)– **qaravaš küñ** (қараваш күң) – **evdägi epċi** (евдәгі епчі) – **evdägi qiz** (евдәгі қыз) – **quluqċi** (кулуқчы) бұл синонимдік қатар арқылы ортағасырдағы қоғамдық құрылымға қатысты ақпарат аламыз. Кезінде активті түрде тілдік қолданыста болған бұл бірліктер қазіргі кезде қолданыстан шықса, кейбірінің мағынасы кеңейіп үстеме мағыналар қосқан. Мысалы, **yarli** (йарлы) жарлы деген сөзді алсақ ҚӘТС: **Жарлы** зат. *Кедей, жоқ-жітік, Жарлы* сын., 1. *Жары бар*, 2. жерг. *Қабырғалы Жарлы: жүрек жарлы* [127, бб.103-104] Син.С-те: **жалшы, батырақ, малай. Байларға жалданып, күн көретін, есігінде жүретін қызметшілер** [78,б.223]. XVIII-XIX ғасырларда синонимдік қатардың толыққанын көреміз. Бұл бірліктердің мағынасы түсініксіз болғандықтан ДТС бойынша мағыналарын ажыратып алсақ: «**ев** 1. жилище, становище, «**евċi** жена, женщина» [69,б.162], «**küni** 1. зависть, 2. завистливый», «**küni** I зависть, II. завистливый, **küni** II положение одной наложницы по отношению к другой, **küni** III **küni tirig u sobstv. küni** IV **köni**» [69,б.327]. **Jarliy** II бедный, убогий, несчастный» [69,б.242], **qulluq** рабство, неволя, зависимость, положение, состояние раба, невольника, слуги [69,б.465] кездеседі. Қазіргі кезеңде таптық бөлінудің жойылуына байланысты қолданыстан мүлдем шығып, жазба ескерткіштер тілінде ғана көрініс тапқан бұл бірліктер **evdägi epċi, evdägi qiz** үй қызметкерлері болса, **quma**–лар басқарушы топтың некесіз көңілдері болған. **Qaravaš küñi** мүлдем қолданыстан шығып, тек көне орта ғасырлық жазба ескерткіштер мен сөздіктер құрамында ғана кездеседі, ал **küñi, yarli-yoqsul** сөздері XVIII ғасырдың аяғына дейін өзара синонимдес сөздер болса да, қолданыста болған, байлардың есік алдында жүріп, отын-суын тасып, үйін жинап, малын бағып жүрген еріксіз тұлғаларға берілген атаулар ретінде қолданылды. Ал **quluqċi** (кулуқчы), **quluq** (кулуқ)– сөзі «құлдық» тілдік қолданыстан мүлдем шығып кетпей қазіргі тілдік қолданыста сирек кездесетін тілдік бірліктер құрамына жатады. Қазіргі қазақ тілінде тілдік қолданыстан мүлдем шығып кетпесе де бұл бірлік ақпараттық құралдар мен ғылыми-публицистикалық жанрда жазылған шығармаларда сирек қолданылып отырады. Мысалы «құлдық сана», «құлдық құрсау», «құлдық тәрбие», «құлдық дәуір», «құлдық құрыдым», «замандас құлдық», «сексуалды құлдық», «заманауи құлдық» т.б.

Kün (күн) – **quyaş** (қуяш) ескерткіште әлемге жарық, жылулық беретін күн мағынасында қолданылған. Мысалы ескерткіш тілінде...**kündey yarıx-ti** (...күндей йарых-ты) күндей жарық-ты, ұлы күн, **kün tuvmazdan burun** (күн тувмаздан бурун) күн тумастан бұрын, **quyaş**-қа қатысты: **ol quyaş, ol yulduz** (ол қуяш, ол йулдуз) ол күн, ол жұлдыз, **yulduz quyaşni toyurdi, quyaş tirlikini keltirdi** (йулдуз қуяшны тоғурды, қуяш тірлікіні келтірді) жұлдыз күнді туды, күн тірліктің сәнін келтірді секілді мысалдарда көрініс тауып ортақ күн мағынасын білдіріп тұр. Бұл қатардағы **quyaş** сөзі орта ғасырлық шығармаларда қолданылған оған дәлел ретінде КТТС: **qujaş** «күн» DLT, CI, 337-18, TIEM 73, 318v/2, HŞ 2870, MN (2), 25/249, AL, ŞSL, BV, NH, HBD, LD, TMA, TEN, MÜN, YED, CD, SI, FK, ŞHD, MK, LM **qujaş čiq** «күннің шығуы» ÇFK, **qujaş nürü** «күн сәулесі» BV, **qujaş türk ödi** «күн ортасы» DLT, CI 353-11 [116,6.353].

Qol (қол) – **el** (ел) жазба ескерткіште **qol – el** бұл синонимдік қатар адамның дене мүшесін білдіреді, мысалы: **el** сөзі жазба ескерткіште, **ol sözni aytı da džanı Teñri eline berdi** (ол сөзні айтты да джанын Теңрі еліне берді) ол сөзін айтты да жанын Тәңірі қолына берді, **elim silay-dır** (елім сылай-дыр) қолын сылады, **qol**-сөзіне **kim qollarıñ, avuzıñ dayın sayınčıñ** (кім қолларың, аузың дағын сағынчың), **sövüp qollarıñni aruv körüp** (сөвүп қолларыңны арув көрүп) адамның дене мүшесін білдіріп тұр. **El** – сөзінің адамның дене мүшесін білдіретін көне мағынасы қолданыстан шыққанымен қазіргі қазақ тілінде **халық, дүйім жұрт** мағынасында қолданыста бар, **qol** - орта ғасырдан тілдік мағынасы өзгермей қазіргі қазақ тілінде қолданылады, қайта мағынасы кеңейген. Орта ғасырдағы жазба ескерткіштердің көбінде бір ғана мағына білдіретін тұстары да бар. Сондықтан да бұл сомаатаулар өзара синонимдік қатар түзей алады.

Teñiri (Теңірі) – **Yaratqan** (Йаратқан) – **Yarattači** (Йаратачы) – **Jalyız** (Йалғыз) Бұл синонимдік қатардағы **Teñiri** ескерткіштің діни мәтіндерде ең көп қолданылатын тілдік бірлік және **Teñiri** Орхон Енесей ескерткіштерінен бері белгілі **Ata Teñir kökni-yerni, barča körinur-körinbezni yarattı** (ата Теңір көкні-йерді, барча көрінур-көрінбезні йаратты) Ата Теңірі көкті жерді, барша көрінетін, көрінбесті жаратты, **Men Teñiriniñ işinde osal boldum** (Мен Теңірінің ішінде осал болдым) Мен Тәңірдің ісінде осал болдым, **Teñirini sövgil barča üstündä** (Теңіріні сөвгіл барча үстүндә) Тәңірді бәрінен де жоғары қойып сүй т.б. мысалдары арқылы көрініс тапқан. **Yaratqan** (йаратқан) жаратқан, **Yarattači** (йаратачы) жаратушы жазба ескерткіште й ~ ж сәйкестігімен берілген. Қазіргі қазақ тілінде **бұл** синонимдік қатар: **алла, құдай, алла тағала, жасаған, құдірет ие, пір, жаппар, хақ тағала, алла** қатарларымен толыққан.

Adam (адам) – **azam** (азам) – **kişi** (кіші) ескерткіште **adam** – ға қатысты: **...adam yazuxı üçün** (адам йазухы үчүн) адам жазығы үшін, **...ölümlüx boldux azam** (өлүмлүх болдух азам) өлімші болды адам, **biz miskin azam üçün** (біз мискін азам үчүн) біз мүсәпір адам үшін, **qačan kişi avzi>ayizi bile yazuxın aytsa, andan džanı arı dayı alyışli bolayay** (қачан кіші авзы >ағызы йазухын

айтса, андан джаны ары дағы алғышлы болғай) егер адам өз жазығын біліп айтса, оның жаны арының алдында алғысты болмақ. Син.С: **адам, кісі, жан, пенде, қаумет**. *Ойлап сөз сөйлей алатын, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, саналы қоғам мүшесі, тірі жан, жан иесі. Мұндағы жан деген сөз, ауыс мағынада келіп адам кісі ұғымын білдіріп тұр. Пенде – Құдай еркіндегі кіріптар, тиуелді адам, Құдайдың құлы дегенді аңғартады* [78,б.22] деген түсінік береді. Бұл синонимдік қатарға: пенде, жан секілді сөздермен қатарын толықтырсақ болады.

Džahan, džähan, džehan (джахан, джәһан, джеһан) – **dünyä** (дүниә) бұл сөздер **džahan-džähan** (джахан-джәһан) парсы тілінен кірген **جهان**, **dünyä** (дүниә) парсы (ای-دن), араб (دنیا) екі сөздің де мағынасы бір, жарық, әлем, ғалам. Ескерткіш тілінде **džahan, džähan, džehan** сөзіне **...kim bu džähan toldi barča sarxitiñdan** (кім бу джәһан толды барча сархытыңдан) барша жаһан сархытқа толды, **...bu džähanniñ teñizinä batmaz yulduznï** (бу джәһанның теңізінә батмаз йулдузны) бұл жаһанның теңізіне жұлдызың батпас; **dünyä**–сөзіне: **dünyä yetmez barča aña, kim layix bolay utrusia** (дүниә йетмез барча аңа, кім лайых болғай) дүние жетпес баршаңа, қанша лайық болсаңда, **bu dünyada** (бу дүниада) бұл дүние де, **dünyäniñ sen tereki>tireki** (дүниәнің сен терекі > тәрекі) дүниенің сен тірегі секілді мысалдарда көрініс тапқан. Бұл қатар Син.С: «**әлем, дүние, жиһан, жер-көк, дүние жүзі, жер жүзі, ғалам, әлемет, дүния**» деген секілді қатарлармен толыққын және *бүкіл жер шарын қоршап тұрған аймақ* [78.б,103] деген анықтама аламыз. Екеуі де кірме сөз, бұл бірліктер тілімізге терең орнығып, сөздік құрамымызды толықтырып тұр.

Үақші (йақшы) – **eygi** (ейгі) сын есімнен құралған синонимдік қатар, көңілге ұнайтын, мақтауға тұрарлық деген мағынаны білдіреді. Ескерткіште **sizgä yaqši Teñri söz aytqaymen ne kim ese boşaq ücün** (Теңрі сөз айтқаймен не кім есе бошақ үчүн) Сізге Тәңірі жақсы сөз айтады босату үшін, **yaqši bögeyip barir** (йақшы бөгейіп барыр) жақсы иіліп бас иіді, **yaqši undi** (йақшы үнді) жақсы үнді, **eygi-yaqšilar- eygilär** (ейгі-йақшылар-ейгіләр) игі жақсылар игілер. Син.С бұл қатар: **жақсы, тәуір, әжептеуір, керім, келісті, әйбәт** сөйл. *Көңілге ұнайтын, мақтауға тұрарлық* [78,б.218] деп берілген. Біз бұл қатарды **ізгі** сөзімен толықтыра алмыз

Gül (гүл) – **čičäk** (чәчәк) жазба ескерткіште **gül darčın** (гүл дарчын) гүл даршын, **ğannıñ qanı - čičäkleri** (ханның қаны чічәклері) ханның қаны - гүлденді, **boyıñ anda čičäklenmiş, Teñri sendän ғақан tuvmiş** (бойың анда чісекленmiş, Теңрі сендән хачан тувмыш) бойың гүлденіп сенен қашан, Тәңірі туылар екен. Түркі тілдерінің біріспырасында бұл екі сөз синонимдік қатар құрайды, парсы тіліндегі де мағынасы гүл деген түсінік береді. Ә.Қайдар: «Шешек пасы тілінен ауысқан «гүлдің» актив қолданысқа түскен кейін мағынасы беймәлім сөзге айнала бастады. Шешек сөзінің төркінін іздестіре қалсақ, оны да монғол тілінен енген (оларда цэцэг) ауысқан деуіміз ықтимал» [141,б.141]. Кезінде жарыса қолданылған синонимдік қатардың

келе –келе гүл мағынасы активтеніп, шешек сөзі тек гүл атауын білдіретін бәйшешек құрамында енеді.

Şaytan (шайтан)– **yek** (йек) шайтан, бір сыңары көнерген синонимдес сөздер. ДТС: **jek** сөзі демон [69,б.253] деген мағынада кездеседі. Парсы (طانیش), араб (شیطان) тілінде осы мағынаны береді. Ескерткіште: **ol sayıttan könlümüz** (...ол шайтан сағыттан көңлүміз)... ол сағынған көңіліміз, **tuşman yekni sen sürgül!** (тұшман йекні сен сүргүл!) дұшпан шайтанды сен сүргіл! **...yek tuşmandan ol qutular** (йек тұшмандан ол қутулур) шайтан дұшпанан ол құтылар секілді мысалдар да берілген. Син.С: бұл қатар **шайтан, пері, жын, сайтан, албасты, ібіліс, ыбылыс, марту**. *Көзге көрінбейтін жамандықпен зұлымдықтың күш иесі* [78,б.580] ретінде берілген. Кезінде актив қолданылған синонимдік қатардағы **yek** (шайтан) сөзі көнерген сөздер қатарына жатады,сөз басында й/ж сөз ортасында е/і алмасуымен қолданылған бұл сөз. *Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты* мақал құрамында ғана сақталынған, ал шайтан керісінше активтене түскен.

Bet (бет) – **yüz** (йүз) – **meyiz** (мейіз) – **çiray** (чырай) – **reң** (рең) жазба ескерткішіндегі бұл синонимдік қатар соматикалық атауларға жатады. Мысалы: **tuman betti** (туман бетті) тұман бетті (жүзі қара деген мағынада) **yüz yarıqının da yaşıryıl** (йүз йарықынын да йашырғыл) жүзіңнің жарығын жасыр, **çiray vel meyiz** (чырай вел мейіз) бет. Син.С: **ажар, әр, дидар, өң, келбет, көрік, шырай, кейіп, рең, рай**. *Өң –түс, тұр тұрнат* [78,б. 25].

Сондай-ақ ескерткіште **bügü** (бүгү) – **päyüambar** (пәйғамбар) – **profet** (профет), **yat** (йат) – **özgä** (өзгә) – **başqa** (башқа), **şaar vel kent** (шаар вел кент) – **şahar** (шаһар) – **qala** (қала) – **kent** (кент), **erin** (ерін) – **totaq** (тотақ), **yaşıq** (йашық) – **arıx** (арых) – **kötürem** (көтүрем) – **çerli** (черлі) – **çandiryına** (чындырғана), **az** (аз) – **kem** (кем), **boy** (бой) – **ten** (тен) – **söväk** (сөвәк), **tirlik** (тірлік) – **tiröv** (тіров), **közät** (көзәт) – **çaravul** (харавул), **durust** (дуруст) – **tura** (тура) – **tüz** (түз) – **oң** (оң), **yazuqsız** (йазухсыз) – **beykunä** (бейкүнә), **ayipsız** (айыпсыз) – **yazuqsız** (йазуқсыз) – **ayıñçı** (айыңчы), **yalıan** (йалған) – **ötrük** (өртүк), **urluq, uruq** (урлуқ – уруқ) – **tub** (түб) – **tüvür** (түвүр) – **ekär** (екәр), **dünyä** (дүниә) – **mülk** (мүлк) – **iseb** (ісеб), **emçak** (емчәк) – **köküs** (көкүз) – **töş** (төш), **kesek** (кесек) – **tilim** (тілім) – **böluk** (бөлүк), **qayyi** (қайғы) – **çerli** (черлі) – **ғам** (ғам), **qiyin** (қыйын) – **ayir** (ағыр), **bökse** (бөксе) – **quyruq** – **quyruq** (қуйруқ – құйрық), **tilek** (тілек) – **maхта** (махта) – **murad** (мурад), **çaq** (чак) – **kez** (кез), **bayliq** (байлық) – **düvlät** (дувләт), **älbet** (әлбет) – **mayat** (мағат), **uslu** (услу) – **aqili** (ақылы), **baha** – **baға** (баға) – **haqi** – **haq** (һақ), **ғарип** (ғарип) – **yat** (йат), **qaya** (қайа) – **qir** (қыр), **çirlaq** (чырлақ) – **çoqraq** (чоқрақ) – **bolaq** (болақ), **bir** (бір) – **jalyiz** (йалғыз), **inamli** (ынамлы) – **yaramcaq** (йарамсақ), **yaqşilar** (йақшылар) – **eygilär** (ейгіләр), **ettez** (еттез) – **et** (дене), **yürek** (йүрек) – **könjl** (көңіл), **aläm** (аләм) – **tuv** (тув), **alin** (алын) – **maңlay** (маңлай), **teli** (телі) – **aqmaq** (ақмақ), **aşir** (ашыр) – **toy** (той) – **tamaşa** (тамаша) – **oyun** (ойун) – **beyram** (бейрам), **tozaq** (тозақ) – **kunä** (күнә), **evet** (евет) – **alay** (алай), **erlik** (ерлік) – **ter** (тер), **tübüdä** (түбүндә)–**astında** (астында), **maxtarmen** (махтармен) – **overmen** (өвермен), **buyruq** (буйруқ)–

yaryu (йарғу) – **hokum** (һөкүм), **yaryučı** (йарғучы) – **hokumçı** (һөкүмчи), **hafta** (һафта) – **yeti** (йеті), **alyış** (алғыш) – **bäräkät** (бәрәкәт), **ananıñ aғасы** (ананың ағасы) – **tayau** (тағай) – **tayaua** (тайаға), **qayın** (қайын) – **qayın ata** (қайын ата) – **qayın ana** (қайын ана), **bavurdaq-dır** (бавурсақ-дыр) – **köküm tür** (көкүм-түр), **qarandaş** – **qarındaş** (қарандаш-қарындаш) – **ini** (іні) – **ağa** (аға), **oғul** (оғул) – **şaya** (шаға) – **oylan** (оғлан), **törättaçı** (төрәттачы) – **tuvurdaçı** (тувурдачы), **küyegü** (күйегү) – **küyöv** (күйөв), **siñli** (сіңлі) – **qız** (қыз) – **qız qarandaş** (қыз қарандаш), **bey** (бей) – **çodja** (ходжа) – **beg** (бег) – **qan** (қан) – **çan** (хан) – **soltan** (солтан) – **qoja** (қожа) – **qodža** (қоджа), **evdägi epçi** (евдәгі епчи) – **evdägi qız** (евдәгі қыз), **qaltaq** (қалтақ) – **ersäkçi** – **ersekçi** (ерсәкчи – ерсекчи) – **quluqçı** (қулуқчы), **yoqşil** – **yoqsul** (йоқшыл-йоқсул) – **yarlı** (йарлы) – **yalçı** (йалчы) – **kün** (күн) – **küni** (күні) – **qul** (қул) – **quma** (қума) – **qaravaş** (қараваш) – **kün** (күн) – **quluqçı** (қулуқчы), **küyöv** (күйөв) – **bay** (бай) – **er** (ер), **sin** (сын) – **kesenä** (кесенә) – **qorğan** (қорған) – **oba** (оба) – **tam** (там) – **kör** (көр), **köp** (көп) – **sançiz** (сансыз), **aqmaq** (ақмақ) – **bassiz** (бассыз), **qoşıçı** (қошычы) – **şeyir** (шейір) – **irçi** (ырчы), **at** (ат) – **yılqı** (йылқы), **arqa** (арқа) – **uça** (уча), **aqça** (ақча) – **naçt** (нахт) – **çardž** (хардж) – **çarç** (харч), **bay vel borla** (бағ вел борла) – **baqça** (бақча) – **bağça** (бахча), **temen** (темен) – **çuvalduz** (чувалдуз) – **biz** (біз), **beyik** (бейік) – **yoyartın** (йоғартын) – **uzun** (узун), **sabır** (сабыр) – **tözüm** (төзүм), **semiz** (семіз) – **tolu** (толу), **siyir** (сығыр) – **inäk** (інәк) – **qara** (қара), **ögüz** (өгүз) – **boğa** – **buğa** (боға-буға), **eçki** (еçкі) – **erkeç** (еркеç), **yelemçi** (йелімчи) – **kulik** (күлік), **tövbä** (төвбә) – **şükür** (шүкүр);

Байқап отырғанымыздай, синонимия құбылыстарының тілдік табиғаты күрделі құбылыс. Ғ.Айдаров: «Тілдегі синонимдердің көп болуы сол тілдің сөздік құрамының бай, орамды екендігін көрсететін белгілердің бірі» [136,б.48] дейді. Әртүрлі ұғымды емес, бір ұғымды әртүрлі белгілейтін атаулар қазақ тілінің сөздік құрамының бай екендігінің дәлелі. Жазба ескерткіште кездесетін синонимдік қатарлардың ауқымы өте кең. Ал сол синонимдердің қатары қазіргі қазақ тілінде көбеймесе, азаймаған. Әрбір тарихи кезең мен қоғамдық құбылыстар тілде өз таңбасын қалдырып отыратыны белгілі. Тілдік жүйенің құрылымына тереңдеп бару ұлттық тіліміздің табиғатын шынайы тану ұрпақ борышы болса керек. Осы орайда жазба ескерткіштер тіліндегі синонимдер түркілер әлемнің концептуалды және тілдік бейнесін синонимдік тұрғыдан көрсете білген бағалы дүниелер болып табылады.

Антонимдер. Жазба ескерткіштен омонимдік, синонимдік қатарлармен бірге антонимдік қатынастағы сөздерді де кездестіреміз. Антонимдер қазіргі қазақ тілінде қарама-қарсы мәнді ұғымдар, бинарлық оппозициялық жұптар, көне түркі кезеңінде «амал-біліг» немесе «екі негіздік» ұғымдар деген атауларға ие. Антонимдік қатынастағы сөздер заттың сыны мен сапасын **aq-aç** (ақ-ах) ↔ **qara** (қара), **yaman** (жаман) ↔ **yaqşı** (жақсы), адамның мінезі мен қасиеттерін (**aqıldi** (ақылды) ↔ **aqmaq** (ақымақ), адамдар арасындағы қарым-қатынастарды **sövünç** (сөвүнүч) қуаныш ↔ **siyit** (сығыт) қайғы, уақыт және кеңістік мағынасын білдіретін **qış** (қыс) ↔ **yaz-yay** (йаз-йай) жаз, **kün**

(күн) ↔ **tün** (түн) өзара қарама-қарсы мағыналарда келіп антонимдік жұптарды құрайды. Антонимдік қатарларды тек тілдік деректермен түсіндіріп қоймай, болымды және болымсыз (саналы-санасыз) тұлғалардың қарама-қарсылығынан да байқаймыз. Семантикалық парадигманың бір көрінісі ретінде антонимдік қатынастар тілдік қана категория емес, олар ғылымның өзге де салаларымен философия, логика, психология сияқты салаларымен де өзара ұштасып жатыр.

Адам баласы жаратылғанан бастап дүние «екі негіздік» ұғымға телініп қалыптасқан. Өйткені жалғыздық тек жаратушыға тән қасиет. Түрколог Қ. Сартқожа «Тас кітаптың құпиясы» еңбегінде түркілердің дүниетанымына тоқтала отырып түркілер: «Тек Тәңірді ғана жалғыз деп ұғып қалған жаратылыстың барлығына болама тауып өздеріне тән бинарлық дүниетаным жүйесін ойлап тапқан. Оны қазіргі түркілер «екі жұлдыз» (iki yıldız), монғолдар «арга билиг», қазақтар «амал-біліг» деп атап келеді» -[27,б.67] дей келе байырғы түркілердің «Екі негіздік» дүниетанымы түрік әлемінің барлық болмыс бітімін жұптық жүйеге сыйдырады деген мәлімет береді. Олар: «мемлекеттік жүйеде: Тардуш, төлес (оң, сол қанат); басқару жүйесінде: ябғу, шад; қоғамдық иерархияда, Аталық, аналық, әулет (хандас, сүйектас); музыкада: қос ішек; суретте: Аталық, аналық символ; тілде және графикада: дауысты дыбыстың сингорманизмі және дауыссыз дыбыстың консонантизмі; философиялық дүниетанымында: Амал мен білік т.с.с. өмір мен өлім арасындағы болмыс пен құбылысты осы «екі негізге» оның амал мен біліг жүйесіне негізделген» [27,б.70] дейді. Түркілердің «амал-біліг» түсінігі әлемнің барлық халықтарында қалыптасқан, бірақ әр елде өз дүниетанымына байланысты негізделген.

Жер бетіндегі барлық нәрсе «екі негізде» қоршаған орта, әлем, ғалам барлығы-барлығы екі жақты. Батыс пен шығыс, күн мен түн, ақ пен қара, ғаламның екі жартысы. Өмірдің өзі де қарама-қайшылықтарға толы жақсылық пен жамандық, мейірімділік пен зұлымдық, адамгершілік пен қиянат. Адамның өзі де физиологиялық тұрғыдан жұптық ассиметриядан тұрады, миының өзі екі жаққа бөлінеді, сол және оң бөліктер, екі көз, екі құлақ, екі аяқ пен қолы. Ең алдымен антонимдік қатарлардың пайда болуы адамның өмірімен тікелей байланысты. Сыңарлары семантикалық жақтан қарама-қарсы сөздер адамның өмірді тануымен тікелей байланысып жатады. Адам санасында қалыптасқан әрбір ойдың қарама-қарсы ұғымы бар. Осы орайда, қарама-қарсылық туралы философиялық тұжырымдар туындар отырған. Қарама-қарсылық дегеніміз – табиғат, адам, қоғам санасындағы бірін-біріжөкқа шығаратын, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын қайшылық- тардан туындайтын сөздер тобы.

Антонимдік қатарлардың туындауын, қалыптасуын қарастыру үшін тіл тарихына жүгінеміз. Антонимдер туралы зерттеу жүргізіп, алғаш рет антонимдер сөздігін құрастырған ғалым Ж.Мусин өзінің 1970 жылы «Қазақ тіліндегі антонимдер» тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғаған. Сонымен қатар, тілдегі қарама-қарсы мәнді лексикалық бірліктердің

танымдық болмысын зерттей келе, 1984 жылы «Қазақ тілінің антонимдер сөздігін» құрастырған. Ғалым антонимдерді зерттеу тіл білімінің өзекті мәселесі екеніне назар аударған. Антонимдік қатынастарды лексикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, фразеологиялық, стилистикалық жағынан қарастырып жан-жақты зерттеген. Антонимдердің табиғатын тануда ғалым А.Жұмабекованың «Қазақ тілінің антонимдер сөздігі» еңбектерінің орны ерекше. Ғалым А.Жұмабекова антонимдерді симметриялы градуалды антономиялық оппозиция (қиын-оңай), привативті антономиялық оппозиция (жағымды-жағымсыз), эквивалентті антономиялық оппозиция (әйел-еркек) деп бөліп қарастырады.

Тілдің ерекше құбылысы ретінде антонимдірдің пайда болу, қалыптасу тарихы бар. Ежелгі және ортағасырлардағы жазба ескерткіштер тілінде антонимдік жұптарды көптеп кездестіреміз. СС жазба ескерткішінде семантикалық және құрылымдық жақтан жұптасқан антонимдік қатарлар көптеп кездеседі. Әсіресе мағыналық та тұлғалық та тұрғыдан еш өзгеріске ұшырамай қазіргі қазақ тілінде қолданып жүрген антонимдік жұптар жетерлік. Мысалы,

Kün (күн) ↔ **ay** (ай) антонимдік жұбы қазіргі қазақ тілінде өзгеріссіз қолданылып келеді. Ғалым түрколог С.Қаржаубайұлы: «көне түркілер пайымында әлем аталық пен аналықтан тұрады. Аталық көктегі символы - күн, аналықтікі – ай, жердегі аталық символы тау, аналық символы –су» [27,б.105] деп халық танымында «екі негіздік» танымдық түсінік бар екенін айтады. **Kün** (күн) сөзі СС жазба ескерткішіндегі діни мәтіндер мен жұмбақтарда ұшырасады. **Ave qız kimniñ kertegi күндеy yarıx-tir...** (аве қыз кімнің кертегі күндей йарых-тыр...) аве қыз кімнің күндей жарық.., т.б., **ay** (ай) сөзіне қатысты мысалдарда жеткілікті, **ol, quyaş, ay yulduz** (ол, құйаш, ай, йулдуз) ол күн, ай жұлдыз. ДТС: күн мен ай сөздеріне төмендегідей анықтама берген. «**Kün** I 1. солнце; 2. с каждым днем, день ото дня» [69,б.326]. Көне түркі сөздігінде «ай» сөзінің жеті мағынасы берілген, біз тек: «**Aj** I 1.месяц, луна 2.астр. Луна (планета). **Aj** II месяц (уақыт өлшемі) [69,б.24-25] секілді мағыналарын ғана алдық. Бұл антонимдік қатарға Бұхар жырау:

Асқар таудың өлгені-басын мұнар шалғаны,

Көктегі бұлттың өлгені аса алмай таудан қалғаны,

Ай мен күннің өлгені-еңкейіп барып батқаны,

Айдын шалқар өлгені – мұз болып тастай қатқаны [141,б.88] дейді.

СС жазба ескерткішінде кездесетін келесі бинарлық жұп **yer** (жер) ↔ **kök** (көк). Көк сөзі түркі тектес халықтар үшін аспан ұғымын білдіретін қасиетке ие. Ежелгі түркі халқының танымында көк аспан әлемі, Тәңірі мағынасын берген. Ежелгі түркілер көкке және жерге сыйынған. Бұл дәстүр бергі заманда да жалғасын тапты. Мысалы, ҚТАС: «Жерден таппай, көктен тілек тіледің Соққы көріп, мұздай болды жүрегің» (С.Мұқанов)...[77,б.72] айғақ бола алады. СС жазба ескерткішінде көк және жер қарама-қарсылық ұғымы бірнеше жерде кездеседі. Мысалы, **yersen yemiş bergän** (йерсен йеміш

бергән) жерден жеміс берген, **yeri arılarınñ** (йері арыларның) тазалардың жері, **tın yer** (тын йер) тың жер, Көк, аспан (**kök**) сөзіне төмендегі бірқатар мысалдарды келтіреміз. **Bolsun seniñ tilemegiñ neçik kim köktä, alley yerdä** (болсун сенің тілемегің нечик кім көктә, аллея йердә) сенің тілегің болсын жер мен көкте, **atamız, kim köktäsen, alyışli bolsun seniñ atıñ** (атамыз, кім көктәсен, алғышлы болсун сенің атың) атамыз, көктәсің, сенің атыңа алғыс. ДТС: жер мен көк сөздерінің бірнеше семантикалық мағынасы берілген. Біз тек антонимдік жұп құрайтын мағыналарын ғана алдық. Мысалы: «**jer** 1. земля; 2. место; 3. земля, страна; 4. поверхность, верх» [69,б.257]. «**Kök** I небо; **Kök** II 1. корень; 2. основание опора; 3. перен., происхождение, родословная, **Kök** III свободный, вольный» [69,б.312-313].

Ғалым Ж.Мусин құрастырған антонимдер сөздігінде антонимдік жұптар алфавит тәртібі бойынша берілген. Және әрбір антонимдік жұптан кейін қарама-қарсылық мағыналарын ашатын мысалдар берілген. Ж.Мусиннің зерттеуі бойынша антоним сөздер тіліміздегі сөздердің басқа топтары сияқты әртүрлі қосымшалар арқылы морфологиялық өзгерістерге түсіп отырады. Мысалы, алу-беру т.б. ортағасырлық СС жазба ескерткішінде де антонимдердің әралуан морфологиялық тұлғалары бар. Мысалы, **astında** (астында) ↔ **üstünde** (үстінде), **aldı** (алды) ↔ **artı** (арты) т.б. сөздерден түбірдегі антонимдік мағына жойылып кетпей, қайта жаңа мағыналық рең қосып, антонимдік өріс аумағының кеңі түскенін байқаймыз. **Астында** ↔ **үстінде** қарама-қарсылық ұғымға ескерткіш тілінен **tübündä vel astında** (түбінде және астында) және **astında** (астында) ↔ **üstünde** (үстінде) үстінде антонимдік жұптарды кездестіреміз. Ескерткіште **seni sövüp çin xanimiz barçadan üçün>üstün kötürdi** (сені сөвүп чын ханымыз барчадан учун > устун көтурді) сені сүйіп шын ханымыз барлығы үшін үстіне көтерді. ДТС: «**astın** вниз, внизу» [69,б.61], **üstün** 1. верхний 2. старший 3. верх, 4. вверху, наверху, 5. в служ.знач.послелог над [69, б.628]. Ал **aldı** (алды) ↔ **artı** (арты) қарама-қарсылықты білдіретін сөздердің негізгі түбіріндегі мағына жойылып кетпей, сөздердің мағынасы түрленеді. Арт сөзінің де көне түркі сөдігінде бірнеше мағынасы берілген, зерттеу жұмысымызда біз тек антонимдік жқп құрайтын мағынасын алдық. ДТС: **art** I 1. спина, 2. задняя сторона, чего-л, 3. в служ.знач. с аффиксами принадлежности за, вслед. за этим волком [69,б.55]. Мысалы, **alındayı qaş** (алдындағы қаш) алдындағы қас, **tap: artıñda-qarp!** (тап:артыңда-қарп) тап артында-қарп! **Ol, it-dir avzun artına soxup uyur** (ол, ит-дір авзун артына сохуп урур) ол ит-дір аузын артына сұғып, ұйықтап жатыр.

Ж.Мусиннің жіктеуі бойынша антонимдер негізгі және туынды зат есім, сын есім, үстеулер антонимдік жұп құрайды. Сонымен қатар, етістіктер тұйық етістік (кейде есімше) күйінде қарама-қарсылық мағынаны береді. Бір түбірден өрбіген етістіктердің бір-біріне қарама-қарсы мағыналас болып келетін түрлері де (жеңу-жеңілу, ұту-ұтылу) бар. Қарама-қарсылық мәнді үстейтін көмекші есімдер (іші-сырты) мен есімдіктер (әне-міне, анау, мынау) т.б. антонимдік жұп құрап жатады.

1) Антонимдерді сөз табына қатыстылығы тұрғысынан алғанда қазақ тіліндегі антонимдердің көпшілігі сын есімдер мен етістіктерден жасалынады. Ал басқа сөз таптарынан антонимдер аз мөлшерде кездеседі. ССжазба ескерткішінде кездесетін антонимдік жұптарды сөз табына қарай топтастырып шықтық.

Сын есім: **yaman yaqşı** (йақшы) жақсы ↔(йаман) жаман. Бұл антонимдік жұп Абайдың бірінші қара сөзінде тиімді қолданған «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік» [142,б.7]. Ал жазба ескерткіште, **barča yamandan arıtma** (барча йамандан артыма) барша жамандықты артқызба, **barča yamandan bizni qutxaryıl** (барча йамандан бизни қутхарғыл) барша жаманнан бізді құтқаршы, **yaman köñül bilä** (йаман көңүл билә) жаман көңілін біле, **yaman qılı** (йаман қылы) жаман қылды, **yaqşı** (йақшы) жақсы лексемасына **yarlı, miskin kişiler yaqşı Bitik bilmezler** (йарлы, міскін кішілер йақшы Бітік білmezлер) жарлы, мүсәпір кісілер, жақсы білім білмейді. СС-тегі сын есімнен құралыған антонимдер жұптар, **oñ** (оң) ↔ **sol** (сол), **az** (аз) ↔ **köp** (көп) көр, **yarıy-yarıq** (йарығ-йарық) жарық ↔ **qarañyu** (қараңғу) қараңғы, **yaman** (йаман) жаман ↔ **yaqşı** (йақшы) жақсы, **açı** (ачы) ащы ↔ **tatlı** (татлы) тәтті **yimisaq** (йымысақ) жұмсақ ↔ **qatı** (қатты), **ayır** (ағыр) ауыр ↔ **yeñil** (йеңіл) жеңіл, **qart** (қарт) ↔ **yaş** (йаш) жас, **aq-aх** (ақ-ах) ↔ **qara** (қара), **uzun** (узун) ұзын ↔ **qısqa** (қысқа) , **sovuq- sovux** (суық)↔**isi** (ыстық). **tar**(тар)↔**keñ** (кең) , **çin** (чын) шын ↔ **ötrük** (өтрүк) өтірік, **bay** (бай) ↔ **yarlı** (йарлы) жарлы, **arıx – arıq** (арых-арық) арық ↔ **semiz** (семіз), **içi** (ічі) іші↔ **sirtı** (сырты), **astında** (астында) ↔ **üstünde** (үстүнде) үстінде, **bütün** (бүтүн) бүтін ↔ **siniq** (сынық), **aldı** (алды) ↔ **artı** (арты), **yañı** (йаңы) жаңа – **eski** (ескі), **qam** (қам) шикі ↔ **bişi** (біші) піскен, **qorqu** (қорқу) ↔ **qovançı** (қованчы) қуану, **yoға-yuға** (йоға-йуха) жіңішке ↔ **yoған** (йоған) жуан, **tuvra** (тувра) тура ↔ **ägri** (әгрі) қисық, **aqıldi** (ақылды) ↔**aqmaq** (ақымақ), **arı** (ары) таза ↔ **kir** (кір), **bütün** (бүтүн) бүтін ↔ **siniq** (сынық), **egiz** (егіз) ↔ **yalyız-yalyuz** (йалғыз-йалғуз) жалғыз, **çin** (чын) шын ↔ **yalyan** (йалған), **boş** (бош) бос ↔ **tolu** (толу) толы, **qalıñ** (қалың) ↔ **yoға** (йоға) жұқа, **beyik** (бейік) биік ↔ **yuvuz** (йувуз) төмен , **artux - artuq** (артух-артық) артық ↔ **eksük** (ексүк) кем, **keñ** (кең) ↔ **tar** (тар), **oyun** (ойун) ойын↔ **çin** (чын) шын, **oñ** (оң) ↔**ters** (терс) теріс, **azat** (азат)↔**qullıq** (құллық) құлдық, **aqrın-aqrın** (ақрын-ақрун) ақырын ↔ **qattı** (қатты), **aqrın** (ақрын)ақырын ↔ **tez** (тез), **alındaıyı** (алдындағы) алдындағы↔ **artındaıyı** (артындағы), **aldı** (алды)↔ **artı** (арты), **kir** (кір) ↔**arı** (ары)таза, **qalıñ** (қалың) ↔ **seyrek** (сейрек) сирек, **qattı** (қатты) ↔ **džomart** (джомарт) жомарт, **durust** (дуруст) дұрыс ↔**ters** (терс) теріс, **er** (ер) ↔ **ez** (ез), **yalyız** (йалғыз) жалғыз ↔**köp** (көп), **bay** (бай) ↔**qul** (құл) құл, **baylıq** (байлық) ↔ **yarlılıq** (йарлылық) жарлылық, **barlu** (барлу) ↔**yoxsıl** (йохсыл) жоқшыл, **berik** (берік)↔ **boş** (бош) бос, **berik** (берік)↔ **osal** (осал), **buzııl** (бузғыл) бұзу ↔**tüz** (түз) түзу, **tüz** (түзу)↔ **ters** (терс) терс, **uzun** (узун) узын ↔ **qısqa** (қысқа), **ulu** (улу) ұлы ↔**kiçi** (кічі) кіші, **iri** (ірі) ↔**uşax** (ұсах), **bar** (бар) ↔ **yoq** – **yoқ** (йоқ-йох) жоқ, **öñü** (өңү) ↔**tuş** (түш) түс, **ilgeri** (ілгері) ↔ **keri** (кері),

ölu (өлу) ↔ **tiri** (тірі), **başı** (башы) басы ↔ **soᅡgi** (соᅡгі) соᅡғы, **yoq-yoᅡ** (йоқ-йох) жоқ ↔ **köp** (көп);

Етістік **kel** (кел) ↔ **ket** (кет). Мысалы, **kelsin seniᅡ ᅡanlıᅡiᅡ** (келсін сенің ханлығың) келсін сенің хандығың, **keldi frište ...**(келді фриште...) періште келді, **beᅡ baᅡli elci keliyer** (беш башлы елчі келійір) бес басты елші келді, **frište kelip övütti** (фриште келіп өвүтті) періште келіп сүйді, **andan kelip firiᅡtä ayttı** (андан келіп фриште айтты) одан келіп періште айтты, **ket** (кет), **ketkil** (кеткіл) кет, **kettüm** (кеттүм) кеттім, **ketärmen** (келәрмен) келермін, **ᅡiᅡik ketkän** (шішік кеткән) ісігі кеткен.

Key (кей) ки ↔ **ᅡeᅡ** (шеш), **etik key** (етік ки), **keydi qulunnıᅡ tenini** (кейді қулунның теніні) құлының денесін киді, **ᅡeᅡermin** (шешермін) шешермін, **ᅡeᅡkil** (шешкіл) шеш, **ᅡeᅡtum** (шештум) шештім, **ᅡeᅡärmin** (шешәрмін) шешермін. ДТС: «**kej** одевать, надевать» [69,б.294], «**ᅡeᅡ** – развязывать, распускать» [69,б.522]

Uyu (уйу) ұйқта ↔ **uyan** (уйан) оян, **uyax tur vel kör** (уйах тур вел көр) ұйықтап тұр немесе көр, **uyax tur** (уйах тур) ұйықтып тұр, **uyuy mi-dir, oyov mi-dir?** (уйуй мы-дыр, ойов мы-дыр) ұйқылысың ба, ояусың ба? **uyuyanda, uyuyisinda** (уйуғанда уйухысында) ұйқысынан оянғанда, **uyanuil** (уйанғыл) оян, **uyandum** (уйандум) ояндым **uyanurmen** (уйанурмен) оянармын **uyanuyanda** (уйанғанда) оянғанда ДТС: «**ujqu** сон» [69.б, 607].

Yat (йат) жат ↔ **tur** (тур) тұр, ескерткіште **yatqil** (йатқыл) жат, **yattum** (йаттум) жаттым, **yatturmen** (йаттурмен) жатырмын **yazda yavli ᅡayis yatir** (йазда йавлы хайыш йатыр) жазда майлы қайыс жатыр, **alar ayaxisip yatilar** (алар аяхышып йаттылар) олар аяқтарын айқастырып жатыр **biz qoyuᅡisip yattiq** (біз қойғашып йаттық) біз құшақтасып жаттық, **Ave, bizni cıyarip turyan ölümniᅡ qabaqından...**(аве, бізні чығарып тұрған өлүмнің қабақындан...) қуан, бізді өлімнің қақпасынан шығарып тұрғаныңа... **tik turuil** (тік тұрғыл) тік тұр, **ave, kimgä qačan köcti bu džähandan, utru turdi Kristus** (аве, кімгә қачан көкті бу джәһандан, утру турды Крістус) аве кімге қашан көпті бұл жаһаннан, Крестос тұрды ДТС: «**jat** I.1 чужой, посторонний, 2.чужая старана, чужбина. **Jat** II колдовство, волшебство связанное с вызыванием дождя и ветра; **jat** II лежать, 2.ложиться, 3.находиться, пребывать, **jat** II класть, расстилать» [69,б.247]. **Tur** I 1.встовать, подниматься, 2.стоять, 3.находиться, 4.жить, обитать, 5.останавливаться, 6.в служ. знач. с деепричастием на –yalı/gäli 7.в служ.знач. с деепричастием на –u/-i, 8. в служ. знач. связка с именем сказуемом: **tarıylay turur** [69,б.586]. СС тілінен етістіктен құралған антонимдік қатарыда кездеседі. Олар, **kel** (кел) ↔ **ket** (кет), **tuv** (тув) ту ↔ **öl** (өл), **aᅡ** (ач) аш ↔ **yap** (йап) жап, **kir** (кір) ↔ **ᅡiq –ᅡiᅡ** (шық-шых), **key** (кей) ки ↔ **ᅡeᅡ** (шеш), **uyu** (уйу) ұйықта ↔ **uyan** (уйан) оян, **yat**(йат) жат ↔ **tur** (тур) тұр, **kötir** (көтір) көтер ↔ **tüşür** (түшүр) түсір, **yum** (йум) жұм ↔ **aᅡ** (ач) аш, **key** (кей) ↔ **ᅡeᅡ** (шеш), **oz** (оз) ↔ **qal** (қал), **ayt** (айт) ↔ **qayt** (қайт), **yür** (йүр) жүр ↔ **tur** (тур) тұр, **yıla** (йыла) жыла ↔ **söyün** (сөйүн) қуан, **kel** (кел) ↔ **qayt** (қайт) **kötür** (көтүр) көтер ↔ **tüşür** (түшүр) түсір, **kötür** (көтүр) көтер ↔ **qondur**

(қондур) қондыр, **öç** (өч) өш ↔ **yan** (уан) жан, **uç** (ұч) ұш-**qon** (қон), **bar** (бар) ↔ **qayt** (қайт), **ališ** (алыш) алыс ↔ **beriš** (беріш) беріс, **yum** (йұм) жұм ↔ **aç** (ач) аш, **tik** (тік) ↔ **sök** (сөк), **yıla** (йыла) жыла ↔ **kül** (күл), **qis** (қыс) ↔ **bošat** (бошат) босат, **öçü** (өчу) өшу ↔ **ösü** (өсу), **aç** (ач) аш ↔ **toqliç** (тоқлық) тоқ, **açmaq** (ачмақ) ашпақ – **yaširmaq** (йашырмақ) жасырмақ, **tolu** (толу) толы ↔ **boš** (бош) бос, **al** (ал) ↔ **ber** (бер)

СС те етістіктер тұйық етістік (кейде есімше) күйінде қарама-қарсылық мағынаны беретін антонимдік жұптар да жоқ емес. Мысалы, **qorqu** (қорқу) ↔ **qovanči** (қованчы) қуану антонимдік жұптары – тұйық етістігінің жұрнағынан жасалынған. СС жазба ескерткішінен **qorqu** (қорқу) ↔ **qovanči** (қованчы) қуану антонимдік жұбына мысалдар келтіретін болсақ: **qorqu** (қорқу) лексемасына **dayi kensi qayyisi, qorqusu titremeki...**(дағы кенсі қайғысы, қорқусы тітіремекі) тағы өзімнің қайғысым, қорқынышым, дірілім... **qorqutmaq üçün** (қорқутмақ үчүн) қорқытпақ үшін, **qovanči** (қованчы) қуану лексемасына **arılarnıñ qovanči häm frištälernıñ** (арыларның қованчы һәм фриштәлернің) тазалардың қуанышы һәм періштелердің.

Ал есімше тұлғасында келетін антонимдік жұпқа **kötür** (көтүр) көтер ↔ **tüşür** (түсүр) түсір сөздерін айтуымызға болады. Мысалы, **...üstün kötürdi** (үстүн көтүрді) үстіне көтерді, **...birin kötür** (бірін көтүр) бірін көтерді. **kötürdi Qiz...**(көтүрді қыз...) көтерді қыз., **yük түşürdüm** (йүк түшүрдүм) жүк түсірдім, **yük түşürürmen** (йүк түшүрүмен) жүк түсірермін.

2) Бір түбірден өрбіген етістіктердің бір-біріне қарама-қарсы мағыналас болып келетін түрлері де (жеңу-жеңілу, ұту-ұтылу), (мысал қою керекпін)

Зат есім **bañit** (бахыт) бақыт ↔ **qayyi** (қайғы). Мысалы, **hörmät, düvlät dayi >dayin bañit bersin** (һөрмәт, дүвәт >дағы дағын бахыт берсін) құрмет, дәулет, тағы тағысын бақыт берсін), **qayyumizni>qayyimizni sen tarğatylil** (қайғумызны>қайғымызны сен тарғатғыл)қайғымызды сен тарқат

СС–тегі зат есімнен құралынған антонимдік жұпты келесі қатармен толықтырамыз. **Олар күн** (күн)↔**ay** (ай), **yer**(йер) жер ↔**kök** (көк, аспан), **alğış** (алғыш) алғыс ↔ **qarğış** (қарғыш) қарғыс, **uçmaq** (учмақ) жұмақ ↔ **tamuç – tamuq** (тамұх-тамұқ) тамұқ, **dušman** (дүшман) дүшпан ↔ **dost** (дост) дос, **ayel** (айел) әйел ↔ **erkäk** (еркәк) еркек, **ayaq** (айақ) аяқ ↔ **baš** (баш) бас, **frište- friste** (фриште-фристе) періште ↔ **šaytan** (шайтан), **ħalal, ħalâl, ħalal** (һалал-һалал) ↔ **haram** (һарам), **sövünč** (сөвунч) қуаныш ↔ **sıyit** (сығыт) қайғы, **yer** (йер) жер ↔ **su** (су) , **açquç** (ачқуч) ашқыш ↔ **yarqıç** (йапқыч) жапқыш, **bañit** (бахыт) бақыт ↔ **qayyi** (қайғы), **kün** (күн) ↔ **tün** (түн), **batış** (батыш) батыс – **toyuš** (тоғуш) шығыс, **aqıl** (ақыл) ↔ **açu** (ашу), **alğış** (алғыш) алғыс ↔ **söküş** (сөкуш) сөгіс, **ayyaq** (айғақ)↔ **yalan** (йалан) жала, **avruy** (аврув) ауру ↔ **sayliq** (сағлық) денсаулық, **dost** (дост) дос ↔ **yat** (йат) жат, **qış** (қыш) қыс ↔ **yaz-yay** (йаз-йай) жаз, **açuv** (ашув) ашу ↔ **sabur** (сабур) сабыр, **kerti** (керті) шындық ↔ **ötrük** (өртүк) өтірік

Үстеу - **aqrin** (ақрын) ақырын ↔ **tez** (тез) **terk vel tez** (терк вел тез) жылдам немесе тез, сондай-ақ **burun** (бурун) бұрын ↔ **bügün** (бүгүн) **en**

burun vel ilgeri (ен бурун вел ілгері) ең бұрын немесе ілгері **burun alay ayıldı.**(бурун алай айтылды...) бұрын солай айтылды, **burun keldi körikli yigit kişi** (бурун келді көрікті йігіт кіші) бұрын келді көрікті жігіт кісі, **burun qayyırmaq kerek.**(бурун қайғырмақ керек...) бұрын қайғырмақ керек, **kün tuvmaздan burun** (кун тувмаздан бурун) күн тумастан бұрын, **kim barça zämanälädän burun Atadan tuvup turur** (кім барча заманалардан бұрын атадан туылып тұрды, атадан тувуп туруп) кім барша заманалардан бұрын атадан туылып тұрды, **anıң үчүн бүгүн dayi bu ayda sayınmaх....**(аның учун бүгүн дағы бу айда сағынмах...) ол үшін бүгін тағы, бұл айда сағынбақ... **bүгүн ayırlalıq ol ulu künni.**(бүгүн ағырлалық ол улу күнни...) бүгін құрмет көрсетелік ұлы күнде

Ilgeri (ілгері) ↔ **keri** (кері) **andan yulduz ilgeri bardı** (андан йулдуз ілгері барды) оның жұлдызы ілгері барды **Qačan čiqtilar Yerusalemdän, ol yulduz ekinči köründi bardı ilgäri aña degri.**(қачан чықтылар Йерусалемдән,ол йулдуз екінші көрүнді барды ілгәрі аңа дегрі...) Йерусалименен шыққан соң, ол жұлдыз екінші көрінді, онымен бірге ілгері жылжыды, **emdidän keri** (емдідән кері) ерте кезде.

Bүгүн(бүгүн) бүгін ↔**keče** (кече) кеше, **bүгүн toydı barça elni Qutqardači** (бугун тоғды барча елні Қутқардачы) бүгін барша елді Құтқарушы туылды, **bүгүн ayıldı anıң alyışli atı barčadan ~ barčidan küçlü, barčadan ~ barčidan tatli** (бугун айтылды аның алғышлы аты барчадан~барчыдан кучлу, барчадан-барчыдан татлы) бүгін оның баршаданда тәтті, баршадан күшті алғысты аты аталды, **keče vel tün** (кече вел тын) кеше немесе түнде, **keče barir qara ulaх....**(кече барыр қара улах) кеше барды қара лақ, **bu keče tin**(бу кече тын...) кеше түнде жаны...

Ескерткіштегі үстеуден құралған антонимдік жұптар, **ertä-ärtä** (ертә-эртә)ерте ↔ **keč** (кеч) кеш, **burun** (бурун) бұрын ↔ **bүгүн** (бугун) бүгін, **bүгүн** (бугун) бүгін ↔**keče** (кече) кеше

Антонимдік мәні бар көмекші сөздер де қарама-қарсы жұптарды құрайды. Мысалы, іші-сырты, асты-үсті т.б. СС жазба ескерткішінде антонимдік мәні бар көмекші сөздердің бірқатар жұптарын мысалға келтіргенді жөн көрдік. Мысалы, **aldı** (алды) ↔ **artı** (арты), **iči** (іші) ↔ **sirtı** (сырты) сөздері көмекші есімдерден жасалынып антонимдік жұп құраған. **Astında** (астында) ↔ **üstünde** (устунде) үстінде, қарама-қарсылық ұғымға СС ескерткіш тілінен **tübündä vel astında** (тубундә вел астында). Мысалы, **seni sövüp čin xanımız barčadan üçün>üstün kötürdi** (сені сөвүп чын ханымыз барчадан үчүн > үстүн көтүрді) сені сүйіп, баршадан да жоғары көтерді. ДТС: «**Astin** вниз, внизу» [69,б.61], «**üstün** 1.верхний 2.старший 3.верх, 4.вверху, наверху, 5. в служ.знач.послелог над» [69,б.628]. **Aldı** (алды) ↔ **artı** (арты) қарама-қарсылықты білдіретін сөздердің негізгі түбіріндегі мағына жойылып кетпей, сөздердің мағынасы түрленеді.

Сонымен қатар, СС жазба ескерткішінен **iči** (ічі)іші ↔ **sirtı** (сырты) **itip itip iryalmaz, içindägi çayxalmaz** (ітіп-ітіп ырғалмас, ічіндәгі чайхалмас) битіп битіп ырғалмас, ішіндегі шайқалмас, **dayi kensi qayyisi, qorqusu, titremeki kensi yalbarmaçi, bile ol sirt üstünde ol yuqtı** (дағы кенсі қайғысы

қорқусу тітіремкі кенсі йалбармахи, біле ол сырт үстүнде ол йуқты) оның қайғысы, қорқынышы, үрейі үдеп, жалбарынып дұғада отырып, ұйықтап кетті. Байқасаңыз ескерткіш тілінде көмекші есімдерден жасалынған антонимдік жұптар да бар екен. ДТС-те: «iĉ 1.внутренность, 2. подкладка, 3. в служ. знач. послелог» [69,б.201] Ыбырай:

Дүшпаныңнан бір сақтан,
Сырты майда іші қан,
Ел ішінде жар-жора,
Достарыңнан бір сақтан [141,б.14].

2) СС жазба ескерткішінен есімдіктерден жасалынған антонимдік жұптар да кездестіреміз. **Bu** (бу) бұл ↔ **ol** (ол), **anda** (анда) ↔ **munda** (мунда) мұнда. Жазба ескерткіш мәтіннен **Bu bardı izi yoġ** (бу барды ізі йох) бұл барды, ізі жоқ, **bu dũnyada** (бу дүниада) бұл дүниеде, **bu keĉe tĩn ~ kövũs bulyaq boldĩ** (бу кече тын ~ көвус булғақ болды) кеше оның жаны киіздей болды, **bu saat-tĩr** (бу саат-тыр) бұл сағаттарда. **Ol tiler** (ол тілер) **ol bilir** (ол білір) ол білер, **ol alley aytĩr** (ал аллея айтыр) ол мақтау айтты **alyĩġ bizgä ol kim bersin** (алғыш бізгә ол кім берсін) алғыс бізге ол кім берсін **ol aytĩr idi** (ол айтыр іді) ол айтар еді **ol boluġsun** (ол болушсун) ол болыссын **ol et üstündä kelepen** (ол ет устунда келепен) оның денесі алапес **ol kelgeli** (ол келгелі) деген мысалдар осы антонимдік жұптардың қалыптасу тарихының тереңде екендігіне дәлел бола алады.

Anda (анда) ↔ **munda** (мұнда) **anda** – **oġ** (анда-ох) анда жоқ, **anda yĩlap asov yoġ, neĉe ĉayĩrsa, eġitmaġ yoġ, hergiz dayĩ quĩlmaġ yoġ** (анда йылап асов йох, нече чағырса, ешитмах йох, hergiz дағы қутулмах йох) анда жылаудың қажеті жоқ, неше шақырса да, естудің қажеті жоқ, әркез құтылу жоқ **munda** (мунда) мұнда сілтеу есімдігіне **kensim munda kelirmen** (кенсім мунда келермін) келсем мұнда келермін, **kiĉiy-dir munda** (мунда кічій-дір) мына жерім қышиды. ДТС: «**anda** 1. мест. исх от **ol** аңар **joġ oġ adĩn**...2. там. **qĩliĉ qayda ersä**» [69,б.48], «**munda** 1. местн. от **bu**: jana mund, 2.здесь, тут **ol munda**» [69,б.348]

СС-тегі есімдіктен құралған антонимдік қатар, **anda**-(анда) ↔ **munda** (мунда) мұнда **anĉa** (анча) – **munĉa** (мунча) мұнча, **anĉayĩna** (анчағына) **анча - monĉayĩna** (мончағына) мұнча **bu** (бу) бұл ↔ **ol** (ол)

Ғалым А.Жұмабекова лексикалық антонимдерді үшке бөліп қарастырады.

1) Симметриялы градуалды антонимиялық оппозициялар (қиын-оңай, арзан-қымбат).

2) Привитативті антонимиялық оппозициялар (жат-жақын, жағымды-жағымсыз);


1) Эквивалентті антонимиялық оппозициялар (әйел-еркек, оң-сол) деп жіктейді. СС жазба ескерткішінде эквиволентті **ayel** (айел) әйел ↔ **erkäk**(еркәк)еркек сынды антонимиялық оппозиция кездеседі. Мысалы, **ayel** (айел) әйел ↔ **erkäk** (еркәк) еркек. ДТС-та да берілген, мысалы, **erkäk** I 1.

муж, мужчина, 2. в.служ., знач., как компонент описательного обозначения пола 3. мужской [69,б.179].

Әлем қарама-қарсылықтардың күресі мен бірлігінен тұрады. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі – дамудың негізгі өзегі. Олар даму құбылысының ішкі қайнар көздерін ашады, ескінің жойылып, жаңаның пайда болу себептерін анықтайды. Даму ішкі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтар күресіне негізделеді. Ал қарама-қарсылықтар тілде антонимдер арқылы бейнеленеді. Зерттеу жұмысымызда ортағасырдағы халықтың ойлау жүйесі мен әлемге қарым-қатынасы жазба ескерткіштегі мысалдар негізінде беріліп, ұғымдардың оппозициясы анықталады. Жазба ескерткіштегі бинарлық оппозициялық жұптардың әртүрлі сипаттағы түрлерін кездестірдік. мысалы Кеңістіктің құрылысына байланысты (аспан-жер, жер-көк, ай- күн, оң-сол, алыс-жақын, үстіне-астына), уақыттың құрылысына байланысты (қыс-жаз, күн-түн, таң- кеш, кеше-бүгін, қазір-бұрын, кеш-ерте), заттың сапасын, сынын, түсін, дәмін, тығыздығын білдіретін (ақ - қара, жақсы - жаман, жарық-қараңғы, жаңа-ескі, көрікті-көріксіз, қышқыл-дәмді, тәтті-ащы, қатты-жұмсақ), өлшем және мөлшер категориялары (ұзын-қысқа, жұп-тақ), бағалау өрнектерімен (жақсы-жаман), табиғат құбылыстарына байланысты (құрғақ-дымқыл, балғын-шірігін), әлеуметтік категорияға байланысты жас мөлшерлік (кәрі-жас, үлкен-кіші), генеалогиялық (әйел-еркек, қыз-ұл), қоғамдық әртүрлі мағынада кездесетін оппозициялар (қала-ауыл, төре-қызметші, байлық-жарлық, бай-жарлы), дүние бейнесінің жалпы модусын айқындауға байланысты (өлу-тірілу, жұмақ-тозақ), іс-қимылды білдіретін (тамақтандым-ашпым, қорғадым-кінәладым, құлыптадым-аштым) т.б. бинарлық оппозициялық жұптарды байқауымызға болады

Кез келген келген халықтың тілі сол халықтың өзіндік ерекшеліктерін, таным-түсінігін, мәдениеті мен тарихын, салт-санасын, жалпы рухани-мәдени құндылықтарының барлығынан хабар беретіні белгілі. СС жазба ескерткіштерінде дүниенің тілдік бейнесіндегі ұлттық сипатты айқындаушы лингвомәдени көрсеткіштер жиі ұшырасады. Қарама-қарсы мағыналы сөздердің пайда боуы сыртқы ортамен тығыз байланысты.

СС мәтіндегі антоним, синоним, омонимдердің сандық көрсеткіші



Бірінші тарау бойынша тұжырым

1. Диссертациямыздың бірінші тарауында түбі түркі тілінен шыққан қыпшақ тілінің қазақ тілімен сабақтастығы, түркі, қыпшақ, қазақ этностары жайлы мәліметтер, қыпшақ этносының шығу тарихы қарастырылады. Сондай-ақ ескерткіштің ғылыми айналымға түсіп, зерттелуі сараланды. Бұл бөлімді жазу барысында: 1) XVI -XVII жазба ескерткіш туралы алғашқы мәліметтер ғылыми болжамдар, зерттеулер; 2) XVIII-XIX ғасырларда СС жазба ескерткішінің әр түрлі тілдерде баспадан шығуы; 3) XIX-XX ғасырлардағы СС жазба ескерткіші тілінің арнайы қазіргі түркі тілдерінің оның ішінде қыпшақ тілдерінің тарихи арнасы ретінде лексикологиялық, тарихи тұрғыдан зерттелуі мәселесі. Осы үш кезеңге бөлінген классификация бойынша қарастырып СС жазба ескерткішін тілдік тұрғыдан, тарихи, тұрғыдан зерттеген ғалымдардың пікірлерін жинақтап, жүйеледік.

2. СС жазба ескерткіші тілінің фонетикасы тарауында, түрлі құбылыстар мен дыбыстық алмасуларға түсініктемелер беріліп, ғалымдардың тұжырымдары жинақталды.

1.3 «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші тіліндегі жалпы түркілік лексика тарауында ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тілінде мағынасы да тұлғасы да өзгермей қолданылған сөздер, аз кем фонетикалық айырмашылығы бар, бірақ мағынасында еш өзгеріс жоқ сөздер, сондай-ақ мағынасы да тұлғасы да өзгерген сөздер анықталды.

4. СС жазба ескерткіші тілі мен қазақ тілінің лексика семантикалық байланысы, сөз мағыналары тарауында, жазба ескерткіш лексикасындағы сөздердің мағыналарының кеңейуі, тарылуы, өзгеруі, ауысуы жүйеленіп нақты мысалдармен дәйектелді. Көп мағыналы сөздер омоним, синоним, антонимдер. Омнимдер бөлімінде жәдігерліктегі омонимдерді зерттеген ғалымдар мен лингвисттердің пікірлері жинақталды сонымен қатар омонимдер саны анықталып, түрлері ажыратылды; жазба ескерткіш мәтінінің көп мөлшерін синонимдер құрайды, сондықтан да жазба ескерткіштегі синонимдердің мағыналық топтары ажыратылып, саны анықталды; Жазба

ескерткіштегі антонимдер (қарама – қарсы мәнді сөздер, бинарлы жұптар)
қарастырылып, саны анықталды;

2 «КОДЕКС КУМАНИКУС» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШ ЛЕКСИКАСЫ СӨЗДІК ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

2.1 Кодекс Куманикус жазба ескерткішіндегі лексикалық бірліктердің көнеру уәждері

Біз қарастырып отырған орта ғасыр қазақ халқының этникалық және тілдік тұрғыдан қалыптасуына ұйытқы болған ең күрделі кезең болып табылады. Оның көрінісін жазба ескерткішінің тілін қарастыру барысында көз жеткіземіз. Өйткені жазба ескерткіштің тілі қазіргі қазақ тілі лексикасының барлық тақырыптық топтарын қамтиды, сөздік қоры жалпы түркілік лексиканы құрайды. С.Е.Малов «К истории казахского языка» мақаласында: «Для истории казахского языка большой материал может дать нам памятник половецкого языка или куманского языка «Codex Cumanicus» [143,б.97] дейді. Осы тұрғыдан келгенде жазба жәдігердің тілдік құрамындағы мағынасы көнерген сөздердің өз дәуірінде қолданылуы мен қазіргі кезеңдегі қолданыс өрісінің қандай екенін ажырату, тарихилану себептерін, уәждерін анықтау, бүгінгі күндегі түсіністік дәрежесі мен мүлдем түсініксіздері, мағынасының өзгеруін ажырату уақыт талабына сай туындаған мәселе болып табылмақ. Қоғамдағы болып жатқан барлық құбылыс сөздердің мағынасына, тұлғасына, қолданыс аясына қатты әсер етеді. Өйткені тіл үздіксіз дамуы заңдылығы бойынша құбылып, түрленіп, көнеріп, иә жаңарып отырды. Сол себепті кейде сөздер түсінікті болса, кейде түсініксіз болатындай дәрежеге түседі. Жазба ескерткіштегі тілдік фактілерді қарастыру барысында мәдени құндылықтардың барлығы тарих қойнауына жасырынып жатқанын аңғару қиын емес. Өйткені жазба ескерткіш тіліндегі қазіргі қазақ тілінде көнерген лексикалық ұғымдар еліміздің белгілі бір тарихи кезеңін танытатын нақты материал болып табылады. Осы орайда, ескерткіш тіліндегі көнерген ұғымдарды қарастыру барысында олардың астарынан ұлттың генетикалық түп-тамырын, материалдық және рухани мәдениетті айғақтайтын тілдік бірліктерді қайта зерделеу мүмкіндігін иеленеміз. Лингвист Н.Уәли: «Тіл – адам мен ақиқат дүниені жалғастырушы буын» – дейді [28,б.96]. Ендеше, айта кететін мәселе біз зерттеу нысанына алған жазба ескерткіштің лексикографиялық сөздік пен христиан дінін уағыздауға арналған мәтіндерінен құралған дүние екенін ескерсек, сол сөздік бағаны мен діни уағыздар арасындағы сөздердің сырын анықтау барысында, қыпшақтардың өткен өмірімен, тұрмыс-тіршілігінің суретін салып, кезінде активті түрде қолданылған сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі хал-ахуалын анықтадық. Тарихи сөздер мен архаизмдерге айналған әр сөздің тіл білімі мен тарих сахнасындағы орынын анықтауға тырыстық. Ақиқаты осы.

Күнделікті тұрмыста қолданылмайтын, бірақ сөздік қорда сақталынып, кезінде халыққа түсінікті болған сөздер - көнерген сөздер деп аталады. Олар көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу аясына қарай тарихи сөздер мен

архаизмдер деп екіге бөлінеді. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде: «**Историзм** - (тарихи сөз) – атап білдіретін заттары мен құбылыстары өмірде жоқ, көнеріп қолданудан шығып қалған сөздер, тұрақты тіркестер». Ал [80,б.145], «**Архаиздер** - (грек *archaios* көне), (көнерген сөздер) - сөйлеу тілінде қолданудан шығып қалған көнерген сөздер мен сөз тіркестері» [80,б.33] деген анықтама аламыз.

Көнерген сөздердің зерттелу тарихына үңілетін болсақ Қ.Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ә.Қайдар, Ә.Құрышжанов, Қ.Өмірәлиев, Ж.Досқараев,, А.Махмұдов, Ж.Сарыбаев, Е.Жанпейісов, С.Омарбеков, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, М.Б.Балақаев, К.Аханов, Ғ.Ғ.Мұсабаев, А.Ы.Ысқақов Ж.Манкеева, Н.Уәлиевтердің еңбектерінен лексикадағы көнерген бірліктермен жаңа бірліктердің теориялық негіздері мен принциптері туралы мәліметтер аламыз. Г.Ж.Өтемісова: «Көнерген аталымдар ерте кездегі бір - біріне тегі жақын туыстас көне түркі әдеби тілінде қалыптасқан норма болғандықтан, еш уақытта жойылып кетпейді, тарихи болмаса этимологиялық сөздіктерде өмір сүреді» [144,б.1] деген пікіріне сүйене отырып Ә.Қайдардың «Ғылымдағы ғұмыр» I-IV том, «Қазақтар ана тілі әлемінде» I-III томдық, Ә.Нұрмағанбетовтің «Бес жүз бес сөз», Бодаухан Тоқанұлының «Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің түсіндірме сөздігі», К.Қайыржан «Сөз сандық», Г.Ж.Өтемісованың «Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар лұғаты», еңбектерінен қажетті деректер алынды.

Лингвист-ғалым Р.Сыздық: «...ертедегі ұшан-теңіз әдеби мұрамыз бен сөйлеу тілімізде кездесетін бұл күнде не мүлде түсініксіз немесе мән-мағынасы өзгеше түсінілетін бір алуан сөздердің сырын ашу үшін олардың өздерін «сөйлеттік». Бұл сөздер өз табиғатын таныту үшін ғана сөйлеп қоймайды, халқымыздың өткендегі тарих көшінен де хабар береді [106,б.7] дейді СС жазба ескерткішіндегі сөздерді сөйлету арқылы өткенімізден хабар алып, тарихымызды тереңірек тани түсеміз.

Кезінде көне түркі тілінде қолданыста болып, ғасырлар өткен соң қолданыстан мүлдем шығып, ұмытылған сөздер–тарихи сөздер екені белгілі. Олардың өзіне тән бірнеше ерекшелігі де бар. Бірінішіден, синонимдері болмайтыны және ауыспалы мағынада қолданылып әр түрлі эксперссивтік мән тудыра алады. Сондай-ақ тура лексикалық мағыналары көнергенімен ауыспалы мағыналары сол күйінде сақталынып қалады. Тарихи сөздерді қазақ тіл білімінде ғалымдар әр түрлі атап келді «тарихи сөз», «тарихиаят», «ескірген сөз». Ал біз зерттеу жұмысымызда қалыптасқан «тарихи сөз» терминін қолдануды жөн санадық. Тарихи сөздерді «дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер тарихи сөздер» [20,б.182] десе А.Махмұдов «...өшкен, құрыған заттар мен құбылыстарды білдіретін историзмдер» [145,б.222] дейді. Расында, дәуірі өткен сөздер, өшкен, құрыған заттар мен құбылыстар атауы көненің көзі, асылдың сынығы баға жетпес, өткенімізден хабар беретін асыл мұралар болып саналады.

Тарихи деректерге сүйенсек ортағасырдағы қыпшақ хандығы тұсында саяси-әлеуметтік мемлекеттік құрылым болды. Ортағасырға дейінгі жазба

ескерткіштерде ел билеуші үстем тап өкілдері қағандар еді. Түркі қағанаты ыдыраған соң қарахан, қимақ, қыпшақ, қазақ ел билеушілері хан лауазымын иемденгені тарихтан белгілі. Ортағасырлық СС жазба ескерткіш құрамында хандық билік және оның айналасындағы әкімшілік істерді атқарушы топтарға, әскери шен түрлеріне қатысты мағынасы көнерген тілдік бірліктер тарихи сөздер жеткілікті десек те болады. Мұндай тілдік бірліктерге: ел басқарушы лауазым иелері: **qan - җan** (қан-хан) хан, **soltan** (солтан) сұлтан, **bey-xodja** (бей-ходжа) би-қожа, **beg** (бег); хан балаларын тәрбиелеуші **atalih** (аталыh) аталық ханның титулы жоқ ұрпақтарының балалары, ханзадалары: **oylanlar** (оғланлар) бала, балалар; хан маңындағы әкімшілік басқарушылар тобы: **basqaq** (басқақ) басқарушы, **bögävül** (бөгәвүл) ас су тексеруші, **bitikči** (бітікчі) жазушы, **yaryuči** (йарғучы) жарғучы, **hökümcü** (höкүмчі) үкімші; ел арасында беделді, халықпен де хан арасында байланыс орнататын тұлғалар, **telbuğa** (телбуға) телбұға, **abuşqa** (абушқа) абыз, ханның жорыққа шыққанда, иә маңызды істерді істегендегі ақылшылары, **baqči-bitikči** (бақчы-бітікчі) бақсы-бітікші, **bügü** (бүгү) бүгі, **qam qatın** (қам қатын) сиқыршы қатын, **rämilik** (рәмілік) болжам, әскери топты басқарушы, ұйымдастырушы топ өкілдері, **bayatur** (бағатур) баһадүр, **čeri bači** (чері бачы) әскер басы, **čeri** (чері) әскер, **yayši** (йайшы) садақшы; әскерге керекті қару-жарақ, киім-кешек атаулары **yay** (йай) жай **sayit** (сағыт) қару, **tulya** (тулға) дуылға, **qiliš** (қылыш) қылыш, **qalqan** (қалқан) қалқан, **yasman** (йасман) құты, **kübä** (күбә) былғарыдан істелінген сауыт, **butluq** (буттуқ) бұттық, **ayıl-qolan** (айыл қолан) белбеу, **qur** (қур) құр белдік, **qoryaşından tontarma** (қорғасынан тонтырама) қорғасынан түйме, **čulyav** (чулхав) шылғау, **kämär** (кәмәр) белдік, **čüväk** (чүвәк) былғары аяқ киім, әскери лексика: **zindan** (зындан) зындан, **sančiš** (санчыз) соғыс, **yayi** (йағы) соғыс, **süyit** (сығыт) жоқтау; орда маңындағы үй қызметкерлері, басыбайлы күндер: **evdägi epči** (евдәгі епчі) үйдегі әйел, **evdägi qiz** (евдәгі қыз) үйдегі қыз, **qaravaš küñ** (қараваш күң) қараваш күң, **künji** (күңі) күңі, **yalči** (йалчы) жалчы, **yarli-yoqsul** (йарлы-йоқшыл) жарлы-жоқшыл, **quluqçı** (қулуқчы) құлықшы.

Жазба ескерткішінің сөздік бағанында **qan-җan** тілдік бірлігінің екі омонимдік қатары берілген: 1) **qan-җan** адамның ағзасындағы сұйықтық, 2) **qan** (хан) ел басқарушы, лауазым иесі. Сондай-ақ діни мәтіндер арасында Тәңірдің мекенін, Тәңірдің өзін сипаттауда метафораланып тиімді қолданылған тілдік бірлік. Мысалы, **җанға** (ханға), **җan** (хан), **җanі** (ханы), **җanliq** (хандық), **җanliҗiniң** (хандығының), **kök җanі** (көк ханы), **čin җan** (шын хан). ДТС: «**җan I** хан, правитель, **җan II җan salar** столичный, **җan III см. qan**» [69,б.636]. Бұл атау кезінде мемлекеттің ең жоғарғы билеушісіне берілген титул болған. Және ол атадан – балаға мирас ретінде берілген. Ескерткіште ханнан кейінгі басқарушы тап өкілдеріне **bey-xodja** (би-қожа), **beg** (бек), **soltan** (сұлтан) сөздері ел басқарушы, билік етуші, қожайын мағыналарында беріледі. Би сөзіне қожа сөзі қосарланып қолданылады. Діни мәтіндерде Тәңірі, Иисус Христос тіл бірліктерінің алдында **inanirmen...dayi bir**

Beyimiz Yesus Kristusya...(ынанырмен дағы бір Бейіміз Йесус Крістусға) Тәңіріміз бір Иисуса Христосқа сенемін, **Beyim Teñiri, benim tünim alıyl** (Бейім Теңірі, менім тыным алғыл) Би Тәңірім менің жанымды ал т.б. мысалдарынан би сөзі қожайын мағынасында қолданылып тұрғанын да байқаймыз. Сонымен қатар хан, би т.б тілдік бірліктер христиан дінін уағыздауға арналған діни мәтіндер арасында суреттеу, бейнелеу, көркейту, күшейту үшін және діни мәтіндердің әрілігін арттыру мақсатында қолданылған. Тарихи мәліметтер бойынша қыпшақ, қазақ хандығы тұсында бұл тұлғалардың ел ісіне араласып, өз кезегінде ел арасында беделі де үстем болған. Уақыт өте келе бұл тілдік бірліктердің ХІХ ғасырларда қоғамдағы тарихи жағдайларға байланысты хан тұқымдарының ықпалын әлсірету, хандық билікті жою мақсатында бұл билеуші тап өкілдері халықты азғындатушы, арандатушы, тонаушы тап өкілі ретінде танылып, халыққа қарсы үстем тап өкілі ретінде сипатталып, мағыналарында ауытқулар болды. Оған ХІХ ғасырларда жазылған шығармалар куә. Мысалы, би лауазымы дәстүрлі қыпшақ қоғамының саяси әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық билік иесі, әміршіге берілген атақ болса, ХV- ХVІІІ ғасырларда бастапқы семантикалық – тілдік реңкінен ажырап шешен, батыр, дау-даумайларда кесімді төрелік айта білуші, үкім шығарушы, бітістіруші, батагөй, ел басқара алатын тұлғаға берілген лауазым ретінде қолданылған. Ал сұлтандарға қатысты ХVІІІ ғасырлардың аяғында «Аға сұлтандарды сайлау хақында ереже» жасалынып, осы кезеңнен бастап ел басқаруға хан тұқымы ғана емес, қарапайым халықтың арасынан адамдар да сұлтан сайлана алатын болып, «сұлтан» сөзінің де алғашқы семантикалық мағынасынан ажырағанын байқаймыз. Қазіргі қоғамда басқару жүйесінің өзгеруіне байланысты кезінде активті түрде қолданылған бұл бірліктер қолданыстан шығып, тек тарихи шығармалар тілінде ғана көрініс тауып, тарихиланса, кей жағдайларда сындық мағынаға ие болып «жігіттің сұлтаны», «хандай», «бек жігіт қой» секілді тіркестерде, сонымен қатар тұлғалы есімдер антропонимдердің құрамына енгенін байқаймыз. Мысалы, Ханғали, Уәлихан, Шыңғысхан, Айхан, Бексұлтан, Айсұлтан, Тұрысбек, Айбек, Әліби, т.б.

Сондай-ақ жазба ескерткіші құрамындағы әкімшілік-құқықтық-әскери істі жүргізуші тұлғаларға арналған лексемалар тобыда өзіндік историзмдер тобын құрайды деске те болады. Өйткені, қыпшақ ұлысында әкімшілік – құқықтық-әскери басқару жүйесіне, ерекше мән берілген және әрқайсысының өзіне бекітілген жауапты істері болған. Бұл жөнінде Ш.Уалиханов И.Н. Березинге жазған хатында өте тамаша мәлімет береді. Ол: «хан маңында: даруга, баскаки, бітікті, тамғашы, тартнақшы» секілді тұлғалардың болғанын айтады және «оғландар, ханзадалар, хан тұқымдары болды. Ру-тайпа өкілдері бектер мен билер болды»» [1, I бб. -148-149] дейді. Осы кезеңнің өзінде мемлекеттік істер жүргізіліп, ақсүйектер көршілес және алыстағы елдердің билеушілерімен хат жазысып, келіс сөздер жүргізіп ел ішіндегі саяси әлеуметтік мәселелерді шешіп отырған. Мысалы,

Basqaq (басқақ) басқарушы деп берілген. Сөз сандық: «басқақ (1) зат. (сөзбе сөз басушы) Ханның мөрін ұстаушы, сонымен бірге басқару, баспана болу дегенді білдіретін тарихи атау, шекаралық аймақтардың әкімі, қытайша, «духуға» тура келеді, (2) саулық қойда болатын ауру, (3) жын марту →шүркіл» [146,б.66] деген түсініктеме аламыз. А.Ибатовтың «Хусрау-Шырын» дастаны бойынша жасаған сөздігінде: «**Басқақ** зат. (2) *басқақ ел билеуші*» [25,б.54]. ҚТТС: «**Basqaq** 1. «шапқын талан-тараж» §Н 6868, **basqaq bol** талан таражға салу, 2. «қинау, қиналу, полиция немесе әкімдік істеріне жауапты қызметкер» §SL [71,б.171].

Bögävül (бөгәвүл) бақауыл сөзіне А.Гаркавец «**bögävül** служащий суда, пристав, лат. *placarius* [placarius] служащий суда, перс. *tatāwul* [tataul] чиновник, писарь, посылный» [35,б.1061] деген аударма береді. Ш.Уалиханов: «Бақауыл сөзі қырда әлі де қолданылады. Қырғыз [қайсақтарда] бақауыл ас таратушы деген мағынада...» [1 I,б.149] дей келіп қазақтарда бөгеу, тоқтату етістігі көп қолданылады, одан бөген салу, тоған жасау, бөгет құру секілді ұғымдар қалыптасқанын айтады. Сонда Ш. Уалихановтың пікірінше **bögävül** ханға бара жатқан асты бөгеуші, тексеруші, тоқтатушы тұлға. Қадырғали Жалайыридің «Жами ат-тауарих» жылнамасына жасалынған тезарус сөздігінде: **bögävül** сөзіне: «бақауыл – күзетші» [147,б.53]. Р.Сыздық: «бақауыл/бурчи-хан сарайында ас суды басқарушы, Шыңғыс хан енгізген 10 түрлі қызмет иесінің бірінің атауы. Толағай *бек баурчы* ерді, Онгур нойан уа *боқаул баурчы* ерді» [106,б.322], ҚТТС: «**Bökevül** (мо) әскер жасауыл АО II/9, ML» [71,б.241] деген түсініктемелер аламыз. Дәл осы мәліметті Ә.Қайдардан да «Қазақ тілінің көне сөздердің түсіндірме сөздігінен да аламыз. Бұл сөздің уақыт өте фонетикалық өзгешілікке ұшырғанын аңғаруға болады, Сондай-ақ бұл сөз XVIII- XIX ғасырларда да тілдік қоланыста болған. Мысалы КжЛгҚЕЖЛ бұл сөз: «Беқауыл, Бекеуіл – *нөкер жауапты адам, Жасауылдың аты екен. Қаратиын беқауыл («Ер Шора», Молда мұса нұсқасы)»* Бабалар сөзі - 45 том. 2007.100 томдық) Бекеуіл келіп сөйлеп тұр. Нәрікбайға айтқан сөзі бұл.(Қисса «Нәрікбай Шора»(Майкөт. Ә Сариев нұсқасы) [122] ҚӘТС: **Бақауыл** зат. көне 1.*Соғыс кезінде әскердің қару-жарақпен, азық-түлікпен дұрыс жабдықталуын бақылап, соғыстан кейін түскен олжаны дұрыс бөліп, таратумен айналысатын адамның әскери лауазымы. 2.Шегара арқылы өтетін тауарларға таңба салатын және оларды жасырын, алып өтпеуді қадағалайтын сақшы топ, жасақ. 3.Ханның бас аспазы, дастархан әзірлеуші* [126,б.628]. Соған қарағанда **bögävül** - хан сарайындағы ас суды басқарушы және ханның тамағын тексеруші тұлға, және ордадағы әкімшілік істерге де араласушы, күзетші тұлға болып тұр.

Bitikçi (бітікчі) жазушы, **bitik** (бітік) кітап, жазу, хат көптеген орта ғасырлық жазба ескерткіштерде жиі қолданылатын бірлік. М.Қашқарида: **bitikçi** - тәңірден жіберілген қасиетті жазу деп берілген [67,б.10]. ДТС: «**bitig** 1.книга, надпись, документ; 2. процесс письма; 3.почерк; 4.амулет; **bitigčäči** писец, **bitigči** писец» [69,б.103]. ҚӘТС сөздігінде бұл сөздің екі түрлі

мағынасы берілген. **Бітік** сын. 1 *Қалың, жиі өскен тығыз. 2 ауыс. Денесі тығыршықтай.* **Бітік** зат.көне. *Орта ғасырлардағы түркітөктес халықтарды билеген хандардың өзге мемлекет басшыларына жолдаған хаттары мен; мемлекеттік ресми актілердің бір түрі* [148,б.193] **Бітікші** зат көне *Орталық Азияның ортағасырлық мемлекеттеріндегі хатишы, көшірмеші сияқты іс жүргізуші адамның лауазымы* [148,б.194]. ҚТТС: **bitik** (1) «хат, хабар» DLT, CI, 384-18, AL, ŞSL, CD, FK 441/3, HŞ 4632, LM 2373, (2) «шөп, жерден шығатын өсімдік» AL, (3) “біткен, тәмам болған” ŞSL, (4) (ж.е.) «Бұқараға қарасты кішкентай бір қамал» ŞSL. **Bitikçi** «жазушы, сарайдағы жазушы қызметкер» MÜN, ŞSL, HŞ 2811, IML 157, MN (2)9/79 дейді [71,б.230]. Сөз орайы келгенде айта кетуіміз керек бітікшінің қоғамдағы орны өте үлкен болған арнайы ел билеушілердің тапсырмасымен құжаттарды жинақтап, тапсырыспен тарихи шығармалар жазып отырғанын білеміз.

Telbuğa (телбуға) телбуға жазба ескерткіште көсем мағынасында беріледі. Яғни СС жазба ескерткіші жазылған уақыттағы Дешті қыпшақ елді мекеніндегі саяси әлеуметтік жағдайға келсек құрамы әр түрлі этностар мен әр түрлі ру, тайпалардан құрылғандығы бәрімізге белгілі. Халықты басқару мақсатында ханның төңірегінде көсемдер мен абыздар, бір әулетті, руды, тайпаны басқарушы тұлғалардың жиналатындығы белгілі. Жазба ескерткішт **Telbuğa** сол ру, тайпаны басқарушы көсемге берілген титул ретінде берілген. ДТС–те: **telbuğa** ұғымына анықтама берілмеген тек, **tel I** сверлить, дырявить, пробивать; **tel II** приучать, припускать сосуна к матери; **tel III** делать небережно, как попало» [69,б.550]. Телбуға сөзінің екінші сыңарына қатысты академик Р.Сыздық мынандай мәлімет береді: «...бұға / бұғы / буга / буке / бүгө / бөге / бөгу варианттарына келіп, көне түркі тілдерінде үш түрлі мағына айналасына топтасады: *бөге* тұлғасы және оның фонетикалық варианттары «батыр, күшті, адам» дегенді *бөгу* тұлғасы (және оның варианттары) «дана, данышпан» деген мағынаны, ал *бұғы* кәдімгі *бұғы* (жануар) мағынасын білдіреді. Бұл тұлғалардың қай-қайсысы болса да – мағына жағынан жалқы есім жасауға қатыса алатын сөздер әсіресе, «батыр», «дана, данышпан» мағыналарын беретін тұлғалар, адам есімін, оның ішінде лақап аттарын, құрметті есімдерін беруге өте бейім болған сөздер» - [106,б.99] дейді.

Abuşqa (абушқа) абыз. ДТС: **Abuşqa** старик [68,б.3]. Ш.Құдайбердіұлы: «ел ғайыптан хабар алып, болашақты болжайтын, ақылды, ойшыл, адал қария абыз болған» – дейді[149]. Қазіргі кезеңде абыздық дәрежеге жеткен адам жоқ. Халық түсінігінде абыз тек білімді ғана емес сәуегей, білгір, көріпкел, рухтармен сөйлесуші. Қазіргі ауыз екі тілде егер адам бірнәрсені көрмей білмей, естімей, болашақты болжайтын болса, не болмаса болмаса айтқаны келсе: «Абыз адам екен!» тіркесі қолданылады. Ә.Марғұлан пікірінше: «Абыздар бір жерде отырмайды, ылғи тау тасты аралап, тасқа жазу түсіріп, ескі жазуларды оқып жүреді, жирен атқа мініп, ел қыдырып, қобыз тартып, сарын айтып, сәуегейлік құрып жүретін болған.

Қазақ абыздарының бір ерекшелігі, олар сахарада, әр заманда үстем болған, салт – сананы біріктіріп (тәңірі, будда діні, мани) түрін қолданған» - дейді [150]. Өз кезегінде қазақ тарихында Асанқайғы, Қорқыт, Өтеміс, Нысан секілді абыздардың болғанын білеміз.

Baqčï-bitikčï (бақчы-бітікчі) бақшы-бітікші СС жазба ескерткішінен емші, көріпкел, сәуегей, оқымысты деген мағынада кездестіреміз. Орта-ғасырларда бақсы тек емші, көріпкел, сәуегей ғана емес сауатты адам да болғанға ұқсайды. «**Viti**» сөзі көне түркі жазба ескерткішінде де кездеседі. ДТС: «**baqčï** I учитель, наставник» деген сипаттама берілген [69,б.82], **bitigčï** писец [69,б.103]. ҚӘТС-де бақсы сөзінің бірнеше мағынасы ашылған. Мысалы, **Бақсы** зат., көне 1.*Ежелгі түсінік бойынша тылысым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік көріпкелдік т.б. ерекше қасиеттері бар адам*, 2.*Әртүрлі тәсілдермен (тамыр ұстау дем салу, ойнау) сырқат адамдарға ем-дом жасаушы тәуіп* [126,б.631]. **Бітікші** зат көне.1.*Орталық Азияның орта ғасырлық мемлекеттеріндегі хатшы, көшірмеші сияқты іс жүргізуші адамның лауазымы* [148,б.194]. Демек, **baqčï-bitikčï** Тәңірдің жіберген жазуын білетін, іс жүргізуші ділмар, жазушы, шешен, емші, көріпкел, сәуегей тұлға. Ислам дініне дейін халық арасында бақсының дәрежесі жоғары болған. Дала өркениетінің ерекше өкілі бақсылар өз заманындағы ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік өмірінде өте маңызды роль атқарған. Шаманизм сенімінен бастау алған бақсылардың ел арасында өзіндік беделі болған. Хандар ел басқару ісінде де бақсыларға да жүгініп отырған. Ал қарапайым халық ауру-сырқаудан, бәле-жаладан, жаманшылықтан құтылудың басты жолы деп таныған халық бақсылардың көмегіне жиі жүгініп отырған.

Жазба ескерткіште дін басы мағынасында «**bügü** – пророк, прорицатель, предсказатель» және «**bügülärden ulam ol sözlär turur**» (бүгүләрден улам ол сөзләр турур) бүгүлер арқылы ол сөздер жетті [35,б.1065] деген мысалды кездестіреміз. Тарихи мәліметтерге жүгінсек көне түркілердің Тәңірлік діні о баста «Бөгү» деп аталған, жазба ескерткіштерде әр түрлі нұсқада кездеседі. Мұны С. Қаржаубайұлы дәлелдеп кеткен. Мысалы, қытай деректерімен, монғол шежіресінде «бүгү», монғол тілінде «бөө», Құтты білікте «бөге», Теркін «бөке». ДТС: «**Bögü** I мудрый, мудрец деген [69, б.124]. МҚ: «Вөгү» дана, ақылды, білімді, хакім [67,б.310]. Сонда бүгү – білгір, данышпан, сәуегей, дана, ақылды, әулие дін басы болып тұр. Орхон жазба ескерткіші «Күлтегін,Тоныкөк» жырында Бөгү қаған есімі кездеседі. Мысалы, «Түркі Бөгі қаған үшін...» [151,б.34]. «Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі» еңбегінде Бөгү қаған: «Қапаған қағанның үлкен ұлы. Хан ордасының 40 мың әскерін басқарған қолбасшы. Бөгү қаған да білгіш Тоникук пен бірге көрші қырқыздар мен түргештерге қарсы жүргізілген жорықтарға қатынасты. Бөгү қағанның қай жылы туылып, қай жылы, қанша жасқа келіп қайтыс болғаны жөнінде мәлімет жоқ» деген мәлімет береді [152,б.45]. Түрколог С.Қаржаубайұлының пікірінше: «Орхон ескерткіштерінің мәтінінде – Бөгү қаған (*bügü qaγan*) – (Түй, 34), - Түй-

ұқықпен бірге далалық соғыста бірге жүрген дінбасы. Байырғы түрік, моңғолдарда үлкен соғыс, шабуылға шығарда, қандай бір жаққа аттанғанда дінбасына айтып, көрсетіп, алдын ала болжатып барып қозғалатын болған. Көк түріктің дінбасы Бөгү-қағанның (Қапаған қаған) батасын алып, болжайтын болған. Дәл осы іспетті дінбасшыларының есімі бізге жетті. Бөгү-қаған (Тұй.34-50), Бөгү-хан (ТТ.ІІ.А.33), Бөге-будрач (МК.ІІ.27); Бөге-Иавғач (Q.VN.396)» [27,б.72]. Қазіргі кезде «бүгү» тілдік бірлігі қолданыстан шыққан көне сөздің бірі.

Qam (қам) сиқыр, **qam qatın** (қам қатын) сиқыршы қатын **qamliq etermen** (қамлық етермен) сиқырлаймын мысалдарынан сол заманда сиқыршылық қасиеттің халық өмірінен үлкен орын алғанын байқаймыз. Н.Уәли «қамшы» сөзінің этимологиясын қарастыру барысында «қам» түбіріне мынандай сипаттама береді: «...орта ғасыр түркі тілдерінде, сондай-ақ туыстас тілдерде (тува, тоғалар, алтай, сары ұйғыр, хакас т.б.) қам - бақсы дегенді білдіреді. Мысалы, қарайым тілінде қамшы сөзі шаман мағынасында жұмсалады...Әуелде қамшы сөзі қазақтарда «бақсы, шаман мағынасында жұмсала келіп, екінші бір заттың атауына көшкен болуы керек деп жорамалдаймыз. Бұлай болуы, әрине, кездейсоқтық емес. Оған себеп байырғы кезде қамдар немесе қамшылар (қазіргіше айтсақ бақсылар Қолдарына көбіне шыбыртқы алып ойнайтын болған. Оны қамның немесе қамшының шыбыртқысы деп атаған. Бірте – бірте қамшы сөзі әрі «бақсы» әрі «шыбыртқы мағынасында қолдана бастаған. Уақыт оза келе, кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де қамшының «шыбыртқымен ойын салушы адам» деген бастапқы мағынасының қолданыстан шеттей түсуін парсы тілінен енген бахшы, қазақша бақсы сөзі жеделдете түссе керек» дейді [153]. Сондықтанда қазіргі кезге дейін қамшыны халқымыз аса қатты құрметтеп, жерге тастамай, төрден орын беретін болған. Осы сөздің түбірі біз қарастырып отырған жазба ескерткіште **Qam, qam qatın, qamliq etermen** (қамлық етермен) сиқырлаймын тұлғалары арқылы көрініс тапқан.

Rämilik (рәмілік) болжам, **rämilik etkil** (рәмілік еткіл) болжам ет, **rämilik ettim** (рәмілік еттім) болжам еттім, **rämilik et** (рәмілік ет) болжам ет деген мағынадағы мысалдарға қарап қыпшақ елінде әлде қандай тылысым күштерге де сеніп, сиқыршылық пен тіпті құммен пал ашып, жұлдыз жорамалмен де айналысқанын көруге болады. Ғалым Қ.Анарбаев біз қарастырып отырған жазба ескерткіштегі «бақсы, шаман, қамлық сияқты терминдердің кездесуі құмандардың монтеизмге дейінгі наным-сенімдерінен мағлұмат береді» [154,б.107] дейді. Қазіргі күнге дейін халық арасында балшылардың кездесуі сол ескі халықтың таным түсінігінен қалған сарқыншақтың ізі болса керек. **Qam, qam qatın, qamliq, rämilik** сөздері көнерген сөздер қатарына жатады, тілдік қолданыстан мүлдем шығып, оның орнын «тәуіп», «көріпкел», «балшы-палшы» сөздерімен басқан.

Әскери лексика, қай заманда болмасын өзіндік маңызы бар, әскери мазмұнды танымдық сипатты білдіретін тілдік бірліктер болып табылады. Өйткені көшпенді түркі елінің ежелден келе жатқан әскери тәсілдер жиын-

тығы сақ, ғұн, дәуірінен бастау алып ортағасырдан жалғастығын тауып, қазіргі күнде қалыптасқан жүйе болып табылады. Түркілердің қару-жарақ түрлері мен әскери лексикаға қатысты аталымдарының түрлеріне XVIII-XIX ғасырларда еуропа, орыс зерттеушілері Т.В.Аткинсон, П.С.Паллас, В.В.Радлов, А.И.Левшиндер лингвистикалық еңбектерінде сипаттама берді. Ал тіл білімінде қару-жарақ атауларын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу жүргізіп, олардың қалыптасуы, ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар Ә.Қайдар, Н.Уәли, Т.Байжановтар еді. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштен Дешті Қыпшақ елінде жер-суды, елді сыртқы жаулардан қорғау үшін жүргізген қорғаныс-шабуылдар әсерінен әскери лексемалардың қалыптасқанын көреміз. Және дәстүрлі әскери лексикаға қатысты атаулардың кейбірі тарихи шығармаларда мен мұндалап көрініс тауып отырса, ал кейбірінің арнайы сөздіктер арқылы ғана мағынасын түсінуге болатын бірліктер қатарына енгенін анықтадық.

Bayatur-bahadur (бағадур-баһадур) батыр мағынасында берілген, ал ескерткіште «**bahadursen! deyelim > deyälim!**» (баһадур дейік, дейміз) деген мысалда ғана көрініс тапқан. ҚӘТС: «Баһадур [ир.] зат. көне. ескі кіт. *Батыр*»[131,б.144].Орта ғасырлық жазба ескерткіштерде «Хусрау уа Шірін»: «Баһадур-ер жүрек, батыл» [25,б.30]. Түркі монғол халықтарындағы кәсіби әскери топ мүшесіне *bahadur* деген титул берілген. Баһадур қыпшақ қоғамындағы ақсүйектен шыққан атағы жер жарып не бір алапат соғыстардағы сын сағаттарда жеңістерге жетіп, ақылы мен ептілігін айлакерлігін көрсете білген, жауынгерлерді басқара алған, үлгі болған, кәсіби түрде әскери іспен айналысатын тұлға. Алғашқыда тек ақсүйектер тұқымы ғана бұл құрметті титулды иеленсе, кейінірек соғыс майданында айырықша ерлігімен көзге түсіп, жауынгерлік даңқа бөленген қарапайым халық арасынан шыққан ержүрек батырларға да берген. Қыпшақ тарихында *bahadur* титулын иемденген батырды өзге жауынгерден даралау үшін дуылғасына құс қауырсынын қадап, найзаларымен сүңгілеріне жеке тулар таққан. Қазіргі қазақ тілінде қолданыстан шыққан сөз.

Үауәі (йайшы) жайшы – садақтың жебесін дайындаушы, жебе жасаушы мағынасында берілген, **уау** (йай) жай садақ сөзінің синонимі. Жазба ескерткіште, **уау qurarmen** (йай қурармен) жай құрармын мысалын кездестіреміз. Ж.Манкеева: «**жай** - кермесіне жебе салып тартатын көне дәуірдің қаруы, садақ» [114,б.291]дейді. XV-XIX ғасырларда қолданылғанын тарихи жырлар мен жыраулар поэзиясынан бұл тілдік бірлікті кездестіреміз. Ә.Қайдар бұл сөздің түбірі түркі – монғол тілдеріне ортақ саа тұлғасы деп табады да йа/йаа/жаа/чаа/һаа/йей/жай/сай/чай/жақ/сақ/чах/жайа/саға/даға бірнеше құбылмалы варианттары бар деп көрсетеді. «Жай//жақ <көне дәуірден келе жатқан серіппелі қару; ол кейде садақ деп те аталады; жайдың түрі көп> Эпостарда: Толағай толғай оқ атқан. Он екі тұтам жай тартқан >Бұқар жай< Бұқар қаласында жасалған жай > Жақтың оғы< Жаққа салып ататын шыбық оқ > Жақ тартушы <Жаққа оқ салып атуға маманданған 32

әскери аңшы адам>>» [155,б.128], бұл сөз қазіргі тілдік қолданыстан мүлдем шыққан тарихи сөз қатарында.

Sayıt (сағыт) қару, **sayıtlan** (сағытлан) қарулан, **sayıtlandum** (сағытландум) қаруландым **sayıtlanurmen** (сағытланурмен) қаруланармын сондай – ақ діни мәтіндер арасында: **ol sayıtlar, kim Kristusnu tuttılar...**(ол сағытлар кім Крістусну туттылар) Ол қаруланар, кім Христосты тұтқын дар..., **özge sayıt – ne bile tuttular...** (өзге сағыт-не біле тутулар) өзге қару, ... мысалдарында көрініс тапқан. Орта ғасырлық жазба ескерткіштер ҚТТС: «**Sayıt** «қару» НŞ 1760» [138,б.137]. «Хусрау-Шірін» дастанында: «Сағытлық сын (1) сауытты, сауыт киген» [25,б.178] деп берілген. Бұл сөзді де көнерген сөздер қатарына жатқызамыз. Орта ғасырдағы сағыт сөзін шететіп, қазіргі қазақ тілінде қолданысқа «қару» сөзі енген.

Tułya (тулға) дуылға «Дуылға <асыл темірден жасалынған (оққағар мақ- сатымен) төбесі күмбез тәрізді шошайып тұратын батырлар киетін бас киім» [156,б.127]. Ж.А.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде дуылғаның бірнеше түрлеріне сипаттама береді: көбелі дуылға, қаттама дуылға, тұтас дуылға, томағалы дуылға, айдарлы дуылға, құрама дуылға, жыға дуылға [114,б.290]. Р.Сыздық: дуылға/туылға сөзін түркі-монғол тілдеріне ортақ сөз болар дейді, «өйткені оқ өтпейтін металдан жасалынған бас киім (каска шлем) мағынасындағы дуылға сөзі монғол тілінде де бар. Мұнда тіпті «дуылға киу» мағынасында дуулгала (x) етістігі бар (Монг.-русс.сл.161). Сөздіктердің аудармаларына қарағанда, түрік, шағатай, ұйғыр тілдерінде бұл атау *тулга, тугулга, туылға, тауылға, туқлуға* тұлғаларында «каска-шлем» мағыналарында қолданатындығын Л.Будагов көрсетеді (Будагов, I, 404) [106, б.73] дейді. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында активті түрде қолданылған Шалкиіз:

Алғаным ару болмаса,
Алдыма алып сүйменді,
Дуылғамның төбесі
Туған айдай болмаса

Батыршылық сүрменді [141,б.36]. Қазірде бұл тілдік бірлік мүлдем қолданыстан шыққан тарихи сөз.

Qılıš (қылыш) қылыш «Қылыш<өткір жүзді, шауып түсуге лайықтанып жасалған, ұзындау келген балдақты имек қару> [139,б.129]. ДТС: «**qiliš** I меч» [69,б.442]. ҚТТС: **qiliš** “қылыш” DLT, CI, 359-5, KB 222, NF 48/12, KE 94r/3, ME 108/5, MM 95/4, HŞ 1252, IML 173, BV, GT, NH, HVD, LD, ÇFK, YED, ŞT, Sİ, FK, ŞHD, MK, LM, GN [116,б.325]. Ж.А.Манкеева: «Қылыш ол қоян-қолтық айқаста жауды шауып, кесу үшін қолданылатын қару» деген анықтама береді де қылыштың бірнеше түрлеріне сипаттама береді. Олар: алдаспан, қайқы қылыш, атпа, аспаһан, жалаңқат, селебе, ақинақ, семсер, сапы, ақ алмас, наркескен, зұлпықар [114,б.292]. Ақтамберді,

Дұшпаннан көрген қорлығым

Сары су болды жүрекке
Он жетіде құрсанып
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым

Жеткіз деп құдай тілекке! [141,б.59] дейді, бұл бірлікте ХІХ ғасырлардың ортасына дейін қолданыста болса қазіргі кезде қолданыстан шыққан сөз.

Qalqan (қалқан) жазба ескерткіште *...anıñ qalqanı barça yekler alında* (оның қалқаны барша шайтандар алдында) көрініс тапқан. ҚӘТС –те үш түрлі мағынасы берілген. **Қалқан** зат 1.көне *Батырлардың соққы, оқ дарытпау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы*. 2.көне *Соққы тимеу үшін басқа киетін темір құрсау*. 3. әск. *Ұрыста есептондар мен механизмдерді оқ пен снаряд жарықшақтарынан қорғауға арналған зеңбіректер мен пулеметтен көздейтін ойықтары бар сауыттан жасалған қондырғы*. 4. *Бөгет, тосқауыл*. 5.ауыс. *Құлақтың қал- қизған жері*; **Қалқан** зат астр.<лат.>*Экваторлық шағын шоқ жұлдыз*; **Қалқан** зат геолог. *Аса қатпарлықтар мен күшті метаморфизм процесстерінде шалынған, тектоникалық құрылым* [120,б.142]

Qin (қын) қын. «**Қын** < қанжар, пышақ, кездік сияқты өткір құралдарды салып жүру үшін ағаштан, былғарыдан жасалған қап > [156,б.130]. **Yasman** (фляга) ДТС: «**yasıman** сосуд с узким горлом» (МК III 38) [69,б.245]. ҚТТС: **jasman** «құмыра, бөтелке» НҰ 3015 [138,б.385].

Kübä (күбә) сауыт жазба ескерткіште А.Гаркавец: «**kübä** пансирь, кожанаая безрукавка, броня, кольчуга, доспехи [35,б.1140]. Монғол тілінде **көбе** батыр киетін сауыт [157,б.925]. «**Көбе** зат» (1) Жиек, емеру. Тырнақ көбесі, мұз көбесі, (2) Батырлар киетін сауыт. Көбе бұзар жебе бар [146,б.204]. «Көбе – жүрек тұсын, білек, тізені, иықты садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт. Ол бүкіл денені қорғау үшін тырнақ ұқсас, көбінесе қола немесе мысты қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды (шығыршықтарды) біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасалған түрі. Кейінірек көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Сондай-ақ, көбенің қанды көбе деген де түрі бар. Қанды көбе – жай сауыт емес, әрдайым ұрыс майданында болатын батыр киетін көбе» [114,б.294]. Келтірілген деректерді қорытындылай келе, «көбе» аталымының негізгі мағынасы батырдың жауға аттанғанда киетін, найза мен сүңгіден қорғайтын темірден тоқылған киімнің (сауыттың) бір түрі екенін анықтадық.

Butluq (бутлуқ) бұттық Ж. Манкеева: «**Бұтырлық** (бұттық) – бірнеше жұмыр темір кесінділерден құралып жасалған батырлардың жамбасын қару-жарақтан қорғайтын сауыт» [114,б.290] дейді. Сондай-ақ жазба ескерткіштен **ayil-qolan** (айыл-қолан) белбеу, **qur** (қур) белдік, **qoryaşından tontarma** (қорғашындан тонтырама) қорғасынан түйме, **čulyav** (чылғав) шылғау, **kämär** (кәмәр) белдік, секілді сөздерді кездестіреміз, бұл бірліктерде тарихи сөздер қатарына енген.

Zindan (зындан) ҚӨТС: **Зындан** зат.1. көне. *Тұтқынға, қолға түскен адамдарды қамап ұстау үшін жер астынан қазылған ор; 2. Түрме, абақты; 3. ауыс. Түнек, қанас; [158,б.172].* Бұл тілдік бірлік орта ғасырлық жазба ескерткіштерде активті түрде көрініс тапқан. ҚТТС: **Zindan** (п) «зындан, түрме» KB 893, TIEM 73 177/r 2, NF 164/11, HKT 230 a/1, HŞ 1402, K IV/2, MN(2) 2/4, BV, GT, BD, NH, NBD, LD, ĞFK, TMA, TEN, MÜN, YED, SI, FK, ŞHD, MK, LM [138,б.459]. **ҚТЛМС:** «Зындан түрлі тереңдікте қазылып, оған саты немесе баспалдақ арқылы түскен. Зындан қабырғасы таспен шегенделіп, еденін есабан төсейтін болған. Зынданның аузы қақпақпен жабылып, ауа кіретін саңылау қалдыратын болған. Сондай-ақ, кейде табиғи үңгірлерді де ыңғайлап зындан ретінде пайдаланған [159,б.268] Бұл тілдік бірлік қолданыстан мүлдем шыққан, ертегілер мен, тарихи жырларда, тарихи шығармаларда ғана кездеседі. Қазіргі кезде «түрме», «абақты» сөздері орынын басқан.

Sančič (санчыш) соғыс жазба ескерткіште А.Гаркавец «**sančič**» битва, сражение на копьях, мечях, война, битва, сражение [35,б.1208] деп береді. ДТС: «**Sančič совм.от sanč-** колоть друг - друга, вонзять друг - друга оружие» [69,б.484]. ҚТТС: «**Sančič** соғыс шайқасы», KE 225r/3, ME 190/7, «**Sančič**» (1) қанжар, пышақпен соғысу» DLT, CI, 217-10, KE 62r/13, ME 110/1, AO I/11 (2) «бір-бірімен соғысу» DLT, CI, 217-14 [138,б.345]. ҚӨТС: «Сансыз сын. Есепсіз, есебі жоқ, өте көп. 2 Өте ұзақ, уақытқа, мезгіл мерзімге қатысты. 3 ауыс. Шексіз абстрактілі (дерексіз) ұғымдарға қатысты. 4 Есепсіз көп, қыруар есебіне жетуге болмайтын, шамадан тыс. 5. Самсаған, жапырлаған; санауға келмейтін өте көп мөлшерге қатысты» [107,б.652]. Біздің пайымдауымызша, бұл сөз есепсіз шайқастар кезінде қолданылып, соғыс ұғымын білдірген болуы әбден мүмкін деп топшылаймыз.

Үауі (йағы) жау, А.Гаркавец: «**уауі** враг, неприятель» [35,б.1291]. ДТС: «**Јауі** враг» [69,б.224]. ҚТТС: **Јауі** «дұшпан» DLT, CI, 41-11, KB, 2025, AN 431, TIEM 73, 109 v/3, RKT 33/67 a1, NF 146/15, ME 12/7 IML 152, HŞ 1796, K VI/31, ŞSSL, BV, BD, SD, GT, LD, TMA, ŞT, FK, ŞHD GN, **јауі бол** «жауласу» TIEM 73 11v/9 **јауі қіл** - «жауқылу» TIEM 7310 6r/3 **јауі мали** «жаудың малы, олжа» LD, **јауі тут** «дұшпан санау» TIEM 7331 6r/2 [138,б.350].

Siyyit (сығыт) жоқтау, А.Гаркавец: «**siyyit** скорбь – қайғы» [35,б.1218] деп береді. ДТС: «**Siyyit** рыдания, плачь» [69,б.503]. ҚТТС: **Siyyit** «жоқтау, жылау» ME, 166/1, IML 80, **Siyyit** – жылау DTL, CI 365-186 KB 932 [138,б.172]. Қазіргі қазақ тілінде бұл тілдік бірлік жеке тұрып қолданылмай тек **жылап-сықтау** қос сөзінің екінші сыңарында ғана көрініс тапқан. «Тілек» толғауында Базар:

«Өлім барды шашады,
Жоқтың артын ашады»
Қосыла сендер тонама
Жылап - сықтап жатқанда
Олжада ойың барларың,

Қараң құрсын жолама! [141,б.110]. Ә.Қайдар: «**жылап-сықтау** <қаза тапқан адамын жоқтап, не күтпеген жерден қуанышқа кенелгенде көз жасын шығарып, («қорыққанда - бір, қуанған да бір» дегендей жан дүниесінің сезімін көз жасымен білдіру)>» [119,б.170].

Тарихи мәліметтер бойынша орта ғасырдағы қыпшақтар қоғамындағы халықтардың әлеуметтік тобы тең болмаған, ал оны білдіретін тілдік бірліктер ескерткіш тілінен өзіндік қатар түзіп, архаизмдердің тобын толықтырып тұрғанын көреміз. Мысалы, **evdägi epči** (евдәгі епчі) үйдегі әйел және **evdägi qiz** (евдәгі қыз) үйдегі қыз, **qaravaš küñ** (қараваш күн) күн, **quluq** (қулуқ) құлдық, **quluqči** (қулуқчі) құл, **quma** (кума) күн, **küñi** (күңі) күн, **yalči** (йалчы) жалчы, **yarli-yoqsul** (йарлы-йоксул) жарлы – жоқшыл.

Көнерген сөздердің бір түрі архаизмдер. Аталған орта ғасырлық СС жазба ескерткішінде кейбір тілдік бірліктердің архаизмденгенін де байқауға болады. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы еңбегінде: «Архаизмдер халықтың күнкөріс тіршілігіне салт – сана, тұрмысына, әдет – ғұрпына дүниетанымына қарай өзгеріп басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп, біржола қалып қойған сөздер» деген анықтама аламыз. [20,б.180].

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш ортағасырлық дүние болғаннан кейін көптеген сөздер архаизмдер қатарынан орын алған. Оларды жинақтап бірнеше тақырыптық топтарға бөлдік. Олар, 1. Тұрмыстық: а) отбасылық-туыстық қарым-қатынасқа қатысты білдіретіндер, б) тұрғылықты мекендерге қатысты, в) күнделікті үй тұрмысына қажетті атаулар, г) киім-кешек, д) ас-ауқат, сусын атаулары. 2. Жаратылыс атаулары а) жан-жануарларға байланысты атаулар, б) жаратылыс құбылыстары, в) пайдалы қазбалар, өсімдіктер, д) жеміс-жидектер, е) көкөністер, дән-дақылдар атаулары. 3. Әр түрлі тақырыптарға қатысты архаизмдер

Тұрмыстық лексиканың бір бөлігі отбасылық-туыстық қарым – қатынасқа қатысты бірліктер болып табылады. Қазіргі қазақ тілінде ол бірліктердің кейбірі тілдік қолданыстан мүлдем шыққан архаизмдер. Мысалы, **ulu ata** (улу ата) ұлы ата, **qurtqa** (қуртқа) құртқа, **öbugä** (өбүгә) ата, арғы ата, **emegän** (емегән) кемпір, **epči** (епчі) әйел, **köküm-tür** (көкүм -түр) туысым, **abaya** (абаға) аға, **egäci** (егәчі) үлкен әпке, **törättaçi - tuvurdaçi** (төрәттачі-тувурдачы) ата-ана, **käläš** (кәләш) қалаш; **tul qatun** (тул қатун) тұл қатын, **bavursaq-dür** (бавурсақ-дыр) бауыр, **tayay** (тағай) нағашы, **tayaya** (тайаға) нағашы аға;

Qurtqa (қуртқа) құртқа ДТС: «**Qurta** старуха» [69,б.469] деп беріледі. Орта ғасырлық қыпшақ, мәмлүк – қыпшақ жазба ескерткіштерінде ҚТТС: **qurtya** «еркек, әйел, кәрі» DLT.СШ 259-18, KB 1547, TIEM 73 169r/6, RKT 34/37a36,SSL [116.359]. Қазіргі кезде бұл бірлік қасқырдың ұрғашысына берілген атау К.Қайыржан: **Құрт зат.көне** Қасқыр, бөрі, шөне, ит-құс, қарауыз, терісазу, серек құлақ. Қасқырдың төбетін абадан немесес арлан, қаншығын шулан немесе құртқа, ересек күшігін көксерек, жас күшігін бөлтірік дейді. **Құртқа зат. (1)** Қаншық қасқыр (2)

Балық. Біреуі одан кейін құртқа балық, жетеді шапқыласам жұртқа балық (Балық өлені). Кемпір [146,б,270].

Осы көнерген атаулар ішінде кейбір тілдік бірліктер қазіргі қазақ тілінде тұлғасында өзгеріс болғанымен мағынасы сақталынғанын байқауға болады. Олар: **bavursaq –dir** (бауыр) **tayay** (тағай), **tayaya** (тайаға) –таға, **oɣul** (оғул)-ұл.

б) жазба ескерткіштегі тұрғылықты мекендерге қатысты кейбір тіл бірліктерінің кейбірі архаизмдер қатарына жатқызамыз. Мысалы,

Ev (ев) үй А.Гаркавец: «**ev** дом» [35,б.1100]. ДТС: «Ев 1.жилище, становище [69,б.162]. **Kirdilär ol evgä...**(кірділәр ол евгә) ол үйге кірді.... Бұл тілдік бірліктердің қазіргі қазақ тіліндегі мүлдем тілдік қолданыстан шығып архаизмдер қатарынан орын алған.

Qonuş (қонуш) қоныс, **dünyä bolmadıqda seni tañlap – tır qonuşya** (дүниә болмадықта сені таңлап-тыр қонушға) ғалам жаратылмай тұрып, сені қонысы ғып таңдады, **sili oylannıñ kövüsi boldı Teñriniñ qonuşı** (сілі оғланның көвүсі болды Теңрінің қонусы) пәк ұлдың төсі Алланың мекені болды А.Гаркавец: «**qonuş** место постоя, уют, обитель [35,б.1023] **ҚӘТС:** **Қоныс** зат.1.Малдың ауылдың жылда қонып, жүрген жері; жайлау, қыстау, күзеу жайлы орын; 2.Елді мекен; 3.Тіршілік еткен жер, мекен еткен аймақ. **Қоныс** ет. 1.Мінісу, отырысу; 2. Жайғасу, орналасу, тұрақтау [160,бб.35-37]. Қоныс түрлері: ата қоныс, елді қоныс, жайлы қоныс, құтты қоныс, құтсыз қоныс, ескі қоныс.

в) күнделікті үй тұрмысына қажетті атаулар қазіргі қазақ тілінен тілдік қолданыстан мүлдем шыққан архаизмдерге жатады.Мысалы,

Tünlük-tüñlik (түңлік-түңлік) киіз үйдің шаңырағына жабылатын төрт баулы киіз. Ж.Манкеева: «**Түндік-** шаңырақтың төрт бұрышы, төрт баулы жабыны. Үйге жарық берер, ауасын желдетіп тазартар, сондай-ақ жауын – шашыннан қорғар жабдық» [114, б.298] дейді, жазба ескерткіш те терезе–түндік синонимдік қатар ретінде берілген. Ә.Нұрмағанбетов: «Ертедегі түркі тайпаларында «туңлуқ» сөзі қазіргі түсінігіміздегі терезе мағынасында қолданылған (ДТС.586). Осы мағына якут тілдеріндегі якут тіліндегі «түнник» тұлғасымен беріледі (Э.Пек.,СЯЯ,III,1959,2894) Осылардың қайсысы болмасын туынды мағыналар деп қарауға тура келеді. Өйткені ескі көне түркі тілдері саналатын чуваштарда «теении» сөзі «тесік саңлау» мағыналарында қолданылады (Л.Серг.,ДСЧЯ,1968,70) Монғол тілінде осымен тұлғалас келетін «тооно» тұлғасы біздегі «шаңырақ» түсінігін береді (Монғ.,-қаз.сөз.,1954,185). Бұл да туынды мағына [128,бб.279-280]. Түңлік сөзі тілдік қолданыстан шыққан көнерген сөз.

Алаша (алача) алаша. ДТС: «**Алашу** шатәр» [69,б.33] «Алаша – ерте кездегі түрлі-түсті жүн жіптен тоқылған тұс киіз, кілем тәрізді қолөнер өнімі [166,б.12].

Ас-ауқат, сусын атаулары: **çayir** (шарап), **kirdä** (бәліш), **kömeç** (престелген нан), **ötmäk** (нан), **etmäk** (нан), **soxta** (қан араласытырылған шұжық)

Soхта (сохта) шұжық ДТС: **Soqtu** колбаса - қазы [69,б.509]. Р.Сыздық мақал –мәтелдер құрамындағы ескіліктерді қарастыра келіп «Ал бұлардағы соқта дегеніміз-көне түркілерде «колбаса, қазы» дегенді білдірген сөз екен. Ал қазіргі қазақ тілінде соқта сөзінің бір мағынасы иленіп, тығыздалған, жұмбадалған зат деп түсіндіріледі (ҚТТС,-т8,326-б) бұл күнде соқта сөзі-біршама түсінікті қолданысытағы бірлік, ал, бұл сөздің өте ертеден келе жатқан мағынасының нақтылана түскен варианты болып шыққан. Сірә, Қашқаридағы соқта сөзі «колбаса» дегенге біршама келсе де, қазы деген түсінік қисынсыздау (колбаса еттің әбден езіліп, туралап, шайналып, нығыздалып жасалған түрі, ал қазыда ет турамайды, езілмейді ғой). Сірә, о баста да соқта – ұсақталған заттың (ет, қар т.б.) тығыздалып, ұйып жұмбадалған түрін білдірген сөз болса керек, бұған қазақ тіліндегі көк соқта (қар), қан соқта (ұйыған қан) деген тіркестер дәлел» [106,б.226] дейді.Қазіргі қазақ тілінде **соқта** сөзі медициналық терминдерде ҚӘТС: **Соқта** зат.мед. *Сыздауықтың, шиқанның ортасындағы өзегі, өлі ет»* [162,б.250] ғана қолданылады екен.. Ә.Қайдар қазының түрлеріне сипаттама бере келіп: «**қансоқта** «майда туралған өкпе, бауыр, жүректі өз қанымен араластырып отырып бүйенге құйып, етпен бірге қазанға салып пісіретін тағам. Ол үшін мал сойғанда пышақ тиіп тесілмеген бүйінді тазалап жуады да оған туралған өкпе-бауыр, жүректі құйып, аузын екі бүктеп, тобылғы талшасымен түйреп, қазанға етпен бірге салады. Ет піскенде олда піседі. Бұл тағамды жергілікті қазақтар мал сойғанда істейді» [139,б.361]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште **soхта** (сохта) қанқұйылған шұжық дегенді білідіріп тұр. Академик Р.Сыздықтың пікіріне сүйенсек қазы дегеннен көрі шұжық деген сөз сай келетін секілді. Ескерткіш тілінде тағы **sudžux - sudžuy** деген сөзді кездестіреміз А.Гаркавец «**sudžux- sudžuy** – кишка требуха [35,б.1227] деп аударады. Өйткені жазба ескерткіште **ičäk vel sudžux** (ічәк вел суджух) ішек немесе шұжық деп беріледі. Бұл жерде суджух ішекке синонимдес сөз секілді беріліп тұр. Немесе ішектен істелген шұжық болуы әбден мүмкін. Сонда суджух – шұжық тағыны, Ә.Қайдар пікірін негізге ала отырып ескерткішіндегі **soхта** сөзін қансоқта деп аударғанды жөн көрдік. Ал **küden** (күден) қарта, ДТС те: **küdän** – I 1. гость, 2. угощение и свадебный пир. 3.брачная ночь. **Küden** II толстая кишка[69,б. 324] Осы жерде айта кету керек, мал шарушалығын кәсіп еткен түркілер қазы, қарта, шұжық өнімдерін өндіріп, күнделікті ас ретінде қолданған. Қазіргі кезде бұл бірліктер тілдік қолданыстан шығып, көнерген сөздер қатарына жайғасқан.

ыдыстар: **bardaq** (бардақ) қумара, **ħasir vel yegän** (хасыр вел йегән) жәшік, **čömläk** (чөмләк) ас пісіретін ыдыс, **čanaq** (чанақ) тостаған, **qavurqina** қавурқына) таба, **tepsi** (тепси) табақ, **keli** (келі), **tövguč keli** (төвгүч келі) түйгіш келі, **keli** (келі), **tövguč keli** (төвгүч келі) түйгіш келі

киім-кешек: **tadž - dač** (тадж-дач) тәж, **kepäs vel börk** (кепәс немесе бөрк) бөрік, **čalma** (чалма) шалма, **čäkmän - čäkmen** (чәкмән-чәкмен) шекпен, **опрақ** (опрақ) көйлек, **sirdaq** (сырдақ), **ičik** (ічік) ішік,

Жазба ескерткіште **tadž - dač** (тадж-дач) тәж хандардың басына киетін хандықтың белгісі ретінде киілетін арнаулы сәндік бас киім ретінде берілген, сондай-ақ діни мәтіндер арасында **tigenek tadži, qaysini başına urdılar** (тігенек таджи, қайсыны башына урдылар) оның басына күшпен киген тікенді тәжі кездеседі. Қазіргі кезде тәжді тек патшалық, ұстайтын елдер патшалары мен патшайымдары, мысалы Британ патшасының тұқымдары киеді. Мәселен ДТС: «**Täz** корона, венец - деп берілген» [69,б.543]. Хандық биліктің жойылуына байланысты тәж тек Тәжен, Тәжігүл, Тәжімұрат, Тәжіанар секілді адам есімдеріне пайдаланылады. Халқымыз: *алтын – жай тас, босқа жатқан жердегі, қазып алса – бек тәжінің өрнегі* деп алтынның тәж сәнін кіргізетін қасиеті жайлы айтса, ақыл деген алтын тәж, әр басқа қона бермейді деп ақылды алтын тәжге балайды.

II Жаратылыс атаулары жан-жануарларға байланысты атаулар, жаратылыс құбылыстары, пайдалы қазбалар, өсімдіктер, жеміс-жидектер, көкөністер, дәнді-дақылдар атаулары көнерген

а) жануарларға байланысты: қазіргі қазақ тілінен тілдік қолданыстан мүлдем шыққан архаизмдер, **ikti** (ікті) үй жануары, **mäk** (інәк) сыйыр, **yelemči** (йелімчі) жұмысқа жегілетін ат; **köpek – közsiz** (көпек-көзсіз) ит, **mači** (мачы) мысық; құстар: **balačuq** (балачуқ) балашық, **šadi-šadirlar** (шады-шадырлар) маймылдың балалары, **čura-djura-džura** (чура-джура) қырғи, **urğuvul** (уруғвул) фазан, **sar** (сар) батпырауық, Ескерткіш тіліндегі көнерген сөздерді лексика - фонетикалық, лексикалық архаизмдер, семантикалық архаизмдерге бөліп қарастыруды жөн санадық.

tiši (тіші) ұрғашы дешен мағынаны білдіреді. Жазба ескерткіште бұл сөз жан-жауналарға қатысты айтылады. Мысалы, **tiši ešäk** (тіші ешәк) ұрғашы ешек, **tiši ečki** (тіші ечки) ұрғашы ешкі, **tiši qatır** (тіші қатыр) ұрғашы қатыр, **tiši qoy** (тіші қой) ұрғашы қой, **tiši tonuz** (тіші тонуз) ұрғашы доңыз, **mači tiši** (мачы тіші) ұрғашы мысық секілді мысалдарда көрініс тапқан. А.М.Шербак: **tiši** «самка», «женщина» (әзерб., тур., **dišii**, алт., **tiži**, кумык-**tišii**, ұйғ.- **čišii**, хак., **tiži**, якут., **tihi**) ұрғашы деген мағынаны береді, қолданыстан шыққан көнерген сөз, қазіргі кезде ұрғашы сөзімен алмасытырлған **орғасі**, қаз., **ұрғашы**, қарақп., ног., **урғаші** қырғ. **урғачі**, турк., **урғачі**, өзб., **урғачі** [103,б.108] жаңа мағынаға ие болған.

б) жартылыс құбылыстары: қазіргі қазақ тілінен тілдік қолданыстан мүлдем шыққан архаизмдер: **quyaš** (қуяш) күн сәулесі, **taraya** (тараға) арық, **tarlov** (таров) егістік жер;

г) пайдалы қазбалар қазіргі қазақ тілінен тілдік қолданыстан мүлдем шыққан архаизмдер, mahak-mihakk (маһак-миһакк) алтыннан сынақ тас, **bayir** (бағыр) мыс, **bolor** (болор) хрусталь, **karabar** (карабар) янтарь, **biläv** (біләв) қайрақ, **yinči** (йінчі) жемчуг, **quv** (қув) әк

д) жеміс-жидектер, өсімдіктер мен көкөністер, дән-дақылдар атаулары, ispanaq (іспанак) шпинат, **salqum** (салқум) жүзім, **kıras** (кіраш) шие, **nardan** (нардан) анар, **erik** (ерік) қара өрік, **čatlävuk** (чатләвук) фундук, **narinč, nouma-närnč** (нарінч, ноума-нәрнч) апельсин, **čügündür** (чүгүндүр)

қызылша, **zafra**n (завран) шафран, **yışqıç** (йышқыч) жалбыз, **salı** (салғ) шалфей, **laħan** (лахан) капуста, **soġan yuva – yova** (соған-йува-йова) жабайы пияз, **raziyana** (разійана) укроп, **miřmiř** (мішміш) өрік, **kaġaba** (кабаба), зере,

Әр түрлі ұғымдарға қатысты архаизмдер: ай аттары бойынша: ay baři (ай башы) ай басы, **safar ay** (сафар ай) қыстың бірінші айы, **ilk yaz ay** (ілк йаз ай) бірінші көктем ай, **soġıy yaz ay** (соңғы йаз ай) соңғы көктем ай, **küz ay** (күз ай), **orta күz ay** (орта күз ай), **soġıy күz ay** (соңғы күз ай), **qıř ay** (қыс ай), **orta qıř ay** (орта қыс ай), **qurban beyrām ay** (қурбан байрам ай) құрбан мейрам айы, **ařuq ay** (ашуқ ай) Меккеден Мединеге көшкен ай.

Орта ғасырлық жазба ескерткіштегі өлшем бірліктері, сан есімдер, үстеу, сапалық сын есімдер арқылы берілген, сондай-ақ қашықтық, уақыт, салмақ, көлем ұғымдарын білдіретін архаизмдер **sansız** (сансыз) көп, **tümen** (түмен), **noqta** (ноқта), **arřun** (аршын), **törtküil** (төрткүл), **tamam** (тамам)

Tamam (тамам) бітті, болды деген мағынаны білдіретін тілдік бірлік. А.Гаркавец: «**tamam** (перс. окончание, конец, весь, целый полный, законченный, законченный < араб. поната, совершенство, конец) полный, совершенный, исполненный, окончание, исполнение, совершение, довершение...» деген мағыналарды білдіреді дейді [35,б.1232]. Жазба ескерткіште **tamam et** (тамам ет), **tamam etkil** (тамам еткіл). Тамам жалпылау есімдігін білдіріп тұр. Бұл тілдік бірлік қазақ тіліндегі «тамам жұрт» (барша жұрт) тіркесінде ғана сақталынған екен.

Arřun (аршун) аршын жазба ескерткіште А.Гаркавец: **arřun** аршин локоть или аршин, мера (длина), гяз (около 105см) [35,б.1013] дейді. Орта ғасырлық жазба ескерткіштерде ҚТТС: **Arřun** «аршын, бір қадам ұзындығындай өлшем бірлігі» NF 356/4, 62v/13, MM 255/1, НКТ 54a/1 НҰ 2193, ҰСЛ, ҒҒК 43a/18 [71,б.84] кездеседі. Ж.Манкеева **Аршын** - шынтақтан саусақ ұшына дейінгі ұзындық [114,б.309] дейді. Бұл сөзге Ә.Нұрмағанбетов: «Аршын сөзі орыс тілінде де кездеседі. Алайда, бұл сөздің негізгі төркіні иран тілі: әрш-шынтак (Н.Дмитриев. Стрий тюркских языков. 196,522-523). Ал В.Радловтың көрсетуінше арш шынтак пен саусақ ұшына дейінгі аралық. (В.Радл.,I,I,331) Арш түркі сөздеріне ауысқаннан кейін – **ын** қосымшасын жалғап алған да, одан әрі орыс тілдеріне өткен» [128,б.26]. Қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылмайды. Көнерген сөздер қатарында. ҚӘТС: **Аршын** зат.1.0,71 метрге тең ұзындық өлшемі кез.2. жерг. Адым ұзына бойы. **Аршын** зат. *Екпін, қарқын; Аршын сын. Кең ашық кеуделі* [132,б.674] деген анықтама береді

Ойымызды түйіндейтін болсақ, «өткенімізді түгендемей, бүгініміз бүтінделмес» деген бабалар сөзіне сүйене отырып тарихи жәдігерлерін бетін парақтау барысында көненің көзіндей көрінген көне тарихи фактілер арқылы тарихымызды қалпына келтіріп, орта ғасырдағы сырлы мәдениетіміз бен сөз мәдениетіміздің дамуынан ақпарат алдық. СС жазба ескерткішіндегі көнерген сөздер тобын қарастыру барысында бірнеше тілдік бірліктердің тарихи сөздер құрамына қосылғанын анықтай отырып, түркі монғолдық

әскери лексикаға ортақтарын да, кірме сөздерді де анықтадық. Сондай -ақ біздің пікірімізше аталған кейбір көнерген сөздер Шыңғыс хан заманына дейін де қолданыста болғанын байқауға болады. СС жазба ескерткішіндегі көнерген бірліктер өз заманында күнделікті қолданыста активті түрде қолданылған дүниелер. Байқағанымыз кейбірі қазіргі қазақ тілінен мүлдем қолданыстан шыққан сөздер болса, ал кейбірі ауыспалы мағынада қолданылып неше алуан экспрессивті мән тудырғанын да байқауға болады. Ал кейбірінің фразеологизмдер мен, қос сөздер, мақал-мәтелдер құрамында сақталынып көненің көзіндей болып өткенімізден хабар беретін жауһарлар.

Зерттеу нәтижесінде орта ғасырлық СС жазба ескерткіш тіліндегі көнерген сөздердің көз жеткіздік. Талдау нысанына алынған ұғымдардың қазіргі қазақ тіліндегі тарихилануымен, архаизмденуі нақты мысалдармен дәлелденді. Көзіміздің жеткені қаншама ғасыр бойы тарихшылар мен лингвисттер әр қырынан зерттесе де СС жазба ескерткішінің құпиясы көп, құнды ақпараттарды бойына сақтаған дүние екені анықталды.

2.2 Ескерткіші тіліндегі кірме сөздер лексико-семантикалық ерекшеліктері

Әлімсақтан белгілі халық пен халықты достық, экономикалық мәдени, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастар байланыстырған. Ал осындай байланыстар арқылы тіл өз құрамын ұзақ ғасырлар бойы кемелдендіріп, өзінде жоқты өзгеден ауысу, алмасу арқылы толықтырып, байытып жетілдіріп отырған. Тілдегі бұл құбылыс шартты түрде өздігінен орынадалатын процесс және бұл процесс бір жақты емес екі жақты да қамтып отырған. Шындығында ойланып қарасақ, жер бетінде таза төл сөзден тұратын тіл жоқ.

Қыпшақтанушы Ә.Құрышжанов біз қарастырып отырған жазба ескерткішті ұзақ уақыт зерттей келе: «Түркі тілдердің басқа бөтен тілдермен ара қатынасын айқындау үшін де бұл ескерткіштің өзіндік үлесі өзгеше» [86,б.27] дейді. Расында, жазба ескерткіш қыпшақтардың қай уақытта кіммен алыс - беріс, ауыс – түйіс жасап, мәдени – саяси, қарым – қатынас орнатқанын бағамдай отырып, кірме сөздер мен олардың жазба ескерткіштегі көрінісі, және олардың қазіргі жәй-күйін анықтауға арналған құнды дерек болып табылды. Түрколог С.Боранбаев: «Кодекс Куманикус ескі қыпшақ тілдерінің ішіндегі ең ірісі» [163,б.11] дейді. Ірілігі сол сөздік құрамы сан – салалы қазіргі қазақ тілімен астасып жатыр. Оған жазба ескерткіштің сөздік құрамындағы кірме сөздерді зерттеу барысында көз жеткіземіз.

Кірме сөздер - бір тілден басқа тілге енген, бөтен тілдің элементі (сөз, морфема, синтаксистік құрылыс т.б.) [81,б.118]. Және кірмелерді әр кім әр қырынан зерттеп «шетел сөздері», «шет тілінен енген сөздер» «интернационал сөздер», «бөгде элементтер», «жат сөздер», «кірме элементтер», «басқа тілден енген сөздер», «бөтен тілден енген сөздер», «қолтума емес сөздер», «өзге тілден енген сөздер» тағысын тағы әр түрлі атауға тырысты. Кірме сөздер тіл білімінің әр саласында жан-жақты және

салааралық деңгейде қарастырылды, сондай-ақ барлық уақытта зерттеу нысаны болды. Біз зерттеу жұмысымызда отандық терминологиялық орталық бекіткен «кірме сөздер» терминін қолдануды жөн көрдік.

Тіл білімінде кірмелерінің түркі тіліне немесе керісінше түркі тілінің өзге тілдерге ықпалы жайлы Е.Бертеэльс, Л.З.Рустемов, Б.Жұбатова, Г.Құлназарова, С.С.Кеңесбаева, С.С.Бүркітбай, Г.Ж.Мамырбекова. Г. Қамзабекұлы, Д.Бекмұхамедов Е.Б.И.Жаменей, түркі монғол байланыстары жөнінде Г.И. Рамстедт, Н.Н.Поппе, G.Clauson, В.И.Рассадин, А.М.Щербак, Ж.К.Түймебаев, Э.Р.Тенишев, Г.Сағидолла, Н.Базылхан, түркі славьян байланыстарын, В.Бартольд, Н.К.Дмитриев, Н.Е.Шипова, О.Сүлейменов түркі – қытай байланыстарын Н.Баскаков, Д.Мәсімханұлы сияқты ғалымдар ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген

СС жазба ескерткіші лексикасының генетикалық қабатындағы кірмелерді алғаш О.Блоу ол өзінің «**Ueber Volksthum und Sprache der Kuman**» еңбегінде ескерткіш мәтінімен жұмыс істей отырып ислам терминологиясына қатысты ай атарына қарап парсы, араб байланыстарының болғандығы жөнінде алғашқы болып мәлімет беріп, әлемдік түркологтардың назарын кірмелерге аударады. Және парсы байланыстары арабтан бұрын болғандығын айтты. Ян Гжегожевский «**Dzetacyzm perski «Kodeksu Kumanskie**» еңбегінде жазба ескерткіш мәтінін әртүрлі аспектіде қарастыра отырып «жазба ескерткіш құмандар арасында христиан дінін уағыздау мақсатында жазылған, автор сөздіктегі парсы бағанын құмандарға христиан дініне қатысты абстрактілі ұғымдар ұғыныңқы болу үшін енгізген, өйткені парсы тілі құмандар арасында танымал тіл болған» деп парсы, араб кірмелері туралы біраз мәлімет береді. Осы зерттеулерден кейін ескерткіштегі кірмелердің фонетикалық, морфологиялық және грамматикалық формалары жайлы әлемдік түркологияда жан-жақты зерттеулер жасалынды. Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, Ә.Томанов М.Зайончковский, Н.Н.Поппе, М.Малова, С.Джагатай, Л.Лингетти, А.Мамедов, Г.Гүнер, И.Гулиев, Д.Мончизаде, А.Бодроглиетти, С.Боранбаев, Р.Оразбаева, Н.А.Гаркавец жазба ескерткіштің лексикасындағы парсы, араб, соғды, монғол, орыс, қытай, итальян, парсы, румын, армян, поляк, грек, латын тілдеріннен кірген кірмелерді анықтаған. Бір ескере кететін мәселе жазба ескерткіштегі кірмелердің кейбірі қазіргі қазақ тілінде қолданылса, кейбірі мағынасы көнеріп, тілдік қолданыстан шыққан. Және кейбірі діни мәтіндерде кездесетін латынша, грекше т.б. кірмелер қазіргі қазақ тілінде мүлдем қолданылмайды.

Жалпы, сөз орайы келгенде айта кету керек сөз алмасу тым көнеден басталған. Ол жөнінде түркологтар мен лингвисттер айтып кеткен. Мысалы, Ғ.Айдаров «Ескерткіштерді орнатқан түркі тайпалары басқа көптеген халықтарымен қоныстас, көршілес отырды. Осыған орай көне түркі тілдерінің басқа тілдерден көптеген сөздер енді. Орхон-енесей жазба ескерткіштері тілінде монғол, соғды, сирия, табғаш тағы басқа тілдерден енген бірсыпыра сөздер бар» деп соның ішінде соғды тілінен енген кірмелер қатарына «**йат** (жат), **йазук** (жазық), **баз** (бейбітшілік), табғаш тілінент **куй**

(күйме)» секілді бірнеше сөздерді жатқызады [152,б.49]. Біз қарастырып ескерткіште бұл сөздер **yat** (уат) жат, **yazuq-yazuq** (жазық) **bazliq** (базлық) бейбітшілік, **küymä** (күйме), **aq küymäniñ avzu yoq** (ақ күйменің аузы жоқ) түрінде көрініс тапқан. Тұлғасында өзгешелік болғанымен мағынасында еш өзгеріс жоқ, қазірге дейін **küymä** (күймә) күйме сөзінен басқасы қолданыстан шыққан жоқ, әлі күнге дейін қолданылады. Бұдан байқайтынымыз, кірмедердің тарихы тым тереңде жатыр екен. Ал Ө.Айтпайұлы: «Санскрит, көне, иран және қытай тілдерінің байырғы замандарда тілімізге еніп, сіңіп кеткен сөздерін қазір айырып алу, әрине оңай емес. Өйткені олар барлық жағынан өзгеріп, өзгеше өріс тапқан сөздер. Санскрит элементтерін қазақ тілінен табу өте қиын. Бұлар түркі тілдеріне негізінен көне ұйғыр тілі арқылы көне заманда енген тәрізді [17,б.25] дейді. Иә, шын мәнінде тым көнеден кірген кірмелерді ажырату өте қиын. Өйткені олар тіліміздің үнемі заңына бағынып, танымастай халге жеткен. Оның үстіне сөз қай тілден, қай тілге ауысқаны туралы нақты дәлелдер әлі жоқ. Жазба ескерткіштегі соғды және арамей кірмелерін түркологтар А. Гаркавец, Г.Гүнер мен Э.Гулиевтер бірнеше мысалдар келтіріп дәлелдейді. Ондай сөздер қатарына **qančiq** (қаншық), **oruč** (ораза), **tamuq-tamuq** (тамұқ), **učmaq-učmaq** (жұмақ) соғдыдан келе жатқан кірмелер қатарына жатқызса, арамей тілінен кірген кірме қатарына **kelepen – kelepän** (келепен-келепән) алапес жатқызады [48,б.83]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште осы бірліктердің барлығы кездеседі. Ал қазіргі қазақ тілінде **kelepen – kelepän** (келепен-келепән) алапес сөзі қолданыстан шыққан сөз.

Байқағанымыздай, кірме сөздердің ұзақ ғасырларлық тарихы бар екен. Біз қарастырып отырған ескерткіш лексикасынан кірме элементтердің тым көнеден бастау алып, қазіргі кезге дейін жетіп, мағыналық та түлғалықта тұрғыдан құбылып түрленгендерін де, түрленбегендерін де, тіпті қолданыстан шығып көнерген сөздер қатарынан орын алғандарын да кездестіруге болады.

Ортағасырлық қыпшақтардың тарихына көз жүгіртсек, кірме сөздердің кірігу себептерін анықтау барысында бірнеше тарихи критерийлер алға шығады. Құрамы әртүрлі этностардан тұрып, діни еркіндікті тең ұстанған, халқы неше түрлі кәсіппен айналысып, ғылымы мен мәдениеті дамығанын, әскери-әкімшілік қорғанысы да мықты ел болғанын білеміз. Ескерткіштегі «**Kün tuvušniñ bučxaqından, batışdan qirivya deyin**» деген мысалдан қыпшақтардың дүниенің төрт бұрышын түгел шарлап, жан - жағындағы Европа, Араб, Парсы, Мысыр, Азия, Қытай, Үндістан, Русь, Қытай т.б. елдермен саяси – мәдени байланыс орнатқан ел екені анық. Жерінің территориясы үлкен, халқының саны көп болған соң да әр түрлі тілдерде сөйлейтін көрші елдермен қоныстас, көршілес болып, «**avzum ačsam öpkäm körünir**» ашық, қонақ жайлы болымысымен жан – жағындағы халықтармен, өзара тығыз қарым-қатынас орнатқан ел екенін бағамдаймыз. Міне сөздер халықтың біріншіден қарым -қатынас қажетін өтеу үшін жұмсалынды, осы себепті де бір-біріне сөз ауысты. Екіншіден тарихи әдебиеттерде Дешті Қапшақ елінің XII-XIII ғасырларда өзге елдермен сауда –

саттық экономикалық байланыстары қарқынды дамығаны туралы мәліметтер өте көп. Осы кезде де сөз ауысқан. Үшінші жаугершілік кезеңдерде босқындар, елге құлдыққа келген жұмысшылар, көшіп, қону миграция салдарынан да тіл ассимиляцияланып кіріккен. Оны біз жазба ескерткіштегі күнделікті тұрмыс-тіршілікке қатысты заттар атаулары мен, жеміс-жидектер, музыкалық аспап, өсімдік атаулары арқылы кірген кірмелер арқылы көз жеткіздік. Мысалы, грек **laḡan**¹ (лахан) орамжапырақ, **marul** (марул) салат жапырағы, еврей: **šabat** (шабат) сенбі, поляк, **laḡan**² (лахан) науа, итальян **lazate** (лазате) лициялық (Лацио), француз **monbari** (монбары) бургундиялық (Бургундия), латын, **timean** (тімеан) тмиян, **kanfor** (канфор) камфора, **trapez** (трапез) стол, **tutya** (тутия) тутия, неміс тілінен **rete** (рете) арам шөп, **vel** (вел), итальян тілінен **kästanä** (кэстанэ) каштан, қытай тілінен **yinči - iṅdžü**, (йінчі) маржан, қырғыз: **čari** (чары) байлау, орау, **čaridi** (чарыды) абыройынан айырды, татар: **čuväk** (чувәк) мүйізді аяқ киім, түрік: **mihir-mihür** (міхір) қайырымдылық **mürvät** (мүрвәт) жомарт, **evet** (евет) иә, **ispanaq** (іспанақ) шпинат, **peruza** (перуза) тәжік беруза - روزەفی «фируза» бақыт тасы деген мағыны береді ал парсы тілінде پیروز - пируз «жеңу» деген мағынаны білдіреді.

Ескерткіш тіліндегі кірме сөздер арасында славян тілінен кірген кірме сөздер әжептеуір орын алады. Бұдан түркі славян байланыстарының тамыры тым тереңнен бастау алатынын байқауға болады. Өйткені I-VIII ғасырлардан бастап орыс бұлғар хазар байланыстарының болғандығы тарихтан аян, түркілер мен славяндардың алғашқы ауыс түйстері осы кезеңдерден басталған, өйткені бұлғарлардың алғашқыда ғұн тайпаларының одағына кіргенін білеміз. Кейінен IX-XII ғасырлар аралығында печенег, половец байланыстар орнады. Ол жөнінде Н.Т.Сауранбаев: «Из историй известно, что кипчаки в XI-XII вв образовали несколько государственных союзов. Особенно кипчаки расширили свои владения в XII в. Территория кипчакского государство простирались от области Центрального Казахстана и Семиречья до южнорусской степи и р. Днепра» [3,б.243] дейді. Әрине шекаралас болғаннан кейін де екі – ел арасында мәдени, саяси, экономикалық ауыс-түйістер көп болған, ал бұл ауыс-түйістер контакт нәтижесінде жүзеге асты. Кейінен XIII-XIV ғасырлар аралығындағы Алтын Орда хандығының ресми тілі болып саналатын қыпшақ тайпаларының тілімен тығыз араласқан уақыт, дәл осы кезеңдерде сөз алмасулар көп болған. Ғылыми мәліметтерде әр түрлі, әр қилы себептерге байланысты геосаяси, миграциялық, әлеуметтік, мәдени, тарихи, жағдаяттар нәтижесінде XIII-XIV ғасырларда араб, парсы, монғол шығыс тілдерінің элементтері орыс тіліне қыпшақ тілі арқылы енгені туралы мәліметтер де өте көп. Оған дәлел орыс тіліндегі түркизмдер болса керек. Ол жөнінде К.Дмитриев түркі тілдерінің ықпалы славян тілдерінің лексикасына ғана емес славян фонеткасына бір сөзбен айтқанда жалпы тілінің бүкіл жүйесіне әсер еткендігін айтқан. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште славян кірмелері көп те емес. бізге дейінгі жазба ескерткіштің тілінде славян кірмелеріне қарап ғалымдар «С.Исаевтың дәлелдеуінше тіпті XIV ғасыр

ескерткіші болып саналатын «Кодекус Куманикусте де «изба», «печь» тәрізді орыс сөздері қолданылған екен. Осыған қарағанда қазақтар, орыс сөздерін ежелден-ақ пайдаланып, әжетіне жарата бастаған деп түйін жасауға әбден болатын тәрізді» [17,б.28] деп түркі славян тіларалық байланыстарының ерте кезден басталғанын ғылыми еңбектерінде қарастырған. Дегенмен олардың кейбірі ассимиляциялану процесін басынан өткізбей енген. Ал кейбірі аз кем фонетикалық өзгеріске түскен. Мысалы, **peč** (печ) печ, **proso** (просо) просо ескерткіште бұл сөз **učux – tövüp proso** (учух төвуп просо) просоның ұсағын төгіп, мысалдары арқылы көрініс тапқан, **samala – samola** (самала-смола) смала, ал кейбірі аз кем фонетикалық өзгерістерге ұшыраған мысалы сөз басында **и/i** алмаусы **izba** (ізба) изба сөз аяғында **ц/з** алмасулары болған **ovuz** (овуз) овец, сөз ортасында **e/o** алмасуы **kukel** (кукел) кукол, **mičalo** (мічало) мачалка, **salam²** (салам) салома, **bulav** (булав) булавка. Ескерткіштегі бұл сөздерді И. Гулиев «...бұл сөздердің көпшілігі Қара теңіз жағалауындағы қыпшақтар мен орыстардың сауда-саттық байланысы нәтижесінде кірген тауарлар атауы болуы мүмкін» - деген мәлімет береді [48,б.83].

Төртіншіден тарихи деректерден батыс пен шығыс елдері әралуан әрекеттер арқылы түркілерді тануға тырысты. Осы кезеңдегі түркі елдерінің тұрмыс – тіршілігі туралы жазылған Плато Карпинидің «Собрание путешествий к татарам и другим восточным народам в XIII, XIV и XV столетиях», Вильгельм Рубруктың «Путешествие в восточные страны», Марко Пололардың «Книга о разнообразии мира» еңбектерінен Дешті Қыпшақ елі туралы құнды деректер мен керемет мәліметтер алуымызға болады. Жерді басып алу, қыпшақтардың байлығына қызығу мақсатында өзге елдің патшалары елшілер мен жансыздар, жиһангездерді аттандырды, сол себепті де біраз сөздер кірікті, бесіншіден, өз діндеріне қауып қатер түркілерден болатынын сезген, өзге елдің дін басылары мен патшалары, уағыз таратушылар мен діни тыңшылар жіберіп өз діндерінен уағыздады. Мысалы, татарлар жеріне алғаш келген итальяндық елші Живанни Плато Карпинидің «Монғолдар тарихы» еңбегін оқып отырсаңыз Римнің діни басқармасының тапсырмасымен бірнеше елдерге елші болып барған оның, Орта Азияға бостан-босқа келмегенін байқауға болады. Өз күнделігінің кіріспесінде П. Каприни: «...Иисус Христосқа қарсы болғандарды жеңіп, атақ, даңқын аспандатуды тілейміз». «Біз Апостол діндарлардың жарлығымен татар және шығыстағы басқа да елдерге бағыт алып аттанғанда...ең алдымен дінімізге қауіп төндіріп, көп кешікпей бізге шабуылдауы мүмкін деп қорқыныш тудырып отырған Татарларға қарай ат басын бұрған едік», «...христос дінімізге пайдасы тиер деген ниетпен, тым құрығанда Татарлардың нендей ойы барын біліп оны христос дінді қауымға ескертіп, адам баласының күнәһарлығымен шығуы мүмкін татарлардың шабуылын тоқтатып, христос дінді қауымның қандарын суша ағызып, өліктерінің тау, төбе болып үйілмеуі жолын іздестірген едік» [164,б.11] деп татарлардың тұрмыс тіршілігін зерттеп, Христос дінін тарату үшін бір

жыл төрт ай бойы татарлардың арасында жүргенін айтады. Ал, Вильгельм Рубрук «Шығыс бағытқа саяхатым» еңбегінде: «Сендер басқа елдерге саяхат жасап, олардың барлық, жақсы жаманын біліп алыңдар» [164,б.105] деген Иисустің шежіре кітабындағы ғұламаларға айтылған уағызы бойынша және Франк королі ІХ Людовик де Вильгельмнің тапсырмасымен татарларға барып, көрген білгенінің барлығын хатқа түсіріп келгенін баяндайды. Міне, діни саясат салдарынан, елге келген елші, діндарлар арқылы да, біраз сөздер кіріккен десек те болады. Елшілер Пано Каприни мен Вильгельм де Рубруктардың татарлар деп отырғаны генетикалық туыстық байланысы бар тілдер тобындағы халықтар еді. Бұл жөнінде А.Н.Кононов былай дейді: «Во времена монголо–татарского нашествия (1240-1280) и в годы последующего господства на границах Русского государства Золотой Орды появился и прочно закрепился новый этноним татар(ы) каторый издавна у китайских хронистов в форме *да-да* или *та-тань* использовался как обобщающий термин для обозначения монголов, тюрков, манчжуров и тунгустов, позднее этим термином-этнонимом стали обозначаться монголы-главенствующее ядро войск Чингисхана» [165] дейді. Жазба ескерткіштегі ауқымды бөлікті христиан дінін уағыздауға арналған мәтіндер «Қыпшақтық дұғалар мен уағыздар, гимндер» алатыны белгілі. Сол діни мәтіндер арасынан **altar** (алтар) алтар лат. **altarium** құрбандық шалатын орын немесе үстел, **katolik** (католик) католик лат. **catholicus** «ғаламдық, жалпы» ал грек. **katholikos** - **kat(a)** «сәйкесінше» **holos** «бүтін» христиандық сенімнің жақтаушысы, **ave** (аве) латынша сәлем, хош көрдік, **apastol** (апастол) грек тіліне *αποστολος* хабаршы, уағыздаушы, ізгі хабарлар мен уағыздарды таратушы Иса Мәсіхтің шәкірттері мен ізбасарлары, **apastollik** (апастолик) апастолик христиандық секталар өкілі, ескерткіштегі мәтіндер арасында **apostollergä bildirdiñ** (апастоллергә білдірдің) апастолдарға білдірдің секілді мысалдарда көрініс тапқан, **baptisma** (баптисма) грекше βαπτισμα шоқындыру, батыру, тазалау осыдан «шомылдыру рәсімі» туындаған, грек тілінде *πάππα* католик шіркеуінің басшысына берілетін титул ескерткіште **pap** (пап) папа, **papaz** (папаз) ретінде көрініс тапқан, діни қызметкер, **profet** (профет) грекше *προφήτης* «пайғамбар, көріпкел» ескерткіште **profet aytyančï-aytyanča** (профет айтқанчы-айтқанча) пайғамбар айтқанша, **psalmos** (псалмос) ескерткіште гректен ψαλμός сөз аударғанда музыкалық аспаптың шегін саусақ ұшымен сипалау. Діни әуендерді музыкалық аспапта ойнау деген мағына береді. Осыдан барып иуда және христиандық лирикалық діни поэзия, дұғалық жырлар – псалтирлер қалыптасқан. Ескерткіште **psalmos nečik aytïp turur** (псалмос нечİK айтып туруп) деген мысалды кездестіреміз. **Alley!** (аллей) солай, сондай, не қолпаштау мадақтау мағынасында мәтіндер арасында қолданылатын тілдік бірлік. Мысалы, **arï Augustin, ol alley aytïr...** (ары Аугустин ол аллей айтыр) әулие Августин, ол солай айтты, **bolsun seniñ tilemegiñ nečik kim köktä, alley yerdä** (болсун сенің тілемегің нечİK кім көктә, аллей йердә) көкте болсаңда не жерде болсаңда сенің тілегің болсын! **Alley oх Teñirgä ïnanıanıміз...** (Аллей ох Теңіргі ынанғанымыз...) біздің

Тәңіріге деген сеніміміз дәл солай., **manna** (манна) еврейлер Израильде жүргенде өздерімен бірге Египедтен әкелген нандары таусылады. Осы мезетте жаратушы оларға кішкене ғана бұршақтай нан қоқымдарын жібереді. Нанды көріп қуанып кеткен еврейлер бір – бірінен *ман-ху?* деп сұрай бастайды. Осы кезде манна атауы пайда болған екен. Сол кезде Мойсей «Бұл Жаратушы жіберген нан» деп жауап берген екен. Саяхаттап жүрген еврейлердің жүрген жерлерінде сенбіден басқа күндердің барлығында манна пайда бола беретін, маннаны жинаған жастар одан нанның дәмін сезетін, ал қарттар балдың дәмін, балалар майдың дәмін сезетін. Манна сөзі тіпті Қасиетті Құранның «Әл - Бақара» сүресінде де айтылады. грек **Xristos** (Христос) Христос, **Kristian** (Крістіан) християн, италя **klisea-klisia** (клісеа-клісія) шіркеу, неміс тілінен енген: **qapsa** (қапса) табыт, италя **evangelim** (евангелім) евангелиум, грек **choron** (хорон) хорон биі, **oryan** (орған) орган музыкалық аспап, мысалы, **üniñ oryanı körkiñ yeñip –tir Libanni** (үнің орғаны көркің йеңір –тір Лібанны) үнің органды, көркің Ливаны жеңіп тұр, тіл бірліктерін кездесітерміз. Христиан мәтіндері арасынан теріліп алынған кірме сөздер қазіргі қазақ тілінде қолданылмағанымен, христиан дінін ұстанушылардың тілінде бүгінгі күнге дейін қолданыста бар. **Amen** (амен) амин халықаралық сөзге жатады, өйткені грек тілінде ислам, ииуда, христиан діндеріндегі уағыздар мен дұғалар соңында айтылған дұғалар мен ақпараттың растығын құптау мақсатында айталатын сөз.

Орта Азия территориясын көне замандардан діні де, тілі де бөлек әртүрлі этностық топтар мен бірлестіктер мекен еткені белгілі. Көне кезеңнің өзінде ру - тайпалар арасында өзара қарым-қатынас жасаудың қажеттілігінен қос тілділік туындаған. Түркологияда түркілер мен монғолдардың өз ара тығыз байланыс жасауын Дж Клаусон үш кезеңге бөледі [36,б.166]. Және өзінің «**The earliest Turkish loan words in Mongolian**» мақаласында «көне түркі тілінде монғол тілінен кірген сөздер мүлдем жоқ. Ол кездегі сөздерді кірмелер емес ортақ сөздер деп айтуымыз керек, ал егер бірлі жарымды кірмелер болса онда олар XII ғасырға жатады, - дейді [166]. Түркологияда түркі монғол кірмелерін Дж Клаусон тарихи дәуірлерге бөлсе, А.М.Щербак монғол тілдеріне енген кірмелердің үш қабатын көрсететеді [36,б.166]. Түркі монғол байланыстары өзімізге белгілі XII-XIII ғасырдың соңында Орта Азия жерлеріне монғол мемлекеті шабуыл жасаған кезеңінен басталмаған. Бұл жөнінде түрколог Ә.Қайдар:«Қазақ пен монғол тілдерінің қарым – қатынасын екі үлкен дәуірге бөліп қарастыруға болады, біріншісі-көне дәуір де, екіншісі – XII ғасырдан кейінгі, яғни Шыңғысхан бастаған монғол шапқыншыларының Қазақстан мен Орта Азия жерін және оны мекендеген түркітілдес ру тайпаларды жаулап алып, үстемдік еткен дәуір. Егер бірінші дәуірде түркі монғол тілдерінің соның ішінде қазақ тайпалары тілдері, базистік лексиканың түбір тұлғалары мен сөз жасау модельдердің туыстығы, ортақтығы немесе сәйкестігі сөз болса, екінші дәуірлерде бұл тілдердің жоғарыдағы тарихи жағдайларға байланысты ықпал-әсерін, өзара лексикалық

ауыс түйісті қарастырған дұрыс болады» [155,б.56] деп, әлі де түркі – монғол байланысы болып жатқанын айтады.

Ал XII-XIII ғасырдың соңындағы тарихи оқиғаларға келсек, Орта Азия жерлерін, Дешті қыпшақ территориясын толығымен монғол мемлекеті жаулап, салдарынан Орта Азиядағы тайпалар біргіп көшпенді мемлекеттер бірлігі қаланған еді. Осы Орталық Азиядағы Шыңғысхан құрған Ұлы Монғол Империясының тарихи іздері, түркі тарихында елеулі орын алып, этнотілдік жағдаятқа қатты әсер етті. Жергілікті халықтармен қоян - қолтық араласқан монғолдар мен түркілер арасында өзара лексикалық ауыс -түйіс болған және шапқыншы монғолдар өздеріне тән этностық дәстүрі мен мәдениетін, тілін дамыта алмай қайта тілінен, дінінен айырылып, түркі тілдерінде сөйлеген деген мәліметтер де кездеседі. Бұрынан аралас құралас монғолдар мен түркі елдерінің салт – дәстүрі мен тілінде, әдет –ғұрыптарында ұқсастықтар мен сәйкестіктер өте көп болған. Түрік ғалымы Г.Гүнер «СС жазба ескерткішіндегі монғол кірмелеріне жаңа көзқарас» атты мақаласында: «Алтын Орда халқының басым көпшілігі монғолдар болғандықтан, монғол тілінің кірмелері әкімшілік мен әскери лексикаға қатысты термин кірмелер кірген», - дейді [167]. Соның салдарынан да болар монғол тілдері мен түркі тілдерінің сол дәуірдегі өзара тығыз қарым - қатынасы екі жаққа да бірдей әсер еткен. Соның сарқыншақтарын орта ғасырлық СС жазба ескерткіші тілі құрамынан көптеп кездестіреміз. Әсіресе монғол тілімен сәйкес келетін түбір, түбірлес сөздер мен туынды түбірлер көптеп кездеседі. Жаба ескерткіштегі түркі монғол тілдерімен сәйкес келетін элементтер екі тілге де ортақ болып келеді. Біз зерттеу жұмысымыздың ауқымы көтермейтіндіктен бұл мәселені болашақ зерттеу еңбектерімізде тереңірек қарастыратын боламыз. Әзірге кірмелер қатырана тек бірнеше мысалды бердік. Және оларды монғол сөздігімен дәлелдеуге тырыстық. Мысалы **moɣdaq** (мохдақ) ақмақ деген мағынада берілген, **nek** (нек) нек **ä ɣač ey nek umunčimiz** (ә хач ей нек умунчүміз) е крест ей бір үмітіміз, **nögär** (нөгәр) нөкер, **amraq** (дос)-**amuraɣ** (сүйікті), **qatun – ɣatun** (қатун-хатун) қатын, **soɣur** (соқур) соқыр, **tümen** (түмен) түмен, **ɣaravul** (харавул) қарауыл **čeri** (чері) шеру , **erdem** секілді бірді екілі мысалдарды енгіздік. Ә.Құрышжанов «Монғол тілінен ауысқан сөздер өте аз және оның ертеректе еніп, барынша сіңісіп кеткен сөздер» [104, б.263] деген мәлімет береді.

Біздің қарастырып отырған ескерткішімізде **čeri** (шері) **čer bašï** (шер басы), **anda ulu čeri köründi** (анда ұлы шеру “жиын” көрінді) мысалдары арқылы көрініс тапқан. Ескерткіште чері, чері басы “әскер басы” мағынасында қолданылады. Және бұл мағына орта ғасырлардан жазылған шығармаларда «әскер», «әскер басы» мағыналарын сақтап тұрған. Мысалы, ҚТТС: **čeri** «әскер» KI/15 **čerig** «әскер» NF43/8, KE 44/2, ME 159/5 НКТ 299a/6, HŞ 1764, AO III/10, MN (2) 8/72, GT, LD, ŞT, LM, GN **čerig** «солдат, әскер» DLT, CI,123-21,KB 2284,ТИЕМ 73 330r/1, **čerilig** «әскери, әскер» KE 63v/2 [71,б.297]. Бұл бірлік XV-XVIII ғасырларда «әскери жиын» мағынасында қолданылған.Мысалы, Шал ақын:

«Ағайының көп болса.

Ұлы шеру қолмен тең [141,б.115]. Кейінірек «шеру» мағынасы қолданыстан шығып, қазақ тілінде «әскер», «әскер басы» мағынасы мағыналары орныққан. Соңғы кездерде халқымызда болып жатқан саяси мәселелерге байланысты, “жиі-жиі шерулер” ұйымдастырылып, бұл сөз қайта тілдік қолданысқа еніп активтеніп келе жатқанын аңғаруға болды. ҚӘТС: **Шеру** зат.1.Бір елдің қарулы әскері, қалың қол; 2.Топталып бір жаққа аттаныс, қалың жиын; 3.<франц.parade> Арнайы мерекелерге байланысты сап түзеген әр түрлі ұжымдар; 4.ауыс., Ұзын-ырмақ аңгіме желісі [115,б.346] деген анықтама аламыз.

Qaton – qatun (қатон-қатун) қатын, **qan qatonī–qatunī** (қан қатоны-қатуны) хан қатыны, **soltan qatonī–qatunī** (солтан қотаны-қатуны) сұлтан қатыны деген мысалдар кездеседі. Жоғарғы билеуші үстем тап өкілдерінің жұбайларына қатын сөзінің тіркесіп айтылуы өз кезегінде оларға құрмет көрсетілу керек екендігін білдірсе керек. ҚТҚЭС: «...қырғыз, алтай, хакас, алтай тілдерінде – әйелді кеміту мақсатымен айтылатын өрескел сөз ретінде қолданылады. Якут тілінде бұл сөз қайын ене, түрікше және монғолша керісінше тек қана *ханым үлкен кісі* әйелі деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінде қатын тек сөйлеу тілінде қолданылады, ал әдеби тілде оның орнына әйел, зайып, жамағат, жұбай сөздері жұмсалынады» - [70,б.124] дейді. Көне жазба ескерткіштер мен сына жазуларда да *қатын* сөзі кездеседі, *ханым* деген *ел анасы* деген мағынаны берген. Орхон-Енисей түркі ескерткішінде *анам – қатын* деген сөзді мадақтау, мақтау түрінде кездестіреміз. Рабиға Сыздық хатун деген сөздің Қ.Жалайыридің «Жамиғ-ат таурих» еңбегінде де кездесетінін айтады: «...хатун сөзі (мұны В.В. Бартольд «ханша, госпажа» мағынасындағы соғды-парсы сөзі, түркі монғол тілдеріне кейін енген деп табады) Біз тілін талдап отырған шежіреде үш түрлі мағынада қолданылған. Бірі және жиі кездесетіні «әміршінің жұбайы» (орысша: госпажа, княгина) деген мағынада және бұл сөз титул ретінде жалқы есіммен тіркескен түрде кездеседі. *Алталун хатун, Иолун хатун*. Соңғы қолданыста қытайдың осы мағынадағы *фужин* сөзі мен монғолдың *еке* (*ике, эке*) сөздеріне синоним болып келеді. Екіншісі «біреудің әйелі» (*жена*), үшіншісі –жалпы әйел зат» [106,б.68]. Түйіндей келе, бұл тұлғаның бастапқы мағынасы ақсүйек, білімді, әйгілі атақты басқарушы тұлғалардың жары немесе анасына берілетін дәрежелік атау болған. Ал кейінгі мағынасы жөнінде академиктің пікірі тұщымды шыққан ол: «...күні кешеге дейін, тіпті бүгінгі ауыз екі сөйлеу тілінде жиі қолданылып келген *қатын* сөзіне қарағанда бүгінде *әйел* сөзі әлде қайда активтеніп, *қатын* вариантын мүлдем ығыстырып, ескілік статусына жеткізбегенмен, тұрпай немесе қарапайым элементке апарып отыр. Демек сөздердің ескіртетін фактордың тағы біреуі қолданыс жиілігінің біртіндеп әлсіреу құбылысы деуге болады» [106,б.234] дейді. Біз қарастырып отырған ескерткіште екі түрлі мағынада қолданылады. біріншісі заңды әйел, некелі жар мағынасында **menim halal qatīnim – dīr** (менім халал қатыным-дыр) бұл менің заңды қатыным, екіншісі діни мәтіндерде қатар **Mariam qatunya**

(Мәриям қатынға), **Mariam qatun** (Мариям қатын) Иса пайғамбардың анасы Мариямды құрметтеу, жоғары қою мақсатында қолданылғанын байқаймыз.

Amraq (амрақ) біз қарастырып отырған жазба ескерткіш тілінде туысқан деген мағынаны білдіреді. А.Гаркавец «**amraq** – друг, **amraq vel bavursaq** мирный или родной [35.б,1003] деп береді. ДТС: «**Amraq** 1. любимый, возлюбленный, друг, 2. любимый, любящий, дорогой» [69,б.42] Монғол тілінің сөздігінде: «**amuray** –**амрағ** көңілдес, ниеттес, ашына, сырлас» деген мағына береді екен [23.б,38] ескерткіш тілінде **amraq vel bavursaq** туыс неме туысқан деп берілген. Жалпы, өзара синонимдес сөздер болғанның кейін мүмкін орта ғасырда сырлас досқа да, ашына ға бауырға айтыла берген болуы әбден мүмкін.

Жазба ескерткіштегі **tümen** сөзіне А.Гаркавец: «**tümen** (*ср монг. түм(эн) откуда и перс. десять тысяч; туман, монета в 10000 динаров*) түмен, тьма, десять тысяч, десяти тысячное войсковое подразделение [35,б.1270] деп аударарды. Ескерткіште **oñlu-solu ayırğan otuz tümen öney –dir** (оңлу-солу айырған отуз түмен өней-дир) оңды солды айырған отыз түмен... «Түмен» он мың деген мағынада қолданылған. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде де: «түмен-он мың түмен» [136,б.89] деп береді. Түмен басы болса, онмың әскерді басқарған тұлға болған, кезінде хан қасында ең сенімді басқарушылар тұлғасы ретінде түмен басылар жүрген. Орта ғасырлық жазба ескерткіштерде түмен сөзі ҚТТС: **Tümen (1)** «он мың, мыңдаған, көп, өте көп» DLT, CI, 402-5, KB 159, AH218, KE 181v/20, MM 186/2, MN (1) 4/7, HŞ 36,26, AO II/4, AL, ŞSL, BV, BD SD, NH, HBD, LD, MÜN, YED, CD, FK, ŞHD, LM, GN [138,б.297] заттың нақты сандық мөлшерін білдіріп тұр. С.Жанпейісова «Қазақ тіліндегі кейбір көне нумеративтер» мақаласында түмен сөзіне: «Түмен есептік сан есімі көне жазба ескерткіштерде де осы он мың мағынасында сипатталған (ДТС,596). Ол түркі тілдерінде кәзір анахронизмге айналған, өзінің негізгі онмың мәніне ара-тұра ғана қолданылады»-дейді [168].

Жазба ескерткіште **nögär** (нөкер) дос, мағынасында берілген. Нөкер сөзі тек дос мағынасында ғана емес, кейбір орта ғасырлық шығармаларда жар, әйел мағынасында беріледі. Мысалы «Дана Хикар»-да: «нөгер-әйел [22,б.49]. Нөкер көркем шығармаларда хандар мен ақсүйектер қасына еріп жүріп, қызмет ететін көмекші, күзетші қызметін атқаратын тұлғалар ретінде көрініс тапқан. Мысалы «Оғыз-қаған» дастанында: «Нөкер (монг.) әскери басшы, жауынгер, серік, қол: нөкерлернүң ел күннің қамағы мұны көрділер, шаштылар (31/9)» [169.б,237] Ауыз екі тілде сирек қолданылатын тілдік бірлік. Мысалы, «нөкерлерін жиып кеп қапты», «нөкерлерімен жүр» түрінде көрініс тапқан.

Бесіншіден, түрколог Ғ.Айдаров: «Бір тілден екінші тілге сөз ауысудың өзіндік бірнеше жолдары бар: біріншіден, сөздер бір тілден екінші тілге сөйлеу тілі арқылы енеді, екіншіден жазу арқылы енеді» дейді [152,б.49] мұндағысы қыпшақтардың жан-жағындағы көрші қоландармен мәдени де

байланыс жасағанын көрсетеді. Осы кезде өзімізге белгілі көптеген шығармалар аударылып, әдеби жаухарларымызға айналды.



Тарихи мәліметтерге сүйенсек парсылармен халықаралық тілдік – мәдени қарым-қатынас арабтардан бұрын тым ертеден иран-түркі тарихи кезеңінен бастау алады. Түркітанушы Е.Бертельс түркі - парсы байланысының екі мың жылдық тарихы бар деп көрсетеді. Ал М.Қашқари кірме сөздердің кірігуіне қарсы болған. Ол: «Ең ашық –айқын әрі тура тіл – тек сол бар ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын, және шет өлкелермен барыс келіс жасамайтын кісілердің тілдері. Екі тіл білетін және шахарлармен араасып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар»-дейді [67,б.55]. Көркемділігі, әдемілігі жағынан ерекшеленетін парсы тілі - тілдердің ішінде ең мықты тілдердің бірі болды. Кейінірек ирандықтар ислам дінін қабылдағаннан кейін VIII ғасырлардан Орта Азия елдеріне ислам дінінің келуімен бірге парсы-араб тілдік байланыстары орнап, парсы тілінің лексикасы біраз әлсіреп араб тілі басымдылық көрсете бастаған. XII-XIII ғасырларда араб мәдениеті гүлденіп шығыс пен батысқа кең таралды. Ислам дінін қабылдаған бірнеше халықтар мәдениетіне араб тілі оң әсерін тигізіп түркі-парсы-араб үштігінің негізінде мәдени дамуы процесі болғаны аян. Өз кезегінде, түркі-парсы-араб үштігі түркілердің тілдік байланысына әдебиетімен, мәдениетіне нықтап орнықты. Парсы-араб әдебиетінің ықпалымен мұсылмандық әдебиет қалыптасты. Тарихи деректерде түркілер ежелгі ирандықтармен кейде соғыс, кейде бейбіт түрде қарым-қатынастарға түсіп отырған. Нәтижесінде сауда дамып, мәдениет өркендеген. Иран тілінен саудаға, жеміс-жидектерге, тұрмыстық қажеттілікке қатысты т.б. ұғымдар еніп, қыпшық тілінің сөздік құрамын байытса, заман ағымына қарай кейбір түркілік элементтер парсы тілдеріне өтіп отырған. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштегі парсы кірмелері 1) түркілердің бірнеше ғасырлар бойы парсы елдерімен көрші отырып, тікелей қарым-қатынас жасауы салдарынан; 2) әдеби-мәдени байланыстар; 3) сауда-саттық; 4) діни мәселелерге қатысты енген. Осыған орай зерттеу барысында жазба ескерткіштегі парсы кірме элементтерінің бірнеше лексика семантикалық топтарын анықтадық. Олар: сауда-саттыққа байланысты енген атаулар: **baγa - baħa** (بازار) баға, **bazar**

(базар) базар, **bazargân** (بازرگان) базархан, **bezegen** (بزاز) саудагер, **miyançi** (یانچی) делдал, **täräzü** (ترازو) таразы; асыл тастар мен қазба байлықтар: **bedžuda** (بهجودا) рубин, **mardžand** (مرجان) маржан, **perüza** (مرجان) беруза; жеміс жидектер, дән дақыл, өсімдіктер: **badäm** (بادام) бадам, **bağ** (باغ) бақ, **baqami** (یبقام) сандал ағашы, **baqça - bağça** (باغچه) бақша, **gül** (گل) гүл, **gülâf** (گلاب) роза гүлі, **indžir** (ریانج) інжір, **ispanaq** (اسفناج) шпинат, **mağdanus** (ماندانوس) аскөк, **märdžümäk** (مرجومک), **noхut** (نخود) нохат, **ravand** (وندىر), **rayхан** (حانیر) райхан, **raziyana** (انهیراز) тәтті укроп шөбі, **šäftälü** (شافتالو) шабдалы, **šalyam** (شلمغ) шалқам, **xiyar** (اریخ) қияр, **ğorma-ğurma** (خرما) құрма; уақыт мерзімін білдіретін сөздер: **aqşam** (اقشام) ақшам, **ayna** (نهیآ) айна, **čaaršanbe** (چهارشنبه) сәрсенбі, **sešanbe** (شنبهسه) сейсенбі, **tüşänbe** (دوشنبه) дүйсенбі, **yekšanbe** (شنبهکی) жексенбі; құрлыс материалдары, тұрғылықты мекендер: **saray** (یسرا) сарай, **šaar** (شهر) қала, **qana** (خانه) хана, **čakuč** (چکش) балға, **divar** (وارید) тас дуал, **kiräč** (کچ) әк, **sufraҳana** (خانہسفره) асбөлме; бояу түстер: **käbut** (کبود) көк; аспап: **suruna** (سورنا) сырнай; жануарлар: **arслан** (ارسلان) арыстан, **mači** (یموش) мысық, **maymun** (مونیم) маймыл, **tavus** (طاووس) тауыс, **ğoroz** (خروس) қораз, **džanavar** (جانور) жануар; самотикалық атаулар: **avaz** (اوز) дауыс, **dider** (دارید) дидар, **džigär** (جگر) өкпе **džigärbänd** (بندجگر) өкпе, бауыр, **džins** (جنس) жыныс, **nišan** (نشان) нышан, **sävda** (سودا) қара өт, **kämär** (رکم) бөксе; жазу сызу құралдары: **möhör** (مهر) мөр; үй тұрмысына қажетті аталымдар: **mix** (خیم) шеге, **kürä** (کوره) ошақ, **sunduq** (صندوق) сандық, **čandī** (یچند) азғана, **čiraq** (چراغ) шырақ, **čaršav** (چارشاو) жапқыш, **čualduz** (جوالدوز) жуалдыз, **tastar** (دستار) дастархан, **kilim** (یقال) кілем, **ğali** (فرش) кілем, **fanar** (فانوس) фанар, **piyala** (الهیپ) пиала, **taqta** (تخته) тақта, **tärädžä** (پنجره) терезе, **ten** (تن) тән, **terzi** (یترز), **zindžil** (ریزنج) шынжыр; ас ауқат-сусын: **šira** (شراب) шарап; емдік: **daru** (دارو) дәрі; діни-наным сенімге қатысты аталымдар: **orož** (روزه) тағдыр, **oruč** (روزه) ораза, **payғambar-peyғambar** (امبریپ) пайғамбар, **fristä- fraste** (فرشته) періште; деректі, дерексіз заттық ұғымдар: **džomart** (جواد) жомарт **džahan - džehan - džahan** (جهان) жаһан, **dušman - tušman** (دشمن) дұшпан, **siyan** (انیز) зиян, **džan** (جان) жан; **pešman** (مانیپش) пешман, **tamaša** (تماشا) тамаша, **ömäd** (دیم) үміт, **roz** (روز) тағдыр, **durust** (درست) дұрыс, **džift** (جفت) жұп, **hafta** (هفته) апта, **höкüm** (حکم) өкім, **dost** (دوست) дос, **kör** (کور) көр, **zafran** (زعفران) шафран, **zindan** (زندان) зындан, **kertek** (کرته) жас отау, **saz** (ساز) саз; **dar** (در) дар, **darčini** (نیدارچ) даршын, **qodža** (خواجه) қожа, **šišä** (شهیش) шиша, **tadž** (تاج) тәж, **usta** (استاد) ұста, сындық ұғымдар: **bädbaqt** (بدبخت) бетпақ, **nazik** (نازک) нәзік, **ğam** (خام) қам піспеген, **sust** (سست) сұст, **ğor** (خور) қор, етістіктер: **kör** (کور) көр, **aškara** (اشکار) әшкере, **äč** (اش) аш, **үстеу: keš** (کش) кеш, **kešä** (کشه) кеше шылау, одағай, есімдік, есімше: **be** (به) бе, **hergiz** (هرگز) әркез, **häm** (هم) һәм, **här** (هر) әркез, **heč** (چیه) еш, **hergiz-herkiz** (هرگز) әркез, **kez** (کز)кез, **ki** (کی) не, **last** (لست), **tamam** (تمام) тамам, **ğoš** (خوش)хош, **egär** (گر) егер;

Кіріме сөздердер туралы зерттеу еңбектерінде Э.В.Севортян, Р.Сыздық, Б.Жұбатова, А.Айғабыловтар аң-құс, бау-бақташылық кәсіпке қатысты

атаулар, жеміс-жидектер мен өсімдіктер, үй -тұрмысына қажетті, асыл тас атаулары парсы тілінен түркі тіліне енгені жайлы айтады. Шындығында қыпшақ жазба ескерткіші СС құрамындағы осы аталған атауларға қатысты ұғымдар парсы тілінен еніп, қазіргі қазақ тілімізде терминденіп, халықтық әдеби тілімізге мықтап орныққан. «Қыпшақ тіліндегі қолтума емес сөздердің басым көпшілігі араб-парсы тілдерінен ауысқан. Сондай-ақ Батыс Еуропа (славян) халықтары тілінен ауысқан сөздер де бар. Және олар сан жағынан грек, монғол тілдеріне және армян тілдерінің элементтеріне қарағанда әлдеқайда мол [135,б.263]

Өз кезегінде кірме сөздердің өз тұлғасын екі түрлі жағдайда өзгертетіні жөнінде ғалымдар мынандай тұжырым айтады: «1) Кірме сөздердің морфологиялық тұлғасында қыпшақ тілінде айтылмайтын дыбыстар болса, олар өздері енген тілдің қолтума дыбыстарымен алмасады. Мысалы, араб тіліндегі эмфатикалық дыбыстардың орнына қыпшақ тіліндегі с, з, т дыбыстары қолданылады. Басқаша айтқанда, белгілі бір дыбыстар (нақтылы бір тілдің негізгі ерекшелігі болып саналатын дыбыстар) бөтен тілге ауысқанда ана тіліндегі өз табиғатына тән қасиетін жойып алады. 2) жаңа тілдегі кейбір дыбыстардың позициялық қолдану, ерекшелігіне қарай кірме сөздердің құрылысына тиісті өзгерістер енеді: жаңадан қолтума дыбыстар қосылады, не түбірдің кейбір дыбыстары қысқарып кетеді. Бұл өзгеріс кейбір дыбыстар құрамының сол өздері енген тілде айтуға ыңғайлы болу үшін жасалады. Мысалы, араб тіліндегі и дыбысы қыпшақ тілінде ы не і дыбысымен ауысып отырады: *мих//мық* (мық, шеге) [135,бб.264-65]. Аталған жазба ескерткіште сөздердің бірсыпырасы осындай өзгерістерге ұшыраған Х. Досмұхамедұлы: «Тілге кірген жат сөздер де сіну үшін тілге «өзілік» болу үшін тілдің заңымен өзгеріп танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді – дейді [170]. Осы пікірге сүйенсек парсы тілінен енген кірме бірліктердің қазақ тілінде фонеткалық семантикалық өзгерістерге ұшырағанын көреміз мысалы, **h** дыбысы бар сөздер әр түрлі позицияда әр түрлі өзгеріске ұшырап отырған **h/x/k/ƒ** алмасуы: **baha** (баһа) баға, **baƒ** (бағ) бақ, **ħiyar** (хияр) қияр, **ħorma-ħurma** (хорма-хурма) құрма, **ħam** (хам) қам, **ħor** (хор) қор, **baħča** (бахча) бақша, **qana** (қана) хана, **ħoroz** (хороз) қораз, **h** дыбысының түсіп қалуы: **möhör** (мөһөр) мөр, **hafta** (һафта)апта, **höküm** (һөкім) өкім, **g/x** алмасуы **bazargân** (базарган) базархан, **ф/б/п** алмасуы **šäftälü** (шәфтәләү) шабдалы, **fristä-frištä** (фріштә-фріштә) періште жазба ескерткіште өз мағынасы мен тұлғасын өзгертпей қазақ тілінде сол бұрынғы қалпында кездесетін тілдік бірліктерге **sust** (сууст) сұст, **saray** (сарай), **fanar** (фанар), **piyala** (пиала), **taqta** (тақта), **bazar** (базар), **kör** (көр), **rayƒan** (райған) райхан, **aqšam** (ақшам), **nışan** (нышан), **saz** (саз), **zindan** (зындан), **kez** (кез), **gül** (гүл) **siyan** (зіян) зиян, **džan** (джан) жан жатса; мағынасында немесе тұлғасында өзгеріс бар сөздер қатарына: **perüza** (перуза) беруза, **nazik** (назік) нәзік, **šišä** (шыша) шиша, **tadž** (тадж) тәж, **täräzü** (тәрәзу) таразы; **tärädžä** (тәріджә) терезе, **bädbaqt** (бәдбақт) бетпақ, **izarli** (ызарлы) ызғарлы, **sunduq** (сундуқ) сандық,

zindžil (зінджіл) шынжыр тек жазба ескерткіш тілінде қолданылған қазіргі қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын сөздерге: **čaršav** (чаршав) жамылғаш, **džigär** (джігәр), **džigärbänd** (джігәрбәнд) өкпе, **bezegen** (безерген) саудагер, **miyanči** (мийанчы) делдал, **bedžuda** (беджуда) рубин т.б. жатады. Келіссек те, келіспесек те кірме сөздері қазақ тіліне еніп, үндестік заңының тәртібіне бағынып, сіңісіп кеткендігі соншалықты, кейбір сөздерді тек қана сөздікпен, не түбір тұлғасын қайдан шыққанын зерттеу арқылы ғана анықтауға тура келеді.

VIII ғасырдан Орта Азия елдеріне ислам дінінің енуіне байланысты қыпшақ тілінің лексикалық құрамы араб элементтерімен толықты. Пікірімізді дәлелдейтін болсақ Ғ.Айдаров: “VI-VIII ғасырдағы Орхон-Енесей, Орта Азия, түркі тілдерінде араб-парсы тілдері нен ауысқан сөздер жоқтың қасы. Өйткені ол кездері түркі тайпалары ол елдермен қарым-қатынаста болмаған еді» дейді [152,б.50], мұндағы автордың айтып отырғаны VIII ғасырға дейін түркі – араб байланыстарының болмағандығындығы. Аталған ғасырдан бастап ислам дінінің қабылдауы әсерінен, араб тіл түркі тілдеріне кірігіп, түркі елдерінің мәдени дамуына қатты әсер еткен. Оның көріністерін зерттеп отырған жазба ескерткіші тілінен байқаймыз. Ислам дінінің түркі топырағына жетуі VIII ғасырда басталғанымен, оның кең етек жаюы X ғасырда Қараханиттер мемлекетінің тұсында болды. Алғашқыда тек ислам дінінің айналасындағы сөздер ғана кіріксе, кейінірек тығыз қарым-қатынас жасау салдарынан мәдени-әдеби сөздер ене бастады. Араб тілінің ықпалымен орта ғасырда бірнеше ғылыми, классикалық, әдеби шығармалар жазылды. Кейінен әдет-ғұрып, салт-санамызға берік орнап кеткен араб кірмелері қоғамда болып жатқан процесстердің барлығына әсер етіп, лексикалық қорымыздан ойып тұрып орын алғанын байқауға болады. Байқағанымыздай, Дешті Қыпшақта араб тілі алдымен ислам дінінің тілі ретінде еніп, кейінен ғылым мен дін тілі ретінде қолданылған екен. СС жазба ескерткіші құрамындағы кірме элементтер қатарындағы араб кірмелері қазіргі қазақ тілі құрамындағы ең мол сөздік қорды толықтырып тұрған тілдік деректер болып табылмақ. Осы себепті жазба ескерткіштегі араб кірмелерінің бірнеше лексика семантикалық топтарын анықтадық. Сауда-саттық ісіне байланысты енген: **haq** (حق) ақы, **saraf** (صراف) сараф, **naqt** (نقد) нақт, асыл тастар мен қазба байлықтар: **mahak** (محك) сына тас; діни наным-сенімге қатысты: **qurban** (قربان) құрбан, **rahim** (رحيم) рахым, **rämilik** (رمل) пал ашу, **sabur** (صبر) сабыр, **sadaya** (صدقة) садақа, **qabul et** (قبول) қабыл ет; оқу білімге қатысты: **kätib** (كاتب) жазушы; уақыт мерзімін білдіретін сөздер: **saar** (سحر) сәрі, **noqta** (نقطة) ноқта; құрлыс материалдары, **mahalä** (محلة) көше; **аспап: naqara** (نقارة); жануарлар: **fil-pil** (فيل) піл; соматикалық атаулар: **elat** (آلات); жазу сызу құралдар: **küttab** (كتاب) жазушы; үй тұрмысына қажетті аталымдар: **qalip** (قالب) қалып, **tabaq** (طبق) табақ, **ас ауқат: xamir** (خمير) қамыр; емдік: **attar** (عطار) аттар, **maläham** (مرهم) жақпа; мата мен киім түрлері: **qativa** (قطيفة) барқыт, деректі, дерексіз зат есімдер: **adam** (آدم) адам, **aläm** (علم) әләм, **amanat** (أمانة) аманат, **aqil** (عقل) ақыл, **ayel** (امراة) әйел, **azam**

(أدم) адам, **aziz** (عزيز) әзіз, **baht** (بخت) бақыт, **bäräkät** (بركة) берекет, **džovap** (جواب) жауап, **haqil** (عقل) ақыл, **hava** (هواء) ауа, **haybat** (هيبة) айбат, **haziz** (عزيز) ғазиз, **hörmät** (حرمة) құрмет, **maxsit** (مقصد) мақсат, **medet** (مدد) медет, **mirat** (مراد) мұрат, **mülkl** (ملك) мүлік, **murvät** (مروءة) мұрат, **niyat** (نية) ниет, **nur** (نور) нұр, **saat** (ساعة) сағат, **šukur** (شكر) шүкір, **tövbä** (توبه) тәубе, **va'da** (وعد) уәде, **vaqt** (وقت) уақыт, **çavatlan** (تقوى) қуаттан, **çovatli** (قوي) қуатты, **çörmät** (حرمة) құрмет, **matel** (مثل) мәтел, **safar** (سفر) сапар, **salam**¹ (سلام) салам, **salamatluq** (سلامة) саламатлық, **surat** (صورة) сурет, **šeyir** (شعر) шейір, **qasap** (قصاب) қасап, **masqara** (مسخرة); сындық: **çarip** (غريب) ғарип, **aqmaq** (أحمق) ақмақ, **haram** (حرام) харам, **miskin** (مسكين) міскін, **nil** (نیل), **qovat** (قوة) қуат, **manaysiz** (مناسيز) маңайсыз, етістіктер, **tesnif etti** (تصنيف) қiymätsiz (قيمتسز) қимассыз, шылау, одағай, есімдік, есімше, үстеу оқшау сөздер; **älbet-elbeti- elbette** (البتة) әлбетте.

Қазіргі қазақ тілінде түркі-араб кірме сөздердің фонетикалық, лексика-семантикалық та өзгерістерге ұшырауын кездестіреміз. Мысалы, ф\п алмасуы **safar** (сафар)сапар, **fil-pil** (філ-піл) піл х/к/ғ/қ алмасуы **baht** (бахт) бақыт, **sadaya** (садаға) садақа, **çamir** (хамір) қамыр, **hörmät-çörmät** (һөрмат-хөрмәт) құрмет, **maxsit** (махсыт) мақсат, **çovat- qovat** (ховат-коват) қуат, в/у алмасуы: **va'da** (вада) уәде, **vaqt** (вақт) уақыт, **tövbä** (төвбә) тәубе, һ дыбысының түсіп қалуы: **haq** (һақ) ақы, **haqil** (һақыл) ақыл, **hava** (һава) ауа, **haybat** (һайбат) һайбат, **haziz** (һазіз) ғазиз, еш өзгеріске түспей қазіргі қазақ тілінде қолданылатын сөздер: **naqara** (һақара), **qalip** (қалып), **tabaq** (табақ), **adam** (адам), **amanat** (аманат), **aqil** (ақыл), **medet** (медет), **çarip** (ғарип), **aqmaq** (ақмақ), **haram** (харам) т.б.; мағынасында немесе тұлғасында кейбір өзгерістерге ұшыраған сөздер, **qurban** (құрбан), **rahim** (рахім) рахым, **sabur** (сабур) сабыр, **sadaya** (садаға) садақа, **qabul et** (қабул ет) қабыл ет, **ayel** (әйел) әйел, **azam** (азам) адам, **nur** (нур) нұр, **šukur** (шүкур) шүкір, **niyat** (һиәт) һиәт, **saat** (саат) сағат, т.б.; тек жазба ескерткіш тілінде қолданылған қазіргі қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын сөздер болып табылады ал **mahak** (маһак) сына тас, **rämilik** (рәмілік) пал ашу, **mahalä** (маһалә) көше, **elat** (елат) денеден шығатын сұйықтық, **maläham** (маләһам) жақпа, **qativa** (қатива) барқыт, **daç** (дач) тәж сөздері орта ғасырда қолданыста болғанымен, қазіргі қазақ тілінде көнерген сөздер қатарына кірген бірліктер.

Түркі-парсы-араб ортақ кірме элементтерінің лексика семантикалық топтарын сауда-саттық ісіне байланысты енген атаулар: **çardž** (хардж) парсы (خرج), араб (خرج) қаржы, **rebe** (ребе) парсы (ربح) араб (ربح) (рич), асыл тастар мен қазба байлықтар: **bolor-bolar** (болор-болар) парсы (بلور), араб (بلور) хрусталь, **kibrit** (кібірт) парсы (تیکبر) араб (كبريت) күкірт, **lal** (лал) парсы (لعل), араб (لعل) лал, **zmurut** (змурут) парсы (زمرد), араб (زمرد) изумруд, **džuhut** (джуһут) парсы (اقوتی), араб (ياقوت) жақұт, **zernek** (зернек), парсы (خیزرن), араб (زرنخ) мышьяк, **yaqut** (йақут), парсы (اقوتی), араб (ياقوت) жақұт; түр-түс: **narangi** (һарангі) парсы (نارنگ), араб (نارنجي) қызғылт сары жеміс - жидектер, дән дақыл, өсімдіктер: **džindžibil** (джінджібіл) парсы (لیزنجب)

араб (زنجبيل) имбир, **mišmiš** (мішміш), парсы (مشمش), араб (مشمش), **narinč** (нарынч) парсы (نارنج), араб (نارنج) қышқыл апельсин, **tärändžebun** (тәрәнджебин) парсы (ترنجگون), араб (ترنجبين), түйе тікен, **zeytın** (зейтін) парсы (تـونـيز), араб (زيتون) зәйтүн; діни наным сенімге қатысты аталымдар: **halal- ɣalal** (хала - халал), парсы (حلال), араб (حلال) **šeryat** (шерифат), парсы (عتـيرش), араб (شريعة) шарифат, **mišixɑ** (мішіха), парсы (حایمس), араб (مسیح) май жағушы, **šaytan** (шайтан) парсы (طانیش), араб (شیطان) шайтан; құрлыс материалдары, **bunyat** (буйниат), парсы (ادیـبن), араб (بنیان) фундамент, **qala** (қала), парсы (قلعه), араб (قلعة) қала, **turbut** (турбут), парсы (تربـت), араб (تربة), **tügän** (түгән), парсы (دكان), араб (دكان) дүкен, **ɣudžirä** (худжірә) парсы (خجره), араб (حجرة) бөлме, **ɣarabat** (харабат), парсы (خرابات), араб (خرابات) жезөкшелер үйі, соматикалық атаулар: **näfäs** (нәфәс), парсы (نفس), араб (نفس) тыныс; жазу сызу құралдар: **duvät** (дувәт) парсы (نفس), араб (دوات) дәуит, **käyit** (кәғыт), парсы (کاغذ), араб (کاغذ) қағаз, **qalam** (қалам), парсы (قلم), араб (قلم), **täftär** (тәфтәр), парсы (دәптер), араб (دفتر) дәптер; түр-түс: **isqarlat** (ысқарлат) парсы (اسکارلات), араб (شقرلات) ашық қызыл; үй-тұрмысына қажетті аталымдар: **sufra** (суфра), парсы (سفره), араб (سفرة) тамақ ішетін орын, **taz** (таз), парсы (طاس), араб (طاز) таз, **zındžifir** (зінджіфір) парсы (ریزنج), араб (زنجير); ас ауқат: **šäkär** (шәкәр) парсы (شکر), араб (سكر) шекер; емдік: **balsam-balasan** (балсам-баласан) балзам, парсы (بلسان), араб (بلسم) балзам, **mumya** (мумия) парсы (ایموم), араб (مومياء) мумия; мата мен киім түрлері: **nasič** (насіч) парсы (نساج), араб (نسیج) маржан түсті мата, **süf** (суф) парсы (صوف), араб (صوف) мата; деректі, дерексіз **dünyä** (дуниә) парсы (ایدن), араб (دنیا) **düvlät** (дүвләт) парсы (دولت), араб (دولة) дәулет, **vaxt** (вахт) парсы (وقت), араб (وقت) уақыт, **ɣabar** (хабар) парсы (خبر), араб (خبر) хабар, **muxtač** (мухтаж), парсы (محتاج), араб (محتاج) мұқтаж, **murad** (мурат) парсы (مراد), араб (مراد) мұрат, **naqš** (нақш) парсы (نقش), араб (نقش) нақыш, **hakim** (hakim) парсы (مـیـحک), араб (حاکم), **iqrar** (ықрап) араб (إقرار لقب), **layab** (лаһаб) парсы (لقب), араб (لقب) лақап, **layix** (лайық) парсы (قی لا), араб (لائق) лайық, **maydan** (майдан), парсы (دانـیـم), араб (میدان) алаң, **Misri** (Мысыр), парсы (یصر), араб (مصري) Мысыр, **qazna** (қазна) парсы (خزانه), араб (خزينة) қазына, **ɣalɣa** (халха) парсы (حلقه), араб (حلقة) сақина, **seber** (себеп) парсы (سبب), араб (سبب) себеп, **täfriq** (тәфрық) парсы (تبرک-تابарак), араб (تفرقة) тәбәрік, **zämänä** (зәмәнә) парсы (زمانه), араб (زمانة) замана; сындық: **sünbül** (сүнбүл) парсы (سنبل - سنبول) араб (سنبل) гиацинт, **keläpan-kelepen** (келәпен-келепен) парсы (گلبن), араб (گلبن) алапес, кірме сөздердің фонетикалық, семантикалық та өзгерістерге ұшырауы; ф\п алмасуы **täftär** (тәфтәр) дәптер, х/к/ғ/қ алмасуы **ɣardž** (хардж) қарж, **muxtač** (мухтач) мұқтаж, **layab** (лаһаб) лахаб, **layix** (лайық) лайық, һ дыбысының түсіп қалуы: **ɣeš** (хеш) еш, жазба ескерткіші тілінде өз мағынасы мен тұлғасын өзгертпей сол бұрынғы қалпында кездесетін тілдік бірліктер; **qazna** (қазына), **taz** (таз), **šaytan** (шайтан), **hakim** (һәкім), **ɣabar** (хабар), **qalam** (қалам), **maydan** (майдан), **balsam-balasan** (балзам), **mumya** (мумия) мағынасында немесе тұлғасында кейбір өзгерістерге ұшыраған сөздер; **zämänä** (зәмәнә) замана,

täftär (тәфтәр) дәптер, **täfriq** (тәфрық) тәбәрік, тек жазба ескерткіш тілінде қолданылған қазіргі қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын сөздер анықталды; **rebe** (ребе)кіріс т.б.

Жазба ескерткіш тіліндегі дерексіз ұғым атауларының көбісі парсы-араб тілдерінен еніп түркі халықтарының таным түсінігімен астасып, тілдік жүйесінде еркін қолданылып жатқанын байқауға болады. Сондай-ақ араб кірмелері қыпшақ тіліне ену барысында біраз ассимиляциялану процесінен өтіп, фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Олардың қазіргі қазақ тіліне кірігіп кеткені соншалықты, төл сөздерімізден ажыратып алудың өзі қиынға соғады. Ғалымардың мәлімдеуінше қазіргі қазақ тілінің сөздік қорындағы араб-парсы кірмелері сөздік қорымыздың 60-70 пайызды құрайды, біз зерттеп отырған жазба ескерткішіндегі араб-парсы кірмелері



Қорытындылай келе орта ғасырлық СС жазба ескерткішінің тілдік қабатының дені парсы-араб кірмелері екенін ұқтық. Орта ғасырлық СС жазба ескерткішінің сөздік құрамын қарастыру барысында кірмелердің ену уақытының бірнеше ғасырлық тарихы бар екеніне көзіміз жетті. Оны дәлелдеу үшін белгілі бір тілдің тарихын зерттеп зерделеу барысында тіларалық қарым-қатынас деректері дәйектелсе, екінші жағынан сол тілде сөйлейтін халықтың және онымен қарым-қатынас жасаған көрші елдің тарихын дұрыс бағамдауға талпындық. Нәтижесінде түркілер бір елдің сөздік қорын байтып жатса, ал кей жағдайда өзінің сөздік қорын кеңейтіп отырғанын анықтадық. Көне, ортағасыр жазба ескерткіштерінде басқа кірмелерге қарағанда араб-парсы кірмелері көптеп кездеседі. Бізде де дәл сондай. Түйгеніміз тарихты арқау еткен СС жазба ескерткіші халқымыздың өткенінің айнасы, бүгінінің жалғасы екен.

2.3 «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі кәсіби сөздер және олардың терминденуі

Қашан да өмірдің зерттеу объектісі – адам екені белгілі. Адам мен қоғам бір-бірімен етене байланысты екі ұғым, әрбір адам қоғамның белгілі бір бөлшегі. Шыр етіп жерге түскен кезден бастап тынымсыз қозғалыс, даму

үстінде болатын ең саналы тұлға да адам. Қай уақытта болмасын адам өзі өмір сүрген қоғамның мүшесі ретінде заман ағымына қарай белгілі сұранысқа ие кәсіпті меңгерген, құзіреттілігін арттырып, тіршілік көзіне айналдырған. Осыдан барып белгілі бір қызмет, кәсіп, шарушылыққа, байланысты, жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін тек сол саладағы ортаға ғана түсінікті сөздер туындаған.

Зерттеу нысанына айналған ескерткіш тіліндегі кәсіби сөздерді қарастыру барысында ортағасырдағы отырықшы өмір салтын ұстанған қыпшақтар қоғамындағы сәулет өнері, әкімшілік - іс, ғылым мен білім, өнер, сот процесі, әскери, астрономия, география, медицина саласына қатысты ұғымдар анықталып, олардың қазіргі қазақ тіліндегі терминдену мәселесі қарастырлды. Содай-ақ ең ірі дамыған кәсіп түрлері мал шарушалығы мен сауда – саттық болса, осы кәсіптер арқылы дамыған шағын кәсіп түрлері, бақташылық, аспаздық, ұсталық, өрімшілдік, зергерлік, тігіншілік, тоқымашылық, егіншілік, балықшылық, аңшылыққа қатысты сөздер анықталды. Жазба ескерткіштен аталған кәсіп түрлеріне қатысты өндіріс пен шаруашылық, ғылым мен техника салсына тиісті еңбек құралдары мен өнім үдерістерінің атауларын көптеп кезестіреміз, оларға арнайы мысалдар да жеткілікті. Осы ретте айта кету керек жазба ескерткіш тарихи, ия болмаса әдеби не ғылыми шығарма болмағандықтан термин сөздер мен кәсіби сөздер сөздік бағаны мен христиан дінін уағыздауға арналған мәтіндер арасынан теріліп, орта ғасырдағы қыпшақтардың кәсібі мен кәсіби деңгей анықталып, тұрмыс-тіршілігінің суреті баяндалды. Сондай-ақ кәсіби лексикаға қатысты деректерді салыстырып топтау барысында лексикалық единицалардың тек атауыштық қызмет атқарып қана қоймай, көбінің қазіргі қазақ тілінде терминдік мәнге ие болғанын да аңғардық. Ал ол атаулардың белгілі бір сөзжасам модельдеріне бағынғанын да көруге болады, өйткені бұрынан қалыптасқан сөз жасау модельдерінің ізімен жасалатын бұл тәсілдер қазақ терминологиясында ең өнімді амалдардың бірі болып қалмақ.

Қай заманда болмасын адамның тіршілігі кәсіппен тікелей байланысты болған, ал оның таңбалық сипаттамасы-тілі екені белгілі. Бұдан түйгеніміз, қай елдің тілі болмасын жалпы сөздік қоры сол елдің кәсіби тілімен, шаруашылығына тәуелді. «Қазақ тілінде кәсіби сөздер де ұлттық терминологиялық қатарды байытудың бір жолы болып табылады» [79,б.56] деген пікірге сүйенсек аталған жазба ескерткіштегі кәсіби сөздерді қарастыру барысында белгілі бір семантикалық жүйе құрылып, ұлттық терминдік жүйенің де қалыптаса бастағанын көреміз. Терминдердің тууы мен қалыптасуы ғылым мен техника, мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Ғылымы, білімі, мәдениеті дамымаған елде термин жайында сөз болу мүмкін де емес. Зерттеу нысанына алынған орта ғасырлық СС жазба ескерткіші тілінен талапқа сай терминдік жүйе қалыптастыратын салалардың барлығын кездестіреміз.

«Кәсіби сөз-белгілі бір кәсіпке, қызмет түріне байланысты шаруашылық саласындағы ерекшеліктерді білдіретін жалпы лексиканың бір

бөліміндегі сөздер. Кәсіби сөздер мамандық саласындағы атауды білдіреді» [81,б.103].

Кәсіби сөздің өзіне тән бірнеше ерекшеліктері мен қасиеттері бар. Олар, а) белгілі бір аймақтағы кәсіпке (қызмет, шаруашылық) байланысты таралу аясы шектеулі болады; б) әдеби баламасы болмайды; в) белгілі бір кәсіппен шұғылданатын орта арасында қалыптасқан соң жергілікті диалект секілді ауызша таралып, жергілікті тілмен бірге дамиды, (бірақ диалект сөздер белгілі бір аймаққа түсінікті тіл болса, ал кәсіби сөздер тек сол кәсіппен айналысатын адамдарға ғана түсінікті болады); г) олардың фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктері болады; д) кәсіби лексика өзінің даму барысында өзгеріп толығып отырады, жалпыхалықтық, терминденген кәсіби сөздерге айналады.

Кәсіби терминология ғылым мен медицина, техниканың дамуымен тікелей байланысты дамиды. Т.Қордабаев: «Түркі тілдерін зерттеудің алғашқы қадамы түркі ғалымы М.Қашқаридің Диуанынан басталады» [6,б.46] дейді. Шындығында түркі тіліндегі терминдердің зерттелу жайын сөз еткенде М.Қашқаридың «Диуани луғат ат түрік» сөздігінен түркі тілдеріндегі терминологиялық атауларға алғашқы түсініктемелер аламыз. Кәсіби лексикаға қатысты қазақ тіл білімінде С.Кеңесбаев, Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков, Ә.Болғанбаев, Б.Қалиевтер теориялық тұрғыдан қарастырса, Ж.Досқараевтың балықшылық, О.Нақысбековтің темекі өсіру кәсібіне байланысты, Т.Айғабыловтың егіншілік, бау-бақша кәсібіне байланысты, М.Күштеваның тары дақылына қатысты, Р.Шойбековтердің қолөнер лексикасына қатысты зерттеу еңбектерінің маңызы зор. Ал көне, орта ғасырдағы жазба ескерткіштер тіліндегі кәсіби сөздерді ак. Б. Көмеков қарастырған. Орта ғасырдағы түркі жазба ескерткіштер тіліндегі терминдік атауларға қатысты зертеу еңбектер қатарына Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М. Томановтың «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» еңбегін. Н.Н. Гасанзадениң «Терминологическая лексика Китаби –деде - Коркуд», Х.А. Дадабаевтың «XIV - XV ғасырлардағы түркі тілдес жазба ескерткіштерінің қоғамдық саяси және әлеуметтік-экономикалық терминологиясы» докторлық диссертацияларын жатқызамыз. Ал түркі тілдері мен қазақ тіліндегі терминология мәселесіне қатысты ғылыми еңбектер сан алуан десек болады.

Біз қарастырып отырған СС жазба ескерткішіндегі кәсіби сөздердің кейбірін тарихи тұрғыдан Б.Көмеков пен Қ.Анарбаев «Кодекс Куманикус қыпшақтардың тарихи - мәдени ескерткіші (XIII-XIVғғ)» еңбегінде сөз етсе, термин сөздерді С.А.Плетнева алғаш боп қарастырған. Бұл жөнінде М. Сабыр: «Археолог С.А.Плетнева СС – тегі половецтердің, яғни құман-қыпшақтар қоғамының түрлі салаларына қатысты отыз екі терминді атап көрсетеді»-дейді [34,б.29]. Аталған жазба ескерткіштегі кәсіби сөздер алғаш рет толық лингвистикалық тұрғыдан ғылыми айналымға түсіп отыр. Орайы келгенде айта кету керек ескерткіштегі әкімшілік басқару саласына, сот ісіне қатысты, медицина, өнер, білімге қатысты сөздер арнаулы лексика тобын

құрайды. Осы топтардағы арнаулы сөздер қазіргі қазақ тіліндегі кәсіби терминологияның бастау бұлағы.

«Термин – *англ. term фр. terme, нем. Fachword, исп termino, tecnicismo.* Слово или словосочетание специального (научно-технического и.т.п.) для точного выражения специальных понятий и обозначения специальных предметов; [171,б.474]. Қазақ тіл білімінде термин сөздерді «арнаулы сөздер» деп те атайды.

Термин сөздердің өзіне тән бірнеше қасиеттері бар. 1. Термин сөздердің қолданылу аясының шектеулі болады, сондықтан да олар жылжымалы, өзгермелі емес, тұрақты. Тек бір ғылымды меншіктеп, соған түпкілікті қызмет етеді. 2. Терминдер белгілі бір дара ұғымды нақты көрсетіп, бір мағыналы болады және эмоционалды мән бермейді.

Жазба ескерткіштегі кәсіби сөздер мен арнаулы сөздерді арнайы салалар бойынша анықтауға тырыстық. Зерттеу барысында түйгеніміз кезінде жалпылама лексика құрамына енген сөздердің келе – келе белгілі бір салаға қатысты терминденіп, тұрақтанғанын байқаймыз. Сондай -ақ ескеретін бір мәселе зерттеу нысанына алынған еңбек орта ғасырлық жазба ескерткіш болған соң көптеген сөздердің көнерген сөздер құрамына енуіне байланысты алдыңғы тарауда кейбір тілдік бірліктерді көнерген сөздер қатарына ығыстырсақ, бұл тараушадада тек кәсіби сөздер мен терминденген сөздерді ғана қарастырдық.

Әлемдік тарихшылар XIII-XIV ғасырлардағы қала мәдениетінің ерекше өркендеуінің бірден бір себебі орталыққа бағындырылған күшті мемлекеттің болуында деп түсіндіреді. Ал ол мемлекеттің хандық құрылымнан, әкімшілік басқару орталағы болғанын **qan** (қан) хан, **soltan** (солтан) сұлтан, **bey-xodja** (бей-қожа) би-қожа, **beg** (бег), **atalix** (аталық) аталық, **oylanlar** (оғланлар) бала, балалар, **basqaq** (басқақ) басқарушы, **bögävül** (бөгәвүл) ас су тексеруші, **bitikçi** (бітікчі) жазушы, **yaryučï** (йарғучы) жарғышы, **hökümcï** (höкүмчі) höкімші, **telbuğa** (телбуға) телбұға, **abuşqa** (абушқа) абыз, **baqčï-bitikčï** (бақчы-бітікчі) бақсы-бітікші, **elči** (елчі) елші, **qazneči** (қазнечі) қазнашы, **tilmač** (тілмач) тілмаш, **tolmač** (толмач) аудармашы **qoravul- xaravul** (қоравул-харавул) қарауыл секілді мысалдардан көреміз. Шындығында, орталықтандырылған қуатты мемлекеттік басқару жүйесі болмаса мұндай үлкен өлкеде бырыңғай ақша айналымы, сан салалы сыртқы және ішкі сауда өндірісі, неше алуан кәсіп түрі дамымас та еді. Осы әкімшілік басқару жүйесіндегі **elči** (елчі) елші, **tilmač** (тілмач) тілмаш, **tolmač** (толмач) аудармашы сөздерінің мағынасы өзгеріске түспей, тұлғаларында аз кем өзгеріске түсіп, қазіргі қазақ тілінде терминденген сөздер қатарына жатады.

СС жазба ескерткішіндегі белгілі де белсенді орын алатын тіл бірліктеріне сот сөздері жатады. Жартылай отырықшы, жартылай көшпенді өмір салтын ұстанған түркілер жазылмаған дала заңына бағына отырып елдігінің іргесі сөгілмес үшін, өзінің басқару жүйесіне жалпыға міндетті, қоғамдық қатынастарды реттеп отыратын заңдар жүйесін енгізіп отырған. СС жазба ескерткішіндегі сот сөздері арқылы ортағасырдағы қыпшақтар

елінде халықтың материалдық және рухани даулы мәселелері, қылмыстық істері әкімшілік-құқықтық орталыққа бағына отырып шешіліп отырғанын көреміз. Біздің пайымдауымызша қазіргі заң терминдерінің қалыптасу тарихы тым тереңде жатыр. Сол себепті де көне ғасыр мен орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілін зерттеп, қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын ашу керек. Осы орайда СС жазба ескерткішіндегі сот сөздері түркі халықтарының құқықтық түсініктерін зерттеуге, қазіргі құқықтық салада қалыптасқан дәстүрдің негізін анықтауға жол ашады. Өйткені, орта ғасырдағы құқықтық нормаға сәйкес туындаған заң терминдері қазіргі қазақ тілінің термин қорын толықтырып терминологиялық жүйе қалыптастырып отыр.

Törä (төрә) төре сөзі ескерткіште заң, сот құқық, дәстүр, ереже сияқты бірнеше мағынада беріліп, **törälermen** (төрәлермен) төрелік етіп жатырмын, **törälädim** (төрәләдім) төрелік еттім, **törä oqşaturmen** (төре оқшатурмен) төреге ұқсадым, **törä tuttum** (төре туттум) төре тұттым, **törä oqşat** (төре оқшат) төре ұқсат, **töräniñ tügeli yetti** (төрәнің түгелі йетті) төренің түгелі жетті, **törägä yoғoy – dīr** (төрәгі йоғой-дыр) төреге жағады, секілді мысалдарда көрініс тапқан. ДТС: «**törä** I почетное место в юрте, **törä** II закон, обычай деген анықтама алмыз» [69,б.581]. ҚӘТС: **Төре** зат.1 көне *Шыңғыс ханның ұрпақтарына жататын, хан, сұлтан болу құқығына ие әлеуметтік топ., ақсүйек, ел билеуші әкім; 2. Әділдік, төрелік, билік етуші адам; 3. Істің даудың шешімі; 4. ауыс. Бір тектес заттың жақсысы, асылы мықтысы* [129,б.351] дейді. ҚТҚЭС: «Ескі түркі тілінде «тәртіп орнату, реттеу» мағынасында жұмсалынатын төрумек/төру етістігі ертеректе бір елге жататын тайпалардың, рулардың және жеке кісілердің қарым – қатынастарын реттеп тұратын заң, қағида деген ұғымда қолданылған. Бұл сөз қазірде осы мағынада кейбір тілдерде қолданылып жүр: түрікше төр - әдет, ырым, монғолша төр - құрылыс, мемлекет, өкім, билік, басқару, заң деген сөз. Кейін рудың ия, тайпаның басшысы, яғни сондағы істің бәрін ретке келтіріп және басқарып тұрған кісіні төре деп ал оның отыратын орнын төр деп атап кеткен болуы керек» [70,б.188] дейді. Қазіргі кезде сот процесінде «төрелік» сөзі заң актілеріде қолданылатын терминденген сөз. ҚӘТС: **Төрелік** зат. *Төре тұқымына тән қасиет. Төрелік* зат. *Бір нәрсе жөнінде айтылған билік, шешім, кесім* [129,б.352] деп берілген. Қазақстан Республикасының «Төрелік туралы» заңында төрелік сөзі негізгі ұғымдар қатарына жатады. Мысалы, төрелік, төрелік келісім, төрелік регламенті, төрелік талқылау, төрелік талқылаудың тараптары, төрелік шешім, төреші. Жазба ескерткіштегі **töräci** (төреші) сөзі қазіргі «Төрелік туралы» заңында мағыналық та тұлғалық та еш өзгеріске түспей қолданылып тұрған сөз. ҚӘТС: **Төреші** зат. *Билік айтушы, келістіруші қазы. 2. спорт. <лат. arbiter >Спорт ойынында төрелік ететін адам. 3. заң. Дауласушы жақтардың өзара келісімі бойынша сайланатын тұлға* [129,б.353] деп берілген.

Höküm (höküm) үкім ескерткіштегі діни мәтіндер арасында **kim bu džehanda yazuñin keçiktirse, tamuhta höküm urmaх bile aytıryay** (кім бу джеһанда йазухын кечіктірсе, тамухта höküm urmaх біле айтырғай) кім бұл

жаһанда жазығын кешіктірсе, тамұқта үкім урады, біліп айттым деп беріледі. ДТС: «**Hukm** веление, повеление» [69,б.200]. Үкім ұғымы түркілер түсінігінде екі түрлі мағынада қолданылады. СС жазба ескерткішінде де дәл солай берілген. Бәрінен де биік үкім діни тұрғыдан ең ауыр жаза істеген ісің, күнәләрің үшін, не істеген жақсылығың, иігі ісің үшін алланың үкімін күту: «алла үкімі», «жаратушы үкімі», екінші заң актілерінде терминденген үкім ҚӘТС: **Үкім**. зат. 1. *Соттың қылмысты істер жөніндегі шешімі; жаза; 2. ауыс. Кесім, жарлық, билік; 3. ауыс. Бұйрық, жазмыш* деген анықтама аламыз [115,б.48]. СС жазба ескерткішінде **hökümci** (höкүмчі) заңгер мағынасында берілген. ҚӘТС: **Үкімші** зат. *Үкім айтушы, кесім кесуші, үстемдік етуші, билік айтушы* [115,б. 49]

Aууақ (айғақ) айғақ, А. Гаркавец: «**аууақ** выкрикивать, восклицать, возглашать, разглашать, **аууақладі** он разгласил, выдал [35,б.1022] деген аударма береді, «свидетельство» деп аударсақ нақтырақ болатын сияқты. ҚӘТС: **Айғақ** зат. 1. *Дәлел, куә; 2. Заң Тінту тергеу кездерінде куәгер болуға арнайы шақырылатын адам. 3. Қылмыстық жасалғанын дәлелдейтін дерек заттар* [132,б.139]

Bуурух (буйрух) бұйрық, **kim eter benim buyruhum, ol meni söver** (кім етер менім буйрухум, ол мені сөвер) кім менің бұйрығымды орындаса, ол мені сүйер, **buyur** (буйур) бұйыр, **buyurüil** (буйурғыл) бұйыр, **buyurdum** (буйурдум) бұйырдым, **buyuramen** (буйурамен) бұйырамын, **buyurumen** (буйурумен) бұйырамын, **neçik Teңri buyurdu** (нечік Теңрі буйурду) нені Тәңірі бұйырды, **buyuruq** (буйуруқ) бұйрық. ДТС: «**Bujruq** приказный» [69,б.121]. ҚӘТС: **Бұйрық** зат. ресми. эск. 1. *Мемлекеттік, мемлекеттік емес әкімшілік, басқару шені, жоғарғы әскери орындар тарапынан берілетін ресми әмір, басқару актісі. 2. Әкімшілік, басқару орындарының жарлық немесе әмір жазылған ресми қағаз, құжат түрі. 3. Біреудің әмірі, өкімі. 4. Діни Алла тағаланың нәсіп еткені, Құдайдың салғаны, жазмыш; Бұйрық* зат көне. *Көне түркі қағанаттарымен тайпалық одақтарындағы лауазым* [131.б.657-658].

Ant (ант) **Teңriniң atı bile ant içmägil** (Теңірінің аты біле ант ічмәгіл) Тәңірдің атынан ант ішпе, **bütünlük etermen vel ant içermen** (бүтүнлүк етермен вел ант ічермен) бүтіндік етермін немесе ант ішермін. ДТС: «**Antiq** клятва, присягать» [69,б.45]. ҚӘТС: **Ант** зат. 1. *Қасиетті нәрсемен сендіру арқылы берілетін салтанатты түрдегі серт, уәде; 2. Адалдыққа заңға сәйкес әрекет етуге, қандай да бір міндеттемелерді орындауға салтанатты, ресми түрде берілетін уәде* [132,б.510]. Алғашқы да ант сөзі діни мән берсе, уақыт өте келе әскери салада, сот процесі мен медицинада қолданылатын ортақ терминденген сөз.

Yarüçï - **yarüçï** (йарғучы-йарғчы) судья, **yarғu** (йарғу) жарғы, сөз басында й/ж алмасуы негізінде қазіргі қазақ тілінде жарғы, фонеткалық өзгеріске түскенімен тұлғалық және лексикалық мағынасын сақтаған тілдік бірлік. Сөздердің фонемалық өзгерістерге ұшырауы, тіл дамуындағы заңды құбылыс. Ескерткіште **yarғu yararmen** (йарғу йарармен) жарлық шығарамын,

yaryuladim (йарғуладым) жарғыладым, **yaryu yarmaq** (йарғу йармақ) жарлық шығару секілді мысалдар кездестіреміз. ҚӘТС: **Жарғы** зат. 1 заң. *Көне дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы*. 2. құқық. *Заңды тұлғаның құқықтық жағдайын, қарым – қатынсын реттейтін ережелер мен шарттардың жиынтығы болып табылатын нормативтік-құқықтық акт*. 3. діни. сөйл. *Жарғы (шариғат заңы)* [127,б.90] деген түсінік бар.

Тұтқын сөзі жазба ескерткіште фонетикалық вариаттар мен кездеседі **1) tutyun- tutqun** (тутғун-тутқун) тұтқын **ol ölgendä bošov teydi tutyunlarya** (ол өлгендә бошов тейді тутғунларға...) ол өлгенде босап, тұтқындарға тиді..., **tamuq qabaqini buzup, tutyunlarni sen qutqardiq** (тамұқ қабақыны бузуп, тутғунларны сен қутқардың) тамұқ қабағын бұзып, тұтқындарды сен қутқардың, А.Гаркавец: «**tutqin** узилище, зиндан, темница, яма, бездна, лат. *abyssus* [abis] пропасть, ад, преисподняя, **tutqin** пленник, узник» [35,б.1267] екі мағынасы берілген. ДТС:«**Tutqun** пленник, узник, лат.*captus* пленник, перс. *andīša* [andīʃʃa] мысль, мнение...» [69,б.592]. ҚӘТС: **Тұтқын** зат. *Бас еркінен айырылып, қолға түскен адам* [129,б.447]. **Tintövči** (тінтөвчі) тінтуші ҚӘТС: **Тінтуші** зат. *Арнайы тапсырмамен айыпты адамның үй-жай, қора – қопсысын ақтарып төңкеріп тінтитін адам* [129,б. 624].

Tiñsi-tiñsi (тіңсі- тыңсы) А.Гаркавец: **tiñsi - tiñsi** подкрепляются, **tiñsir** подкрепляется [35,б.1255]. ДТС: «**Тіңсі** шпион» [69, б.568]. ҚӘТС:**Тыңшы** зат. <нем.*Spiön*>*Жасырын жүріп, тың тыңдаушы адам, жансыз* [129,б.560].

Ayıñči (айыңчы) айыпты, А.Гаркавец: **ayıñči** клеветник [35,б.1022] **ayıpsız** (айыпсыз), **ayıpsız anda kimni qıldı, meñi tavğa ayındırdı** (айыпсыз анда кімні қылды, меңі тавға ағындырды) айыпсыз анда кімді қылды, миы тауға ағынды. ҚӘТС: **Айыпты** сын *Кінәлі жазықты* [132,б.192]

СС жазба ескерткішінде сот процесінде қолданылатын бірнеше мысалдардың жиынтығын кездестіреміз. Мысалы, **haq** (һақ) заң, **üş-iş** (үш-іс) іс, **yulovči** (йуловчі) құтқарушы, **uşaxči** (ушахчы) сатқын, **tanuqluq berümen** (тануқлуқ берүмен) куәлік етемін, **tanuqluq berümen** (тануқлуқ берүмен) куәлік беремін **tanuqluq berdüm** (тануқлуқ бердүм) куәлік бердім, **tanuqluq bergil** (тануқлуқ бергіл) куәлік бер, **tanuq** (тануқ) куәлік, **çaqarmen-çaqarmen** (чахармен-чақармен) кінәләп жатырмын, **çaqtım** (чақтым) жала жаптым, **çaqqıl** (саққыл) кінәлә, **çaqmaq-çaqmaq** (чақмақ-чақмах) кінәлімақ, **džurumlarmen** (джурумлармен) жазалап жатырмын, **džurumladam** (джурумладум) жазаладым, **džurumla** (джурумла) жазала **džurum** (джурум) жаза, **tutarmen** (тутармен) тұтқындармын, **tuttum**–(туттум) ұстадым, тутқындадым, **tut** (тут) тутқында, **tutqun** (тутқун) тутқын, **azat etärmen** (азат етәрмен) азат етермін, **azat ettin, ettim** (азат еттін, еттім) азат еттің, **azat et** (азат ет), **azat kişi** (азат кіші) азат кісі, **yıqrar berümen** (йықрар берүмен) мойындаймын, **yıqrar berdüm** (йықрар бердүм) мойындадым, **yıqrar bergil** (йықрар бергіл) мойында, **yıqrar berdi** (йықрар берді) мойындады, **yaçanurmen** (йачанурмен) күдіктеніп жатырмын, **yaçandum** (йачандум) күдіктендім, **yaçan** (йачан) күдіктен, **yaçanmaq** (йачанмақ) күдіктенбек, **qutulurmen** (кутулармен) құтылармын, **qutuldam** (кутулдум) құтылдым,

qutulyïl (қутулғыл) құтылғыл, **qutulmïš** (қутул) қутылу, **qutulmak** (қутулмақ) құтылмақ, **bořanurmen** (бошнурмен) босанып жатырмын, **bořandum** (бошандум) босандым, **bořan** (бошан) босан, **bořanmac** (бошанбақ) босанбақ.

Ескі қыпшақ тілімен тікелей тамырласып жатқан қазақ тілінің даму тарихы тереңде жатыр. Тіл тарихын зерттеуде тарих қойнауында жатқан көптеген әдеби-тарихи жазба ескерткіштердің алар орны ерекше. Ортағасырлық СС жазба ескерткішінің тіліндегі сот сөздерін қарастыру барысында заңнамалық ұғымды білдіретін сөздердің жасалу жолдарын, өзгеріске түсуін анықтай отырып, қазіргі кезеңдегі терминденуін анықтадық. Қарастырып отырған қыпшақ тілінде жазылған СС жазба ескерткішіндегі сөздер қыпшақтардың заңнамалар жинағы «Төре бітігі» жинағындағы арнаулы сөздермен астасып жатыр. Бүгінгі күнгі Ата Заңымыз бабалар қалыптастырған дала заңнамасының жалғасы екен. Өз кезегінде қазақ халқы ұлт болып қалыптасу процесінде сыртқы және ішкі саяси-әлеуметтік жағдайларды қалыпты ұстап отыру үшін «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Өз Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді дала құндылықтарын бойына сіңірген заңдар топтамаларын көне, ортағасырлық заң актілеріне сүйене отырып құрастырғаны белгілі. Зерттеу барысында қазіргі тіл біліміндегі сот сөздерінің шығу, қалыптасу тарихын, терминденуін қарастыра отырып, юролингвистика ғылымының тамыры тереңде жатқанын ұқтық.

Жазба ескерткіші тіліндегі медицинаға қатысты терминдер орта ғасырдағы түркілерде көне ғасырдан келе жатқан медицина ғылымының дамығанынан хабар береді. Алғашқыда түркілер дүниетанымында адамға ауру тылысым күштермен дұрыс қарым-қатынас жасамағаны, көне салт – дәстүр мен ырым-тыйымдарды бұзғаны үшін беріледі деген түсінік болған. Бұл жөнінде Ш.Уалиханов «Қазақтардағы шамандықтың белгісі» деген мақаласында дала емшілері мен оташылар, бақсылар, олардың емдеу тәсілдері туралы мәлімет беріп, халықтық медицинаның ғасырдан-ғасырға дәстүр сабақтастығын сақтап келе жатқан тарихының бар екенінен ақпарат береді. Жазба ескерткіштегі **ayriïmizni oñaltyïl** (ағрығымызны оңалтғыл) ауруымызды оңалтқыл деп бір Тәңірге жалбарынып ем сұраған түркілердің алғашқы да мистикалық емдеу тәсілдерге жүгінген аңғал, таза болмысын көреміз. Оны дәлелдейтін айғақтар негізінде **büğü** (бүгү) бүгі, **baqčï** (бақчы) бақсы, **qam** (қам) сиқыршы, **qam qatïn** (қам қатын) сиқыршы қатын секілді тұлғалардың шамандық жоралғылармен халықты емдеп, әр түрлі емдік ритуалдардың да жүргізілгенін байқауға болады **qamliq etermen** (қамлық етермен) сиқырлаймын, **rämilik etkil** (рәмлік еткіл) болжам ет, **rämilik ettim** (рәмлік еттім) болжам еттім, **rämilik et** (рәмлік ет) болжам ет. Бұдан алғашқыда этномедицина өте жақсы дамығанын аңғарамыз. Кейінен этномедицина сауда мен экономиканың дамуына байланысты ғылыми медицинамен астасқан.

Түркілердегі медицина ғылымы туралы алғашқы мәліметтерді ежелгі грек дәрігері Гипократ «О воздухах, водах и местностях» еңбегінен

кездестіреміз. Олар түркілердің емшілік дәстүрлері туралы мәлеметтер бере отырып, түркілер әр түрлі дәрілік өсімдіктерді кең қолданғанын айтады. Сондай-ақ ат үстінде көп отырғандықтан оларда көбіне буын аурулары, жамбас ұршығының мүжілуі, тері аурулары, іріңді жара секілді аурулардың көп болғандығы жөнінде мәлемет келтірді. Ескерткішіндегі түрлі өсімдіктер мен әр түрлі қоспа, жақпа майлар атаулары соның дәлелі болса керек. Олар, **darčini** (даршын), **gül darčini** (гүл даршыны) құрамында клетчатка, кальций, магний, темір бар бұл өсімдіктің де организм үшін пайдасының зор екенін түркілер жақсы білген. Ол қандағы холестеринді төмендетіп, қант құрамындағы қантты реттейді, қатерлі ісіктің алдын алады. Даршынның иісі адамның миының жақсы жұмыс істеуіне, есте сақтау қабілетінің артуына, имунитетінің көтерілуіне әсер етеді, **čaman** (чаман) зере құрамында эфир майы бар, фосфат, темір фосфор кальций, карбогид т.б қашқылдар бар, бұл өсімдіктің де адам ағзасы үшін пайдасының зор екенін біліп емдік, шаруашылық, тамақ өндірісінде жиі қолданған. Айта кету керек бұл өсімдікті «Пайғамбар медицинасы» кітабында Ибн Қайым Жауази елу дертке ем дей отырып, пайғамбарымыз ерекше мақтаған өсімдік деп көрсетеді, **γaranful** (ғаранфул) қалампыр құрамы марганец, мырыш, күкірт, фосфор темір кальций, магний секілді бірнеше элементтерден тұратын қалампыр буын ауруларына, инфекцияны жоюға, қан қысымын реттеп отыру үшін, тері аурулары, адам организміндегі паразиттерді жою мақсатында қолданылған, **salγ** (салғ) шалфей өсімдігі бактерияға түрлі қабынуға қарсы, ауыз шаю, аллергия үшін қолданылған, бұл өсімдік халық медицинасында іріңді кетіруге, нерв жүйесін тыныштандыруға асқазан, ішек ауруларына емдік үшін қолданылған, **šambar** (шамбар) жусан бұл дәрумен адамның іш қатуы, тері аурулары, көз ауруларында қолданылады. **šir –i χišt vel tärändžebin šir – i χišt** (сір-і хішт вел тәрәнджебин сір-і хішт) түйетікен ескерткіштегі бұл өсімдікке СС-те А.Гаркавец: «манна или медовая роса У Авиценны в «Каноне врачебной науки» Таранджубин-манна верблюжей калючки» деп береді [35,б.1230]. **Tärändžebin** (тәрәнджебин) бұл түйетікен өсімдігі. Жүрек бұлшық еттерінің күшін артыру, қан қысымын жоғарлату, несеп айдау, қан тоқтату, нерв жүйесін тыныштандыру, тырыспаға қарсы, бронхы демікпесіне қарсы қолданған. Көне түркі-қыпшақ медицинасында дәрілі өсімдіктерді сыртқы, ішкі жаралар мен іріңді тері аурулары үшін де қолданған. Бұл өсімдік ақбөкен балалаған кезде ғана қседі екен. Сол сияқты **kästana** (кәстана) каштан, **buyan-büyän** (буйан-бүйән) мия тамыры секілді бірнеше емдік өсімдіктердің атауын кездестіруге болады. Ескерткіш тіліндегі кейбір тілдік бірліктер қазіргі қазақ тілінде тілдік қоданыстан шыққанымен, өсімдіктер қазіргі медицинада қолданылып терминденгенін байқауға болады. Мысалы,

Сондай-ақ **yaγ - yav** (йағ-йав) жақпа әр түрлі жақпа майлар **qoz yaγi** (қоз йағы) жаңғақ майы - тері ауруларына, адам имунитетін көтеруге, қан тамырлары мен жүрек ауруларына, бауыр ауруларына, туберкулезге, **kanfor** (канфор) - камфор ағашынан алынатын жақпа майдың қыздырма қасиетін

біле отырып тері ауруларына, жүйке жүйесін реттеп отыру үшін де пайдаланған, **gülâf yavî** (гүләф йағы) раушан гүлінің майы, **gülâf suvî** (гүләф сувы) раушан гүлінің суы, **miron, mirron** (мірон, міррон) хош иісті жақпа арома терапия үшін, жан-жануарлар майын **ol qarîn yavî-dîr** (ол қарын йавыдыр) ол қарын жақпасы, **silevsin yavî** (сілевсін йағы) сілеусін майы қолданып, тіпті Мысырдан **mumiya – yi Mişri** (мумия-йі Місри) Мысыр мумиясы алдыртқан. Байқағанымыздай қыпшақтар әр түрлі жақпа майлар мен қоса **ma'džun** (маджун) мәжнүн, **ma'džunlar** (маджунлар) мәжнүндер дәрілік қоспа, **bal** (бал), **malâham** (маләхам) жақпа, емдік жақпа, тіпті **sirkä** (сіркә) сірке суының да емдік **ötli sirkä içirdiler** (өтлі сіркә ічірділер) өтке сірке ішкізді қасиеттерін біліп күнделікті өмірде қолданған. Және оларың қасиеттерін ауыз екі тілде бейнелі де пернелі түрде жеткізе білген, **silevsin yavî silkîp bolmaz** (сілевсін йағы сілкіп болмас) сілеусін майы сілкіп болмас, **ayri ayaçtan yav tamar...quv ayaçtan yav tamar** (айры ағачтан йав тамар... кув ағачтан йав тамар) айры ағаштан май тамар... ку ағаштан май тамар.

Balsam/balasan (балзам-баласан) бальзам құрамы әр түрлі эфир майы, шайыр, хош иісті органикалық заттардан тұратын қоспа. Құрамына байланысты антисептілік, тітіркендіргіш, несеп айдайтын, қыздыратын, қақырық түсіретін болып т.б болып бөлінеді. Түркілер мұны жақпа ретінде сыртқы және ішкі аурулар үшін қолданған. ҚӘТС: **Бальзам** зат. *Негізінен шайыр мен эфир майынан тұратын хош иісті органикалық табиғи зат, күрделі қоспа* [126,б.701] деген анықтама аламыз.

Жазба ескерткіште медицина саласының өкілдері мен медицинаға қатысты арнаулы лексика тобы өзіндік сап түзеді. Мысалы,

Hakim (һакім) һәкім ескерткіште емші, дәрігер мағынасында берілген. Ескерткіштен **Sen aýirlîx kişi, qaçan yarañni hakimgä aytmasañ, neçik sav bolaysen** (сен ағырлық кіші, қачан йараңны һәкімгә айтмасаң нечик сав болғайсен) сен ауру кісі, жараңды һәкімге көрсетепесең, қалай жазыласың деген мысалды көреміз. ДТС: **Ҳакім** 1. мудрец; 2. врач [69,б.198]. ҚӘТС: **Хәкім** зат. 1. көне *Даулы мәселені шешетін тәуелсіз төреші*; 2. *Басқарушы, әкім*; 3. *Оқымысты, данышпан, философ* [115,б.145]. Һәкім сөзі бастапқы мағынасынан ауысып, жаңа мағынаға ие болған.

Otaçî (отачы) оташы, орта ғасырда арнайы ірінді, ашық жараларды емдеуші маманға берілген атау. Мысалы, ҚТТС: **otaçî** «дәрігер, тәуіп, оташы», **otaçîliq** «ем, дәрілеу» **otaçîliq tile** «емдегісі келу», **otaçîliq qîl** «емдеу» [138,б.60] секілді орта ғасыр жазба ескерткіштеріндегі мысалдар арқылы бұл сөздің активті түрде қолданылғанын көреміз. ДТС-те: «**otaçî** лекарь, **otaçîliq** врачевание, лечение» [69,б.373] деп беріледі. Ескерткіште **otalarmen** (оталармен) емдеп жатырмын, **otaldum** (оталадум) емдедім, **otala** (отала) емде, **otlar** (отлар) шөптер, **ot malâham** (от маләхам) шөптен жасалынған емдік жақпа, секілді мысалдарды кездестіреміз. ҚӘТС: **Оташы** зат.,1.*Сынған жерді орнына сала білетін адам, сынықшы*. 2. *Сыртқы жара, ісік ауруларын пышақ жұмсап емдейтін халық емшісі* [107,б.44]. Ота сөзі тілімізде «арам шөпті шауып тастау» ұғымында қолданылған. Қазіргі

медицинада «операция» термині ота жасау тіркесімен ауысты, «ота» хирургиялық медицинада терминденген сөз: «сыртқы жараны ісік ауруларын пышақ жұмсап емдеу» болып табылады.

СС жазба ескерткішінде аурудың себептері мен салдары оны емдеу жолына қатысты деректерді де кездеседі. Олар, **bezgek** (безгек) бұл ауру медицинада терминделген ауру аты. ҚӘТС: **Безгек**. зат. мед.< итал.malaria > *Денені бір қалшылдатып, бір суытып, бір қызыдырып, дірілдетіп басталатын жұқпалы ауру* [131,б.189]. Бұл сөздің шығу төркіні туралы ғалымдар әр түрлі пікірлер айтып бір тоқтамға келмегенін айта отырып, Ә.Нұрмағанбетов: «Біздің топшылауымызша, сөз төркіні монғол тобындағы қалмақ тілі болса керек. Өйткені ауруға қатысты қасиетті және сол қасиетіне байланысты оның атауын да тек осы тілден табамыз. Қалмақ тілінде безгех-бүрісу жиырылу (Рус.- Кал.сл. 1964,281) «Бүрісу» тоңудың нәтижесі. Ал «тоңу» болса безгек ауруының басты белгісі. Ауру осы қасиетіне байланысты өзінің атауына ие болған дей аламыз. Өйткені қалмақша безг.- безгек (малярия) (Рус.- Кал.сл. 1964, 281). Қалмақ тіліндегі «безг» түбіріне тілімізде жиі қолданылатын - екі қосымшасы жалғанып, безгек ауруын тудырған» [128,б.49] деген анықтама береді.

Bečel – bečäl (бечел-бечэл) мешел А.Гаркавец: «**bečel – bečäl** слабоногий, нестойка в бёдрах. К.Гренбек переводит как парализованный в бедрах; ср. кырг. бечел сидень-ребенок не начавший ходить своевременно» [35,б.1037] дейді. **Bečel – bečäl** сөзі қазіргі қазақ тілінде сөз басында б/м ауысуымен қолданылады. Мешел ауруы – медицинада терминденген ауру атауы. Бұл сөздің шығу төркіні жөнінде Ә.Нұрмағанбетовтың пікірі өзгеше: «Қазіргі түсінігімізде - сүйектің дұрыс өспеуіне байланысты ауру; рахит. «Күтімсіз болудың салдарынан ит ауруымен ауырып аяғы әлі шақпаған» (Б.Сокпақбаев. Бастан кеш.) Сөз төркінін іздестіре келгенде түркі тілдері ішінен тек чуваш тілдерінен ғана кездестіре аламыз. Мұның өзі де заңды. Өйткені С.А.Маловтың топтастыруынша чуваш, якут тілдері түркі тілдері ішіндегі ең көнелері болып саналады. Чуваш тілінде мешел тұлғасындағы сөз қозғала алмау немесе баяу, жай қозғалу мағыналарын береді.(Чув.- рус.сл.М.,1985,242). Шынында да жоғарыда көрсетілген ауруға ұшыраған адамның қозалысы, қимылы аз болатындығын ескерсек «мешел» сөзінің шығу төркіні-чувш тілі деу орынды болмақ[128,бб.207-208]. ҚӘТС: **Мешел** зат.1. *Адам ағзасында әк тұзының жеткіліксіздігінен сүйектердің дұрыс өспеуінен болатын ауру; рахит. 2. ауыс. Артта қалған мешеу. Мешел* зат жерг. *Жайын балықтың ұсақ түрі* [125, б.219].

Tumov (тумов) тұмау медицина тілінде жұқпалы вирусттық ауру және медицина ғылымында терминденген сөз. Оның өзіне тән бірнеше белгілері бар. Мысалы, өкпенің қабынуы, түшкіру, жөтелу, қақырыну. ДТС: **Tumayu** насморок [69,б.585]. ҚӘТС: **Тұмау** зат. мед. *Тыныс алу органдарының жұқпалы вирусттық ауруы* [129,б.421].Тұмау сөзінің шығу төркіні жөнінде профессор Ә.Қайдар: «Тымау-дерттің аты. Қазақта *Қысың тұман болсын, ауруың тұмау болсын* деген мәтел бар. Тұманда ауа райының күрт суытқан

шағында түседі. Яғни бұл екі сөздің (тымау, тұман) әу бастағы түбірі – тым, тұм, тум ортақ деуге болады. Көне түркі тілінде «тум» сөзі суық деген мағына берген, М.Қашқари сөздігінде көне түркі тіліндегі «ағ», «а;ғ» сөзінің «өңі өзгеру», «бозару», ал «іг» сөзінің «кесел», «сырқат» дейтін мағыналары көрсетілген. Тонған кісінің немесе суықтан дертке шалдығып ауырған адамның өңі бозарып жүретіні белгілі. Демек, тымау сөзінің көне түркі тіліндегі «тум» және «ағ» сөздерінің бірігуі (тум-ағ) яғни *тум* және *із* сөздерінің бірігуі (тум-іг) арқылы дүниеге келіп, бұл тұлғадағы сөздер (тумағ немесе туміг) суықтан пайда болған дерттің атауына айналған. Сөз соңындағы *з,г* дауыссыз дыбыстарының «у-ға», -ға айналуы заңды құбылыс» [172,б.153-154] дейді. Ә.Нұрмағанбетов «... Сол кездегі тұлға (том) өз мағынасында қазіргі түркі тілдері ішінде якуттарда сақталған тымны-суық аяз (Як.рус. сл.,1972,420) ал тымнъырғат – суықты сезіну (С.Яст.,ГЯЯ,1938,119). Соңғы тұлға біздегі тұмаурату» етістігіне өте жақын. Міне осы тұлғалар негізінде ертеректе біздің тілімізде «тұмау» сөзі қалыптасып, мағынасы – «суықтан ауыру» болып қалыптасқан [128,бб.277-278]

Ескерткіштен тұмаудың басты белгілері **öčkäk** (өскәк) жөтел, **öksür** (өксүр) жөтелді, **öksürümen** (өксүрүрмен) жөтеліп жатырмын, **öksürdüm** (өксүрдүм) жөтелдім, **öksürmäk** (өксүрмек) жөтелмек, **yötkür** (йөткір) жөтел **yötkürdim** (йөткірдім) жөтелдім. Ескерткіште **balyam** (балғам) флегма, слиз деп беріледі. ДТС: «**Balyam** мократа, слизь» [69,б.80] тұмаудың басты белгілері **čüčkürdim**(чүчкүрдім) түшкірдім, **qaqir** (қақыр) қақыр, **qaqirdim** (қақырдым) қақырындым А.Гаркавец «**qaqir** – кашлять, **qaqirdim** я откашлялся» [35,б.1184] деп аударарды, «отхаркаватся» жақсы келетін сияқты.

Yara (йара) жара адам немесе жануардың денесіндегі жарақаттанған, зақымданған дене бөлігі, медицинада жараның бірнеше түрлері бар. Олар, тесілген, кесілген, тілінген, мылжаланған. Ескерткіште **yara yaxši bolmaz içindan temeri čiqmayınča** (йара йахшы болмаз ічіндан темері чықмайынча) жара жақсы болмас ішінен іріңі шықпайынша **temir** ұғынымының орта ғасырда «ірің» деген мағынаны бергенін көреміз, ал ірің толса ісік пайда болады ол жазба ескерткіште **šišmiš** (шішміш) ісіген, **šišik ketkän** (шішік кеткін) ісік кеткен тағы белгілі, **šišik** сөз басындағы ш дыбысы түсіп, сөз ортасында ш/с алмауынан пайда болған сөз. Жара сөзі медицинада тұрақталған арнайы сөз болып табылады. Сондай –ақ тағы басқа бірнеше аурулар түрлерін кездестіреміз. Мысалы, **qotur** (қотур) қотыр адам мен жануарлар денесіне шығатын жұқпалы тері ауруы жазба ескерткіште **qoturлу** (қотурлу) қотырлы сөзін, және оның басты белгісі **qičuv** (қычув) қышыма сөзін де кездестіреміз. Сонымен қатар әр түрлі сипаттағы, бойында кемістігі бар адамдарды да кездестіреміз. Мысалы, **bükür** (бүкүр) бүкір, **soqur** (соқур) соқыр, **esirikči** (есірікчі) ішкіш, **keläpän, kelepen** (келәпән-келепен) алапес, **saḡav** (сағав) сақау. **Ol alyışli kiši, qačan kördi ol kelepeni, yoldan qačti** (ол алғышлы кіші, қачан көрді ол келепені, йолдан қачты) ол алғысты кісі, қачан

көрдi келепендi, жолдан қашты, **ol –et üstündä kelepen...**(ол-ет үстүндө келепен) оның денесi келепан..., **Beli tar, qiri tar** (белi тар, қыры тар) белсiз

Сондай-ақ **ayir** (ағыр) ауру **ayurmen** (ағрурмен) ауырып жатырмын **ayirdum** (ағырдум) ауырдым, **ayirmaq** (ағырмақ) ауырмақ ауру дегендi бiлдiретiн медициналық терминделiнген ұғым. ҚӘТС: **Ayru** зат. 1. мед. *Ағзаның тiрiшiлiк ету, өсiп-өну әрекетi мен құрылысының бұзылуы; 2. Науқас адам дiмкәс кiсi, сырқат адам* 3. ауыс. *Жағымсыз қылық, жаман әдет; 4. Бiр нәрсеге құмарлық* [126,б.174] деген анықтама аламыз. ДТС: «**Ayri** – заболевать, болеть; **Ayriy** - боль, болезнь; **Ayriyliy** – больной, болезненный, страдающий болезнью; **Ayriyuči** – больной; **Ayrimaqliy**- болезненный; **Ayriš** - переживать, мучиться; **Ayrit** – причинять боль» [69,б.22]. **Daru** (дару) дәри деген мағынаны бiлдiредi. ДТС: «**Daru** лекарство, средство» [69,б.159]. ҚӘТС: **Daryu** [иран] зат. 1. *Ем, дару, шипа.* 2. ауыс. *Жанға медет, жұбаныш* **Dari** зат.1.мед *Ауру адамды емдеу және аурудан сақтандыру үшін қолданылатын медициналық препарат* [148,б. 575].

Em (ем), **emlä** (емле) емде, **emlärmen** (емләрмен) емдермiн, **em ücün yermen** (ем үчүн йермен) ем үшiн жермiн мысалдары арқылы халыққа арнайы медициналық көмектердiң жүргiзiлiп отырғанын көреміз. ҚӘТС: **Em** зат 1. *Түрлi ауруға қарсы қолданылатын емдеу әрекетi, емдеу iсi; 2. Аурудың (дерттiң кеселдiң) айығуына себi тиетiн нәрсе; 3. ауыс. Бiр нәрсенiң амалы, айласы, шарасы...* 4. ауыс. поэт. *Жүрек дауасы, көңiл қалауы* [130,б.257]. Дәри, ем сөздерi қазiргi медицинада ең жиi қолданылатын термин сөздер қатарына жатады.

Бiрнеше ғасырлық тарихы бар әр түрлi мәдениет пен өркениеттiң тоғысынан өткен медицина ғылымы халықтың дәстүрлi, наным - сенiмi, дiнi, дүниетанымы мен тiкелей байланысты туындаған. Кейiнен халықтық медицина мен ғылыми медицина қатар дамыған. Жазба ескерткiшiндегi медицина саласына қатысты тiл бiрлiктерi медицина ғылымының қалыптасуы мен емдеу тәжiрибелерiнен мәлiмет беретiн құнды тарихи дерек көз болып табылады.

Құмандар туралы деректерге назар салсақ «құмандар ақыл-ойының тапқырлығымен, сыртқы келбетiнiң қарапайымдылығымен және биiк адамгершiлiгiмен, сөйлеу мәдениетiн өте жақсы меңгергендiгiмен, тiлiнiң нәзiктiгi мен әуездiлiгi, өнерсүйгiштiгiмен, сауаттылығымен, жоғары мәдениеттiлiгiмен ерекшеленедi» деген деректi де кездестiемiз. Бiз қарастырып отырған жазба ескерткiштегi өнер, бiлiмге қатысты тiл бiрлiктерi пiкiрiмiздiң айғағы болса керек.

Bitik ostasi-ustasi (бiтiк остасы-устасы) мектеп устазы, **bilgä** (бiлгә) бiлiмдi, **baqči- bitikči** (бақчы-бiтiкчi) бақсы-бiтiкчi – хатшы, **bitikči** (бiтiкчi) кiтап жазушы жазушы **usta** (уста) ұстаз, **kätib** (кiтiб) кiтап жазушы, **osta - usta vel kitab** (оста-уста вел кiтаб) ұстаз немесе кiтап, **kätib – kuttab** (кiтiб – куттаб)кiтап жазушылар, **bitik** (бiтiк) хат, кiтап. Бұл тiлдiк бiрлiктердiң iшiнде көптеген сөздер көнерген сөздер қатарына енiп, қазiргi кезде қолданыстан шыққан. **Керектi құралдар: bitik täftär** (бiтiк - тәфтәр)

күнтізбе, дәптер, **duvät** (дувәт) сиясауыт, **qalam** (қалам), **sanar taqta** (санар тақта) тақта, **bitik** (бітік) әріп, хат, білім, **käyit** (қағыт) парақ, **räng** (рәңг) бояу, **yelim** (йелім) желім, **qavursin** (қавурсын) қауырсын, **yazarmen-čizarmen** (йазармен-чызармен) жазып-сызып жатырмын, **čizdum** (чыздым) сыздым, **čizvil** (чызғыл) сыз, **čizmaq** (чызмақ) сызбақ, **oğuturmen** (оғутурмен) оқытып жатырмын, **oğuttum** (оғуттум) оқыттым, **oğutqil** (оғутқыл) оқыттым, **bitiv-bitüv** (бітив-бітув) жазу. Мысалдар, **bilgä, tetik kişiler, benim sözüm eşitiñler!** (білгә, тетік кішілер, менім сөзім ештіңлер) білге тетік кісілер менің сөзімді естіңдер, **bilik** (білік) білім. **Ol nişan taparbiz bitik içindä** (ол нышан тапарбіз бітік ічіндә) кітап ішінен үлгісін табармыз, **yarli, miskin kişiler yaqşï Bitik bilmezler** (йарлы, міскін кішілер йақшы бітік білmezлер) жарлы міскін кісілер жақсы бітік біліндер, **uzun ayač başında ulu bitiv bitidim** (узун ағач башында улу бітив бітідім) ұзын ағаш басында ұлы жазу бітірдім;

Peşä (пешә) өнер, **irči** (ырчы) жыршы, **qobuzčï** (қобузчы) қобызшы, **naqışlayan** (нақышлаған) суретші, **qoşičï vel şeyir** (қошычы вел шейір) ақын немесе шәйір, **şeyir** (шейір) шайыр, **tökmä** (төкмә) төкпе, **құрал саймандар: suruna** (суруна) сырнай, **naqarä** (нақара) барабан, **tombur** (томбур) үлкен барабан, **ir** (ыр) жыр, **irla-yïrla** (ырла-йырла) жырла, **irladum-yïrladim** (ырладум-йырладым) жырладым, **irla-yïrla** (ырла-йырла) жырла, **irlarmen-yïrlarmen** (ырлармен-йырлармен) жырлаймын, **ün-saz** (үн-саз) үн-саз, **naqışlarmen** (нақышлармен) нақышладым, **naqışladum** (нақышладум) нақышладым, **naqışla** (нақышла) нақышла, **naqış** (нақыш), **naqışlayan** (нақышлаған) нақышлаған, **beyirmen** (бейірмен) билеп жатырмын, **beyidim** (бейідім) биледім, **beyigil** (бейігіл) биле, **biyip** (бийіп) билер, **irlarmen-yïrlarmen** (ырлармен-йырлармен) жырлармен, **irladim-yïrladim** (ырладым-йырладым) жырладым, **irlayil-yïrlayil** (ырлағыл-йырлағыл) жырла, **saz** (саз)саз, **boyarmen** (бойармен) бояп жатырмын, **boyadum** (бойадум) боядым, **boyağil** (бояғыл) боя, **boyačï** (бойачы) бояушы, **boya** (бойа) боя, **räng** (рәңг) рен

Жартылай көшпенді және отырықшы өмір сүрген ата-бабамыздың басты кәсібі, тіршілігінің тірегі, күнкөрістің негізгі көзі мал шаруашылығы болды. Мал шаруашылығына байланысты СС жазба ескерткішінен төрт түлік мал атауларының барлығын кездестіреміз: **ylqï** (йылқы) жылқы, **biye** (бие), **qulun** (қулун) құлын, **quvluq-çuvluq** (қулық-хувлық) бірінші төл бие, **sïyir** (сығыр) сиыр, **ögüz-sïyir** (өгүз-сығыр) өгіз-сиыр, **inäk** (інәк) сыйыр, **buzav** (бузав) бұзау, **çoçqar-çoçqar** (хочқар-қоçқар) қошқар, **qoy** (қой), **qozï- qozu** (қозы-қозу) қозы, **eçki** (еçкі) ешкі, **erkeç** (еркеç)ешкі, **tövä** (төвә) түйе, **boya-buğa** (боға-буға) бұқа, **oğulaq-ulaç** (оғулақ-улаç) лақ, **qatir** (қатыр) қатыр, **qisraq** (қысрақ) қысырақ, **qara** (қара) сиыр. Осы төрт түлік малды ата – бабамыз мінсе көлік ретінде пайдаланып **at** (ат), **kulik** (кулік) күлік, **yelemçi** (йелімчі) жегілетін жұмысқа арналған ат, **eşäk – eşek** (ешәк-ешек) есек, **tışi eşäk** (тіші ешәк) ұрғашы есек, ішсе сусын ретінде **sut** (сут)сүт, **yuyurt** (йуғурт) иогурт, етін жеп, тамақ өнімдерін өндіріп, **soçta** (соçта) шұжық,

арнайы **qasap** (қасап), **bīčaqčī** (бычақчы) пышақшы мамандардың болуларына қарағанда тіпті ет өнімін сыртқа экспорттағанда болуылары да әбден мүмкін. Тарихи мәліметтерден белгілі қыпшақтар саудаға негізінен мал мен оның өнімдерін ұсынған деген деректерді де кездестіреміз. Төрттүліктің терісін де **kürük** (күрүк) қурық, кузнечные мехи, **eltiri** (елірі) қозы терісі, **erik** (ерік), **kendir** (кендір), **qaχna** (қахна) қозы терісі, **erkiłägän teri** (еркілэгән тері) иленген тері, **suruk** (сурук) сүрік, **saxtiyan** (сахтыуан) мароккандық былғары, малдың терісі **qoy sürüki** (қой сүрүкі) қойдың терісі, **teri** (тері), **ketän χam** (кетән хам) шикі кенеп пайдаланып, күнделікті тұтынуға қажетті киім - кешек түрлері **ton** (тон), **sirma ton** (сырма тон), **teri ton** (тері тон), **χayıř** (хайыш) белдік, **ičik** (ічік) ішік, **börk** (бөрк) бөрік, **könčäk** (көнчәк) шалбар, **kövläk** (көвләк) көйлек, **čäkmän - čäkmen** (чәкмән-чәкмен) шекпен, **opraq** (опрақ) көйлек, **yeη** (йең) жең, **etik** (етік) пайдаланған. Күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды **vurčiq** (вурчук) уршық пен **yun** (йун) жүн **egirdüm- yirdim** (егірдім-йірдім) йірдім, **kiyiz** (киіз) басқан, **körpä** (көрпе) көрпе тіккен, **böz toyur** (бөз), **alača** (алача) алаша тоқыған. Осыдан барып тігіншілік, өрімшілдік, тоқымашылық секілді шағын кәсіп түрлері дамып, арнайы маман иелерінің де қалыптасқанын да көреміз, **tonči** (тончы) тоншы, **čekmenči** (чекменчі) шекпенші, **derzi – terzi** (дерзі-терзі) тігінші, **börkči** (бөрікчі) бөрікші, **džulahat** (джулуһат) тоқымашы, **baylayan** (бағлаған) тоқымашы, **etikči** (етікчі) етікші. Жазба ескерткіштен осы кәсіптердің дамуына арналған арнайы құрал-жабдықтар да: **iginä tonči** (ігінә тончы) тоншының инесі, **bīčqī-qiptī** (бычқы-қыпты) қайшы, **taban** (табан), **qalip** (қалып), **bīčaq etikčiniη** (бычақ етікшінің) етікшінің пышағы, **toqmaq** (тоқмақ) ілмек, **čualduz-iginä** (чувлдуз-ігінә) жуалдыз, ине **yoyup ip** (йоғуп іп) қалың жіп, **yip** (йіп) жіп, **iginä** (ігінә) ине, **biz** (біз), **bučqī** (бучқы) қайшы, **oymaq** (оймақ), **mamux** (мамух) мамық, **skindžä** (скінджә) тірек, **tuvmä** (тувмә) түйме, өлшем бірліктері: **qarı** (қары) қарыс, **aršün** (аршун) аршын кездеседі. Тіпті осы кәсіптердің орындалғанын айғақтайтын **iyir** (иір) **egirdüm-yirdim** (иірдім), **egirürmen-yirimen** (иіріп жатырмын), **egirdüm-yirdim** (егірдім-йірдім) иірдім, **egirgil –yirgil** (егіргіл-йіргіл) иір, **kiyiz egirgil-iyirgil** (кйіз егіргіл-йіргіл) киіз басып жатырмын, **egirürmen vel iyirimen** (егірүрмен вел йірімен) пряду, сучу нитку, **tikärmen** (тікәрмен) тігіп жатырымын, **tiktım** (тіктім), **tik-tikkil** (тік-тіккіл), **tikmäk** (тікмәк) тікпек, **ölčtüm** (өлчтүм) өлшедім, **ölčkil** (өлчкіл)өлше, **ölčä** (өлчә) өлше, **činä** (чына) кесте, **činärmen** (чынармен) кестеледім секілді мысалдарды да кездестіре отырып, өз өнімдерін пайдаланғанын да байқауға болады: **etik keydüm** (етік кейдүм) етік кидім, **etik key** (етік кей) етік ки.

Ортағасырдағы қыпшақ елін аралап келген саяхатшы, тарихшылардың жазбаларынан қыпшақтардың негізгі байлығы да тауары да жылқы болғандығы жөнінде мәлемет өте көп. Байлықтың өзі жылқымен есептелінген. В.Рубрук жазбаларынан тіпті қыпшақ жылқыларының өте қымбат бағаланғаны жөнінде де мәліметтер бар.

Плано Каприни «Монғолдардың тарихы» еңбегінде: «Олардың түйе, жылқы, қой, сыйыр, ешкі малдары өте көп, тіпті олардай ат көлігі мол ешбір ел жоқ шығар деп ойлаймыз» [164,б.16] деген мәлімет келтіреді. СС жазба ескерткішіндегі мысалдардан қыпшақтардың жылқы малын аса қатты құрметтеп кие санағанын **at yaboŷi** (ат йабоғы) ат жабуы **yilqı kiŷiney - dir** (йылқы кішіней-дір) жылқы кісінейді деп кісінегеніне де мән беріп, үстінен түспей **attı kiŷi** (атты кіші), ат бегілік кәсіппен шұғылданып **menim atımnı yavurttı** (менім атымны йавуртты) менің атымды жаратты, **at köŷürüklärmen** (ат көшүрүкләрмен) атты тұсаула, тіпті тұқымын көбейтумен де шұғылданып **biye qulunlayan** (бие қулунлаған) құлындаған бие ұрпағын жылқы малына жақын етіп өсірген. Сондықтан да ата-бабамыз «жылқы мінезді халықпыз, түбіміз –түркі, түлігіміз жылқы» деген шығар. Бұл түлікке байланысты тілдік бірліктер сөздік қорымыздың ең құнарлы, ең көне қабаттарының қатарына жатады. Сондай-ақ қаншама жылдар бойы белсенді қолданыста болып, уақыттың сыннан сұрыпталып өтіп, қанымызға сіңіп ұрпақтан-ұрапаққа жалғасын тауып келе жатқан тілдік бірліктер болып табылады. Мәдениеті мен әскери қорғаны, әкімшілік басқару жүйесі мықты дамыған жартылай көшпенді өмір салтын ұстанған қыпшақ этносының жарты өмірі ат үстінде өткені тарихтан мәлім. Өйткені елдің ішкі, сыртқы саясатын реттеу, азамттығын сақтау, сыртқы жаулардан қорғау, көрші елдермен саяси-мәдени байланыстарды орнату атты әскерсіз шешілмейтін еді.

XIII ғасырларда Европа мен Орта Азия, Қытай арасында керуен саудасы қарқынды дамыған. СС жазба ескерткіші лексикасындағы **rusi ketän** (русы кетән) орыс матасы, **alamani ketäni** (аламани кетәні) неміс матасы, **orlens ketäni** (орлеанс кетәні) орлеан матасы, **ŷansda xeŷi** (шансда хеші) новар матасы, **draz xeŷi** (драз хеші)кремон дриционналық кенеп, **lonbardi ketäni** (лонбарді кетәні) лонбардия матасы, **astezan ketäni** (астехан кетәні) астезан матасы, **ostuni ketäni** (остуні кетәні) остун матасы, **mondobari lazate** (мондобары лазате) мондобар жолақты мата, **frangi süf** (франгі сүф) франстық жүн, **džonban ketäni** (джонбан кетәні) шампани матасы, **bergoniya kätäni** (бергония кәтәні) бургунди матасы, **bergamaske ketäni** (бергамаске кетәні) бергам матасы, **arakli araqli** (араклі-арақлы) аракли матасы атауларына қарап бірнеше елдермен сауда-саттық байланысы болғанын бағамдаймыз. Осындай халықаралық керуен жолдарының торабына орналасқан қыпшақ даласы өз кезегінде әлемге әйгілі сауда орталықтарының бірі болды, соның салдарынан ішкі және сыртқы сауда байланыстары өрбіді, елдің экономикасы мен мәдениеті, өзге елдермен қарым - қатынасы да жақсара түсті. Тарихи деректерге сүйенсек Дешті қыпшақ даласындағы кимек-қыпшақ тайпалары мекендеген аудандар Жібек жолы сауда керуенінің басты жол торабтарына орналасқан орталықтар болды деген мәліметті кездестіреміз. Орта Азияда Жібек жолы сауда керуенінің жүруіне ыңғайлы жағдайлар да жасалынып, керуен сарайлар мен құдықтар, су қоймалары өзендерге көпірлер салынып, қалаларда ірі сауда орындары мен базар орталықтары да ашылғаны жөнінде де мәліметтер бар. Дәлел ретінде XIII-

XIV ғасырларда жазылған СС жазба ескерткішіндегі сауда-саттыққа байланысты ұғымдарды келтіруімізге болады, бұл атаулар мен ұғымдар арқылы орта ғасырлық қыпшақтар өміріндегі сауданың даму деңгейін, түрлері мен сапасына қатысты ұшан теңіз материалдарды кездестіреміз. Мысалы жазба ескерткіштен сатушы мен алушы арасындағы байланысты білдіретін мысалда да кездеседі, **sen anı yibek mü dep – tirsen?** (Сен аны йібек деп-тырсен?)сен мұны жібек деп тұрсың ба? деген мысалдан матаның сауда көзі болғанын, сұранысқа қарай түр-түрінің болғанын бағамдауға болады, **äč bolmačinä mägä näk berdiñ munča ulu baha, näk төләдиң?** (әч болмачынә мәгә нәк бердің мунча улу баһа, нәк төләдің) неге сонша болмашы нәрсеге көп төледің, мұнша неге көп баға бердің, неге төледің? Сондай-ақ жазба ескерткіштегі жеміс жидек, киім-кешек, асыл-тастар, үй тұрмысына, төрт-түлік мал атауларына қарап сауда байланысының адам өміріне қажетті барлық саланы қамтығанын көреміз. Сауда орталықтары болған **bazar** (базар), **kebit-tügan** (кебіт-түган) дүкен; маман иелері: **bazargân** (базарган) базархан, **bezergen** (безерген) саудагер, **satuxči** (стаухчы) сатушы, **čarči - čerči** (чарчы-черчі) ұсақ саудагер, **astlamči** (астламчы) борышкер, **aliči** (алычы) алушы, **hammal** (хаммал) жүк тасымалдаушы, **tällal** (тәллал) делдал, **saraf-sarap** (сараф-сарап) сарапшы; саудаға керекті заттар: **tarazu** (таразу) таразы, **naxt-aqča** (нах-ақча) нақты ақша, **aqča** (ақча) ақша, **xardž** (хардж) қаржы; **bağa-baha** (баға-баһа), **ötünč** (өтүнч) қарыз, **tafš-qabz** (тафс-қабз) қарыз, **ališurmen** (алышурмен) айырбастап жатырмын, **астылан ребе**- (астылан ребе) процент, **behet** (бехет) кепіл, **tölämäk** (төләмәк) төлем, **vadä** (вадә) несие, **haq** (һақ) ақы, **baha ururmen** (баһа урурмен) баға ұрып жатырмын, **baha urdum** (баһа урдум) баға урдым, **baha ur** (баһа ур) баға ур, **satqıl** (сатқыл) сат, **satuq – satmaq** (сатуқ-сатмақ), **satarmen** сатармен) сатармен, **sattim** (саттым) саттым, **satun aldum** (сатун алдум) сатып алдым, **satun alııl** (сатун алғыл) сатып ал, **satun almaq** (сатун алмақ) сатып алмақ **satun alurmen** (сатун алурмен) сатып алып жатырмын, **ötünčkä berümen** (өтүнчкә берүмен) қарызға бердім, **ötünčkä berdüm** (өтүнчкә бердүм) қарызға бердім, **ötünčkä ber** (өтүнчкә бер) қарызға бер, **tafš-qabz etärmen** (тәфс-қабз етәрмен) қарыздан босатып жатырмын, **tafš-qabz-ettüm** (тәфс-қабз еттүм) қарыздан босаттым, **tafš-qabz-etkil** (тәфс қабз-еткіл) қарыздан босат, **tafš-qabz-etmäk** (тәфс-қабз етмәк) қарыздан босатпақ, **alištum** (алыштум) айырбастадым, **ališturmaq** (алыштурмақ) айырбастау, **tekšir** (текшір) айырбас, **haq** (һақ) ақы, **haq teyürmen** (һақ тейірмен) ақы төледім, **haq teyirmäk** (һақ тейірмәк) ақы төле, **borč** (борч) борыш, **borčli-borčlu** (борчлы-борчлу) борышты, **borčlular** (борчлулар) борыштылар, **yuk-yük** (йук-йүк), **yüklärmen** (йүкләрмен) жүктеп жатырмын, **yüklädüm** (йүкләдүм) жүктедім, **yüklä** (йүклә) жүкте, **täng-yük** (тәңг-йүк) бума жүк, **yük tüšürürmen** (йүк түшүрүрмен) жүк түсіріп жатырмын, **yük tüšürürdüm** (йүк түшүрүрдүм) жүк түсірдім.

Жазба ескерткіштегі саудаға қатысты мысалдардан орта ғасырлық қыпшақтардың лексиконында көрініс тапқан кейбір ұғымдардың бүгінгі

күнде мағынасы көнеріп: **kebit-tügan** (кебіт-түган) дүкен, **astlamčï** (астламчы) барышкер, **bezergen** (безерген) саудагер, **čarčï - čerčï** (чарчы-черчі) ұсақ заттар сататын саудагер, **hammal** (хаммал) жүк тасымалдаушы, **tällal** (тәллал) делдал, **astılan-rebe** (астылан-ребе) процент, **tekšir** (текшір) айырбас, **behet** (бехет) кепіл;

Saraf (saraф) сарап ескерткіште бағалаушы ретінде беріледі. А.Н.Гаркавец: «**saraf** (<араб. меняла, кассир, сборщик налогов) банкир, меняла, растовщик» [35,б.1209]. ҚТӘС-де сарап сөзінің екі түрлі мағынасы берілген: **Сарап** зат. *Талқы, сын талдау. Сарап* зат көне 1.*Асыл тастарды ажыратушы, қымбат тастарды айыра білетін және оларды бағалайтын маман, сұрыптаушы, жіктеуші, бағалаушы* 2. ауыс. *Дана, көреген, танығыш кісі* [107,б.679] ҚТҚЭС: «Сарапшы, сарапқа салу, сарапшы, сарраф ақшаны, алтынды, асыл тасты бағалаушы, соның сыншысы, банкир. Сарап қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде икемделе келіп, сарап болып өзгерген, яғни мұнда қосарлы р-дың бірі түсірілген ф-дыбыс, п-ға ауысқан, мағынасында да елеулі өзгеріс байқалады. Сарапшы – ол алтынды, асыл тастарды бағалаушы деген тар мағынадан жалпы сынаушы, бағалаушы деген кең мағынаға ие болған, сарапқа салу тіркесі де жалпы іріктеу, бағалау деген ұғымды білдіреді [70,бб.166-167]. Қазіргі кезде: сот сарапшысы, педагог сарапшы, банк-сарапшысы, құрылыс – сарапшысы, сарапшы-адвокат, қаржылық сарапшы, академиялық сарапшылар, кеден ісі сарапшысы секілді бұл лауазымның мағынасы кеңейген. Осы тұста айта кету керек кезінде актив қолданылған кейбір ұғымдардың қазіргі қазақ тілінде мағыналары өзгермей дәл қалпын сақтап экономикалық саланы қамтитын термин сөздер қатарына енгенін байқауға болады, мысалы, **ақша** (ақча) ақша ҚӘТС: **Ақша** зат. 1. *Жалпыға бірдей балама ретінде барлық басқа тауарлардың құнын көрсететін ерекше тауар.* 2. *Сауда-саттық кезінде, құн өлшемі ретінде пайдаланылатын метал, және бағалы қағаз* [132,б.283]. Ақша сөзінің экономика саласында терминденіп мағынасының кеңейгенін көреміз. Мысалы, ақша айырбас, ақша айналымы, ақша аударымы, ақша бірлігі, ақша жүйесі, ақша қоры, ақша кеңістігі, ақша құсыздануы, ақшы рыногы, ақша қоры т.б. **Вауа-баһа** (баға-баһа) баға, бұл сөз сауда экономикасында және педагогика саласында тұрақталған термин болып табылады. ҚӘТС: **Баға**. зат 1. *Заттың құны нарқы.* 2. *экон. Тауарды (қызметті, бағалы қағазды) өткізу құны, тауардың ақшишаға шаққандағы құны.* 3. *пед. Оқушының білім дәрежесін анықтауда қойылатын балдық жүйе.* 4. *Бір нәрсенің сыны, нарқы.* 5. *ауыс. қадір қасиет* [126,б.529-530].

Қазіргі эконимика саласында **satuxčï** (сатухчы) сатушы «**Сатушы** зат. 1.*Сауда орындарында зат сататын, соған маманданған адам; дүкенші.* 2. *Бір нәрсені сатқан, сатаын адам; саудагер;* 3 *экон. Сауда-тауар қатынасында тауарды немесе қандай да бір қызмет түрін құнын төлеген жаққа өткізуші, соның меншігіне беруші жақ.* 4 *ауыс. Сатқын болушы, сатқындық жасаушы.* 5. *Жағымсыз Алыпсатар саудакеш*» [107,б.742]. Сондай термин сөз қатарына **ħardž** (хардж) қаржы, **ħardž etärmen** (хардж

етәрмен) қаражат етемін, **yardž ettim** (қардж еттім) қаражат еттім, **yardž et** (хардж ет) қаражат ет, секілді дайын мысалдарды кездестіреміз. Қаржы сөзі ҚӘТС: **Қаржы**. [ар.] зат. <франц finance> 1. *Ақша, қаражат, пұл; 2. экон. Мемлекеттердің, аймақтардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің, заңи және жеке тұлғалардың ақшалай қаражатының құралу, бөліну, қайта бөліну, пайдаланылу үдерісін сипаттайтын іргелі, қорытындылаушы, экономикалық санат, осы үдеріс барысына туындайтын ақша қатынасы* [120,б.370] анықтама берілген. Қаржы сөзінің қазіргі тілдік қолданыста экономика саласында мағынасының кеңейгенін байқауға болады: жол қаржы, күрделі қаржы, қаржы активтері, қаржы аппараттары, қары бақылауы, қаржы бизнесі, қаржы брокері, қаржы дағдарысы, қаржы делдалдары, қаржы есебі, қаржы жұмсалымы, қаржы жүйесі, қаржы инвестициясы, қаржы капиталы, қаржы компаниялары, қаржы қатынастары, қаржы қауіпсіздігі, қаржы құқығы, қаржы құралдары, қаржы нарығы, қаржы нормалары мен нормативтері, қаржыны жоспарлау, қаржы ресурстары, қаржы саясаты секілді түрлері бар. **Tölä** (төлә) төле, **tölämäk** (төләмәк) төлемек, **töleč bergil** (төлеч бергіл) төлеп бер сөзінің де қолдану өрісі кең. ҚӘТС: **Төлем** зат. 1. *Бір нәрсенің орнына берілген, өтелген зат.* 2. қаржы. *Сатып алған тауарлар, көрсетілген қызметтер, пайдаланылатын ресурстар, берілген несие үшін төленуге тиіс ақшалай қаражат, сондай-ақ міндеттемелер бойынша есептесу нысаны бойынша нысанындағы заңмен бекітілген жарнамалар* [129,б.335]. **Borč** (борыш) ақшалай алынатын қарыз, берешек, қаржы саласында «1 *Әдетте ақшалай түрде алынатын қарыз.* 2. *Бересі, мойнына артылған берешегі.* 3 қаржы. *Заң жүзінде негізделген белгілі бір мерзімге және белгілі бір шартпен қарызға алынған ақшалай сома*» 4. ауыс. *Рухани міндет парыз.* 5. ауыс. экспр. жағымсыз. *Сатулы деген мағынада.* [131,бб.494-495] экономика саласында қазіргі кезде тұрақталған терминдер болып табылады. Жазба ескерткіште **ötünč** (өтініш) қарыз мағынасындағы сөздің, қазіргі қазақ тілінде ресми іс-қағаздарда терминделінген сөз болып табылады. Мысалы, «**Өтініш** зат. 1. *Арыз, тілек, қалау, сұрау.* 2. *ресми Ресми қатынаста бір жақтың немесе бір тараптың екінші жаққа жазбаша түрде рәсімдеп білдірген сұрауы, арыз-талабы*» [107,б.260], **yuk** (йук) жүк сөзі экономика саласында да информатика, физикада, терминделген сөз болып табылды. СС жазба ескерткішінен кезінде ғалым С.А.Плетнева қарастырып 32 терминді анықтайды. [34, б.29].

XIII-XIV ғасырларда Дешті Қыпшақта орналасқан халық жартылай көшпенді, жартылай отырықшы тұрмыс кешіп, отырықшылыққа қатысты қала мәдениеті өркендеген Осы кезде Сарай, Үкек, Сарайшық, Түмен, Кафа, Қопа, Хорезм, Гулситан, Орда базар, Бек базар секілді ірі қалалардың атағы жер жарып, ірі әкімшілік, мәдени орталықтарының болғандығы жөнінде тарихи деректер өте көп. Өз кезегінде қыпшақтардың тұрмыс – тіршілігі мен отырықшы өмірі туралы Плано Каприни, Әл-Омари, Ибн-Батута сияқты жиһангез, тарихшылар жазып кеткен. Олар, «қалаларда адамдар саны мен түрінің, мешіт, монша, биік сарайлардың көп, базары мол, көшелері кең,

тіршілік етуге өте қолайлы болған» деген дерек келтіреді. Ескерткіш лексикасындағы **šaar – kent** (шаар-кент) қала, **qala - xala** (хала) қала, **kent** (кент) кент, **tam** (там) шатыр, **teyrä** (тейрә) аудан, **qana** (қана) бөлме, **qonaqlıq** (қонақлық) қонақжай, **maçalä** (махалә) көше, **alačuq** (алачуқ) лашық, **avrez** (аврез) монша, **izba** (ізба) тұрғын бөлме, **öv-ev** (өв-ев), **siyinič** (сығыныч) баспана, **kertek** (кертек), **sufraχana-sufraqana** (суфрахана-суфрақана) пеші бар бөлме, **kebit vel tügän** (кебіт вел түгән) дүкен, **yïhöv** (йыхөв) шіркей, **klisa** (кліса) шіркеу, **yili tepeduz** (йылы тепедуз) жылы монша, **termä** (термә) әйелдер бөлмесі, **χudžirä-χudžrä** (худжіра-худжрә) қойма секілді ұғымдар дәлел.

Тарихшы Б.Көмеков: «Кодекс Куманикусте **terem** атауымен берілген тұрғын үйдің бір түрі. Дегенмен, қыпшақтарда саз балшықтан, кірпіштен, ағаштан тұрғызылған үйлер болғанын, қыпшақ қалалары ақсүйектердің алғашқы баспана тұрақтарынан қолөнері мен жер өңдеу ісі дамыған қалалар деңгейіне дейін сатылап өскенін археологтар көрсеткен. Ондай қалалы елді мекендер Ертіс бойынан бастап, Алакөл маңында жиі кездесетіні анықталған. Ал батысқа жылжыған мезгілде материалдық мәдениеттің бұл бөлігі одан ары дами түскен» [42,б.195] дейді. Оған дәлел ескерткіштегі **ayinič** (ағынғыч) баспалдақ, лестница **divar** (дівар) қабырға латын қатарынан **balkon** (балкон) балкон сөзінің кездесуіне қарағанда қалаларда көп қабатты үйлерде болған, ал биік ғимарат үйлерде байлардың, қала бектерімен сұлтан, хандарының, ірі саудагерлердің тұрғанын байқауға болады, **tärädžä-tünlük** (тәрәджә-түнлүк) терезе түңлік, үлкен ашық терезе, **kerege** (кереге) секілді ұғымдардан дәстүрлі киіз үйлердің де болғанынан хабардар боламыз. Тарихи деректерден X-XIII ғасырларда күйдірілген кірпіш, ағаш, гипс, алебастр құрылыс материалы ретінде қолданысқа кеңінен енді деген дерек кездестіреміз. Отырықшылық өмірдің қарқынды дамуы сірә кәсіп иелерінің **kerki** (керкі) ағаш устасы, **boyači** (бойачы) бояушы, **divar ostasi-ustasi** (дівар остасы-устасы) тас қалаушы, құрылысшы, **čeber** (чебер) шебер керекті құрал –саймандарымен **bičqi** (бычқы) ара, **čaquč** (чақуч) балға, **buryu** (бурғу) құбыр, **taqta-qaņa** (тақта-қаңа) тақта, **tik ayač** (тік ағач) тік ағаш, **kertek** (кертек) жас отау, **tüb** (түб), **qadav** (қадав) шеге, **balta** (балта), **burav** (бурав) бурғылаушы, **bičqi** (бычқы) пышақ, **pärgal** (пәргәл) компас, секілді құрылысқа керекті зат атауларының **taš** (таш) тас, **qum** (қум) құм, **bišmiš kerpič** (бішміш керпіч) күйдірілген кірпіш, **kiräč** (кірәч) әк, **kerpič χolindžan** (керпіч-холінджан) керпіч, **quv** (қув) әк, **samala > samola** (самала-самола) шайыр, **siriš** (сіріш) шырыш секілді мысалдар ойымызды дәлелдей түседі;

«Қыпшақтарда (құмандарда) өлген адам басына балбал тас қою дәстүрі болған. Ортағасырлық деректер құман-қыпшақтардың молаларының үстіне қойылған тас мүсіндерге олар иіліп, тағызым еткенін көрсетеді» [42, б.218] деген мәлімет береді. Ескерткіште кездесетін **kešene** (кесене), **qurγan** (қурған) қорған, **šin** (сын) сынтас ұғымдары осы пікріге айғақ болса керек.

Құман –қыпшақтарда қалалық мәдениетке сай құрылыс кәсібімен бірге жер өңдеу мен егіншілікте қарқынды дамыған **tin yer** (тын йер) тын жер,

sabanĉi (сабанчы) сабаншы, **tarlov** (тарлов) егістік алқабы, **kebäk** (кебäk) кебек, **ašliq** (ашлық) астық, **biĉän** (бічән) пішен, **urluq** (урлуқ) ұрық, **saban sürärmen** (сабан сүрәрмен) сабан шабармын, **saban sürdüm** (сабан сүрдүм) сабан шаптым, **saban sür** (сабан сүр) сабан шап, **biĉänlik** (бічәнлік) пішендік, **saĉarmen** (сачармен) шашармын, **saĉtum** (сачтум) шаштым, **saĉqil** (сачқыл) шаш, **qabuq** (қабуқ) қабық, **buyday-ašliq-boyday** (буғдай-ашлық-боғдай) бидай, **arpa** (арпа), **tuturyan-birinĉ** (тутурған-бірінч) күріш, **noxut** (нохут) ноқат, **märdžümäk** (мәрджүмәк) жасымық, **birĉaq-burĉaq** (бырчак-бурчак) буршақ, **ovuz** (овуз) сулы, **tüvi-tüvü-tari** (түві-түвү-тары) тары, **sulu** (сулу) сұлы секілді дәнді - дақылдардың атауынан отырықшы өмір салтын ұстанған қыпшақтардың егіншілікпен айналысқанын білдіреді. Қала халқының егіншілікпен айналысуы қалалардың өсуі мен өркендеуіне, сауда-саттықтың дамуына, ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұранысты арттырады. Сондықтан да халық егіншілікпен жер игерумен айналысты. Еккен егіндерін тұтынып **tegirmänĉi** (тегірмәнчі) диірменші дәнді дақылдарды игеріп диірменшілікпен айналысып, арнайы **tegirmän** (тегірмән) диірмен орнының да болған, ал **tegirmän tartım** (тегірмән тарттым) диірмен тарттып, **tegirmän tart** (тегірмән тарт) диірмен тарт, **tegirmän tartarm** (тегірмән тартармын) диірмен тартамын мысалдары нақты істерінің дәлелі. Үй жағдайында да кез-келген адамсол кәсіппен айналысып **un** (ун) ұн тартып, **etmäk** (етмәк) нан, **kirdä** (кірдә) бәліш, **kömeĉ** (көмеч) престелген нан, **ĉamir** (хамыр) қамыр жайғанын да көреміз. Айта кету керек, ескерткіш лексикасынан орта ғасырда шағын кәсіп түрі аспаздықтың да өте қатты дамығанын көрсететін арнайы сөздер мен сөз тіркестерін кездестіруге болады: **peĉ** (печ) пеш, **etmäkĉi** (етмәкчі) наубайшы, **bayirĉi** (бағырчы) аспазшы, қазаншы, **bišürürmen-biširürmen** (бішүрүрмен-бішірүрмен) пісіріп жатырмын, **bišürdüm-biširdim** (бішүрдүм-бішірдім) пісірдім, **bišür-bišir** (бішүр-бішір) пісір, **aš biširgen öv** (аш бішірген өв) асүй, **bišürmiš-biširmiš** (бішүрміш-бішірміш) қайнатылған тамақ, **ašarmen** (ашармен) асармын, **ašadum** (ашадум) асадым, **aša** (аша) аса, **aš** (аш) ас, **aš berümen** (аш берумен) ас беріп жатырмын, **aš berdüm** (аш бердім) ас бердім, **bestlä** (бестләрмен) тамақтандыру, **tuzlarmen** (тузлармен) туздап жатырмын, **tuzladum** (тузладум) туздадым, **tuzlayil** (тузлағыл) тузда, **tuz** (туз) тұз, **ĉamir** (хамыр) қамыр, **ham** (һам) шикі.

СС жазба ескерткіші лексикасынан бау-бақшалық кәсіпке қатысты да арнайы сөздер кездестіреміз, **yemiš** (йеміш) жеміс, **salqum** (салқум) жүзім, **armut-kertme** (армут-керте) алмұрт, **alma** (алма) алма, **nardan** (нардан) анар, **be-alma** (бе алма) алма, **erik** (ерік) қара өрік, **ĉätlävuk** (чәтләвүк) фундук, **yuzum** (йузум) жүзім, **kuru-yuzum** (куру йузум) қара жүзім, **ĉorma-ĉurma** (хорма-хурма) құрма, **nouma-närnĉ** (наума-нарнч) апельсин, **lymon** (лимон) лимон, **mišmiš** (мышмыш) өрік, **qovun** (қовун) қауын мен көкөністер **rayyan** (райған) райхан, **sarimsaq** (сарымсақ) сарымсақ, **indžir** (інджір) инжир, **badam** (бадам) бадам, **qabaq** (қабак) асқабак, **ĉiyar** (хійар) қияр, **ĉügündür** (чүгүндүр) қызылша, **zafran** (зафран) шафран, **yišqiĉ** (йышқыч) жалбыз, **salı** (салı) шалфей, **mañdanus** (маңданус) ақжелкен, **salıyam-sarmaq** (салғам-

сармақ) шалқан, **laḡan** (лахан) қырыққабат, **soḡan yuva –yova** (соған-йува-йова) пияз жабайы пияз, **qoz-ḡoz** (қоз-хоз) жаңғағы, Жеміс – жидек, көкөніс өнімдері мен қоса **baqčacı** (бақчачы) бақшашы, **baḡ** (бағ) бақ, **baḡča** (бағча) бақша, **baḡ-borla** (бағ-борла) бағ-борла, бау-бақаша, құрал-саймандар **qazma** (қазма) кетпен, **kürä** (күрә) күрек, **uṣqu** (учку) соқа, **tüb** (түб) түб, **butaq** (бутақ) бұтақ, **aḡaç** (ағач) ағаш, **ekär** (екәр) көшет, **teräk** (терәк) терек, **täräk tikärmen** (терәк тікәрмен) терек тігіп жатырмын, **teräk tiktım** (терәк тіктім) терек тіктім, **teräk tik** (терәк тік) терек тік, **teräk tikmäk** (терәк тікмәк) терек тікпек мысалдары арқылы әрине, егіншілікпен айналысқан халықтың бақташылық та қатар алып жүргені белгілі.

Арнайы металдардың көп болуынан үй тұрмысына қажетті заттар мен тұрмыстық заттардың түр-түрлі жасалына бастады. Онымен қоса ұсталық өнердің дамытып, ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс артты. Тарихшы, этнограф Л.Гумилев: «түркілер әлемдік тарих сахнасында Орталық Азияда алғаш рет темірді, өнеркәсіптік жолмен меңгерген халықтардың бірі болған» [173] деуі тегін болмаса керек. Кезінде ұсталық, зергерлік кәсіп атадан-балаға, баладан келешек ұрпаққа дейін жалғасып, үздіксіз дамып келе жатқан өнер саналған. Жалпы, ұсталық кәсіпті түркі тектес халықтар «киелі өнер», «тәңірдің сыйы» деп ұққан, ұсталарды «тәңірдің жіберген ісмер адамы» деп құрметтеген, атын атамай **ostasi-ustasi usta** (остасы-устасы-уста) ұста деген, оның жұмыс орнын ұстахана деген. Халықты жаудан қорғайтын жаугершілік заманда қару-жарақ құрал саймандарды жасаған ұсталардың абыройы батырлармен тең болған. Археологтардың зерттеулеріне сүйенсек ұсталардың жасаған заттары мен еңбек құрал-қару жарақтары сақ, ғұн дәуірлерінен бастау алады. Ұсталықпен кейбір тарихи деректер бойынша бақсылар да айналысқан деген де деректерді кездестіреміз. Атақты Дәуіт пайғамбар туралы аңызды еске түсірсек, оның темірші ұста болып, қолымен отты көсеп, балшықша илегені де мәлім. Әйгілі Шыңғысхан, Әмір Темірдің де темірге жақын болғандықтары жөнінде Рубрук, Леонид Архангельский жазбаларынан белгілі. Жазба ескерткіштегі **bayir** (бағыр) мыс, **tutiya** (тутуя) тутуя, **temir** (темір), **kitira** (кітіра) кітіра, **küvrüt** (күвүрт) күкірт, **qalay-aq qoryaşin** (қалайы, ақ қорғашын) қалайы, ақ-қорғасын, **qoryaşin** (қорғашын) қорғасын, **yez** (йез) жез, **čoyin** (чойын) шойын, **qurč** (курч) құрыш, **tuč** (туч) қола секілді метал атаулары, ұсташылықты кәсіп тұтқан **čeber** (чебер) шебер, **čeber kiši** (чебер кіші) шебер кісі, **qilič ostasi -ustasi** (қылыч остасы-устасы) қылыш устасы, **kerki** (керкі) ағаш устасы атаулары, **čakuč** (чакуч) балға, **qišqač** (қышқач) қысқаш, **egäv** (егәф) егеу, **bičaq** (бычак) пышак, **maša** (маша) отқа арналған қысқыштар, **kürä** (күрә) күрек, **ütürgü** (үтүргү) қажау, **masa** (маса) қысқаш, **kösöv** (көсөв) көсеу, **qipti** (қыпты) қайшы, **toqmaq-toqmačiq** (тоқмақ-тоқмақчық) тоқпақ, **ḡalḡa** (ілмек) халха, секілді қажетті құрал саймандар пайдаланып күнделікті тұрмысқа қажетті сан алуан тұтыну бұйымдары дайындалған. Әсіресе **eyärči** (ейәрчі) егәрші, **yügänči** (йүгәнчі) жүгенші жасайтын мамандар **noqta** (ноқта) **yugän** (йүгән) жүген, **eyär** (ейәр)

егәр, ертоқым, **eyärniñ ayačï** (ейәрнің ағачы) ертоқым қанқасы, **alındaıyï qaš** (алдындағы қаш) алындағы қаш, **artındaıyï qaš** (артындағы қаш) артындағы қаш, **kišan** (кішән) кісен, **toğa** (тоға) тоға, **toğa tili** (тоға тілі) таға тілі, **çalqa - toğa** (халқа-тоға) халқа-тоға, **ayuzluğ** (ағузлуқ) ауыздық, **uzängi** (узәнгі) үзенгі, **tešmäk** (тешмәк) тесік, **kömüldrük - köñüldrük** (көмүлдрүк-көңүлдрүк) көмүлдірүк, **qoyışqan - uyışqan** (қойышқан-уйышқан) құйысқан, **yïñirčaq** (йыңырчақ) есектер мен қашырларға арналған орауыш, **qamšï** (қамшы) қамшы, **tizgin`**(тізгін) тізгін ат әбзелдері мен тұрмысқа қажетті, **tabaq** (табақ) табақ, **qazan** (қазан) қазан, **tegänä** (тегәнә) тегене, **čömič** (чөміч) шөміш, **čömläk** (чөмләк) кәстрел, **čanaq** (чанақ) тостаған, **qavurqına** (қавурқана) таба, **tepsi** (тепсі) табақ, **qaşuq** (қашуқ) қасық, **tas** (тас) таз, еңбек-құрал, қару-жарақтарды қыпшақтар қолдан жасаған.

Ұсталық өнер дамыған жерде зергерлік кәсіптің де дамитыны белгілі, ендеше жазба ескерткіштен зергерлікке де қатысты арнаулы сөздер өзінше бір тізбек құрады. Мысалы, **altunčï et temirčï** (алтунчы ет темірчі) зергер, **altunčï** (алтунчы) алтын зергері осы кәсіппен шұғылданатын маман иелерін білдірсе, асыл тастар мен металдар **altun** (алтун) алтын, **kümiš** (күміш) күміс, **mahak-mihakk** (маһак)сынақ тас, **bolor – bolar** (болор-болар) хрусталь, **bedžuda** (беджуда) анар, **mardžand-mardžan** (марджанд-марджан) маржан, **zmurut** (зумруд) изумруд, **könäcuvï** (көнәсүвү) тірі күміс, **karabar** (карабар) янтарь, **käbüt-yaqut** (кәбүт-йақут) жақұт, **yaqut** (йақут) жақұт, **yalmas** (йалмас) алмас, **lal** (лал) лал, **peroza-perüza** (пероза-перүза) бирюза, **iñdža** (інджа) інжу, **yinčï** (йінчі) інжу пайдалана отырып **yizuk** (йузук) жүзік т.б. зергерлік бұйымдар жасалынған.

Сондай-ақ этнографиялық, археологиялық зерттеулер нәтижелерінен қазақ халқының материалдық мәдениетінің саласы ретіне күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнер саласының жақсы дамығанын көруімізге болады. Ескерткіштегі қыштан құйылған құмыралар, күйдірілген ыдыстар, саз балшықтан жасалған бұйым атаулары өрімшілдік, тоқымашылық кәсіптің де болғандығын көрсетеді.

Балықшылық кәсіпке байланысты: baliqčï (балықчы) балықшы, **baluqlarmen** (балуқлармен) балық аулап жатырмын, **baluqladum** (балуқладум) балықауладым, **baluqla** (балуқла) балық аула, **baluq** (балуқ) балық, **ay-av- uv** (ау), **eškik** (ешкік) ескек, **keme** (кеме), **kemä iğar** (кеме ығар)кеме қатып қалды, **qarmaq** (қармақ) қармақ

Аңшылық кәсіп: ay -uv - av (ув-ав) ау , **tülküčï** (түлкүчі) түлкіші

Тілдегі сан алуан түрлі сөздерді қамтыған, бірнеше салалық, лексикалық қабаттардан құралған сөздік құрамның арнасы да аумағы да өте үлкен екен. Себебі ғасырлар бойы сөздік құрамдағы сөздер мың құбыла көнеріп, жаңарып белгілі бір кәсіпке байланысты туындап, терминденіп жатады. Оған дәлел СС термин сөздер болса керек. СС жазба ескерткішін қарастыру барысында орта ғасырдағы адамның қоғамдағы орнын, игерген кәсібін, жеткен жетістігін зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі

2.4 «Кодекс куманикус жазба ескерткішіндегі фразеологизмдердің қазақ тілінде қолданылуы

Тіліміздегі ұлттық интеллектінің ерекше жиынтығы мәдени кодтарды жеткізуші, көркемдеуіш элементтер фразеологизмдер болып табылды. І. Кеңесбаев: «» - дейді [174,б.202]. Оған дәлел жазба ескерткіштегі фразеологиялық тіркестер. Неше ғасырлық тарихы бар бұл тіркестер халқымыздың талайы тағдыры мен өмірдегі көрген тауқыметі, жан дүниесі мен көркемдік ойының нәтижесі екені анық. Данышпан халқымыз қоршаған орта туралы ойы мен таным түсінігін, көрген білгенін сан алуан эмоционалды-экспрессивтік мағыналық реңктерде бейнелеп тобықтай ғып түйіндеп тұрып түйіп, фразеологизмдерінің бойына бекітіпті. Олай болса зерттеу жұмысын жазу барысында орта ғасырдағы қыпшақтардың тұрмыс-тіршілігі мен танымының кілті, фразеологизмдердің назардан тыс қала алмайтынын ұқтық. Өйкені ескерткіштегі діни мәтіндер мен гимндерді аудармашы я автор сөзбе-сөз қыпшақ тіліне аударып қоя салмай, мәтіндер бейнелі, бедерлі, әсерлі болу үшін құбылтып тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер, өсиет сөздерді тиімді қолдана отырып жазған. Осыған қарап, көшіруші, не автор өзге тілдің иесі деген ой күдік турады. Япырай, өзге тілдің маманы өзге елдің фразалық тіркестері мен мақал-мәтелдерін аудару барысында қалай ғана тиімді қолданды екен деген сұрақ, жаныңды жегідей жейді.

«Фразеологизм (фразеологиялық бірлік) семантикалық тұрақты байланыста болатын сөйлемдер мен сөздердің тіркесуі» [80,б.261] деген анықтама аламыз. Ө.Айтбаев: «Тілдің бөлекше бір сыпаттағы шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтері, тас түйін боп тұрған тіркестер» [175,б.35] десе ғалым К.Аханов тұрақты тіркестердің табиғатын қарастара келе, оларда «...даяр қалпында бір тұтас (бүтін) единица ретінде жұмсалынады» [18,б.220] деп жалпы түсінік қалыптастырады, М.Балақаев «тіл мәдениетін арттырып шеберлікке үйрететін сөз асылы» [5,б.108] деп атап өтеді. Н.Уәли «әрі нәрлі, әрі әрлі... аз сөздің аясына сыйған» [11] деп тұжырымдайды. Г.Смағұлова «қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері...» [32,б.20], түрколог Р.Авакова «ешкімнің еркіне көнбейтін» [31,б.246], Ж.А.Абитжанова «тіл қазынасының ерекше бір қымбат дүниесі-сөз жүйесінің ішінде шоқтығы биігі» - [176,б.2] дейді.

Фразеология саласының ғылыми тұрғыдан дәйектелуі мен «фразеология» термині жеке лингвистикалық пән ретінде және әр түрлі аспектілік тұрғыдан қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдан бастап зерттелінген. І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, А.Айтбаев, Ш.Сарыбаев, С.Аманжолов, М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Ғ.Мұсабаев, К.Аханов, Қ.Жұбанов, С. Серғалиев, Ө.Қайдар, Б.Шалабай, Қ.Өмірәлиев, Г.Смағұлова, Н.Уәли, Р.Авакова, С.Сатенова т.б. ғалымдардың фразеологизмдер туралы еңбектері тіл білімі саласындағы сүбелі еңбектер қайтарынан орын алады. Түркі тектес

елдер арасында да фразеологизмдерді зерттеу мәселесі әлдеқашан дамып, В. В. Радлов, Л.Будагов, К.К.Юдахин, З.Г.Ураксин, Ж. Османова, Ч.Сейфуллин, Ш.Рахматуллаев, А.Байрамов, К.Бабаев, К.Даибова қарастырған. Соңғы жылдары фразеологиялық тіркестерді ескі жазба ескерткіштер тілінде зерттеу үрдісі қолға алынып көне, орта ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі фразеологизмдерді Ә.Қайдаров, Б.Сағындықұлы, Р.Сыздықова, Б. Әбілхасымов, Ә.Ибатов, А.Нұрмаханов сынды ғалымдар зерттеген. Соңғы ғасыр ширегінде фразеологиялық тіркестерді зерттеу мәселесін қарастырып отырсақ әр түрлі бағытта дамығандығын көре аламыз және фразеологиялық зерттеулерді жеке-жеке сөз етуге диссертацияның көлемі көтермейді. Жалпы қазіргі тіл білімінде фразеологиялық тіркестерді жаңа ғылыми парадигмалар аясында–лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттеу өзекті мәселе. Ол жөнінде М.Сабыр былай дейді: «XX ғасырдың соңында жаңаша бағытта адам-тіл-мәдениет үштігі негізінде антропологиялық парадигмаға көшу үстінде» деген мәлімет береді. [34,б.327]. Логикалық тұрғыдан ойлансақ, сан мыңдаған ғасырлық тарихы бар фразеологиялық тіркестер екі немесе бірнеше сөздердің, үнемі қатар қолданылып, бір-бірінен ажырамай, айырылмастай жымдасып, экстралингвистикалық, лингвистикалық кедергелерге ұшырамай қолданылған, орта ғасырдағы қыпшақтардың ой танымы мен ой-өрісінен хабар беретін, белгілі бір ойдың тұщымды тұздығы болып тұр. Ал оны І.Кеңесбаев: «Көптеген тіркестер теориясын тарихқа байланысты тексергенде ғана фразеологизмдердің туу жолдарын біле аламыз»-дейді [174,б.213]. Фразеологизмдер қалай, қашан пайда болды деген сұрақ мазалағанда көне ғасыр жазба ескерткіштерінің тіліне жүгінеріміз ақиқат. Ендеше, Орхон Енисей жазба ескерткіштерінің тілін зерттеген ғалым Ғ.Айдаров көне ғасырдан бастау алған сөз тіркестерін «сөз тіркестері, тұрақты және еркін сөз тіркестері» деп екіге бөле отырып, мынандай тұжырым жасайды: «Тұрақты сөз тіркестері бірімен-бірі ажырамайтын бір бүтін түрінде келетін тіркестер. Олар белгілі бір ұғымды бірнеше сөзбен білдіреді және олар сөйлемде бір мүше болып қызмет атқарады. Мұндай тұрақты сөз тіркестері ескерткіште кездеседі: «Көрүр көзім көрместей болты, білгір білігім білместег болты» - Көрер көзім көрместей болды, білір білігім білместей болды. «Түн қатындамыз»- түн қаттық» деп Орхон жазба ескерткіштеріндегі фразеотіркестерден мысалдар келтіреді [152,б.50]. СС жазба ескерткіші құрамынан да еркін сөз тіркесі түріндегі және тұрақты сөз тіркесі түріндегі қалыптасқан сөз тіркестерін молынан кездестіреміз. Бұдан түйетініміз, әлемді жан-дүниесінен шыққан сұлу сөзбен кестелеген түркілердің мәдени деректері көне ғасырдан бастау алып, орта ғасырда жалғастығын тауып, қазіргі кезеңге дейін тілдік қорымызда сақталынып, әдеби тілімізді дамытып келе жатыр екен.

Зерттеу жұмысымыздың бұл бөлімінде СС жазба ескерткішіндегі сөз тіркестерін зерттеуді объектімізге алып, фразеологизмдерді мағыналық, құрылымдық, тарихилық тұрғыдан жүйелеп, жинақтап, топтастырып

қарастыруға тырыстық. Нәтижеге жету үшін І.Кеңесбаевтың: «1) қолдалыну тұрақтылығы, 2) мағына тұтастығы тұрақтылық 3) тіркес тиянақтылығын қолдап, «осы үш критерийді бір-бірінен жырып алмай, тұтасымен басты арқау еткенде ғана фразеологизмдер ерекше белгілерін тани аламыз» [174,б. 204] дейді. Осы криттерилеріне сүйене отырып, СС жазба ескерткішіндегі әсерлі тілмен өрнектелініп берілген фразеолгизмдерді анықтадық.

Сөздердің мағынасы белгілі бір тарихи кезеңдерді басып озып, үнемі даму үстінде болады. Сөз мағынасының дамуына сыртқы және ішкі факторлар өз ықпалын етеді. Сөз мағыналарының даму нәтижесінде мағына не кеңейеді, не тарылады. Ол тіл дамуындағы заңды құбылыс. Сөз мағынасының қалыптасуы сөздердің тіркесуі нәтижесінде пайда болып жатады. Сөз мағынасының тіркесу арқылы дамуы күрделі құбылыс. Сөз тіркесінің еркін және байлаулы мағынасы бар. Байлаулы мағына деп сөз тіркесіндегі сөздердің бір-бірімен тұтасып, бір мағынаға ие болуын айтамыз. Тіл білімінде еркін емес байлаулы сөз тіркестерін фразеология қарастырады. Фразеология тілдегі тұрақты тіркестердің табиғатын зерттейтін, фразеологизмдердің тұтас жиынтығын білдіретін тіл білімінің бір саласы. Фразеологиялық тіркестердің өздеріне тән белгілері бар. Олар даяр қалпында жұмсалады, мағына жағынан тұтас болады және тіркес тиянақтылығы байқалады. Орта ғасырлық СС ескерткіш тілінде әртүрлі сипаттағы фразеологизмдерді кездестіруге болады. Фразеологизмдерді классификациялау тіл біліміндегі ең қиын мәселелердің бірі. Қазіргі қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді үш топқа бөліп қарастырамыз. Олар: фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек. СС жазба ескерткіш мәтінінен фразеологизмдердің үш түрін де таба аламыз. **фразеологиялық тұтастық** құрамындағы сөздердің бір-бірімен тұтасып, жымдасып кеткен мағыналық жігін ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Жазба ескерткіштен мысалы, «**ot-voх avazi**» (от-вох авазы) *от ауызды өткір тілді деген мағынада*, «**taş bile**» (таш біле) *тас білесің түк білмейсің* деген мағынада. Мұндай тұтастық басында еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданылған. Құрамындағы сөздердің біріншісінің екіншісімен байланыстылығы аңғарылып тұратын тұлғалар **фразеологиялық бірліктер** деп аталады. Ескерткіш тіліндегі **фразеологиялық бірліктер**ді ескерткіште «**ant ičermen**» (ант ічермен) *ант ішермін*, **medet etti** (медет етті) *медет емти*, «**yuvut berdim**» (йувут бердім) *үміт бердім*, «**čukir-šükür etti**» (чукір – шукур етті) *шүкір емти*, «**tağzim etti**» (тағзым етті) *тағзым емти*, «**qurban boldi**» (қурбан болды) *құрбан болды*, «**baş urdilar**» (баш урдылар) *бас ұрды* «**niyat etkil**» (ніят еткіл) *ниет ем* секілді тіркестер арқылы анықтауға болады. Бұл тіркестер діни мәтіндер арасында қоданылып тұрғандықтан діни мағынада келеді. Сондай-ақ ескерткіш тілінде күн сөзінің ұйытқы болуымен жасалынған бірнеше тұрақты тіркестер де кездеседі. Мысалы, «**kün uyixti**» (күн уйыхты) *күн батты, күн ұясына кірді, қонды, күн шатырына кірді*, «**kündey yariğ-tir**» (күндей йарых-тыр) *күндей жарық*, «**kün toğusı**» (күн тоғусы) *күн тоғусы*, «**kün tuvmazdan burun**» (күн тувмастан бурун) *күн*

тумасын. Ал **фразеологиялық тізбекте** еркін мағынадағы екі сөз өзара тіркесе келе, байлаулы бір мағынаны білдіреді. Мысалы, «**yüli ter**» (йылы тер) *жылы тер*, «**yaqşı til**» (йақшы тіл) *жақсы тіл – әдемі сөйлеу* деген мағынаны білдіріп тұр. Ал «**boy aruvlixi**» (бой арувлықы) *семірген*, «**boyına urdılar**» (бойына урдылар) *бойына ұрды*, «**boyi suqluq**» (бойы суқлук) *азғындаған*, **tamar coğar** (тамыр соғар), *тірі болсам, бойымда қаным бар да*, «**uni qarildi**» (үні қарылды), *үні өшті* деген мағынада, «**yaqşı ündi**» (йақшы үнді) *жағымды дауысты* тіркестері де орта ғасырлық тұрақты тіркестердің әдемі үлгісі.

Жазба ескерткіш тілінде көңіл сөзі ұйытқы болған тұрақты тіркестер де жиі кездеседі. Мысалы, «**köñilñ aytsa**» (көңіл айтса) *көңілің айтса қалап тұрсаң* «**xoş köñil bilä**» (хош көңіл билә) *хош көңілді көңілің орында болса, немесе қуанышты, шат-шадыман болды, риза болды* деген мағыналары бар. «**köñülüm aynir**» (көңүлүм айныр) *жуіркеніш*, «**köñülüm bolyanir**» көңүлүм болғаныр (көңілім болғаныр) *жүрегім қалап тұр* «**kerti köñülден**» (керті көңлүнден) *шын жүректен*, «**köñilñ qoñşuñni**» (көңілүң қоңшуңны) *көңіл қошы*, «**köñil bile**» (көңүл биле) *көңілін тапсаң*, «**köñilik yolın**» (көңіл жолын) *жүрегіне жол тапсаң*, «**köñülде tutar**» (көңілде тутар) *көңілге тұтты*, *іштей сүйемел етті*, *арқа сүйер ету* мағынасында айтылады, «**kerti köñül**» (керті көңүл) *керті көңүл*, «**ulu köñlü**» (улу көңлү) *кең пейілді*.

Жарық сөзінің ұйықты болуымен «**yarıy etrmen**» (йарығ етермін) *жарық етермін*, парсы бағанында **нұр шашу** деп тұр. **Yarıq hava** (йарық хава) *жарық ауа* секілді тіркестерді кездестіреміз. Бұдан байқайтынымыз фразеологизмдердің түп төркіні тым алыстан бастау алады. «**Baldan tätti**» (балдан тәтті) *тәтті*, «**bal şekerdän – til köp tatli**» (бал шекердән тіл көп тәтті), *тілі тәтті*

СС жазба ескерткішіндегі тұрақты тіркестерді грамматикалық құрлысына қарай есімді және етістікті тіркестер деп бөліп алып қарастырсақ болады.

Есімді фразеологизмдерге мысал келтіретін болсақ, зат есімді тұрақты тіркестердің бірқатарын жазба ескерткіштен кездестіреміз. Мысалы, «сөз». Сөз лексемасы ұйытқы болған тіркестер: «**sözi ten, işisiz tenli boldi**», (сөзі тен ішісіз тенлі болды) *сөзі мен ісі тең*, «**tatli söz**» (татлы сөз) *әдемі сөйлейді*, «**yubanyan söz**» (йубанған сөз) *жұбанған сөз*, «**sözniñ uşayın**» (сөзнің ушағын) *майда сөз*, «**ters sözlär oñ sözlemez**» (теріс сөзләр оң сөйлемес) *жақсы сөз сөйлемейтін, аузынан дұрыс сөз шықпайтын* «**yalañ sözdän**» (йалаң сөздән) *жалаң сөз*, сандық, «**bir yolı**» (бір йалы) *бір бағыттағы, бір саладағы*, «**bir істі бірге істеген адамдар**. Сындық, «**ıci kör**» (ічі көр) *қызғаншақ, көре алмайтын*, «**köp qurla**» (көп қурла) *көп қырлы өнері көп, барлық істің шебері* дегенді білдіреді, «**sirma tonum бүгүp bolmas**» (сырма тоным бүгіп болмас) *ішіне сыр сақтаған* деген мағынаны білдіреді. Түр түске байланысты, «**qizarip yatir**» (қызарып йатыр) *ұялып жатыр, ұялды*; «**beş batman**» бес батпан *ауыр* деген мағынада.

Етістікті фразеологизмдер: «**küç sīnadīrmen**» (күш сынадырмен) күш сынасты. ФС: **Күш сынасты [таластырды]** *Бәсекелесті, салғыласты* деген мағынаны береді [74,б.382]. «**Küçüm yetti** (күчүм йетті) күшім жетті ФС: **Күш көрсетті, [айтты]** *Мықтылық жасады, тізе батырды, өктемдік етті* [74,б.381]. «**Qabul et**» (қабул ет) қабыл ет, **Қабыл алды.** *Құрметпен қарсы алды* [74,б.300]. «**Qabul eter**» (қабул етер) қабыл етер **Қабыл көрді** *мақұлдады, дұрыс деп білді, ұнатты, қалады* [74,б.301] «**kir yuqturmay**» (кір йуктурмай) кір жұқтырмай «шаң жуытпады», «сөз тигізбеді», «**quyum satqadi**» (қуйум сатқады) *құдығым толды көрерімді көрдім, асарымды асадым, жасарымды жасадым, «araba cūveldi» (араба чувелді) арба қозғалды *жұмыс басталды, «keme iḡar» (кеме тоқтады) *жұмыс тоқтап қалды.***

СС жазба ескерткіштегі фразеологиялық тіркестерді бірнеше тақырыптық топтарын ажыраттық. Олар, мифтік діни наным сенімге қатысты, соматикалық атауларға қатысты, әскери, табиғат құбылыстарына қатысты, философиялық мәнді, зооморфтық фразеологизмдер, салт-дәстүрге қатысты, адамның көңіл күйі, сезіміне қатысты.

Жазба ескерткіштегі діни мәтіндер арасынан мифтік діни наным-сенімдерге қатысты фразеологизмдер де мол кездеседі. Оның айғағы ретінде «**Teḡri**» ұғымымен байланысты туындаған тұрақты тіркестерді айтуымызға болады. Көне және орта ғасыр жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан «**Teḡri**» ұғымның түркілер ислам дінін қабылдағаннан кейін «Алла», «Жаратқан» сөздерімен алмасқанын білеміз. Біз қарастырып отырған СС жазба ескерткішіндегі хриситан дінін уағыздауға арналған діни мәтіндер арасынан «Тәңірі» сөзі негізінде қалыптасқан фразеологиялық тіркестердің қазіргі қазақ тілінде бірнеше лексикалық варианттарының қалыптасқанын анықтадық. Мысалы, «**Teḡiri yalbarsa**» (Теңірі йалбарса) Тәңірге жалбарынса фразеологизмі ФС: **Жаратқанға [жасағанға] жалбарынды [жалынды]** діни. *Құдайдан тіледі, аллаға жалынды, мінәжат етті* [74,б.245]. ФС: **Аллаға [құдайға] мінәжат етті сиынды жалбарынды** [74,б.45]. ҚӘТС: «**Аллаға бас ұрды Құдайға сыйынды жалбарынды, құлшылық етті**», «**Аллаға [Алла тағалаға] жалбарынды Құдайдан, жаратушыдан қолдау тіледі**», «**Аллаға мінәжат. Құдайға құлшылық**», «**Алаға [алла тағалаға] сыйынды. Құдайға жалбарынды бас ұрды** [132,б.426] көрініс тапқан.

«**Teḡri aṭimen**» (Теңірі атымен) Тәңірі атымен ҚӘТС: «**Алла атымен. Құдай атымен, Аллаға сыйынып** [132,б.425]. «**Teḡri anī yarīlyayau**» (Теңірі аны йарылқағай) *тәңірі оны жарылқасын, «Teḡri seni soyuryadi» (Теңірі сені сойурғады) *тәңірі сені жарылқады.* ҚӘТС: «**Алла бетіңнен жарылқасын. тілек. Құдай қолдасын жар болсын, жолың болсын, ісің онға бассын, деген мағынада** [132,б.425].*

«**Teḡir sözi**» (Теңір сөзі) Тәңір сөзі. ФС. «**Алланың жазғаны, парманы, Алланың жазуы. Алланың әмірі, тағдырдың жазуы, бұйрығы деген мағынада** [74,б.45]. ҚӘТС: «**Алланың әмірі, [бұйрығы, жарлығы]. Құдайдың үкімі, ұйғаруы**» «**Алланың аяны. Тәңірдің болжамы, құдайдың**

аяны, «Алланың бұйрығымен. Құдайдың дегенімен, пәрменімен [74,б.43-44].

«**Teңri körgüzmesin**» (Теңрі көргүзмесін) Тәңірі көргізбесін, «**Алла басқа салмасын**», «**Алла көрсетпесін**» жаманшылық көрсетпесін [74,б.96] түрінде көрініс тапқан. «**Teңri maңa bersin** (Тәңірі маңа берсін) Тәңірі маған берсін ҚӘТС: Алла ақырын берсін тілек. Құдай ісін оңғарсын, қайырлы болсын [132,б.424]. ФС.«Алла берді. Құдай бұйыртты, нәсіп етті [132,б.425] секілді вариантта қазіргі қазақ тілінде көрініс тауып, күнделікті ауыз екі тілде қолданылады.

«**Medet etti**» медет етті діни көмек күту, демеу күту, қолдау күту мақсатында айталыған. Қазіргі қазақ тілінде: ФС: «**Медет бере гөр**». Сүйеу, қорғау, мағынасындағы тілек, «**Медет сұрады**» сүйініш тіледі жәрдем күтті, «**Медеу етті**»[көрді, қылды] Сүйініш, тірек қылды, арқа тұтты, көңілге тоқ санады [74,б.513] СС мәтіні арасынан «**medet bolyil**» медет болғыл, демеу бол секілді вариантты да кездестіреміз.

«**Yüvüt berdim**» (йувут бердім) үміт бердім А.Гаркавец «**yüvüt berdim**» я дал утешение [35,б.] деп аударарды.Утешениеден көрі надежда жақын келетін секілді. Қазіргі қазақ тілінде ФС: «**Үміт қылды [етті, артты]** күдерін үзбеді, дәме қылды» [74,б.739] түрінде фразеологиялық тіркестер сай келеді

«**Tamuqqa tüşerler**» (тамұққа түшерлер) тамұққа түсті. ФС: «**Тамұққа[тамұқ отына] жанды [түсті]** діни кекесін. Жаны азапқа түсті, қиналды, қорлық көрді [74,б.661]. «**Oruç tut**» (ораза тут) ораза тұт ФС: «**Ораза тұтты [ұстады]** діни, ауыз бекітті [74,б.555], **çukir-şükür etti** (чүкір-шүкүр етті) ФС: «**Шүкірана [шүкір, шүкірлік] етті, [қылды]** көне тәубе қылды, іштей ризалық етті [74,б.768]. **Saburlux etter** (сабурлух еттер) сабырлық етер.ФС «**Сабыр қылды [етті] сабыр [шыдам] суын қауғалады**» шыдам-төзім білдірді, асығыстық жасамады [74,б.594].

«**Niyat etkil**» (ниет еткіл) ниет ет. ФС. «Ниет білдірді, «ниет қылды[ниет етті] Көңілін ықыласын аңғартты, танытты [74,б.538].

«**Ant içermen**» (ант ішермін) ФС. «**Ант берді, [ішті, етті] ант қосты, ант-суын ішті, ант-су [қасам] ішті. Уәдесін берді, серт етті, қарғанды, анттасты [74,б.53]** бірнеше варианттары бар. Қазірде бұл фразеологиялық тіркес мағынасын өзгертпеген , «ант беру» деген мағынада қолданылады.

«**Qurban boldi**» (қурбан болды) құран болды. ФС: «**Құрбан болды, [қылды, етті] жанын қиды, пида етті; садақа қылды [74,б.479]** деген мағынада қазіргі тілідк қолданыста қолданылады. СС жазба ескерткішінде **Oylan qurban boldi...**(Ұлы құрбан болды) сөйлемін кезестіреміз. Қазіргі қазақ тілінде мағыналық та тұлғалықта өзгеріске ұшырамай еш өзгеріссіз қолданылады. Бұл фразеогиялық тіркес екі дәуірде де «садақа беру», «жанын пида ету», «құрмандық шалу», мағыналарында да қолданылады.

«**Ramlık etermin**» (рәмлік етермін) құммен бал ашу,«**qamliq etermin**» (қамлық етермін) сиқырлаймын. ФС: **Бал [балдама ашты] ашты 1. Әулиелік**

етті, сәуегейлік жасады. 2. Сырттан тон пішті [74,б.114] деген мағынада қолданылады.

Ескерткіш тілінде елеулі орын алатын фразеологизмдер қатарына соматикалық фразеологизмдер жатады. Фразеологизмдердің ішінде құрамында дене атаулары бар тұрақты сөз тіркестерін соматикалық (грек *soma* – дене, *onum* – атау) фразеологизмдер дейміз. Ә.Болғанбаев: «Анатомиялық атаулар негізгі сөздік қорға жататындықтан көп мағыналы, туынды жаңа сөз жасауға соншама бейімділігімен ғана сипатталмайды, сонымен бірге тұрақты тіркестер жасаудағы белсенді қызметімен де көзге түседі» [16,б.102] деп соматикалық атаулардың фразеологиялық тіркестер жасауға бейімділігін көрсеткен. СС жазба ескерткішіндегі дене мүшелеріне қатысты фразеологизмдердің жасалу дәрежесі түрліше. Оның ішінде ең көп кездесетіні бас сөзінің ұйытқы болуымен пайда болған фразеологизмдер. Мысалы: «**başım tizgindi**» (башым тызғынды) басым айналды деген мағына береді. А.Н.Гаркавец **başım tizgindi** - у меня закружилось голова деп аударарды [35,б.1034]. Қазіргі қазақ тілінде бұл тіркеске сай келетін ФС. «1. **Бас айналды** 1.Ауырғандықтан пайда болған әлсіздік.2.Елітті, еркінен айырылды. 3.Мақтанды, масаттанды [74,б.118] мағынада фразеологиялық тіркес сай келеді.

«**Vaš qarışirmen**» (бас қарыштырармын) басым қатты. ФС: «**Басы әңкі-тәңкі[дал-даң] болды, басы [миы] қатты, басы қаңғырды миы ашыды, шақшадай басы шарадай болды, шарадай басы шақшадай болды. Не істерін білмей дал боп абыржыды, дағдарып, әрі-сәрі болды,қатты састы** [74,б.124] .

«**Vaš urdilar**» (бас ұрдылар) бас ұрды «табынды» деген мағынаны білдіреді. ФС. «**Бас ұрғызды [ұрды] Аяғына жықты, бағындырды, жалынды, жалбарынды, аяғына жығылды**» [74,б.123]

«**Altun başli**» (алтын басты) ФС: «**Алтын басты еркек[әйел] 1.Ер азамат, жігіт, еркек. 2.Ақылды әйел**» [74,б.48].

«**Töven tüšti**» (төбен түшті) төбен түсті А.Гаркавец «**töven tüšti**» - он упал навзничь, он упал на спину [35,б.1259] деп аударарды, қазақ тілінде бұл тіркеске «төбең түссін», «төбең ойылсын», «төбең тесілсін», «төбесін тесу», «төбеңнен жай түссін» секілді бірнеше варианттары бар. ФС. «**Төбеңнен [тас төбеңнен] ұрғыр! Құдай төбеңнен [тас төбеңнен] ұрсын! қарғыс Оңба, «Құдайдың» қаһары соқсын**».

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште адамның барлық дене мүшелеріне қатысты фразеологиялық тіркестерді кездеструге болады. Соның ішінде адамның бет әлпетіне байланысты тұрақты тіркестер. Адамның бет әлпетіне қарап көп нәрсені аңғаруға болады. Орта ғасырлық түркілердің **bet, yuz, meyiz, ğiraу** сөздерінің синонимдік қатар құрайтынын көреміз. Осы бірліктер орта ғасырағы фразеологизмдерге ұйытқы немесе сыңар болғанын байқауға болады. Сондай фразеологизмдер қатарына қазіргі қазақ тілінде тұлғалық өзгеріске ұшырамай, мағынасын сақтап та қолданылғанбары бар: «**yüzümiң yarıq**» (йүзүмің йарық) жүзің жарық немесе **yüz yarıqin** (йүзі

йарқын) жүзі жарық ортағасырдағы «жүзі жарық» фразеологиялық тіркесі адамның мінезінен, қадір қасиетінен хабар береді. Қазіргі қазақ тілінде жүзі жарық тұрақты тіркесі әлі сақталынған және осы тіркестің қатысуымен бірнеше мағыналас фразеологизмдер қалыптасқан. Олар, ФС. **Жарқын жүзді**. *Мінезі ашық жарқын* [74,б.245], немесе «**Жүз ашық**. *Жылы жүзді, жайдары, жақсы ниетті*», «**Жүзі [өңі]жылы**. *Жайдары, мейрімді*», «**Жүзі жарық етті**. 1. *Бет-әлпеті көріне кетті*, 2. *Қуанып кетті, бетінде шаттық оты ойнады* [74,б.275], тіпті ешқандай өзгеріске ұшырамай қолданылып жүр. Сондай-ақ тұлғасында аз ғана бар фразеологизмдер: «**meyiz ċiray**» (мейіз чырай) мейіз шырай бірліктері сөздікте синонимдік қатар ретінде адамның сұлулығын білдіретін ұғымдар ретінде берілген. Қазіргі қазақ тілінде **meyiz ċiray** (мейіз шырай) бірліктерін синонимдік қатар емес тұрақты сөз тіркесі ретінде қарастырсақ болады. Өйткені, қыз баласының әдемілігіне, сүйкімділігіне, сыртқы пошымына, тыңғылықтығына қарап айтылатын мадақ тіркес. «**Мейіздей қатқан**». Бұл жерде *бабына келіп жараған, толықсыған айдай* [74,б.513]. «Мейіздей шырайлы» әдемі деген мағынада жұмсалып тұр.

«**Tuman betti**» (тұман бетті) бұл тіркес жазба ескерткіште А.Гаркавец «с мрачным лицом», «сумрачное лицо» деген мағыналарда береді [35,б.1262]. Бұл тіркес *абыройсыз, ниеті бұзық, жамандыққа апарытын, ұятқа қалдыратын, күнәсі, айыбы бар, масқара болған, ел арасында беделі жоқ, ерсі қылық істеген адамды сыйпаттайтын* тіркес. Қазіргі қазақ тілінде бұл тұлғада фразеологизмді кездестіре алмаймыз, бірақ мағыналас бірнеше фразеологизмдер бар. Олар, «**Беті жоқ арсыз, ұятсыз, ардан кеткен, «Беті күйді» ұятты болып бетке қарай алмады, «бетіндегі шіркеу» күнәсі айбы**» [74,б.150] *қарар беті жоқ, ұятты, айыпты, кінәлі, қарауға беті шыдатпады*» [74,б.423] деген мағына береді.

Жүрек сөзінің ұйытқы болуымен «**yüregine taş**» (йүрегінде таш) тас жүрек *мейрімсіз* деген мағынада, СС-тің діни мәтіндері арасында «**anī atma er kerek, eki uçunda >yüreginä taş kerek**» (ана атыма ер керек, екі ұшына>жүрегіне тас керек) деген мысалды кездестіреміз.

Көз сөзінің қатысуымен жасалған фразеологиялық тіркестер де бар. Олар, «**közsiz**» (көзсіз) *батыр, жүрек жұтқан, ер жүрек, батыр, анау-мынауы елең қылмайтын өте қайсар кісі* деген мағынада беріледі, «**köz yarıqtı**» (көз йарығы) *көз жарығы адамға қымбат, көз жарығы* деген тіркес бар, «**közimniñ yarıyü**» («көзімнің йарығы) *көзімнің жарығы барым, базарым*, «**köñül közi**» (көңүл көзі) *көңіл көзі, ебін тапсаң, көңілін тапсаң* деген мағынада әлі де қолданылады.

Ауыз сөзінің тіркесуімен, де бірнеше тіркестер кездеседі мысалы, «**ot-vox avazı**» (от ауызды) *өткір, өткір сөзді* дегенді білдіреді, ал «**avuz teyirmägä**» (аузыңды тый) *тамақ көп жеме немесе көп сөйлеме* деген мағынада, «**avzum ačsam öpkäm körünir**» (аузын ашса өпкесі көрінеді) *ақкөңіл* деген мағынаны білдіреді. Сондай-ақ жазба ескерткіштен «**ayaq közülgil**» (айақ көсіл) *демалу*, «**yuluguč saqal yulumči**» (жұлынғыш сақал

жұлымшы) *төзімді адамға қатысты айтылса, «beli tar-qirī tar»* (белі тар, кыры тар) *ұрықсыз, тұқымын көбейте алмайтын адам*

Соматикалық фразеологизмдер қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ең көне қабаттарын құрайды. Жазба ескерткішіндегі соматикалық фразеологизмдер қазақ тіл біліміндегі фразеологиялық қорды байытып қана қоймай, орта ғасырдағы түркілердің өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен, таным түсінігінен мәлімет береді. Мұндай фразеологизмдер жалпы барлық тілдерде кездеседі. Қай тілде болмасын халықтың тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, сана түйсігінен мәлімет беретін ой қазынасы болып табылады. Адам дене мүшесіне қатысты фразеологиялық тіркестер де әр халықтың дүниетанымы мен түсінігіне, психологиясына байланысты көрініс тапқан.

Әскери-саяси ұғымды білдіретін фразеологизмдер де жоқ емес. Мысалы, **«quriltay qurar»** – (құрылтай құрар) тіркесі, бұл тіркестің бірінші сыңары құрылтай – монғол сөзі) тар., түркі монғол ақсүйектерінің ресми кеңесі, түркілерде, кейін Шыңғысхан империясында құрылтай үлкен роль атқарған, онда негізінен әскери жорық бағытын белгілеу немесе әскер басын тағайындау секілді мәселелері шешілді. Құрылтай құру – *белгілі бір мәселені халық болып жиылып, ұйымдасып шешу.*

«Ulu kun» (улу кун) ұлы күн *белгілі бір жақсы, керемет, іс біткен, немесе тарихи бір оқиға болған күн болуы әбден мүмкін.* Бұл тіркестің бірінші сыңары ҚӘТС: **Ұлы** сын. 1. *Ұлан-асыр, ас, үлкен, ауқымы зор, 2. ауыс. Асқан, маңызды, теңдесі жоқ, ғаламат. 3. Асқан, кемеңгер, данышпан, атақты, озық, ойлы 4. Асқақ биік, ұлы-деген мағыналары бар екені. Ұлыстың ұлы күні- этн., қазақ күнтізбесіндегі жаңа жылдың бірінші айының, бірінші күні; жыл басы ретінде тойланатын наурыз мерекесінің алғашқы күні* [129,бб.719-720]. Көне ғасыр және орта ғасырдағы жазба ескерткіштер тілінен ұлы қорған, ұлы қаған, ұлы күн, ұлы шеру секілді тіркестерді жиі кездестіреміз.

«Ulu čeri» (улу чері) ұлы шеру бұл тіркес тарихи іс әрекеттерге байланысты немесе соғыс, жорықтарға қатысты айтылған болуы әбден мүмкін, СС жазба ескерткіші жазылған уақыт ұлы тарихи жорықтар мен саяси қимылдар кезең, сол кезеңдерде байланысты белгілі бір *ұлы оқиғаның болған күніне қатысты* айтылған тіркес.

Табиғат құбылыстарына қатысты туындаған фразеологизмдер. Мысалы, **«tañ saarī»** (таң саары) – ФС: **«Таң ата», «таң алагеуімде», «таң белдеуленіп атып келе жатқанда» «таң бозарғанда», «таң саз бергенде», «таң білінер білінбесте», /білінерде, біліне/таң сазарып атқанда, /сазарғанда, сарғайғанда, сібірлей/ «таң құлан иектенгенде», таң қылаң бергенде, «таң сәріде», «құлқын сәріде** секілді тіркестер мағыналас болып келеді *таң бозамықтана бастаған сәтті* білдіреді [74,б. 663].

Жер сөзінің тіркесуімен болған фразеологиялық тіркестер де орта ғасырлық түркілердің таным-түсінігінен хабар береді. Мысалы, **«yer oyuldī»** (жер ойылды). Бұл тіркес өте көп құмырсқадай қаптаған *қалың қол, саны мен салмағы, қаһары мен айбары мол жиын жайлы* айтылады. Жер ойылды

тіркесі қазіргі кезеңде көп қолданымағанымен жыраулар поэзиясынан кездестіруге болады. Мысалы, «**yerge urdi**» (йерге урды) жерге ұрды, *ұятқа қалдырды* мағынасында.

«**Qula tüz**» (құла түз) құла түз, *айдала, тірі жан иесі жоқ жер* деген мағынаны береді. Ескерткішіндегі «**qula tüz**» (құла түз) тіркесіне А.Н.Гаркавец «совершенно ровный» деген аударма жасаған [35,б.1200]. Мүмкін орыс тілінде бұл фразеологиялық тіркестің баламасы болмады ма, тура мағынада аударма жасағанда, қазақша *түзу жер, түп түзу жер* деген мағына беріп фразеологиялық мәнін жоғалтып қарапайым тіркеске айналған.

Жазба ескерткіштен философиялық терең ойды білдіретін тұрақты тіркестерді де кездестіреміз. Ал ол тіркестер орта ғасырлық түркілердің пәлсапалық ойлау деңгейінің көрінісі екені анық. Ондай тіркестерге мысалы, «**džexan qısxа-dur**» (джехан қысха – дур) қазіргі қазақ тілінде осы тіркеске мағыналас бірнеше фразалық тіркестердің мағынасы да тұлғасы да сай келеді. Мысалы, «**дүние қысқа**», «**дүние жалған**», «**дүние тар**», «**дүние бахи**» мағынасы *өмір қысқа*, «**dunya yetmes**» (дүниа йетмес) *өлсеңде бәрі қалады*, немесе *адамның көзі дүниеге тоймайды-мыс* секілді мағыналада береді, «**džähanniң teңizinä**» (джәһаннің теңізінә) *өмір теңіз*, **dünyäniң sen tereki>tireki** (дүнуәнің сен терекі>тәрекі) *дүниенің сен тірегі*, дүниені тіреп тұр

Зооморфтық фразеологизмдерге «**tege müüzi teң**» (теке мүйізі тең) бір - біріне тең, «**toңuz kibi**» (тоңуз кібі) шошқа сияқты, *жуіркеншімі* дыбыстық бенелерге қатысты: «**it ürä-dir**» (ит үрә -дір) *ит үреді*, «**it ürdi, men tuydım**» (ит үрді, мен туйдым) *ит үреді, керуен көшеді*, «**qoy maңıray-dir**» (қой маңырайды) *қойдай шулады*, «**yülqı kişiney - dir**» (йылқы кішіней-дір) *жылқы кішінейді*, «**müüzin sindiryān**» (мүүзін сындырған) *түгі кеткен жоқ* дегендей;

СС жазба ескерткішінде салт-дәстүрге қатысты фразеологизмдердің де бірқатарын байқай аламыз. Мысалы, «**it iңiradi**» (ит ыңырайды) 1. «**ит ырылдар**» – ит ырылдар, баққан атар, «ит ырылдатар» ескі салт бойынша күйеуден алынатын кәде түрі; 2.«иттей ұлып қалды» [74,б.309] *адасқан жұртта қалған иттей жалғыз зарлап қалды*.

«**Tul хатун**» (тул хатун) тұл қатын. ФС: «**тұл әйел [қатын] жесір қалған әйел** [74,б.679]. Тұл сөзі пассивтенген бірақ тілдік қолданыстан мүлдем шығып кетпеген. Бірақ қазіргі тілдік қолданыста «тұл әйел [қатын]» тіркесінен көрі «жесір әйел» тіркесі жиі қолданылады. Тұл сөзінің ұйытқы болуымен халық арасында бірнеше фразеологиялық тіркестердің қалыптасқан: «**тұл жетім**» *мүлдем ешкімі жоқ*, «**тұл болды [қалды]**» *иесіз, қожасыз қалды* (әйел, мал, мүлік туралы қатар айтыла береді) «**тұл дене**» *иесі, жоқтары, қамқоры жоқ деген мағынада*, «**тұлдыр да жоқ**» *денеме түк жоқ*, «**тұлдыр жетім**» *тұл жетім, тұлдыр сөз дәмі жоқ, құр әшейін бос сөз*, «**тұлда**» *қадірлі адамы өлген кезде шаңыраққа қара ту байлап, мінген атын күзейтін, қара жамылатын қаралы дәстүр болып саналған, тұлдану 1) әйелдің*

өлген күйеуін еске алып қайғыруы, 2) долданып қатты ашулану, жұлыну [74,б.652] фразеологиялық тіркестері бар.

Адамның көңіл күйі мен сезіміне байланысты туындаған фразеологизмдер де халықтың болмыс, бітімін айғақтайды. Мысылы, «**osal boldim**» (осал болдым) *бостық істедім, қолымнен түк келмеді*, «**sorovum qaynay-dir**» (соравум қайнай-дыр) сорым қайнады, «соры қайнап қалды», «соры қайнайды», «соры қайнады», «сормандай болды», «соры қайнап, сорпасы төгілді» *бақытсыздыққа тап болды, қасіретке ұшырады, қасіретке салды*. «**Tinim alıyl**» (тыным алғыл) «тын алды», «тын болды», «тыным ал» *тынышталды, жым-жырт болды тынықты, тыныстады*.

Öç alıuçli (өч алғучлы) «өшін алды» фразеологиялық тіркестің мағынасы [жібермеді, қайтарды] *кеткен есе кегін алды*, **küç suna – dirmen** (күш сына) «күш сынасты», «күш таластырды» фразалық тіркестің мағынасы *бәсекелесті, салғыласты деген мағынаны береді*, **esimä kirdi** – есімә кірді, «есіме түсті», «ойыма келді», «есін жинады, жиды» бұл фразеологиялық тіркес *өзіне - өзі келді, ақылы кірді, көзін ашып, бір кезде есін жиды* деген мағынаны, **peşman bolmaq** (пешман болдым) *пұшайман болдым* деген фразеологиялық тіркес, *қор болдым, уайымға салындым* дегенді білдіреді.

1. СС жазба ескерткішіндегі мифтік діни наным сенімдерге қатысты туындаған фразеологизмдерден қазіргі қазақ тілінде формасы да мағынасы да сай келетін фразеологизмдер. Олар, **qurban boldi** (құрбан болды), **tayzim etti** (тағзым етті);

2. Мағынасы ұқсағанымен аз кем фонетикалық, морфологиялық айрмашылықтары бар фр. тіркестер: **saburlux etter** (сабурлух еттер) сабырлық етер, **niyat etkil** (ният еткіл) ниет еткіл, **yuvut berdim** (йувут бердім) үміт бердім, **çukir-şükür etti** (чүкір-шүкүр етті) шүкір етті, **ant içermen** (ант ічермен) ант ішермін;

3. Тілдік қолданыстан шығып архаизмдер қатарына енген фразеологизмдер, **tul xatun** (тул хатун) тұл қатын, айтылуы басқа мағынасы бір архаизм болған **ramlik** (рамлік), **ramlik etermin** (рамлік етермін), **qamliq** (қамлық), **qamliq etermin** (рәмілік еттім, қамлық еттім);

4. СС жазба ескерткіші құрамындағы кейбір тұрақты тіркестердің компоненттерінің құрамында кірме сөздердің ұйытқы сөз ретінде жұмсалынғаны да бар. Олар, **sabur** (сабур) сабыр, **çukir-şükür** (чүкір-шүкүр) шүкір, **niyat** (ният) ниет, **medet** (медет) медет, **qurban** (қурбан) құрбан, **oruç** (оруч) оруз. Бұл араб, парсы тілінен енген кірме сөздер ұлт тіліне сіңісті болып кеткен, ана тіліміздің байырғы лексикасындай фразеологизм жасауға ықпал болған. Қазақ фразеологиясындағы кірме фразеологизмдер қабатын анықтап сандық және этимологиялық еңбектер жазған ғалымдар Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ә Нұрмағанбетов еңбектерін атауға болады.

Орта ғасырлық СС жазба ескерткішінде кездесетін фразеологизмдер тіршіліктің барлық саласын қамтиды және қазіргі қазақ тілінде әлі күнге дейін қоданылады. Айта кететін бір мәселе түркі тілдеріне ортақ болып саналатын СС жазба ескерткішіндегі тұрақты сөз тіркестері өзінің

тұрақтылығымен қазақ тілінде аз-кем ерекшеліктерімен ғана байқалады да, мағынасы жағынан қазіргі тілдік қолданыстан шықпаған. Зерттеу жұмысымызда СС-те 126 тұрақты тіркес анықталып, айналымға түсті.

Бұл фразеологизмдерден түркі елінің тарихи кезеңдерінің белгілерін де көреміз. Тілдік мағналық жағынан фразеологизмдер халқымыздың көпғасырлық дамуының нәтижесі. Халқымыз қоршаған орта туралы күрделі ұғымдар мен түсініктерді қысқа, әрі ықшамды ғып, бейнелі және эмоционалды түрде жеткізе білген деген ой түйеміз.

2.5. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі ономастикалық кеңістік

Қазақ тіл білімінің лексикалық қорының жалқы есімдер бөлігін ономастика саласы құрайды. «Әлем халықтары тіліндегі жалқы есімдер әлемі ең әдемі, ең қызықты, сыр мен құпияға толы жұмбақ әлем, ғажайып әлем» [177,б.3] дейді. Шындығында, орта ғасырлық СС жазба ескерткішінде ономастикалық әлемнің өзегін құрайтын онимдік разрядтар ауқымы кең және құпияға толы десек те болады. Олар, **антропонимдер** (адам, кісі аттары) **библионимдер** (әр түрлі мәтіндер атауы), **топонимдер** (жер су, қала ататтыр) **этнонимдер** (ру, ел, халық аттары), **фитонимдер** (өсімдік аттары), **космонимдер** (аспан денелері), **мифонимдер** (адамзат танымындағы алғашқы түсініктер) **теонимдер** (діни), **геортонимдер** (мейрамдар атауы).

Ономаст Б.Тілеубердиев: «Ұлттың, адамның тіршілігі, өмірі, шаруашылығы, ой-санасы, эстетикалық талғамы, мифологиялық, діни, этикалық ұғымдары, әлеуметтік тәжірибесі, «тіл айнасында» яғни лексикада, фразеологияда, жалпы және жалқы есімдерде тайға таңба басқандай өз өшпес ізін қалдырады. Ол іздер тек тілдік, іздер емес, ол іздер сонымен қатар таным іздері, таным таңбалары» [29,б.187] дейді. Расында, «тіл айнасына» айналған лексикалық бірліктер түркілердің танымының таңбалары. Біз қарастырып отырған ескерткішіндегі ономастикалық әлем әр алуандылығымен ерекшеленеді, сонымен қатар орта ғасырдағы мәдени құндылықтар мен қоршаған орта, аспан әлемі, қоғамдық құрылым туралы, түркілердің танымдық білімінен ақпарат береді.

Т.Жанұзақов: «Ономастика (онимдер) белгілі бір тілдегі лексиканың ажырамас бөлігі ретінде, қоғам өмірімен тығыз байланысты болады да, тарихи – әлеуметтік, қоғамдық – экономикалық, мәдени – әлеуметтік факторлармен тығыз ұштасып жатады» [178,б.58] дейді. Орта ғасырлық СС жазба ескерткішіндегі әр онимдік атаулар астарында ашылмаған сыр мен үлкен білім жатыр. Өйткені антропонимдер арқылы жазба ескерткіштегі діни мәтіндердегі адамдардың ұлтын, қызметін, әлеуметтік деңгейін, тапонимдер арқылы тарихи мәдени белгі қызметтерін, теонимдер арқылы наным-сенімін, мифонимдер мен космонимдер алғашқы таным түсінігін, этнонимдер арқылы орта ғасырдағы этникалық орталар туралы, фитоөнимдер арқылы өсімдіктер әлемін бағамдаймыз. Бұл бірліктер жазба ескерткіш құрылымының өзге-

шелігі мен даралығын көрсетеді және алғаш рет ескерткіштегі кейбір ономастикалық ұғымдар ғылыми айналымға түседі.


Өмірдің өзегі адам болса, осы адамға қойылған есім, оның тегі, әкесінің есімі, лақап аты мен бүркенішік аты, немесе белгілі бір әрекетіне байланысты алған титулы ономастиканың антропоним бөлігі қарастырады. «Антропоним (грек *ántrópos* адам, онума есім) – адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары» [80,б.25]. «Антропонимика (грек *ántrópos* адам, онума есім) – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөні, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын-антропонимдерді зерттейтін ономастиканың тармағы. Антропонимдер сонымен берге әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің аттарын зерттейді» [80,б.26]

Ескерткіштен **at¹** (ат) ат, **at tayïrmen- tayarmen** (ат тағырмен-тағармен) ат тағармын, ат тақтым, **at taydïm** (ат тағдым) ат тақтым, **at tayyïl** (ат тағғыл) ат тақ секілді мысалдардан қыпшақтарда ат қою рәсімінің болғанын анық байқауға болады. Бұдан байқайтынымыз біріншіден шыр етіп өмірге келген адамға жеке есім беріп, ырымдап ат қою рәсімін өткізген, бүгінде бұл үрдіс салт – дәстүрімізге мықтап орнығып, орындалып келеді. Екіншіден белгілі бір ерекшелігі, не қасиеті, кемшілігіне қарап **layab** (лағаб) лақап, **layabni** (лағабны), **layablar** (лағаблар) лақаптары, **layablarni** (лағабларні) лақап аттар берілген. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштен оларды де кездестіруге болады. Мысалы, **alpavut, bahadur, telbuya**

Біздің зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған ескерткіштегі антропонимдік лексика лингвистикалық және экстралингвистикалық ақпараттық мәнге ие және теонимдік лингвистикамен тікелей байланысты. Өйткені антропонимдер жазба ескерткіштегі христиан дінін уағыздауға арналған екінші (германдық) бөлімде ғана кездеседі. Олар көбіне христиан, иуда дінін уағыздаушы дін өкілдері мен пайғамбарлар, әулие адамдар.

Зерттеу жұмысымызда біз антропонимдік атаулардың әр қайсысын жеке – жеке сипаттама бермей, тек жазба ескерткіштегі діни мәтіндер арасында қолданылу статистикасын анықтауды жөн көрдік.

КК жазба ескерткішіндегі антропонимдердің қолданылу статистикасы



Байқағанымыз, ескерткішіндегі антропонимдер арасында көбіне Иса пайғамбардың анасы Мәриям ананың есімі -14 мен Иисус Христостың есімі - 50 рет аталады екен және антропонимдердің әртүрлі варинаттылықпен берілу себебі автордың көптілі болуы деген ойды айта отырып әр тілдің фонетикалық ерекшеліктерін сақтаған деген пікір білдіргіміз келеді. Дегенмен, орта ғасырдағы қыпшақ тілінің басымдылығына байланысты сол тілге бейімделген деп ойлаймыз. Мысалы, **Yüsüp** (Йүсүп) Иосиф, **Paulus** (Паулус) Павел т.б.;

Жазба ескерткіштегі ең маңызды бөлігі христиан дінін уағыздауға арналған мәтінер екені анық. Ал сол мәтіндердің атауларын ономастикада библионимдер қарастырады. Библионим дегеніміз «Библионимы (библионим - название, заглавие любого письменного произведения художественного, религиозного, научного, политического и т.д. произведений)» [179,б.42] деген анықтама береді. Белгілі бір мәтінді оқымас бұрын, ең бірінші назар аударатынымыз оның атауы. Ал сол атаудың астарында - белгілі бір айтылатын ойдың кілті жатыр. Ал ескерткіштегі христиан дінін уағыздауға арналған мәтіндер «Інжілдегі» Иса пайғамбар мен оның анасы Мәрия ананы ұлықтауға арналған уағыздар топтамасы болып табылды. Диссертациялық жұмыстың ауқымы көтермейтіндіктен әр діни мәтіннің тек атауын ғана беруді жөн көрдік. I «Сенімді аналогы жоқ қасиетті сөз тіркестері»; II «Киелі кітаптан үзінді. Адам атаға жұмақтан қуылғандағы берілген үкім»; III «Дидах және Әулие канондар рухындағы уағыз фрагменті. Апостолдар»; IV «Уағыздарға арналған тіркестер»; V «Уағыздарға арналған афоризмдер»; VI «Жұмбақтар»; VII «Күнәларды мойындау және тәубе ету туралы дұға ету»; VIII «Күнәларды кешіру туралы уағыз және пастор тілін тез меңгеру үшін

дұға ету»; IX «Лұқа Інжіліне сәйкес қойшылардың сәби Исаға табынуы туралы Інжілді оқу»; X «Апостолдардың істері бойынша Әулие Степанның өлімі туралы әңгіме»; XI «Жаратқан Иенің сүндеттелу күні Оны Құтқарушы деп атау туралы уағыз» «Татар тілі бойынша Qutqardaçı»; XII «In die Epiphanie Епифания күні – Эпифания»: Матай Інжіліне сәйкес Шығыстан Сәби Исаға дейінгі патшалардың ғибадат етуі туралы Інжілді оқу»; XIII «Лұқа мен Жоханның Інжіліне сәйкес Құдайға деген шынайы сүйіспеншілік туралы уағыз, қасиетті әкелердің жазбаларынан дәйексөздермен»; XIV. «Шейіт болу туралы уағыз - Матай Інжіліне сәйкес Таудағы уағыз тақырыбында», XV. «Алапеспен салыстырғанда күнәнің ауырлығы туралы уағыз: Лұқа Інжілінен алынған алапес пен күнәһар туралы астарлы әңгіме», XVI. «Мойындауға шақыратын уағыз және күнәларды мойындау және тәубеге келу туралы қасиетті әкелерден дәйексөздер», XVII. «Апостол Пауылға сілтеме жасау туралы уағыз», XVIII. «Қасиетті жұмадағы уағыз», XIX. «Матай мен Лұқа Інжіліне сәйкес «Біздің Әкеміз» Иеміздің дұғасы», XX. «Періштелердің сәлемдесу - Қасиетті Теотокостың әні «Құдайдың анасы, қуаныңыз», XXI «Құдайдың он уағызы»; XXII. «Киелі кітаптан үзінді - жеті күнәдан және зинақорлыққа қарсы ескерту», XXIII «Ave porta paradisi», XXIV. «Yesu, nostra redemptio»; XV. «Verdum caro factum est»; XXVI. «Белгісіз әнұранның фрагменті»; XXVII. «Vexilla regis prodeunt»; XXVII. «Никена-Константинополь сәнімі Symbolum Nicaenum – Constantinopoleum A.D. 381 Symbolum Nicaenum, A.D 325 – Никейский Символ веры, Symbolum Apostolorum, A.D. 542- Апостольский, Символ веры», XXIX. «Reminiscens beati sanguinis», XXX. «A solis ortus cardine», XXXI. «Иман баптары» тұрады. Осы «Половец уағыздары» арасында кездесетін жұмбақтар түркілік ауыз әдебиетінің ең ғажап үлгілері болса, «иман баптары» түркілік әдептіліктің ең жоғарғы (біз оны «Әдеп кодексі» деп атауды жөн көрдік) көрсеткіші. Мысалы, **Teңriniñ atı bile ant içmägil** (Теңрінің аты біле ант ічмәгіл) Тәңірдің атымен ант ішпе, **oғur bolmaғыл** (оғур болмағыл) ұры болма, **ersekçi bolmaғыл** (ерсекчі болмағыл) қызғаншақ болма, ашкөз болма, **yalan tanıxlıq bermägil** (йалған таныхлық бермәгіл) жалған ақпарат берме, **özgä kişiniñ nemäsinä suxlanmaғыл** (өзгә кішінің немәсінә сухланмағыл) бөтен кісіге дүниесіне сұқтанба, **atañni-anañni hormätlägil** (атаңны-анаңны һөрмәтләгіл) ата-анаңды құрметте, **küçlü bolmaғыл** (күчлү болмағыл) күшіңе сенбе, күш көрсетпе, **künçi bolmaғыл** (күнчі болмағыл) күншіл болма, **öpkelemekçi bolmaғыл** (өпкелемекчі болмағыл) өкпелегіш болма, **erinček bolmaғыл** (ерінчек болмағыл) жалқау болма, **qızıançı bolmaғыл** (қызғанчы болмағыл) қызғаншақ болма, **çaquçı bolmaғыл** (чақучы болмағыл) құмар болма, **uçaqçı bolmaғыл** (өсекші болмағыл) өсекші болма, **kisini ölturmägil** (кісіні өлтүрмәгіл) кісіні өлтірме. Түркілік болмысымызды айғақтайтын орта ғасырдан бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан бұл тыйым үлгілері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ және олардың жазба ескерткіш арасынан орын алуы аталған жәдігердің құнын арттырып, ізденуге жетелейді.

Дүниенің төрт бұрышын билеп, табиғатпен етене байланыста өмір сүрген түркілердің тұрмыс-тіршілігі «Тәңірлік» идеядан бастау алып, наным-сенімдеріне ұласып жатады. Ежелгі түркілер танымында жаратылыстың күдіретті иесі – Көк Тәңірі, Көк аспан болған. Ғалым Ж.Манкеева «Түркілердің мәдениетіндегі табиғаттың нақты әсерін «көк тәңірге» құлшылық еткен сенімнен бастап, фольклордағы мифологиялық бейнелерден көруге болады» дейді [114, б.88]. Шындығында СС жазба ескерткішінде кездесетін Тәңірі бейнелер өз кезегінде халықтың дүниетанымының көрінісі. Жазба ескерткіштің діни мәтіндерде «Тәңір» лексемасы ең көп кездесетін тілдік бірлік. «Аспан» және «Жаратушы» мағынасында кездесіп, «**Teñir**» (Теңір) Тәңір, «**Teñir ata**» (Теңір ата) Тәңір ата, «**Teñirge**» (Теңірге) Тәңірге, «**Teñiriniñ**» (Теңірінің) Тәңірінің, «**Biyim Teñir**» (Биім Теңір) биім Тәңір, «**Biyimiz Teñiri**» (бйіміз Теңірі) биіміз Тәңір, «**Biy Teñiri**» (Би Теңірі) би Тәңір т.б. әр түрлі тілдік формаларда көрініс тапқан. Орхан жазба ескерткіштерінде де Тәңірі сөзінің көк, аспан, құдай деген ұғымдарды білдіргені белгілі. ДТС: «**Täñri** сөзі 1.небо; 2. бог; божество; 3.божественный; 4. повелитель, господин деген бірнеше мағынасы берілгенін көреміз» [68,б.544]. МҚ: **Teñri** 1) құдай; 2) «аспан»; 3) «ұлы» деген үш түрлі мағынасы ашылған [67,б.603]. Байқап қарасақ, ежелгі түркілердің дүниетанымында Тәңірі ұғымы кеңістіктің жоғарғы үстем тап өкілі ретінде аспан, құдай, мырза, адам тағдыры мен өмірінің әміршісі деген мағыналарды білдірген. Бұған белгілі түрколог С.Г.Кляшторный: «Верховным божеством древнетюркского пантеона является Тенгри (Небо), божество Верхнего мира. Именно Тенгри иногда вкупе с другими божествами, распоряжается всем происходящим в мире и, прежде всего предопределяет судьбы людей. Тенгри распределяет сроки (жизни)» [180,б.131] деп анықтама берген. Ал тарихшы, ғалым Б.Көмеков: «...куман-қыршақтар – өздері ғасырлар бойы атадан-балаға мұра болып келе жатқан Тәңірлік наным-сенімдерін сақтауға ұмтылған» деп тұжырымдайды [42,б.226]. Тәңір ұғымының бәрінен де биік жаратушылық қасиетін діни уағыздар арасындағы мәтіндерде жиі кездеседі. Мысалы, **ata Teñir kökni-yerni, barça körinur-körinbezni yarattı** (ата Теңір көкні-йерні, барча көрінур-көрінбезні йаратты) Ата Теңір көкті жерді, барша көрінетін-көрінбейтінді жаратты, **men Teñiriniñ işinde osal boldum** (мен Теңірінің ішінде осал болдум) мен Тәңірдің ісінде осал болдым, **Teñirini sövgil barça üstündä** (Теңіріні сөвгіл барча үстүндә) Тәңірді бәрінен де жоғары қойып сүй, **yalbaruñiz Teñrigä** (Йалбаруңыз Теңіргә) Тәңірге жалбарыныңыз, **sövgil Teñiriniñ seniñ Biyiñni kertı köñlüñden barça džaniñdan barçadan küçük džaniñdan dayı tñiñdan** (сөйгіл Теңірінің сенің бйііңні кертгі көңлүңден барча джаныңдан барчадан күчүк джаныңдан дағы тыныңдан) Тәңіріні жүрегіңмен сүй, жаныңнан да рухыңнан да жоғары қой. Діни мәтіндердегі тыйым сөздер арасында тек Тәңірге табынуды, сенуді уағыздайтын мысалдар да бар: «**Teñriniñ atı bile ant içmägil** (Теңірінің аты біле ант ічмәгіл) Тәңірдің атымен ант ішпе. Ескерткіште Тәңірі сөзін пайдалану арқылы құмандарға христиан дінін уағыздау мақсаты болғанын

анық. Сол үшін де «Құман уағыздары» деп атаған болулары мүмкін. Бұл жөнінде ғалым Б. Көмеков: «...ескерткіш мәтінінде кездесетін христиан дінінің гимндеріндегі Тәңірі атауы, тек христиандық «бог» сөзінің баламасы ғана емес, оларда бұрын бар діни наным-сенімдердің ізінен де хабар беріп тұр деп санауға болады» деген тұжырым жасайды [42,б.216].

Сондай-ақ ескерткіште **Yaratqan** (Йаратқан) Жаратқан, **Yarattaċi** (Йараттачы) Жаратушы тіл бірлігін де кездестіреміз. **Yaratqan, ave, kimniŋ oŋ qolini tutturanda yaratqani** (Йаратқан, аве кімнің оң қолыны туттурғанда йаратқаны) Жаратқан, кімнің оң қолынан туылып, жаратылдың, **yarattaċi, kökni-yerni yarattaċi** (йаратачы көкні-йерні йаратачы) көкті жерді жаратушы, ДТС: «**jarat** 1. создавать, творить; 2. устраивать; 3. украшать, наряжать, **jaratınmaq** – созидание, творение» [69,бб.240]. ҚӘТС: **Жаратқан** зат., діни 1. *Жаратушы*. 2. *Адам, пенде, жаратылған дүние* [127,б.83].

Сонымен қатар ислам дініне қатысты **päyüambär-payüambar** (пәйғамбәр-пайғамбар) пайғамбар, **burun alay aytildi päyüambärdän** (бурун алай айтылды пәйғамбәрдән) бұрынғы пайғамбарлар айтқан, **neċik päyüambär aytir** (нечік пәйғамбәр айтыр) пайғамбар не айтты, **ferišta-frište** (ферішта-фіріште) періште, **firištälär irларlar** (фіріштәләр ырларлар) періштелер жырлады, **šaytan, ħanni tuvuryan, šaytanni erksiz etkän** (шайтан, ханны тувурған, шайтанны ерксіз еткән) шайтан ханы туған, шайтан еріксіз еткен, **tamuq – tamuħ** (тамук-тамух) **erkli – erksiz tamuqqa barıysız** (еркли-ерксіз тамуққа барғайсыз) ерікті, еріксіз тамуққа барасыз, **Yesus alay, bek tamuqni buzup oldža köp ċiyardi** (Иесус алай, бек тамуқны бузуп олджа көп чығарды) Иисус тамуқты бұзып олжа көп шығарды, **örtlik tamuqqa tüşerler** (өртлік тамуққа түстіңдер) өртті тамуққа түстіндер, **kim bu džehanda yazuċin keċiktirse, tamuħta höküm urmaħ bile ayttırıay** (кім бу джеһанда йазухын кечіктірсе, тамухта һөкүм urmaħ біле айттырғай) кім бұл дүниеде көп күнә істесе, үкіммен тамуққа түседі, **tamuħ qabaqini buzup, tutyunlarni sen qutqardiŋ** (тамух қабақыны бузуп, тутғунларны сен қутқардың) тамуқ дарбазасын бұзып, тұтқындағыларды сен босаттың, **köktägiler tamuħdayilar** (көктәгілер тамуқтағылар) көктегілер тамуқтағылар, **uċmaq** (учмақ) жұмақ секілді мысалдарды кездестіреміз. Ескерткіштің бір ерекшелігі ислам, иуда, христиан дініне де қатысты элементтер діни мәтіндер арасында араласып кездесе береді. Мысалы, **apastol** (апастол) – христиан діні бойынша Христостың шәкірті, оның уағыздарын халыққа таратушы **apostollegä bildirdiŋ** (апостоллегә білдірдің) апастолға білдірдің, **evangelim** (евангелім) – евенгелиум христиандардың киелі кітабі, уағыздар жинағының топтамасы **ari Lukas aytir Evangelim iċindä...** (ары Лукас айтыр евангелім ічіндә...) Таза Лукас Евенгелиум ішінде айтты... **pap** (пап), **papaz – papas-baraz** (папаз, папас, бапаз) папа (әке).

СС жазба ескерткішінен **геортонимді** (мереке мейрам атауы) де кездестіреміз. Ескерткішінің өзіндік бір ерекшелігі ай аттары түркілердің көне ай атаулары мен ислам діні бойынша ай атаулары аралас берілген. Осы ай атауларының ішінде ислам діні бойынша қасиетті саналатын айлар да бар.

Ислам айларының бір ерекшелігі жылжымалылығында, өйткені араб тайпалары айлардың орындарын аң аулап жорық жасауға ыңғайлы уақыттарға икемдеп ауыстырып отырған. Күннің ыстығында демалып, түнде айдың жарығымен жұмыс істеген арабтар – мұсылман күнтізбесінің негізін қалаған, себебі мұсылманша жыл жерді айдың толық айналып шығуымен байланысты саналаған. Ал ислам күнтізбесі Мұхаммед Пайғамбардың Мекке қаласынан Медине қаласына көшкен уақыттан бастап есептелінеді. Ислам күнтізбесінде 12 ай, 365 күн бар. Осы айлардың ішінде төрт ай ерекше саналады. Соның бірі қасиетті мұсылмандардың мейрамы:

Qurban beyram - мұсылмандардың құрбандық шалатын күні. Отыз күн ораздан соң құдайға құлшылық етудің амалы ретінде құдайға арнап садақаға соятын құдайы мал. СС – те құрбан айтты – құрбан мейрам деп берген болуы мүмкін. ҚӘТС: **Құрбан айт.** діни. *Зулхиджа айының 10 күні басталып, 3-4 күнге созылатын, Мекеге қажыға бару аяқталар күні қажылық етушілердің Мина алқабында құрбандық шалу рәсімімен ерекшеленетін мұсылмандардың Аллаға құлшылық етіп, мал соятын басты мейрамдарының бірі. (Бұл күні әрбір мұсылман құрбанық шалып, Алладан құбылага қарап құрбандықты қабыл алуды өтінеді. Діни ант бойынша шалынған құрбандықтың барлық еті кембағалдарға, пақырларға үлестіріледі, көп жағдайда еттің үштен бірі асылады. Құрбан айт мейрамында арнаулы мерекелік намаз оқылады)* [160,б.392].

«**Топонимика** – (грек.topos, орын, мекен, онума) - 1 Бір елдегі не аймақтағы географиялық атаулардың жиынтығы. 2. Жер атауларының пайда болуын, таралған аумағын, уақыт ағымына қарай өзгертетін зерттейтін ономастиканың тарауы» [80,б.327]. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште топонимдер діни мәтіндер арасында және мата атаулары арқылы беріледі. Бұдан «Ұлы Жібек жолы арқылы», басқа да жолдар арқылы өзге жерлермен қарым-қатынасқа түскен түркілерді көруге болады. Мысалы, **Qirivya** (Қырывға) Қырымға, **Yerosolim** (Йеросалим) Иерусалим, **Israhel** (Исраһел) Израиль, **Betlem** (Бетлем) Вифлем, **Liban** (Лібан) Либан, **Misirī** (Мысыры) Мысыр, **Alamani** (Аламані), **Astezan** (Астезан) Астиандық, **Bergonyia** (Бергония) Бургундия, **Bergamaske** (Бергамаске) Бергама, **Draz** (Драз) Драциона, **Džonban** (Джонбан) **Шампань**, **Frangi** (Франгі) **Франг**, **Francis** (Франкіс) **Франк**, **Orleans** (Орлеанс), **Ostuni** (Остуні) Остин, **Rusi** (Русі) Русь, **Lonbardi** (Лонбарді), **Lazate** (Лазате), **Liban** (Лібан).

«**Этнонимика** (грек ethnōs тайпа, халық және онума- есім, атау)- этнонимдердің пайда болуын, тарауын, қызметі мен құрылысын зерттеумен айналысатын ономастиканың саласы» [81,б.275]. **Tatar** (татар), **qірсақ** (қыпшақ) қыпшақ Сондай-ақ, **dzuhut** (джухут) жұхұт, **katolik** (католик) католик, **kristian** (крістіан) христиан, **rus** (рус) орыс

Космонимдер мен мифонимдер. Әрбір халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылық кәсібі, мінез-құлқы, наным-сенім, салт-дәстүрлерімен байланысты туындаған сөздік қоры бар. Халықтың өзіне ғана тән менталды ерекшелігін айқындап тұратын сөздердің концептілік мәні сол халықтың

ғасырлар бойындағы жинаған өмірлік тәжірибесінен туындайды. Қашанда түркілер үшін космонимдер түсініктер құдіретті құбылыс деп танылған. Ежелгі түркі тайпалары аспан әлемін қасиетті деп санап, оны жаратушы құдірет Тәңірі деп түсінген. Аспан денелері атауларының концептуалды өрісі кең. Мысалы, ай сөзінің сұлулық, өлім, әйелге тән символ, ақиқат, байлық сынды концептілік қасиеттерін атап айтуымызға болады. Қарастырып отырған ескерткіштен айға байланысы **ayda bizgä sayınmaç** (айда бізге сағынмақ) ай да бізді сағынбақ, **ay altundan elçi keliyir** (ай алтундан елші келііп) алтын айдан елші келеді мысалдарын кездестіреміз және бұған қарап айға қатысты түркілік танымды байқаймыз. Қазақ халқында айға байланысты тыйым сөздер мен наным-сенімдер бүгінгі таңға дейін қолданыс тауып келеді. Мысалы, «айға қарап қолыңды шошайтпа», «айға қарап дәрет сындырма», «айға дененді көрсетпе», «айға қарап телмірме». Сонымен қатар, жаңа туған айды көрсе халқымыз «жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп бата жасап, оған сәлем салған. Аспан денелері жайлы түркілік дүниетанымның бейнелі түсініктері, тілдік модельдері халық арасында фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен фольклорлық сюжеттер көптеп кездеседі. «Түркі халықтарының біраз бөлігі – көшпелі халық. Осыған орай тағдыры көшіп-қонумен байланысты болған халықтар табиғат құпиясын түсінуге, түрлі көріністерді тамашалап, бағалай білуге ұмтылған. Көшпелі түркілердің мифтік аңыздарындағы құпия – адам мен табиғат байланысына құрылған Жер мен Суға, Ай мен Күнге табынуы. Аспан денелері, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде тылсым бір күш бар деп санап, оған құрметпен қарауды, сақтап қалуды ұрпағына аманат еткен. Олардың дені сау тұлға болып қалыптасуына табиғаттың тікелей әсері барын түсіндіре отырып, табиғатпен етене байланысты болуға және оған жанашырлықпен қарауға тәрбиелеген» [181, б.99]. **Ay** (ай), **kun** (күн), **yulduz** (йулдуз) жұлдыз сынды аспан әлемі ұғымдын білдіретін тілдік бірліктерден түркілердің аспан әлемін зерттеп, ондағы ай мен күннің, жұлдыздың орын алмасуын бақылап, ауа райын болжай алатын қасиеттері болғандығын байқаймыз.

Тілдің негізгі қызметі тарихи-мәдени тілдік деректерді бойына сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуінде. Тамыры тереңде жатқан әрбір атаудың ұлт үшін тарихи-әлеуметтік маңызы зор. Осындай ғасырлар бойғы ақпараттарды бойына сақтаған атаулардың бірі аспан әлемімен байланысты туындаған бірліктер. Аспан әлемі ұғымдарды білдіретін бұл бірліктер танымдық ақпараттарға бай, түркілік наным-сенімдермен тікелей байланысты болып табылады. Өз кезегінде құмандар аспан әлемінің сырларын жақсы білген. Астрономия ғылымын игеріп, жұлдыздарды бақылаған, тіпті оларға сиынған да. Бұл үрдіс түркі елдерінде әлі де сақталынған. СС мәтініндегі **yulduzçi** (жұлдызшы) сөзінің кездесуіне байланысты қыпшақтардың жұлдыз жорамалмен де айналысқанына көзімізді жеткіземіз. Жазба ескерткіштен: Мысалы, **yulduz köründü** (йулдуз көрүндү) жұлдыз көрінді, **yulduz ekinçi köründü** (йулдуз екінші көрүндү) екінші жұлдыз көрінді, **qačan kördilär ol yulduznı** (қачан көрділәр ол йулдузны) ол жұлдызды қашан көрдіңдер **andan**

yulduzun ilgäri bardï (андан йулдузун илгәри барды) оның жұлдызы илгері барды, **anıñ yulduzun kördük** (аның йулдузун көрдүк) оның жұлдызын көрдік, **Ol yulduz neçik bir oylan bigev edi** (ол йулдуз нечик бір оғлан бігев еді) ол жұлдыз жас өспірім сияқты көрінді, **yulduznï tuvurdïñ** (йулдузны тувурдың) жұлдызды тудың, **biz anıñ yulduzun kördük** (біз аның йулдузун көрдүк) біз оның жұлдызын көрдік, **qaçan kördilär ol yulduznï, ulu sövünc sövündilär** (қачан көрділәр ол йулдузны, улу совунч сөвүнділәр) ол жұлдызды көргенде сағыныштан ұлы қуанышқа бөлендік мысалдар жетерлік. Өз кезегінде орта ғасырлық қыпшақтар аспан денелерінің қозғалысын бақылап, жыл мезгілдері, ауа райына байланысты ақыл-кеңестерді аспан әлемі арқылы біліп отырған. Бұл үрдіс қазіргі кезеңге дейін сақталынған. Мысалы, халық танымында темір қазық, үлкер, жеті қарақшы, ақбоз ат, кіші аю секілді жұлдыздарға байланысты аңыздар көптеп кездеседі. «Жеті қарақшыны таныған адам, жеті қараңғы түнде адаспайды», «үркер – алты, жұт – жеті», «үркер жерге түспей жер қызбайды» деген мақал-мәтелдер арқылы жұлдызға қарап ертеңгі ауа райын болжау, тағдырды болжау, бұрынан келе жатқан наным екеніні белгілі. Халық танымында жұлдыздарды санамайды, жұлдыз санаса, өлім-жітім, жаманшылық көп болады деген түсінік болған. Сол сияқты халқымыз аспаннан ағып түскен жұлдызды көргенде «менің жұлдызым жоғары» деп айтып үлгеру керек деп ойлаған, оның себебі аспаннан жұлдыз аққан кезде өмірден бір адам өтті деген таным-түсінік болған.

Күн сөзіне байланысты СС жазба ескерткішінде **kun toyučï** (күн тоғучы) күн тоғысты, күннің шығуы, **kun batışï** (күн батышы) күн батысы, **kun altundan älcï keliyir** (älcï – elcï техникалық қателік кеткен болуы мүмкін) (кун алтундан äлчï келйір) алтын күннен елші келер, **künniñ yarıñï qarardï** (күннің йарыхы қарарды) күннің жарығы қарыды сынды мысалдарды кездестіреміз. Жалпы түркі елдерінің аспан әлеміне байланысты танымдары өзгеше сипатта болған. Оған ерекше назар аударып өзіндік космологиялық пікірлерін қалыптастыра отырып тыйымдар мен ырымдарға қатты сенген. Мысалы, «күнге қарап дәрет сындырма», «күн батарда күнмен таласып жұмыс істеме», «күн батарда ұйықтама», «күн батқан соң қорадан мал шығарма», «күн шығарда ұйықтама» деген тыйым сөздер күні бүгінге дейін қолданылады.

Қазіргі қазақ тілінде «жай», «жай түсу» мағынасындағы ұғымдар кездеседі. ҚӘТС: жай сөзінің мағынасын ашатын бірнеше концептілерге түсініктеме берілген. Мысалы, жай сөзі зат есім, сын есім, үстеу, етістік тұлғалы сөз таптарында кездеседі (зат есім: найзағай, хал-ақуал, белгілі бір орын, мекен-тұрақ, садақ; сын есім: қатардағы қарапайым, жайлы, қолайлы; үстеу: байыппен ғана, сабырмен, салмақтап сөйлеу, өзімен өзі, жайбырақат, қозғалыссыз, әрекетсіз, әдеттегіден кеш, кейін, соң, әйтеуір, әншейін ғана, мәнсіз бос, ақы-пұлсыз, бос, төлеусіз, тегін және етістік: таратып ыдырату, керу, жазу [130,бб.558-565]. Ескерткіштегі «уау» сөзі «садақ», «уауşı» сөзі «садақшы» мағынасында беріледі. Бұл ұғымдарға тарихшылар Б.Көмеков пен

Қ. Анарбаев «**уау**» – жай тасы, «**уауşı**» – жайшы терминдері діни сенімдерінен ғана емес, астрономиялық білімдері мен қатар этнографиясынан да хабар береді деп қарастырады. Ал лингвист ғалым Ж.А.Манкеева жайшы сөзіне «**уауşı** – жайшы, сиқыршы (жаңбыр шақырушы)» деген түсінік береді. [30,б.332]. Дала өркениеттінің тәртібі бойынша жер құрғап, жаңбыр жаумай, құрғақшылықтан мал-жан қатты қиналған уақытта жайшы сиқырмен жаңбыр шақыратын болған. Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде Н.И.Ильминскийдің жайшы сөзін – жаңбыр шақырушы, ал Ш.Уалиханов сиқырмен жаңбыр шақырушы деп көрсеткенін атап өтеді: «Бірақ жайшы-кез келген сиқыршы (жалпы жадыгөй адам) емес ауа –райын өзгерту үшін сиқырлық жасаушы адам [106,б.76] деп түсіндіреді. Міне осы жай шақырғандағы найзағайдың ойнауын түркілер «**sazayan**» деп атаған. СС жазба ескерткішінде **sazayan** айдаһар мағынасында берілген. **Sazayan** ұғымына Р.Сыздық мынандай пікір білдіреді: «Нөсер жауған кезінде ауада электр зарядтарының бір-біріне соқтығысуынан пайда болған күшті, құбылысты нажағай немесе найзағай дейміз (ҚТТС, VII, 310). Бұл сөз қыпшақ тілдерінде сазаған тұлғасында да қолданылған. Сазаған сөзі – бұлт ішіндегі аждаһа дегенді білдіреді. Демек нажағай мен /аждаһа /аждақай сөздерінің өрісі (туысы) бір: нажағай көктегі от боп жақылдайтын қанатты аждаһа деген сенімнен шыққан болар. Сондықтан бұл сөздің қару атауы ретіндегі найза сөзіне еш қатысы жоқ сияқты» [106,б.135] дейді. Байқағанымыздай, сазаған найзағай, жай, жайшы ұғымдарына байланысты халық танымында наным-сенімдер сақталған. Халық арасында жай түссе «Тәңірдің қаһары», «оғы» түсті деген түсінік те осыған байланысты туындаса керек. Және тұспалдап оның атын атамай, «көксоққан» деген, бұл «көк тәңірінің оғы соқты» деген сөз тізбегінің ықшамдалған түрі. Әлі күнге дейін күн күркіреп, найзағай ойнаса, биік жерге шығуға, ақ киім киюге, атқа мініп жалғыз жүруге, ағаш қасында тұруға тыйым салынады. Жай сөзі қазіргі қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестерде де көрініс тапқан. Мысалы, **жай соққандай** [түскендей] *есеңгіреп, қиналып отырған адам, ойламаған жерден, тұтқиылдан, аяқ асытанан, төбеге ұрғандай, ойда-жоқта болған жағдай туралы айтылады; жай оғындай атылды [болды]. 1. Шаншыла, тұтқиылдан шабуылдады, күтпеген жерден тарпа бас салды, 2. Шаншудай қадады дегендей* [74,б.176].

Фитонимдер (өсімдіктер атауы) жазба ескерткіштен бірнеше фитоөнімдер атауларын кездестіреміз олар, **alabota** (алабота), **bičän** (бічән) пішен, **saban** (сабан), **iy qayın** (ій қағын) қайың, **terek – täräk** (терек-терәк) терек, **tigenek** (тігенек) тікенек, **čičäk** (чичәк) бәйшешек, **раванд** (раванд) рауғаш, **хамыш-қамыс** (хамыш-қамыс) қамыс, **tärändžebin** (тәрәнджебин) түйетабан, **kukol** (кукол) тікенек, **baqami – baqqam** (бақамы – баққам), **gülâf** (гүләф) роза гүлі, **rayyan** (райған) райхан, **yışqič** (йышқыч) жалбыз, **zeytin** (зейтін) зәйтүн.

Зерттеуіміздің тиісті тарауында біздер, СС жазба ескерткішінің ономастикалық кеңістігін зерттеу негізінде онимдердің бірнеше разрядтарын,

атропонимдер, топонимдер, этнонимдер, фитоним, космонимдер анықтадық. Ескерткіштің екінші тарауының мақсаты-христиан дінін уағыздау болғандықтан, теонимдер діни мәтіндер арасында тірек сөз ретінде, мәтін-түзушілік қызметте қолданылған. Ал космонимдер тек аспан әлеміндегі нысан атауы ғана емес діни мәтіндер мен жұмбақтардағы көркем мәтін стилін құру үшін пайдаланумен қатар ақпараттық мәнге де ие. Космонимдер арқылы түркілердің кеңістіктегі бағыт –бағдарды анықтауы, белгілі бір мезгілді анықтауы үшін де қолданылғанын анықтадық. Топонимдер арқылы қыпшақтардың өзге жұрттармен саяси-экономикалық, мәдени байланыстары туралы ақпараттар анықталды.

Екінші тарау бойынша тұжырым

1. «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі лексикалық бірліктерінің көнеру уәждері, бұл тарауда ескерткіш тіліндегі алғаш рет көнерген сөздер тарихи және архаизмдерге бөлініп олардың көнеру уәждері айқындалды.
2. «Кодекс Куманикус» ескерткіші тіліндегі кірме сөздердің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы. Бұл тарауда ескерткіштегі кірме қабаттарды анықтаған лингвисттер пікірлері жинақталып, парсы, араб байланыстары арқылы енген кірмелері жеке-жеке қарастырылып саны анықталды. Парсы - араб тілдеріне ортақ, монғол тілдеріне ортақ, түркі қытай тілдеріне, көне – ұйғыр тілдеріне ортақ тұстары айқындалып, діни мәтіндер арасындағы орыс, иран мадьяр, татар, ұйғыр, латын, испан, итальян, грек, кірмелері анықталды және сандық көрсеткіші көрсетілді.
- 3.«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі арнаулы лексика: кәсіби сөздер мен термин сөздер тарауында орта ғасырдағы қыпшақтардың айналысқан кәсіптері мал шарушылығы, сауда саттық, әкімшілік, әскери, істерге қатысты атаулар, сот сөздері, медицинаға қатысты, білім мен өнерге қатысты атаулар анықталып, сол кәсіпке қатысты арнаулы сөздер нақты мысалдармен дәлелденді.
- 4 «Кодекс Куманикус» жазба ескерткіштеріндегі фразеологизмдердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы, бұл тарауда ескерткіш тілінде кездесетін фразеологиялық тіркестер анықталып, тақырыптық топтарға бөлініп қарастырылды. Түркі тілдеріне ортақ болып саналатын ескерткіштегі тұрақты сөз тіркестерінің қазіргі қазақ тілінде қолданыс табуы қарастырылды. Зерттеу жұмысымызда СС-те 126 фразеологиялық және тіркес анықталып, айналымға түсті.
- 5.«Кодекс Куманикус» жазба ескерткішіндегі ономастикалық кеңістік. Жазба ескерткіштегі онимдердің бірнеше разрядтарын, атропонимдер, топонимдер, этнонимдер, фитоним, космонимдер анықталды.

3 «КОДЕКС КУМАНИКУС» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ФОНО – МОРФО-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСКЕ ТҮСКЕН СӨЗДІК ҚҰРАМНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ – СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПТАРЫ

3.1. Ескерткіш кеңістігіндегі жан – жануарлар атауларының лексико-семантикалық сипаты

Төрт түлік мал атаулары **at** (ат) ат, **ayyir** (айғыр) айғыр, **buzav** (бузав) бұзау, **boya** – **buya** (боға – буға) бұқа, **biye** (біе) бие, **ešäk** – **ešek** (ешәк – ешек) ешек, **tiši ešäk** (тіші ешәк) ұрғашы ешек, **ečki** (ечкі) ешкі, **erkeč** (еркеч) ешкі, **tiši ečki** (ечкі) ешкінің ұрғашысы, **yilqı** (йылқы) жылқы, **külik** (күлік) күлік, **qulun** (кулун) құлын, **qatir** (қатыр) қашыр, **tiši qatir** (тіші қатыр) қашырдың ұрғашысы, **qısrıq** (қысрақ) қысырақ, **quvluq** – **xuvluq** (қувлуқ – хувлуқ) бірінші төлдеген бие, **qara** (қара) сиыр, **qoy** (қой) қой, **tiši qoy** (тіші қой) қойдың ұрғашысы **qozı** – **qozu** (қозы – қозу) қозы, **oɣulaq** – **ulaɣ** (оғулақ – улақ) лақ, **ögüz** (өгүз) өгіз – сиыр малының піштірілген еркегі, **sıyır** (сығыр) сиыр, **xočqar** – **qoçqar** (хочқар – қошқар) қошқар, **tövä** (төвә) түйе, **tege** (теге) теке, **mäk** (інәк) сиыр;

үй хайуанаттары: **köpek** (көпек) ит, **it** (іт) ит, **mači** (мачы) мысық, **mači tiši** (мачы тіші) мысықтың ұрғашысы **qančiq** (қанчық) қаншық;

үй құстары: **balacıq** (балачуқ) балапан **qaz** (қаз) қаз, **tavuq** – **tavux** (тавуқ-тавух) тауық, **xoroz** (хороз) қораз;

жабайы аңдар: **arслан** – **arstlan** (арслан – арстлан) арыстан, **ayu** (айу) аю, **börü** (бөрү) бөрі, **delä** (деля) деля, **yolabars** (йолабарс) жолбарс, **kiyik** (кййік) киік, **kiyik toɣuz** (киік тоғуз) жабай доңыз, **küzän** (күзән) күзен, **kirpi** (кірпі) кірпі, **qara kuzän** (қара күзән) қара күзен, **qarsaq** (қарсақ) қарсақ, **qulan** (қулан) құлан, **qoyan** (қойан) қоян, **qaban** (қабан) қабан, **qara teyin** (қара тейін) қара тийін, **qulabars** (қулабарс) құлабарыс, **qara күзән** (қара күзән), **maymun** (маумун) маймыл, **pil** (піл) піл, **pälän** (пәләң) леопард, **susiyir** (сусығыр) сусиыр, **savsar** (савсар) сусар, **sayyaq** (сайғақ) сайғақ, **silävsün-silevsin** (сіләвсүн – сілевсін) сілеусін, **tülkü** (түлкі) түлкі, **toɣuz** (тоғуз) доңыз, **tiši toɣuz** (тіші тоғуз) доңыздың ұрғашысы, **teyin** (тейін) тийін, **šadi** – **šadirlar** (шады – шадырлар) маймылдың балалары, **irs** (ырс) рысь;

құстар: **balapan** – **balaban** (балапан – балабан) балапан, **bülbül** (булбул) бұлбұл, **yabalaq** (йабалақ) жапалақ, **kiš** (кіш), **kügürčın** (кугурчін) көгершін, **quš** (қуш) құс, **qara quš** (қара қуш) қарақұс, **qarčıya** (қарчыға) қаршыға, **qırıyı** (қырғый) қырғи, **qur** (қур) құр, **soɣur** (соңғур) сұңқар, **sar** (сар) батпырауық, **sövlün** (сөвлүн) сүвлүн, **sıyırčiq** (сығырчық) торғай, **saqa** (сақа) сақа, **turna** (турна) тырна, **totu** (тоту) тоты, **torɣay** (торғай) торғай, **tavuz** (тавуз) тауыс, **urɣuvul** (урғувул) фазан, **ügü** (үгү) үкі, **čırčiq** (чыпчық) шымшық, **čura** – **djura** – **džura** (чура – джура) қырғи, **čil** (чіл) чіл;

балықтар: **alaboɣa** (алабоға) алабоға, **baluq-balıq** (балуқ – балық) балық, **ovulduɣ** (овулдух) уылдырық;

бунақ денелілер: *bürčä* (бурчә) бурге, *bit* (біт) бит, *böv* (бөв) бүйе, *yılan* (йылан) жылан, *köbelek* (көбелек) көбелек, *käsärtki- käsärtkä* (кәсәрткі-кәсәрткә) кесертке, *qurt* (қурт) құрт, *qandala* (қандала) қандал, *maša* (маша) маса, *örümčik* (өрүмшік) өрмекші, *sürü čibin* (суру чібін) сұр шыбын, *sarınčqa* (сарынчқа) саранша, *sülük* (сүлүк) сүлік, *sičqan* (сычқан) тышқан, *sazayan* (сазаған) сазаған, *čibin* (чібін) шыбын;

Лингвистикалық түсініктеме

Төрт түлік малдардың атаулары

At (ат) ат – салт мінілетін, үйірге түспейтін, піштірілген, көбіне әр түрлі шаруашылық жұмыстарға жегілетін еркек жылқы. Аттың бірнеше түрлері бар, бесті ат, аяншыл ат, ереуіл ат, ерулі ат, жайдақ ат, жаракты ат, жарау ат, жорға ат, жүйрік ат, көбең ат, тарлан ат, төл ат, тұлпар ат, ұрыншақ ат, шабан ат, бәйге ат. Түркі тілдеріне ортақ бір буынды сөз. Мысалы алт., балк., башк., гаг., қаз., қар., қарақп., қырғ., құм., ноғ., тат., түр., түрк., ұйғ., хак., якут – **ат**. Көне орта түркі жазба ескерткіштерінде, фонетикалық өзгеріске түспей қолданылады. (ДТС.,1969,65) **at** лошадь (М.Қашқ., 1997, I,63) **at** (ат) ат (ТАС.,1970,87) және (КТС.,2007,15) пен (ҚТТС.,I,2022,100) – **at**. СС нұсқ., (G.Kuun.,1880,248) **at** «*eguus*» (В.В.Радл.,1887,6) **at** «*pferd*» (K.Grønbech., 1942,44) **at** «*pferd*» (V.Drimba.,2000,103,107,141) **at** (Ә.Құрыш., 1978,47) **at** - ат (А.Гарк.,2015,664) **at** лошадь (Gabain.,2000,262) **at** «**at**» (M.Arg.,G.Guner, 2022,431) **at**. Мағынасы да тұлғасы да еш өзгеріске түспген сөз

Ауүйір (айғыр) айғыр – үйірге түсетін еркек жылқы. Қазіргі қазақ тілінде айғырдың бірнеше түрлерінің атауы бар: құр айғыр, құтпан айғыр, сәуірік айғыр, қара айғыр. (ДТС.,1969,30) **ajүйір** жеребец, (ТАС.,1970,80) **айғыр** жеребец (ҚТТС.,I,2022,54) **ауүйір** «айғыр піштірілмеген айғыр, ұрпақ алуға арналған айғыр» СС нұсқ., (Ә.Құрыш.,1978,42) **айғыр** айғыр (А.Гарк.,2015, 1022) **ауүйір** жеребец (M.Arg.,G.Guner,2022,484) **aygir** еркек ат. Мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ екі буынды сөз.

Buzav (бузав) бұзау – мүйізді малдың төлі. Қазіргі қазақ тілінде бірнеше түрлері бар. Мысалы, жетім бұзау, қылау бұзау, марка бұзау, мәйекті бұзау, тоқал бұзау, шақа бұзау. Бұл бірлік сөздіктерде (ДТС.,196,130) **buzay** – **buzayu** теленок (М.Қашқ.,1997,505) **buzafu** (бузағу) бұзау (ТАС.,1970,101) **бузағу** теленок, (КТС.,2007,39) **buzagu**, **buzaku**, **buzav**, **buzavu**, **buzov** (ҚТТС.,I,2022,252) **buzayu** «бұзау сүттен шығарылмаған сиыр төлі» (ТҚТТЖ.,2005,48) **бузағу** (бұзау) көрініс тапқан. Байқағанымыздай, орта ғасырлық жазба ескерткіште бірнеше аллофондары бар екен. СС нұсқ., (G. Kuun,1880,303) **buzov** «*guina*» (В.В.Радл.,1887,76) **бузау** «*kalb*» (K. Grønbech., 1942,70) **buzav**, **buzav** «*kalb*» (V.Drimba.,2000,107,132) **buxau**, **buzovley** (Ә.Құрыш.,1978,55) **бузав** бұзау (А.Гарк.,2015,1065) **buzav** теленок (Gabain, 2000,271) **buzafu/puzafu** ‘**buzagi**’ (M.Arg.,G.Guner,2022,446) **buzav** – **buzagi**. Мағынасында еш өзгеріс жоқ, тек фонетикалық қана сөз ортасында у/ұ, сөз аяғында в/у секілді алмасулары бар.

Boya – **buya** (боға-буға) бұқа - сиыр малының аталығы. Бірнеше түрлері бар. Мысалы, құжбан бұқа, құнан бұқа, сүзеген бұқа. Т.т., де: тат., **боға**,

башқ., **боға**, ноғ., **буга**, қарақп. **буға**, ұйғ., **бука**, кум., **буғча**, татар, **буғай**. (М.Қашқ.,1997, III,308) **буқа**(бұқа) бұқа (ДТС.,1969,134) **buqa** бык. СС нұсқ., (G.Kuun., 1880, 301) **boga** «tauruz» (В.В.Радл.,1887,72) **боға** «stier» (K.Grønbech.,1942,62) **boya** «stier» (V.Drimba.,2000,108) **boga** (Ә.Құрыш., 1978,53) **боға-бұқа** (А.Гарк.,2015,1063) **boya** – **buya** бык (Gabain,2000,270) **buka** «boğa» (M.Arg., G.Guner,2022,441) **boga** «boğa». СС жазба ескерткішінде бұқа сөзінің екі варианты берілген. Түркі тілдерінде де нұсқаларында да мағыналық жағынан еш өзгеріс жоқ, тек фонетикалық қана сөз ортасында **о/у** және **ғ/қ/к** алмасуылары бар.

Biye (бие) **ol, biye qulunlayan** (ол бие құлындаған) (ҚТТС., I,2022,129) **bije** (**п**) «бие, құлынды бие»: Т.т.,де: монғ., **бе**, алт., қырғ., - **бэ**, башқ.,-**бэjä**, гаг.,құмық, түркм., қаз.,**біјэ**, қарақп.,ноғ., өзб., ұйғыр.,**біјә**, тува -**бэ**, хакас – **пі**, якут-**біэ**, **бија** «жеребившаяся кабыла», **бија** түбіріндегі **бі** «бие» СС нұсақаларында және түркі тілдерінде тек фонетикалық ерекшеліктері болмаса мағынасы өзгермеген.Тілдік қолданыста бірнеше: айғырдан шыққан бие, ақтандыр бие, арамза бие, асау бие, ашаң бие, бас мама бие, бедеу бие түрлері қолданылады.

Ešäk – **ešek** (ешәк – ешек) есек – жылқы туысына жататын сүтқоректі тақтұяқты үй жануары. Есектің екі түрі бар: кер есек, көк есек. (М.Қашқ., 1997,141) **ешек** ешкек есек (ДТС.,1969,197) **ešäk** осел. (ТАС.,1970,115) **ешек** құлағы ұзын осёл, ишак (КТС.,2007,76) **ešek, ešek, išek, yešek** (ҚТТС.,I, 2022, 414) **ešek** «есек».Т.т.,де: қырғ., **есек**, тат., **ишәк**, ұйғ., **ешек**, башқ. **ишәк**, кум., **эшек**, қар.,**ешак**, өзбек, әзерб., **ешшек**. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,252) **esac** «asinus» **esek** (В.В.Радл.,1887,11) **әшәк** «esel» (K.Grønbech,1942,94) **ešek** «esel», (V.Drimba,2000,107,127) **esac, efac, esek** (Ә.Құрыш.,1978,65) **ешек** есек (А.Гарк.,2015,1093) **ešäk, ešek** осел одомашненный (Gabain,2000,265) **ешек-ешек** (M.Arg.,G.Guner,2022,456) **ешек** – **ешек**. Мағынасында өзгеріс жоқ, тек фонетикалық тұрғыдан сөз басында **е/и/э**, сөз ортасында **ш/с**, **е/ә** алмасулары ғана байқалады.

Tiši ešäk (тіші ешәк) есектің ұрғашысы. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,252) **tisi esac** (В.В.Радл.,1887,11) **tišii äšäk**, тіші «weiblich» (K.Grønbech,1942, 94) **tišii ešek tiš** «eselin» **tišii** «weiblich», weibchen der tiere, **tišii ešek** «eselin» (V.Drimba,2000,117) **tisi, tišii, tisi** (Ә.Құрыш.,1978,134) **tišii** – әйел, ұрғашы (А.Гарк.,2015,1093) **tišii ešäk** – ослица (Gabain,2000,265) **tišii ešek** (M.Arg., G.Guner, 2022,456) **tišii ešek**. **Tišii** – тілдік қолданыстан шыққан сөз. (М.Қашқ., 1997,305) тіші ұрғашы, кез – келген, жан-жануардың ұрғашысы. Қазіргі кезде бұл сөз қолданыстан шыққан көнерген сөз.

Ečki (ечкі) ешкі мүйізді, ұсақ мал (ТАС.,1970,145) пен (ТҚТТЖ, 2005, 49) **кечі** (ешкі). Т.т.де: қарақп., **ешкі**, ұйғ.,**өчкә**, кум., **ечкі**, қарайм., **ечкі**, башқ., **кэзэ**, ноғ., **эшкі**, қарақп., **ешки**, қырғ., **ечкі**, өзб., **ечкі**, түркм., **кечі**, өзб.,**эчки**. СС нұсқ.,(G.Kuun,1880,252) **ezchi** «saper, tisi ezchi carpa» (В.В.Радл., 1887,11) **әцкі** «ziege», тіші әцкі, (K.Grønbech.,1942,84) **ečki** «bock», tišii ečki «ziege» (V.Drimba,2000,107) **ezchi** (Ә.Құрыш.,1978,65) **ечкі** ешкі (А.Гарк., 2015,1084) **ečki** коза домашняя, козел (Gabain.,2000,263) **әçkü** «кеçi» (M.Arg.,

G.Guner,2022,452) **eçki-teke**. Қазіргі тілдік қолданыста «ешкі» жазба ескерткіштің нұсқалары мен түркі тілдерінде фонетикалық өзгешеліктері байқалады. Мысалы, сөз басында **e/э** сөз ортасында **ч/ш** алмасулары, сөз аяғында **i/и** тіпті сөз басында **e/ä** және алмасуларымен берілген.

Erkeç (еркеч) ешкі (ДТС.,1969,179) **erkäç** казел (ТҚТТЖ.,2005,90) йркеч серкеш. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,253) **erkeç** johladim «perdidi» (K. Grønbech.,1942,92) **erkeč** «bock, ziege» (V.Drimba,2000,278,144) **erkeč** (Ә.Құрыш.,1978,64) **еркеч** серкеч (А.Гарк.,2015,626,1091) **erkeč** кладенный казел (M.Arg.,G.Guner,2022,530) **erkeč** erkek keçi, teke.

Tiši ečki (ечкі) ешкінің ұрғашысы. СС нұсқ., (G.Kuun.,1880,252) **tisi ezchi** сагра» (B.B.Радл.,1887,11) **äцки** «ziege», **tišii äцки**, (K.Grønbech., 1942 , 84) **tiši ečki** «ziege» (А.Гарк.,2015,1084) **tiši ečki** коза домашняя (самка) (M.Arg.,G.Guner,2022,452) **tiši ečki** keçi. Қазіргі қазақ тілінде ешкі ұрғашы мал атауы

Yilqı (йылқы) жылқы - тақ тұяқты, төрт түлік малдың бірі, біз қарастырып отырған жазба ескерткіште **ж/й** ауысуымен берілгенімен, қазіргі қазақ тілінде мағынасында еш өзгеріс жоқ. Т.т.де: әзерб. **ілхі**, тув., хак., **ЧЫЛҒЫ**, тат., **жылқы** (ДТС.,1969,284) **jilqı** 1.крупный скот, преимущественно лошади, 2. перен. скот, скотина (М.Қашқ.,1997,III,15) **jund** жылқы, **jылқы** (йылқы) жылқы ірі малдарға айтылатын ортақ жалпы атау (ҚТТС.,III,2022, 410) **jilqı** «үйір, табын». СС нұсқ., (G.Kuun.,1880,280) **yilki** «eguis» (B.B. Радл.,1887,44) **jылқы** «pferde» (K.Grønbech.,1942,133) **jylqy** «pferdevieh», «pferdeherde» (V.Drimba.,2000,111) **yilki** (Ә.Құрыш.,1978,77) **йылқы** жылқы (А.Гарк.,2015,1311) **yilqı** конь, лошадь (Gabain.,2000,310) **yilk/yilki** «yilki davar, hayvanlar dünyası(cins) at» (M.Arg.,G.Guner.,2022,713) **yilki** ат. Байқағанымыздай, жазба ескерткішті көшірушілер тарапынан кеткен фонетикалық қателер кездеседі, мағынасы өзгермеген. Бұл сөздің шығу төркінін түркологтар (Ә.Қайдар, А.М.Щербак, Г.Вамбери) жинау, біріктіру, табын, үйір сөздерімен байланыстыра қарастырады. Жартылай отырықшы, жартылай көшпенді өмір салтын ұстанған түркілерде жылқы мініс ат ретінде қолданылған.

Külük (күлік) күлік - сәйгүлік, жүйрік ат. (ДТС.,1969,347) **külük kölük**. (М.Қашқ.,1997,I,450) **көлүк** (күлүк) күлік:арқа көлік, жүк артыратын мал (ҚТТС.,I,2022,II,262) **külük** «ауыр жүкті жануар көлік» СС нұсқ., (V.Drimba, 2000,75) **culuc** (Ә.Құрыш.,1978,85) **күлүк** - сәйгүлік (А.Гарк.,2015,114) **külük** – скакун (M.Arg.,G.Guner,2022,484) **kulluk-hizmet**, kulluk. Мағынасында еш өзгеріс жоқ, тек фонетикалық сөз ортасында **y/ө**, **i/ү** секілді алмасулары бар. Тілдік нормаға сай күлік.

Qulun (кулун) құлын жылқы малының төлі. Т.т.: тат., **қолын**, башқ., **қолон**, ноғ., **қулын**, қарақп., **қулін**, өзб., **кулун**, кум., **kölin**, қырғ., **кулун**, (ДТС.,1969,494) **qulun** жеребенек, **qulunla** жеребится, (М. Қашқ.,1997,I,463) **kulun** (кулун) құлын (ТАС.,1970,167) **кулун** жеребенек (КТС.,2007,162) **kulun** bir yaşındaғы tay (ҚТТС.,I,2022, 356) **qulun** «тазы» СС нұсқ.,(G.Kuun, 1880,266) **klûlagâ**, **kulukgan** «serviens», «servus» actionderendre, service, force

servir (K.Grønbech,1942,203) **qulunla** «füllen werfen» (V.Drimba,2000,117) **klürla[n>g]äd[r>r]** (Ә.Құрыш.,1978,95) **құлунла** құлында (А.Гарк.,2015, 1200) **qulun** - жеребенек (M.Arg.,G.Guner,2022,633) **kulunla-yavrulamak**. СС нұсқалары мен түркі тілдерінде фонетикалық айырмашылықтары ғана байқалады. Сөз басында **к/к** ортасындағы **у/ы, о/у, ғ/қ**, ауысуларымен берілген

Qatir (қатыр) қашыр – бие мен есек айғырының шағылысуынан туған мал. (М.Қашқ.,1997,420) **қатыр** (қатыр) қатыр (ДТС.,1969,435) **qatir** мул (ТАС.,1970,159) **қатыр**, елір, мул (КТС.,2007,131) **қаtır** (ҚТТС.,I,2022,311) **qatir** қашыр. Т.т., де: тат., қырғ., **качыр**, кум., **качір**, башқ., **қасыр**, ноғ., **қатыр**, қарақп., **қашыр**. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,269) **chater** «mulus» (B.V.Радл.,1887,24) **катыр** «maulesel» (K.Grønbech,1942,197) **qatyr** «maultier» (V.Drimba, 2000,107) **chater catr** (Ә.Құрыш.,1978,91) **қатыр** қашыр (А.Гарк., 2015,1188) **qatir** мул (M.Arg.,G.Guner,2022,471) **katir**. Қарастырылып отырған сөздің ішіндегі дауыссыз т – дыбысы кейбір түркі тілдерінде тұрақсыздығымен ерекшеленді және жазба ескерткіште **ч/ш** дыбыстарымен алмасып қолданылады.

Tiši qatir (тіші қатыр) қашырдың ұрғашысы. СС нұсқ., (G.Kuun,1880, 269) **tisis chater** «mula» (B.V.Радл.,1887,24) **tişii kатыр** (K.Grønbech, 1942,197) **tişii qatyr** «maultierstute» (А.Гарк.,2015,1188) **tişii qatir** самка мула (M.Arg., G.Guner,2022,471) **tişii katir** dişi katir

Qisraq - **qistraq** (қысрақ-қыстырақ) қысырақ – үйірге қосылмаған, құлындамаған жас байтал, не бие. Т.т.,де: тат., **қысыр**, ноғ., **қысыр**, кум., **қысыр**, қарақп., **қысрақ**. (М.Қашқ.,1997,421,533) **қысыр** (қысыр) қысыр **қысрақ** (қысрақ) қысрақ құлындамаған байтал. Оғыздарша байталдың бәрі «қысрақ» (ДТС.,1969,475) **qisraq** молодая кобылица. (ТАС.,1970,162) **қысыр** қысрақ (КТС.,2007,146) **qisrak** (ҚТТС.,II,2022,332) **qisraq** «қысрақ, жас бие» СС. нұсқ., (G.Kuun,1880,271) **chestrac** «leopardus» (B.V.Радл.,1887,28) **kscnhfr** «leopard» (K.Grønbech, 1942,208) **qystraq** «junge stute» (V.Drimba, 2000,107) **chestrac** (Ә.Құрыш.,1978,98) **қыстрақ** қысырақ (А.Гарк., 2015,1193) **qisraq** - **qistraq** нежеребая кабыла (M.Arg.,G.Guner,2022,477) **kisirak** kisrak. СС жазба ескерткішінің нұсқаларында да сөз басындағы **к/х/ғ** алмасулары және кей жерлерде сөз ортасындағы **ы** дыбысының түсіп қалуы байқалады. Г.Кунмен, В.В.Радлов нұсқаларында «леопард» деп беріліп мағына ауысуына жол берліген

Quvluq – **хувлуқ** (кувлуқ – хувлуқ) бірінші төлдеген бие. СС нұсқ., (Ә.Құрыш.,1978,94) **кувлық** қулық бие (А.Гарк.,2015,1202) **quvluq** – **хувлуқ** первожеребая кобыла. Тілдік қолданыстан шыққан көнерген сөз.

Qara (қара) қара – ірі мал, жылқы, сиыр, түйе малдарға жинақталынып берілетін атау. Ал біз қарастырып отырған жазба ескерткіште **küçmen qara çinlamış** (сильно стонала корова) мысалы арқылы сиыр малы айтылып тұр. (А.Гарк.,2015,1084) **qara** корова (M.Arg., G.Guner, 2022,609) **kara** inek, büyük baş hayvan.

Qoy (қой) қой - ашатұяқты төрт түлік мал. (М.Қашқ.,1997, III,198) **қой** (қой) қой (ДТС.,1969,480) **qoj** овца. (КТС.,2007,155) **kou koyun** (ҚТТС.,II, 2022,338) **қој, қоуун** «қой» (ТҚТТЖ,2005,48) қойун (қой).Т.т.,де: тат.,**куй**, башқ., **куй**, ноғ., **қой**, кар., **кой**, қарақп., **кой**, түр., **koyun**, қырғ., **коу**, өзб., **куй**, кум., **кой**. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,264,264,267) **coy** «ovis» (В.В.Радл, 1887,25) **koi** «koyun» (K.Grønbech,1942,198) **qoj qoj** «schaf», «hammel» (V.Drimba,2000,91,) **choy, соу** (Ә.Құрыш.,1978.,92) **қой** (А.Гарк.,2015,1198) **қоу** овца (Gabain,2000,39,282) **kou** (M.Arg.,G.Guner,2022,480) **kou koyun**. Мағынасы да тұлғасы да еш өзгермей қазіргі қазақ тілінде қолданыста бар сөз. Қой түрлері, бойдақ қой, дегерес қой, еділбай қойы, қазақы қой, қаракөл қой, құйрықты қой, құнан қой, меринос қой, саулық қой, ту қой, тұсақ қой, ісек қой.

Tiši qoy (тіші қой) қойдың ұрғашысы. СС нұсқ., (G.Kuun,1880, 264, 267, 272) **tisi соу, чоу** «aries» (K.Grønbech,1942,198) **tiši qoj** «mutterschaf» (А.Гарк.,2015,1198) **tiši qoy** овца (M.Arg.,G.Guner,2022,480) **tiši kou**. Тіші сөзі қолданыстан шыққан сөз, көнерген сөз, ұрғашы қойды саулық қой дейді

Qozī (қозы) қозы - қойдың төлі. (ДТС.,1969,491) **qozī** ягненок, (М.Қашқ.,1997,III,304) **қозы** (қозы) қозы, қошақан (ТАС.,1970,163) **қозу** ягненок, барашек (КТС.,2007,156) **kozi, kuzu** (ҚТТС.,II,2022,351) **qozī** «қозы» (ТҚТТЖ,2005,49) қозы (қозы). Т.т., де: тат., **қузы**, ноғ., **қозы**, кар., **қозла**, қарақп., **қозы**, түр. **қозі** ноғ., **қозі**, өзб., **кузі**, **кузічак**, ұйғ. **коза**. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,268) **soxi** «agnus» (В.В.Радл.,1887,26) **қозы** «lamm» (K. Grønbech,1942,202) **qozy** «kuzu» (V.Drimba,2000,107) **soxi**, (Gabain, 2000, 202) **kozi** «kuzu» (Ә.Құрыш.,1978,92) **қозы** (А.Гарк.,2015,1199) **qozī** ягненок (M.Arg.,G.Guner.,2022,481) **koz, kuzu**. Мағынасы да тұлғасы да өзгермеген сөз. Қозы түрлері, қоңыр қозы, марқа қозы, қызыл қозы, бағлан қозы, кепе (кебе) қозы

Oyulaq (оғулақ) лақ - ешкінің төлі, т.т.,де әзерб., **оғлағ**, башқ., **ілак**, қарақп., **ілак**, **улак**, кирг., ноғ., **улак**, уйғ., **оғлак**, туркм., **овлак**, өзб., **улак**. (ДТС.,1969,386) **oylaq** козленок (М.Қашқ.,1997,I,149) **oqlaq** (оғлақ) лақ. СС нұсқ.,(G.Kuun,1880,256) **ogoloch** «capella» (В.В.Радл.,1887,13) **оғлак** «zicklein» (K.Grønbech,1942,174) **ogulach** «zicklein» (V.Drimba,2000,107) **ogolach** (Ә.Құрыш.,1978,135) **улақ-улағ** лақ (А.Гарк.,2015,1162) **oyulaq** казленок (M.Arg.,G.Guner,2022,493) **ogulak** оғлак. Қазіргі қазақ тілінде бірінші буындағы дауысты дыбыс түсіп қалып қолданылады.

Ögüz (өгүз) өгіз - сиыр малының піштірілген еркегі. Т.т.,: тат., **үгез**, башқ.,**үгез**, ноғ.,, **өгіз**, қарақп.,**өгіз**, қар.,**өгүз** (ДТС.,1969,405) I. **ögüz** вол, бык II **ögüz** река (М.Қашқ.,1997,I,88) **ogyz** (өгүз) өгіз (ТАС.,1970,177) **өгүз** бык (КТС.,2007,209) **ögüz** (ҚТТС.,III,2022,74) **öküz** «өгіз» (ТҚТТЖ,2005,48) өкүз (өгіз). СС нұсқ., (G.Kuun,1880,256) **ochus** «flumen» **ogus** «bos» **ogus** «bos» (В.В.Радл,1887,15) **акыш** «der Fluss» **ögüz** (K.Grønbech,1942,182) **ögüz** «der ochs» (V.Drimba, 2000,52,107) **ochus, ogus, ogus** (Ә.Құрыш.,1978,118) өгіз (А.Гарк.,2015,1173) **ögüz** вол (M.Arg., G.Guner, 2022,496) **öküz** sigir. Өгіздің бірнеше түрлері бар, атан өгіз, дөнен өгіз, көк өгіз құнан өгіз.

Siyir (сығыр) сиыр – төрт түліктің бірі, мүйізді, аша тұяқты, ірі қара мал. (ДТС.,1969,533) **sixir** корова (М.Қашқ.,1997,І,420) **сығыр** (сығыр) сиыр (КТС.,2007,239,241) **siğir**, **siyir** (ҚТТС.,ІІІ,2022,172) **siyir** (ТҚТТЖ,2005,48) сығыр (сиыр) СС нұсқ., (G.Kuun.,1880,294) **seger** «bos» (В.В.Радл.,1887,65) **сығыр** «ring» (K.Grønbech,1942,227) **syğ?yr** «ochs» (V.Drimba,2000,52,107) **seger** (Ә.Құрыш.,1978,118) **сығыр** сыйыр (А.Гарк.,2015,1218) **siyir** корова (M.Arg.,G.Guner,2022,496,665) **siyir** sigir. СС нұсқаларында фонетикалық өзгешеліктерімен беріледі, сөз ортасында **ғ/й** ауысуы байқалады. Тілдік нормаға сай - сиыр. Сиыр түрлері, мама сиыр, буаз сиыр, бойдақ сиыр, сауын сиыр түрлері қолданылады.

Tövä (төвә) түйе - күйіс қайыратын, ірі қара мал, төрт түліктің бірі, үй жануары. (М.Қашқ.,1997,І,308) **теве** (тебе) түйе (ДТС.,1969,546) **теvä** верблюд (ТАС.,1970,197) **теве** верблюд (КТС.,2007,275) **teve** (ҚТТС., ІІІ,2022,262) **teve** «түйе» (ТҚТТЖ, 2005,47) **деве** (түйе). Т.т.,де, татар **дөйә**, тат., **дея**, **тәбеғ**, кумык, **түйе**, башқ., **дөе**, ноғ., **түе**, әзерб., **девә**, қырғ., **төө**, ұйғ., **төкә**, түрк.,**тјое**, өзб., **түя**, түрк. **дүе**, қар., **теве**, қарақп., **түйе**, азерб., **дәвә**. СС нұсқ.,(G.Kuun,1880,290) **tove** «camelus» (K.Grønbech, 1942,251) **töve** «kamel» (V.Drimba, 2000,116) **tovæ** (Gabain, 2000,299) **täbä täwä** (Ә.Құрыш., 1978,128) **төве** түйе (А.Гарк.,2015,1261) **tövä** верблюд (M.Arg.,G.Guner, 2022,521) **töve** deve. Түркі тілдерінде де, көшірушілер тарапынан да фонетикалық алмасулары болғанымен мағынасында еш өзгеріс жоқ. Түйе түрлері, ақ түйе, бір өркешті түйе, кердері түйе, көш түйесі, қазақ түйе, қалмақ түйе, қолбағайлы түйе, қос өркешті түйе, монғол түйесі, нар түйе.

Теге (теге) теке – ешкі малының еркегі. (М.Қашқ.,1997,ІІІ,310) теке екі түрлі мағынада қолданылады. 1) **теке** (теке) еркек киік, 2) **теке** (теке) теке (ДТС.,1969,550) **tekä** 1 козел (ТАС.,1970,197) **теве** верблюд (КТС.,2007,271) **teke** (ҚТТС.,ІІІ,2022,251) **teke** «теке, мал» (ТҚТТЖ.,2005,49) **теке** (теке). Түркі тілдерінде әзерб., **тәкә** алт., түрк., **тәкә**, башқ., **тәкә**, қускар **тәкә**, тат., **тәкә**, чув., **така**. (ДТС.,1969,583) **tekä** козел. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,285) **tege** «ille» (В.В.Радл, 1887,50) **tägä** «bok» **tägä** (V.Drimba,2000,116) **tege** (Ә.Құрыш.,1978, 124) **теке** теке (А.Гарк.,2015,1239) **tege** козел (M.Arg., G.Guner,2022,676) **tège** erkek keçi, теке. Сөз ортасында **к/г** алмасуы ғана байқалады, мағынасында еш өзгеріс жоқ. Түп нұсқамен салыстырғанда Ә.Құрышжановта сөз ортасында **г/к** қателігімен берілген. Теке түрлері: лақ теке, азбан теке, ор теке.

Ғоҫқар – қоҫқар (хочқар - қочқар) қошқар – еркек қой. Оның бірнеше түрлері бар, қортық қошқар, көк қошқар. Т.т.,де: қар., **қочхар**, тат., **кучкар**, башқ., **қушқар**, ноғ., **қошқар**, кум., **қочкар**, балк., **қочхар**, қырым тат., **қочқар**, уйғ., **қочкар**, қарақп., **қошқар**. (ДТС.,1969,479) **қоҫқар** баран, (М.Қашқ.,1997,І,380,ІІІ,509) **қош** (қош) қошқар, **қошнар** (қошнар) қошқар (ҚТТС.,ІІ,2022,337) **қоҫқар** «еркек қой», **қоҫ** «қошқар, еркек қой», (ТАС., 1970,166) **қочқар** **қоч** баран производитель (ТҚТТЖ,2005,48) **қочқар** және **қоч** (қошқар). СС нұсқ., (G.Kuun, 1880,264,270) **қоҫқар** «aries» **gozchar** «қоҫ» (В.В.Радл.,1887,26) **қоцқар** «widder» (K.Grønbech,1942,198) **қоҫқар**, **қоҫқар**

«widder» (V.Drimba,2000,116,127) **koçkar, kōçkar** (Ә.Құрыш.,1978,94) **қошқар**(А.Гарк.,2015,1194) **хоҗқар – қоҗқар** баран (М.Арг.,G.Guner,2022,478) **коҗқар**. Біз қарастырып отырған жазба ескерткішінде екі вариантта берілген.

İnäk (інәк) сиыр - аша тұяқты, төрт түлік малдың бірі. Т.т., де: ұйғ., **інәк**, хак., **інэк**, чув., **әнэ**, тат., **инек**, кум., **инек**. (ДТС.,1969,223) **inäk**- корова, (М.Қашқ.,1997,142) **інек** (інек) сиыр (ТАС.,1970,138) **інек** корова. СС нұсқ., (G.Kuun,1880,281) **унак** «vassa» (В.В.Радл.,1887,17) **інәл** «kuh» (K.Grønbech, 1942,106) **inek** «kuh» (V.Drimba, 2000,107) **унас** (Ә.Құрыш.,1978,147) **інәк** сыйыр (А.Гарк.,2015,1108) **inäk** корова (М.Арг.,G.Guner, 2022,603,466) **inäk** **sadik sandan bağli vefali, inek**. СС нұсқ., фонетикалық ауысулармен берілген, мағынасында еш өзгеріс жоқ, қазіргі қазақ тілінде қолданыстан шыққан, көнерген сөз

Үй хайуанаттары

Körek (көпек) ит, т.т.де: әзерб., **көпәк**, қарақп., туркм., **көпәк** гаг., **көпәк**, **көпәжік**, өзб., куппак, қырғ. **көпек эркек ит**. (ДТС.,1969,317) **собака**, (ТАС.,1970,149) **көпек ит, собака, пес** (пастушеский) (КТС., 2007,167) **көрек** **tüylü köpek it cinsinin iri ve tüylü olanı** (ҚТТС.,I,2022,248) **көрек** (ит) (ТҚТТЖ,2005,57) **көпек** (барақ ит-диаектизм). СС нұсқ., (G.Kuun,1880,255) **ит** «**көрек**» (А.Гарк.,2015,1109) **көрек** **собака** (М.Арг., G.Guner, 2022,482) **көрек** **көрек**. Тілдік қолданыстан шыққан, көнерген сөз (ҚӘТС, 8, 321) **көпек** сын., тапал, ұсақ, деген мағынаны береді (ДС,365) **көпек** 1.(Гур.,Маңғ., Шығ. Қаз.,Ұлан, Қарақ.,Түркімен.,Красн.) **төбет ит, 2.(Ауған, Ир.) ит**.Қазіргі кезде бұл бірлік тілдік қолданыстан шыққан көнерген сөз.

It (ит) ит - қасқыр тұқымдасты үй хайуанаты, түркі тілдерінде тат.,эт, башқ., эт, ноғ., **ийт**, қарақп., ноғ., **ийт**. (ДТС., 1969,235) **іт** **собака**. (М.Қашқ., 1997,323) **іт**. (ТАС., 1970,57,118) **ит** **собака** **пес** (ТҚТТЖ, 2005,57) **ит** (ит) СС нұсқ., (G.Kuun, 1880,255) **ит** «**көрек**», **itt yani, it**, (В.В.Радл.,1887,17) **ит** «**der hunt**» (K.Grønbech.,1942,108) **it** (V.Drimba,2000,107) **it** (Ә.Құрыш.,1978, 66) **ит ит** (А.Гарк.,2015,1109) **ит** **собака** (Gabain, 2000,276) **it** «**көрек**» (М.Арг., G.Guner,2022,467) **it** **көрек**. Сөз басында **і/и/э/й/ы** ауысуы ғана байқалады мағынасында еш өзгеріс жоқ. Түпнұсқа мен салыстырғанда Ә. Құрышжанұлында **і** дыбысын **и** мен берілген. Бірақ бұл қателік мазмұнға әсер етпеген. **Ит** түрлері, **барақ ит, дүрегей ит, жақсы ит, жаман ит, кәрі ит, көк ит, момын ит тазы ит, ұялас ит, ізшіл ит**.

Maçi (мачы) мысық – сүтқоректі үй хайуанаты. (М.Қашқ.,1997,III,181) **муш** (мұш) мысық (шігілше), оғыздар мұны «**четүк:четүк**» - дейді. Т.т.де: тат., **мачы, мэчэ**, қарақп., **мачы**, қырғ., кар., **мачы**. (ДТС.,1969,367) **miškič** **кошка**, (ТАС.,1970,172) **мечі** **четүк кот, кошка** СС нұсқ.,(G.Kuun,1880,304) **mazi** «**felis**» (K.Grønbech,1942,161) **maçy** «**kater**» (А.Гарк.,2015,1147) **maçi** - **кошка домашняя** (М.Арг.,G.Guner, 2022,488) **maç** **erkek kedi**. Қолданыстан шыққан көнерген сөз.

Maçi tiši (мачы тиші) мысықтың ұрғашысы. СС нұсқ., (G.Kuun, 1880, 304) **mazi tisi, tisi mazi** «**fels femina**» (В.В.Радл,1887,78) **māuči** «**katze**» (K.Grønbech,1942,161) **maçy tiši** «**katze**» (V.Drimba,2000,107) **mazi**

(Ә.Құрыш.,1978,100) **мачы** мысық, (А.Гарк.,2015,1147) **mači tiši** кот (G.Guner,2022,488) **mači** еркек кеді. Тілдік қолданыстан шыққан көнерген сөз. Тек көне, орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кездеседі.

Qančiq (қанчық) қаншық - үй хайуанының ұрғашысы, ит тұқымдас. Т.т., тат., **қанчық**, ноғ., **қанжық**, қарақп., **қаншық**, қарақп., **қаншік**, қырғ., тур., **канчик**, түркм., **ғанжік**, өзб., үйғ., **канжік** (М.Қашқ.,1997,535) **қанчық** (қанчық) қаншық. Ұрғашы ит әйелдерді тілдегенде соған мезеп «қаншық» дейді. (ДТС.,1969,444) **qančiq** сука (ТАС.,1970,156) **қанчық** сука, (ТҚТТЖ, 2005,57) қанчук (қанчук) .СС нұсқ., (Kuun,1880,261) **kāčikcanis** (В.В.Радл., 1887,22) **канцык** «die hündin» (K.Grønbech,1942,192) **qančyq** «hündin» (V.Drimba, 2000,142) **kāčik** (Ә.Құрыш.,1978,89) **қанчық** - қаншық (А.Гарк., 2015,1184) **qančiq** - сука (M.Arg.,G.Guner, 2022,608) **kančik**. Мағынасында да тұлғасында да еш өзгеріс жоқ, қазіргі қазақ тілінде дәл осы қалпында қолданылды.

Үй құстары

Balačiq (балачук) балапан (ДТС.,1969,86) **bala** детеныш животного (КТС.,2007,23) **balačuk** сивсiv рiлiç СС нұсқ., (G.Kuun,1880,300) **balazuc** «pullaster» (В.В.Радл.,1887,70) **балацык** «küchlein» (K.Grønbech.,1942,48) **balačiq** «küchlein» (V.Drimba, 2000,108) **balazuc** (Ә.Құрыш.,1978,50) **балачук** балапан (А.Гарк.,201,1028) **balačiq** детеныш, птенец (M.Arg., G.Guner, 2022, 434) **balačuk**.

Qaz (қаз) қаз-суда жүзе алатын, үй құсы. Бірнеше түрлері ата қаз, қараша қаз, қоңыр қаз бар. Т.т., қырғ. **қаз**, қарақп., **каз**, ноғ., **каз**, үйғ., **қаз**, өзб., **каз**, кум., **каз**. (ДТС.,1969,466) **qaz** гусь (М.Қашқ.,1997, III, 208) **қаз** (қаз) қаз (ТАС.,1970,154) **қаз** гусь (КТС.,2007,134) **qaz** (ҚТТС., II,2022,) **qaz** (ТҚТТЖ,2005,61) **қаз** (қаз). СС нұсқ. (G.Kuun, 1880,261,270) **chax** «anas» (В.В.Радл.,1887) **каз** «gans» (K.Grønbech,1942,197) **qaz** «gans» (Drimba, 2000,108) **kaz** (А.Гарк.,2015,1190) **qaz** гусь (M.Arg.,G.Guner,2022,472) **kāz/kāz** «kaz». Мағынасында да, тұлғасында да еш өзгеріс жоқ.

